

81.2  
К/1  
Ка

А 2009  
19575к

**қазак  
әдеби  
тілінің  
ауызша  
түрі**





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ  
ӘДЕБИ  
ТІЛІНІҢ  
АУЫЗША  
ТҮРІ

Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ · 1987

Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. — Алматы: Ғылым, 1987 — 200 б.

Бұл күнде қазақ әдеби тілі қоғамға жазбаша және ауызша түрде қызмет етеді. Шаршы топ алдында сөйлеушілер: үгітшілер мен насихатшылар, баяндамашылар мен жиналыстарда шығын сөйлеуші шешендер, радио мен теледидардан сөйлеушілер әдеби тілдің ауызша түрін найдаланады. Мұның, бір жағынан, жазба әдеби тілден, екінші жағынан, күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлеу тілінен айырмашылықтары мен өз заңдылықтары бар.

Бұл еңбекте авторлар топ алдында ауызша сөйлеушілердің тіл тәжірибесін тікелей бақылап, зерттеу арқылы әдеби тілдің ауызша түрінің лексика-грамматикалық, көркемдік және орфоэпиялық нормаларын айқындайды, кейбір тұстарда тіл мәдениетін көтеруге көмектесетін ұсыныстар жасайды.

Кітап қалың жұртшылыққа, оның ішінде әсіресе үгітші-насихатшыларға, лекторлар мен оқытушыларға, радио мен телевизия қызметкерлеріне арналған. Сондай-ақ бұл еңбек ғылыми қызметкерлер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінде лекция оқитындар үшін де пайдалы болмақ.

#### Жауапты редакторы

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі  
СЫЗДЫҚОВА Р. Ғ.

#### Рецензенті

филология ғылымының докторы  
Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ

У 4602000000—102  
407(05)—87 137.87

© Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1987

Барлық қоғамдық өзгерістердің шешуші факторы— адам факторын жандандыру партиямыздың бүгінгі таңдағы ең басты саясаттарының біріне айналып отыр. Ал адам факторын жандандыру дегеннің өзі ең алдымен адамның өзіне әсер етіп, оның бойындағы барлық қасиеттеріне жақсылық бағыт беру, ақыл-ой, күш-мүмкіншіліктерінің бәрін ортақ іске жегуіне ықпал ету болмақ. Бұл ықпал адам санасына қоғамдық өміріміздің түрлі салаларынан түрлі жолдармен жетіп жатады. Солардың бірі — идеологиялық әсер ету.

Бұл өзі, былай қарағанда, жаңа мәселе емес те. Идеологиялық әсер, ықпал ету жұмысы қоғамымыз өмірінің барлық кезеңдерінде жүргізіліп келеді. Бірақ бұрын белгілі себептермен бұл жұмыстың тиімділігі өз дәрежесінде болмай келді. Бұл жағдайда КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында жасалған баяндамасында М. С. Горбачев жолдас былай деп көрсетті: «Идеологиялық жұмыстың өмірмен барынша тығыз байланысты болуы үшін әлі бәрі бірдей істелген жоқ деп ойлаймын. Формализм мен ақылгөйсү бұрынғысынша бөгет болуда. Көбіне-көп нұқсан бос-сөзділіктен, адамдармен ақиқат тілмен сөйлесе білмеуден өрбиді»<sup>1</sup>.

Осымен байланысты идеологиялық жұмыстағы басты міндет ең алдымен оның тиімділігін арттыру, адамдар арасында жүргізілетін насихат және үгіт жұмыста-

<sup>1</sup> Горбачев М. С. Таңд. сөздер мен мақалалар. Алматы, 1986. 21-б.

рымыздың әсерлілігіне жету болмақ. Бұл бағытта ауызша үгіттің, қоғам дамуының заңдарын, партиямыздың ішкі және сыртқы саясатының мәнін, коммунистік мұраттарды, социализмнің артықшылықтарын, алда тұрған, атқарылуға тиісті міндеттерді марксизм-ленинизм ілімі негізінде білгірлікпен, өмірден алынған нақтылы фактілер негізінде ақиқат, шындық тілімен сөйлеудің маңызы зор. «Ақылды да шынышыл сөздің орасан зор ықпал күші бар екендігі даусыз, — деп атап көрсетті бұл жөнінде М. С. Горбачев жолдас жасаған Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында. — Бірақ ол саяси, экономикалық және әлеуметтік қадамдармен ұштасқанда ғана оның маңызы жүз мәрте еселенеді. Тек осылай еткенде ғана кісіні ығыр қылатын ақылгөйлікті жоюға, үндеулер мен ұрандарды нақты өмір тынысымен молықтыруға болады»<sup>2</sup>.

Міне осы айтылған кемшіліктердің орнын толтыруда, алға қойылған міндеттерді орындауда адамдар арасындағы насихат және үгіт жұмысында халқымыздың ауызша әдеби тілін, шешендік өнерді пайдаланудың маңызы арта түспек. Біздің бұл еңбегіміз осы бір маңызды мәселеге, яғни қазақтың ауызша әдеби тілінің, шешендік өнердің қыр-сырын, олардың практикада, насихат құралдары — радиода, телевизияда, лекцияларда, шаршы топ алдында сөйленетін сөздерде көріну формаларын, қолданылу жолдарын т. б. зерттеуге арналып отыр.

Әдеби тілдің ауызша түрі қазақ тіл білімінде жүйелі түрде әлі зерттелген емес. Біздің бұл еңбегіміз — кенжелеп келе жатқан осы салада жүргізілген алғашқы ізденістеріміз.

Қазіргі кезде ішкі құрылысы жағынан да, әлеуметтік қызметі жағынан да барынша дамыған, ұлттық сипатқа ие болған әдеби тілдердің қоғамға екі түрде қызмет ететіні белгілі: ж а з б а ш а және а у ы з ш а. Соңғысы топ алдында сөйленетін сөздерде (орысша «публичная речь») жүзеге асады. Ал топ алдындағы сөздерге әр алуан митинг, жиналыс, конференция, мәслихат сияқтылардағы жасалатын баяндама, жарыссөз, сұрақ, жауап-

<sup>2</sup> Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы, 1986. 111-б.

тар; насихатшылардың лекциялары, үгітшілердің әңгімелері; жоғары оқу орындары оқытушыларының кафедралардан оқытып лекциялары, жүргізетін консультациялары; мектеп мұғалімдерінің сабақ түсіндіруі; студенттер мен оқушылардың сабақта, емтиханда жауап беруі; әр түрлі салтанатты немесе қаралы жиындарда айтылатын сөздер және радио мен телевизиядан берілетін хабарлар жатады. Бұлардың баршасы—ресми сипаты бар, әрі белгілі бір әлеуметтік мүдде көздейтін сөздер<sup>3</sup>.

Ауызша сөздің өзі екі түрлі болады: бірі — адамдардың күнделікті тұрмыста бір-бірімен бетпе-бет («ауызба-ауыз») сөйлесу актісінде жүзеге асатыны, екіншісі— жоғарыда айтылған топ алдында сөйлесетіндері. Алғашқысын орысша «разговорная речь» десе, соңғысын «публичная речь» деп жүр. Қазақ тіл білімінде бұлардың тұрақталған терминдері болмай келеді. Дегенмен біз күнделікті тұрмыста айтылатын сөзді («тілді») «ауызекі сөз» деп, ал соңғыны «шаршы топ алдындағы сөз» деп атасақ дейміз. Соңғыны көбінесе «шешендік сөз» деп атау да жоқ емес, алдыңғыны «ауызекі сөйлеу (тілі)» деп атау да бар. Бұл екеуінің орнын ауыстырып, ресми емес, ауызба-ауыз сөйлесуді «сөйлеу тілі» деп, ал әдеби тілдің ауызша түрін «ауызекі тіл» деп атаушылық та орын алады.

Сөйтіп, күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөз (тіл) бен топ алдында айтылатын ауызша әдеби сөз (тіл) — екеуі екі бөлек құбылыс (олардың айырым белгілері, жалпы сипаттары туралы «Кіріспе» тарауда айтылады).

Бұл жұмыстың құрылымы мынадай. Жоғарыда айтылды, ауызша әдеби тілде сөйлеудің жарқын бір көрінісін тұсы — шешендер сөздері. Сондықтан бұл еңбекте шешендік сөз бен шешендік өнер жайында баяндай-

---

<sup>3</sup> Бұл жердегі «сөз» терминін орысша «речь» дегеннің баламасы ретінде қолданып отырмыз. Әдетте «речь» дегеніміз — тілдің сөйлеу, қолдану актісіндегі көрінісі, яғни тілдің тәжірибеде жүзеге асқан түрі. Мұны қазақ тіл білімінде бірде тіл деп, енді бірде сөз деп, кейде тіпті сөйлеу тілі деп те әр қилы атап жүрміз. Біздіңше, осылардың ішінде сөз термині көрсетілген ұғымды дұрысырақ беретін тәрізді, өйткені қазақ тілінде «сөз» — семантикалық сыйымдылығы кең атаулардың бірі. Сол көп мағынасының бірі — айтылған ой екенін ескердік.

тын бір тарау («Шешендік сөз») ұсынылды. Мұнда шешендік сөздің айтылатын орнына, қамтитын мазмұнына (тақырыбына) және айтылу үніне қарай топтасуы, орқайсысының өзіне тән сипат-белгілері (тілдік-стильдік тұрғыдан), шешендік сөздердің өзге функционалдық стильдерге қатысы (ортақ тұстары мен өзгешеліктері, әсері т. б.) сөз болады.

Шешендік сөзді таңытатындардың бір тобы және бүгінгі әлеуметтік өмірімізде пәрменді, кең сипат алып отырғандар — үгітші-насихатшылар, сондықтан бұқаралық үгіт-насихат тілі өз алдына шағын әңгіме болды.

«Шаршы топтың» ерекше бір түрі — радио мен телевизия. Бұлардың тілі де негізінен ауызша айтылу арқылы көрінеді, демек, мұның да өзіндік ерекшеліктері, жазба стильдермен ортақтық-алшақтықтары, жетістік-кемістіктері бар. Мұны зерттеу де қазақ әдеби тілінің ауызша көрінісін талдап-тану мақсатын көздейді. Бұл «Радио мен телевизия тілі» атты тарауда сөз болады.

Ауызша әдеби стильдер мен жазбаша стильдердің ара қатынасын, бір-біріне әсерін айқындау да осы мәселеге кіреді. Әдеби тілдің тек ауызша түрі емес, ауызекі сөйлеу тілінің де жазба стильдерге қонымды-қонымсыз ықпалының бар екендігі де қарастырып отырған тақырыппен ұштасып жатады. Осы жайттарды анықтап себебін іздеу, дұрыс-бұрысын көрсету мақсаты да өз алдына жеке көзделіп, бұл «Әдеби тілдің ауызша түрінің жазба тілге қарым-қатысы» атты тарауда айтылды.

«Алғы сөз» бен «Кіріспе» тарауды жазған — **Р. Сыздықова** мен **А. Алдашева**.

«Шешендік сөз» тарауын жазған — **Р. Сыздықова**; «Бұқаралық үгіт-насихат тілі» тарауын жазған — **З. Бейсембаева**; «Радио мен телевизия тілі» тарауын жазған — **Қ. Неталиева**; «Әдеби тілдің ауызша түрінің жазба тілге қарым-қатынасы» тарауын жазған — **А. Алдашева**.



## ӘДЕБИ ТІЛДІҢ АУЫЗША ТҮРІ

Қазіргі қазақ әдеби тілі қоғамға жазбаша және ауызша түрде қызмет етеді. Жазба әдебиеттің дамуы, кітап шығару ісінің орасан өсуі, баспасөздің молаюы, ғылымның бірқатар саласының қазақ тілінде зерттелуі, республиканың көптеген аудандарында кеңсе-іс қағаздарының жергілікті халықтың ана тілінде жазылуы, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарын оқулықтармен және өзге де әр алуан құралдармен жабдықтаудың жолға қойылуы сияқты мәдени-әлеуметтік шаралардың кеңінен жүзеге асуы қазақ әдеби тілінің жазбаша түрде дамуына қандай жағдай жасаса, ауызша түрде қолданылуына жасалған жағдайлар одан кем емес. Ең алдымен, әр түрлі жиын, жиналыс, конференция, мәслихаттарда баяндамалар мен жарыссөздердің қазақ тілінде жүргізілуі шаршы топ алдында әдеби тілде сөйлеуді дәстүрін қалыптастырды. Саясат, идеология, шаруашылық, ғылым, өнер т. б. тақырыптарына арналған лекциялар, көпшілік арасында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстары, мектептер мен жоғары оқу орындарында сабақ беру — осылардың барлығы да қазақтың әдеби тілінің ауызша түрін жандандырды. Радио мен телевизияның қазақ тілінде сөйлеуі жазба тіл мен күнделікті ауызекі сөйлеу тілінен өзгеше сөз тәжірибесін дүниеге келтірді. Бұл да — әдеби тілдің ауызша қолданылатын түріне жуық келетін сөз көрінісі.

Демек, әдеби тілдің ауызша түрі — өзінің атқаратын қызметі, тілдік-стильдік элементтерді пайдалану принциптері, кімдерге қарата айтылатындығы (адресатта-

ры) т. т. жағынан жазба тілден де, ауызекі сөйлеу тілінен де бөлек танылатын құбылыс.

Ауызша әдеби сөздің сыр-сипатын, белгілерін ажырату үшін алдымен ауызекі сөйлеу тілінің табиғатын танып-білу керек, өйткені бұл скеуінін бір-бірінен ерекшеленетін тұстары да, ортақ белгілері де бар.

Қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу тілі («ауызекі сөз») ауызша сөйлеу стилінің бір түрі ретінде қарастырылады. «Сөйлеу стилін зерттегенде оның формасын, түрін және стилін ескерген жөн (мәселен, күнделікті тұрмыс тақырыбы мен ғылыми тақырыпта сөйлеу үлгілері және жиналыстарда, радио мен телевизорда сөйленген сөз)»<sup>1</sup>.

Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисін зерттеген Р. Әміров те сөйлеу тілін былайша тармақтайды: «Ауызша тілі: 1) ауызекі сөйлеу тілі, 2) лекциялар тілі, 3) шешендік сөз болып бөлінеді... Радиохабарлар, телевизия, білім-ғылымды лекция арқылы насихаттау жұмыстары қалың жұртшылықты түгелдей қамтиды... Бұл процесс ауызша тілдің қолданылу шеңберін кеңейте түседі»<sup>2</sup>.

Орыс тіл білімінде бір-біріне синоним болып қолданылып келген «устная речь», «разговорная речь» терминдері қазіргі кезде тілдің («речь»-тің) жеке-жеке тармақтарының атауы ретінде жұмсала бастады. Бұған дейін бірқатар ғалымдар радио мен телевизиядан сөйленген сөздің, лекторлар, үгітшілер, насихатшылар тілінің және күнделікті ауызекі сөйлеу тілінің басты және ортақ белгісі — олардың ауызша айтылуы (устность), сондықтан бұлардың барлығы да ауызекі сөйлеу тіліне жатады деп тұжырымдап келген болатын. Мысалы, О. А. Лаптева: «Кодификацияланған тілдің ауызша түрі болмайды»<sup>3</sup>, — деп жазады.

Ал соңғы жылдардағы бұл мәселеге арналған еңбектерде радио мен телевизия тілін, лекторлар мен үгітші-насихатшылар, сондай-ақ баяндамашылар тілін әдеби тілдің топ алдында айтылатын ауызша түрі (устная речь), ал күнделікті тұрмыстағы сөйлеу тілін ауызекі

<sup>1</sup> Балақаев М., Жанпейісов Е., Тоғанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974. 16—17-б.

<sup>2</sup> Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. Алма-Ата, 1972. С. 9.

<sup>3</sup> Лаптева О. А. Русский разговорный синтаксис. М., 1976. С. 11.

сөйлеу тілі (разговорная речь) деп санаушылық бар<sup>4</sup>. Мұның өзін әдеби ауызекі тіл (разговорный литературный язык) деп атап, тілдің бұл типінің зерттеу объектісі ретінде үстіміздегі ғасырдың 60—70-жылдарындағы сөйлеу тәжірибесін алады<sup>5</sup>. Е. Земская ауызекі сөйлеу тіліне тек қана әдеби тілді тұтынушылардың (оның ішінде қала тұрғындарының және міндетті түрде орта немесе жоғары білімі бар адамдардың) күнделікті тұрмыстағы еркін сөйлеу тәжірибесін жатқызады<sup>6</sup>. Оның үстіне бұл зерттеушінің классификациясы бойынша дәрігер мен емделушінің, адвокаттар мен судьялардың клиенттерімен сөйлесуі де әдеби тілдің ауызша түрі болып танылады. Ауызекі сөйлеу тілінің экстралингвистикалық (тілден тыс) басты белгісі — сөйлеу актісінің еркіндікке (испринужденность) және бейресми сипатқа (неофициальность) құрылуын атайды. Оның үстіне әдеби ауызекі тілді диалект мен қарапайым сөйлеу тілінен (просторечие) бөлек деп таниды<sup>7</sup>.

Үгітші-насихатшылар тілінің, радио мен телевизиядан сөйлеудің күнделікті тұрмыстық сөйлеу тілінен тілдік және экстралингвистикалық сипаттары жағынан айырмашылықтары мен жақындасатын тұстарын Е. Земская мен Е. Ширяев дәлелдеп көрсетеді: топ алдында ауызша сөйлеу тілінің басты белгілері ретінде олар тақырыптың алдын ала белгілі болатындығы, соған орай сөйлеушінің тексті жазып алатындығы немесе ойша дайындалатындығы, сөйлеудің диалогке құрылмайтындығы, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында ресмилік болатындығы т. б. ерекшеліктерді атайды да, ауызша әдеби тіл әдеби кодификацияланған тілдің ауызша формасы деп көрсетеді.

Демек, оны әдеби тілдің пәс стилі (сниженный стиль) деп қарауға болмайды дейді. Бұл — тың пікір. Әдетте, күнделікті тұрмыстағы сөйлеу тілін нормаланған әдеби тілдің қарама-қарсысына қойып, оған «әдеби» деген атрибутты (сипаттаманы) таңбай қарау прин-

<sup>4</sup> Земская Е., Ширяев Е. Устная публичная речь: разговорная или кодифицированная? // Вопросы языкознания. 1980. № 2.

<sup>5</sup> Земская Е., Китайгородская М., Ширяев Е. Русская разговорная речь. Общие вопросы. Словообразование. Синтаксис. М., 1981. С. 6.

<sup>6</sup> Сонда. 13—14-б.

<sup>7</sup> Сонда.

цині басым болатын. Әрине, күнделікті сөйлеу тілінің әдеби түрі, жай түрі болатындығы бұрын мүлде айтылмады деуге болмайды. Мысалы, С. И. Ожегов: қазіргі күнде, совет дәуірінде, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың жаңа түрі пайда болды, ол диалектілік те, таза әдеби де (сірә, жазба әдеби дегені болар), қаранайым да түр емес, оны күнделікті сөйлеу тілі (обиходная речь) деп атаған дұрыс болар деп жазғанды<sup>8</sup>.

Бүгінгі таңда, халықтың жаппай сауатты, оның ішінде де орта, жоғары білімділер қоғамның басым көпшілігі болып отырған кезінде және қала тұрғындары барған сайын көбейе түскен кезеңде орыс тілі сияқты тілдердің мұндай ерекше түрін (яғни тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінің әдеби формасын) көрсетуге болатын шығар. Шынында да қазір орыс қоғамының тек интеллигент қауымы ғана емес, сауатты, мәдениетті өзге топтары да, оның ішінде орта, жоғары білімі бар село еңбеккерлері мен өндіріс-техника мамандары да үй ішінде болсын, ресми емес өзге де қарым-қатынаста болсын біршама нормалы, ортақ үлгіде сөйлейтіндігін мойындау керек. Ал қазақ тілінде сөйлейтіндер қауымы үшін бұл табымды бұлжытпай көшіре салуға болмайды: ең алдымен, қазақ халқының күнделікті тұрмыстағы сөйлеу тәжірибесін нақты зерттеу керек, содан соң, оның жазба үлгіден, топ алдында айтылатын сөздерден ерекшеленетін белгілері мен жанасатын тұстарын айқындау қажет. Сөйлеу тәжірибесіне келгенде қазақтарды да бүгінгі қала тұрғындары (немесе интеллигенция мен инженер-техник қызметкерлер, жұмысшылар) мен ауыл адамдары (колхоз-совхоз еңбеккерлерінің интеллигент уәкілдерінен басқасы, үй шаруашылығындағы қартаң адамдар) деп бөліп қарастыру керек болады. Сөйлеушілердің жас мөлшеріне қарай олардың ауызекі сөйлеу дағдысын анықтаудың да өзiрге мәні бар сияқты. Бірақ қайткенде де күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілі (мейлі оны әдеби деп аталық-атамалық) жазба әдеби тілден де, топ алдында ресми түрде айтылатын сөйлеу үлгісінен де бөлек құбылыс (категория) екенін және де мойындау қажет. Ал топ алдында сөйленетін сөздер

<sup>8</sup> Ожегов С. И. Лексикология. Лексикография. Культура речи. М., 1974. С. 334.

(публичная речь) кодификацияланған әдеби тілге негізделеді, соның нормаларына бағынады. Мұнда көпшілікке ортақтық, стандарттық сипаттар ауызекі сөйлеу тіліне қарағанда әлдеқайда күшті және міндетті сипатта болады.

Біз бұл зерттеуімізде қазақтың ауызша сөйлеу тілін (разговорная речь дегенді): *әдеби сөйлеу тілі* және *ауызекі сөйлеу тілі* деп айырын қараймыз. Алдыңғысына шаршы топ алдында сөйленетін, ресмилік сипаты бар тіл (сөз, сөйлеу) тәжірибесін, соңғысына күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын, бейресми сипаттағы сөйлеу түрін жатқызамыз. Соңғысында кодификацияланған әдеби тілдің белгілері бар ма, бар болса, олар қандай шамада дегендерді әзірге негізгі меже етпейміз. Сондықтан біздің «ауызекі сөйлеу тілі» деген терминіміз әдеби тілдің жазбаша да, ауызша да түрінен бөлек, адамдардың күнделікті өмірде (үй ішінде немесе үйден тыс өзара қарым-қатынас актісінде: ойында, жұмыста, көшеде т. т. ситуацияларда) ауызба-ауыз сөйлесу үстінде жұмсайтын тілін білдіретін болады. Мұның әдеби тілден (оның ауызша түрінен де) ажыратылатын белгілері бар. Экстралингвистикалық ерекшелігі, жоғарыда көрсетілгендей, коммуникативтік қызмет аясында (үйде, күнделікті тұрмыста қолданылатындығында), бейресми сипатында, ал тілдік белгілері, ең алдымен, еркіндікте, яғни қалыптасқан тілдік-стильдік нормаларды сақтай бермейтіндігінде көрінеді. Ол еркіндіктің байқалатын сәттері едәуір.

Ауызекі сөйлеу тілінің басты ерекшеліктерінің бірі— ондағы тілдік элементтердің (сөздердің, тұлға-тәсілдердің т. б.) ықшамдылығы. «Сөйлеу тілі өзінің табиғаты жағынан сөздерді түсіріп айтуға бейім (эллипсисті), — деп жазады А. М. Пешковский, — біз ретіне қарай немесе алдыңғы сөйлеушілердің сөзіне қарай түсіруге болатынның бәрін айтпай кетеміз, сөйтіп, ойымызды әрқашан барлық сөзді түгел айтып білдіре бермейміз»<sup>9</sup>. Сөйлеу тілінің осы сипаты синтаксистік құрылымда көзге түседі. Бір мағынаны білдіретін көп компонентті сөз тіркестері ауызекі сөйлеу тілінде бір сөздің немесе екі сөзден құралған сөз тіркесінің бойына сыйыстырылып жұмсалады. Мысалы, *сөзге ұста — сөз сөйлеуге ұста:*

<sup>9</sup> Пешковский А. М. Избранные труды. М., 1959. С. 58.

*киімге шебер* — *киім тігуге шебер* тәрізді параллельдердің алдыңғылары ауызекі сөйлеу тілі арқылы қалыптасқан сөз тіркестері<sup>10</sup>.

Бір ұғымды білдіретін күрделі атаудың орнына осы ұғымды білдіре алатын ықшамды, үнемді форманы қолдану ауызекі сөйлеу тілінің лексикасында да кездеседі. Мысалы, «1959 жыл», «оныншы класс» деген күрделі атаулардың орнына, олардың ықшамдалған «елу тоғыз», «оныншы» деген варианттары қолданыла береді. Бұл тәсіл кейде баспасөз тіліне де әсерін тигізетінін көруге болады: ...Нұрлыбай... сол «Коммунизм таңы» совхозында *елу тоғыздың* қоңыр күзінде өмірге келіпті («Коммунизм жолы», 1984, 2 август). Ауылда қалып, механизатор болғысы келетінін Жақсыбек әкесіне *оныншыда* оқып жүргенде-ақ сездірген болатын («Социалистік Қазақстан», 1981, 5 сентябрь).

Еркіндік бірқыдыру «сөз жасағыштық» әрекетті күшейтеді, яғни мұнда жаңаша қолданылған (немесе жаңадан жасалған) жеке сөз, тұлға-тәсілдер орын алады, кейбір лексика-грамматикалық тұлға-тәсілдердің, элементтердің функционалдық жүгі арта түседі.

Ауызекі тілдің стильдік ерекшеліктерінің тағы бірі— оның эмоциялылығы. Осы сапа әсіресе сөйлем құрылымында айқынырақ байқалады. Өйткені «сөйлеуші пікір айтып, қатынас жасағанда, екінші жақтың оған қандай жауап қайтаратынын, әсіресе оның қарсы пікірде болуы мүмкін екендігін алдын ала ескеріп сөз құрайды. Репликаның тек пікір білдіріп қоймай, тыңдаушының қарсы райын ескеріп, полемикалық сипат алуы сөйлемнің құрылысына әсер етеді»<sup>11</sup>.

Осы сапаға орай көптеген ғалымдар ауызекі сөйлеу тілінің лексикасы мен фразеологиясына негізінен эмоциялы-экспрессивті бояуы бар элементтердің пәс (сниженные) түрлерін жатқызады. Мысалы, М. Н. Қожина былай деп жазады: «Сөйлеу тілінің сипатты бір белгісі — оған эмоционалды-экспрессивті лексика тән, әсіресе онда стильді пәс ететін (төмендететін) тұрпайы сөздер немесе еркелетушілік, жақтырмаушылық және басқа да бағалауыш бояуы бар сөздер актив қолданыла-

<sup>10</sup> Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. Алматы, 1977. 12-б.

<sup>11</sup> Сонда. 6-б.

ды»<sup>12</sup>. Осы пікірді басқа зерттеушілердің де қостайтындығы байқалады<sup>13</sup>. Қазақ тіл біліміндегі көзқарастар да осыған жуық: «Сөйлеу тілінің қарапайым түрінің (?)»<sup>14</sup> лексикасының құрамына тұрпайы сөздер мен фразалар және кәсіби сөздер мен диалектизмдер енеді»<sup>15</sup>. Р. Әміров ауызекі сөйлеу тілінің лексикасына жергілікті тұрғындардың кәсібіне, тіршілігіне байланысты сөздерді, диалектизмдерді және *өкіректеу, тәлімсу, сызылу, өлмелі, шам көру, еті тірі, құшырлану, сыңайы, бұртаңдау, көңірсіту* сияқты сөздерді жатқызады<sup>16</sup>.

Ал «Қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігінде», біздің байқауымызша, «сөйлеу тілі» деген белгімен («нометамен») төмендегідей лексикалық топтар қамтылған:

1) Жазба тілде кездесетін индивидуалды-авторлық немесе окказионалды қолданыстар: *ауырықсыну\** — *ауырсыну, емдеухана — аурухана, айырша — шанышқы, алаңқы — алаңқай, балалайкеш — балалайкашы, қарыздыкер — қарыздар, зиратнама — бейіт, қабір, желдік — желдеткіш.*

2) Орыс тілінен енген сөздердің ауызекі сөйлеу тіліне, оның дыбыстық заңдылықтарына бейімделген тұлғалары: *кардон — кортон, кәртөшке, картопия — картон, кәстрөл — кастрюль, кәнки — коньки, кәресін — керосин, кәртішке — карточка, зәкір — якорь, кәмпит — конфет.*

3) Әдеби тілде баламасы бар сөздердің диалектілік сипаттағы фонетикалық варианттары: *аңлы — аңды, ажым — әжім, аңла — аңда, аңызғақ — аңызақ, балау — палау, барақ — парақ, қартамьш — қартамьс, кәрие —*

<sup>12</sup> Қожина М. Н. Стилистика русского языка. М., 1983. С. 210—211.

<sup>13</sup> Калинин А. В. Лексика русского языка. М., 1978. С. 169; Денисов П. Н., Костомаров В. Г. Стилистическая дифференциация лексикн и проблема разговорной речи //Русская разговорная речь. Саратов, 1977. С. 7.

<sup>14</sup> Сөйлеу тілінің қарапайым түрі дегені, сірә, ауызекі сөйлеу тілі болар, демек, сөйлеу тілінің (ауызша тілдің) әдеби және әдеби емес түрі болатындығын ашып көрсетпесе де, оны авторлар мойындайды деуге болады.

<sup>15</sup> Балақаев М., Жанпейісов Е. т. б. Аталған еңбек. 16—17-б.

<sup>16</sup> Әміров Р. Аталған еңбек. 7-б.

\* Берілген қатарлардың алдыңғысы «Сөздікте» *сөйлеу тілі* деп, екіншісі оның әдеби тілдегі эквиваленті ретінде көрсетілген.

қария, қайла — айла, ибадат — инабат, кәдір — қадір, кәйттім — қайттым, зікіңде — дікіңде.

4) Әдеби тілде баламалары бар диалектизмдер: қаржымыс — қарымта, кәдуіскі, кәдуілгі — кәдімгі, айым — әйел, ақтас — түйме, жер там — жер үй, жұмыстау — жұмыс істеу.

5) Әдеби тілде параллель қолданылатын варианттардың бірінші сыңары: айғай — айқай, палуан — балуан, бірдеме — бірдеңе.

6) Араб-парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған төмендегідей дублеттердің бірінші сыңарлары: зады — задынди, зәлім — залым, зәрезап — заразап, зиярат — зират, имарат — ғимарат, кәмалат — кәмәлет, кәззәп — кәззап, кәзір — қазір, жаһил — жаһіл, жаһүт — жақұт.

7) Кейбір архаизмдер: атұлтан — адъютант, асбаһни, еммат — еңбек, жұмле — жұмлә, жұбап — жауап.

8) Жазба түрінде кездескен орфографиялық қателер: ыждағат, жадаһат — іждағат, жәбішенді — жәпшенді.

9) Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер: әгер — егер, мәселенки — мәселен.

10) Қандайлықты (қаншалықты), қандайна (қандай), қаңғымалау (қаңғыбастану), қапалау (ыстыққа шыдамау), жиырманшы (жиырманшыны), жылаури (жыламсыра), зеңгірлену (биіктеу), қарапайымдану (қарапайым болу) т. б. сияқты сөздер мен жасанды етістіктер.

Бұл топтаулардан сөздік құрастырушылардың ауызекі сөйлеу тіліне тән элементтер ретінде жазба дүниелерде кездесетін бір қолданар окказионализмдерді, кейбір жарыспалы, бірақ екеуі де әдеби варианттардың біреуін, хатқа қате түскен жансақ орфограммаларды көрсетулері, біздіңше, дұрыс емес. Окказионализмдер тек қана бір жазушыда бір қолданар сөздер ретінде кездесетін элементтер, олар жалпыхалықтық сөйлеу тіліне мүлде жат. Сондай-ақ айғай — айқай, палуан — балуан дегендердің бір вариантын әдеби емес деп тану да әзірге дұрыс емес: мұндай жарыспалы қатарлар қазақ тілінде едәуір, бұл жердегі варианттылық — әдеби тілдің даму барысына тән құбылыс (егер варианттылық құбылыс болмаса, әдеби тілдің нормалану процесі, қарама-қарсы күштердің күресі, яғни тілдің дамуы деген проблемалар да болмас еді).



Жоғарыда көрсетілген топтардың бірқатары иып мәнінде ауызекі сөйлеу тілінің элементтері. Айталық, орыс тілінен енген сөздердің ауызекі сөйлеуде қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына бейімделген тұлғаларын (зәкүн, зәкір, кәрәсін, кәнки т. б.) осылайша таныған дұрыс. Солай бола тұра қазақ тілінің сөздік құрамында айтылуы бойынша қалыптасқан *самауыр, бәтеңке, божы, ауылнай, болыс, керуует, бөкебай* тәрізді 70-ке жуық орыс сөздерінің әдеби норма екенін де есте тұтуымыз керек.

Сол сияқты *балау — палау, барақ — парақ* (қағаз), *кәрие — қария, қайла — айла, кәдір — қадір* сияқты қатарлардың алдыңғылары ауызекі тіл элементтері деп танылғаны жөн, олардың бір сыңары бұл күнде әр түрлі сөздіктер және басқа да жолдар арқылы қолданылу изоглосы мен жиілігі де ескеріле отырып, яғни кодификацияланып, әдеби норма ретінде қалыптасып қалды, сондықтан екінші (алдыңғы көрсетілген) сыңарлары ауызекі сөйлеу тілі элементтері болып есептелмек.

Қазақ тіліндегі жарыспалы сөздердің үлкен бір тобы араб-парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған. Арабизм, фарсизмдердің бірқатары қазақ тіліне оның жазу нормасы қалыптаспаған кезде және көбінесе ауызекі сөйлеу тәжірибесі арқылы, я болмаса ауызша әдеби тіл арқылы енгендіктен, олардың бірнеше вариантта болып келуі—табиғи құбылыс. Дегенмен төркіні араб-парсылық дублеттердің де көпшілігі әдеби тілде бірыңғайланып, нормаға түсті. Мысалы, *б — п* дыбыстық алмасулары арқылы жасалған (сөз басында) қатарлардың көбінесе *п* дыбысымен айтылатын сыңарлары әдеби норма ретінде қалыптасты: *палау, пешене, пейіл, пенде, пақыр, пәтуа, пұл* (мата) дегендер — әдеби норма, ал олардың *балау, бешене, бейіл, бенде, бақыр, батуа, бұл* варианттары — ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер.

Жалпы варианттылық жазба тілге қарағанда ауызекі сөйлеу тілінде әлдеқайда күштірек сезіледі. Өйткені, жоғарыда айтылды, ауызекі сөйлеуде еркіндік бар, ол еркіндік «сөз жасағыштыққа» жол береді. Оның үстіне сөйлеушінің өзі дағдыланған, әрі айналасына (тыңдаушыға) түсінікті диалектизмдерді қолдануы заңды да, қолайлы да. Өзге тілдік кірме сөздерді ауызша айтылуына қарай дыбысталуы жағынан «сындырып» қолда-

ну да ауызекі тіл практикасында кең орын алады. Осылардың барлығы жарыспалылықты тудырады: сөйлеуші бірде жоғарғы өзі қалаған варианттарды жұмса-са, енді бірде олардың әдеби эквиваленттерін қолдануы әбден ықтимал.

Ауызекі тілде жарыспалылықты туғызатын тағы да мынадай бір құбылыс байқалады: қазіргі қазақ әдеби тілінде *балмұздақ, теледидар, жагажай, саяжай, саябақ, қолшатыр, азагүл, гүлшоқ* т. б. тәрізді бірқатар неологизмдер жасалып, кодификацияланып, жазба тіл үлгілерінде (оның ішінде көркем әдебиетте де) қолданыла бастады. Көрсетілген сөздердің терминдік, ресмилік сипаты басым болғандықтан, күнделікті сөйлеу актісінде олардың орысша атаулары қолданылады, кей-кейде жаңа сөздердің жұмсалуды да мүмкін. Мұндай фактілерді ауызекі сөйлеу тілінің нормасы деп бағалау үшін, олардың қолданылу жиілігі ескерілу керек.

Сонымен, ауызекі сөйлеу тілі қазақ тіл білімінде жеке бір стильдік тармақ ретінде қарастырылып жүр. Дегенмен синтаксистік ерекшеліктері байыпты зерттелген бұл саланың (Р. Әміровтің еңбектерін қараңыз) басқа қабаттарды (морфология, лексика) қолданудағы стильдік айырым белгілері, тілдік және экстралингвистикалық ерекшеліктері әлі де болса ажыратыла қойған жоқ. Өйткені белгілі бір стильді тану үшін оның тұрақты қалып алған сөздері мен сөз орамдарын, морфологиялық-синтаксистік көрсеткіштерін білу керек болады. Және мұндай белгілер ішінара факт ретінде емес, жүйелі түрде пайдаланылатын, басқа стильдерде қолданылу өрісі тар элементтер ретінде қаралуға тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздерді ажыратуда, бір жағынан, стильдік топтастырудағы дәстүрліліктің ізімен (кітаби-жазба стиль, сөйлеу стилі) бұған эмоционалды-экспрессивті лексиканың пәс (сниженные) түрлерін (көтеріңкі, поэтикалық лексикаға қарама-қарсы) жатқызу тенденциясы бар. Бұлайша топтастыру, екінші жағынан, ауызекі сөйлеу тілінің стильдік белгісі — эмоциялылыққа да байланысты тәрізді. Алайда ауызекі сөйлеудегі эмоциялық сапа үшін экспрессивтік лексиканың міндетті түрде қолданылуы шарт емес. Дегенмен сөйлеу актісінде белгілі бір сапаны, іс-әрекетті көрсету үшін бейтарап лексикадан гөрі олардың экс-

прессивті бояуы қалың синонимдері қолданылуға бейімдеу тұрады. Бірақ бұл жайт эмоционалды-экспрессивтік лексиканың нәс түрлерін таза сөйлеу тілі элементтері ретінде бағалауға мүмкіндік бермейді. Ауызекі сөйлеуге тән эмоциялық сапаны бейтарап сөздер мен кейбір морфологиялық тұлғаларды ауыспалы мағынада, жаңа реңмен қолдану да атқара алады.

Әрине, қазақша ауызекі сөйлеу тілінде орыс тіліндегідей *вечерка* (вечерняя газета), *штормовка* (штормовой костюм), *попутка* (попутная машина), *дежурка* (дежурная комната), *маршрутка* (маршрутное такси), *подсобка* (подсобное помещение), *зачетка* (зачетная книжка) тәрізді семантикалық конденсаттар (сығындылар)<sup>17</sup>, тек ауызекі сөйлеу тілі арқылы қалыптасқан сөздер байқалмайды. Жоғарыда көрсетілген сөздер—ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері арқылы жасалып, орыс әдеби тілінің нормасына айналған элементтер. Дегенмен қазақ ауызекі сөйлеу тілінің де тілдік құралдарды пайдалануда өз ерекшеліктері бары аңғарылады. Оның экстралингвистикалық ерекшеліктері (сөйлеу актісінің еркіндігі, бейресми сипатқа құрылуы, диалогтік формасы т. б.), сөз жоқ, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздер мен орамдарды, морфологиялық, синтаксистік тұлға-тәсілдерді ажыратады. Сондықтан да ауызекі сөйлеу тілінің әсіресе лексикалық ерекшеліктерін танып-білу және оған ғылыми талдау жүргізу бірқатар көмекші құралдар мен әдістерді (мысалы, магнитофонға жазып алу, статистикалық әдісті қолдану т. б.) пайдалану арқылы ғана жүзеге асады.

Әдеби тілдің ауызша түрлері, жоғарыда айтылды, ең алдымен шаршы топ алдында ресми түрде айтылатын сөздер, одан қалды, радио мен телевизиядан сөйленетін сөздер. «Шаршы топ» — жалпы ұғым: ол «шаршы» («төрт жақтан бірдей қаптаған», «сансыз көп») болуы да мүмкін, «шағын» (аз адамдар тобы) болуы да ықтимал, бірақ қайткенде де шаршы топ алдында айтылатын сөздің ұсынушы (айтушы) және қабылдаушы (тыңдаушы) деген екі жақты орындаушысы болады, яғни мұнда тек сөйлеуші ғана емес, тыңдаушы да қатысады. Ол

<sup>17</sup> Янко-Триницкая Н. А. Процессы включения в лексику и словообразование / Развитие грамматики и лексики современного русского языка. М., 1964.

қатынасу диалог түрінде де болуы мүмкін, сонымен қатар көбінесе «ішкі контакт» күшті болады: сөйлеуші өз сөзін шаршы тонның қолайына жағатын етін, яғни сөз таңдауда, образдар іріктеуде, сөйлем құрастыруда және айтыпқы ойының жалпы композициялық құрылымын ұйымдастыруда тыңдаушылардың бірден әсер алуы сияқты шарттарға жауап беретіндей студі көздейді.

Қазақтың сөз әлемінде бұрыннан да бар, қазірде де кеңінен қолданылатын «шешендік сөздер» дегеніміз шаршы топ алдындағы сөздердің бірден-бір көрінісі. Бізге ауызша сақталып жеткен шешендік мұралардың баршасы бірдей зор әлеуметтік мүддені көзден, қоғам, халық тағдырына әсер ететін сөздер бола бермеуі мүмкін. Сырт қарағанда кейбір шешендердің сөздері жеке адамдарға, жеке уақиғаға, жеке бір мәселеге қатысты ғана болып көрінгенмен, сайын келгенде ол сөздерде де азды-көпті әлеуметтік үн болады. Мысалы, Тыныс қыз бен Ешанияз жігіттің диалогін<sup>18</sup> алсақ, мұнда қыз «әр нәрсенің сырты емес, ішіне үңілу керек» деген идеяны шешен тілмен ұсынады. Оның сөзі сырт қарағанда, болмашы жеке бастың жайы сияқты көрінгенмен, мұндай тақырыптардың да «әлеуметтік» сипаты бар, өйткені тәрбие, талант («жақсы адам», «жаман адам») т. б. жайындағы сөздер негізінен жеке адам үшін емес, көп үшін айтылады, ол сөздер «қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда»-ның сыңайын танытады.

Ал қазіргі шешендік сөздер негізінен нағыз шаршы топ алдында айтылатын сөздер. Ол «шаршы топ»: мәслихат, мәжіліс (мысалы, сот мәжілістері), жиналыс, конференция, съезд, митингілерге қатысатын ең азы ондаған, көбі жүздеген, мыңдаған адамдар; әр алуан лекция тыңдаушылар; жоғары оқу орындары студенттері мен мектеп оқушылары; үгітші-насихатшылар сөзін тыңдаушылар; радио тыңдаушылар; телехабарларды көріп әрі тыңдаушылар.

Міне, бұл күнде социалистік қоғамымыздың мәдени-рухани өмірінің байы, толығырақ түсуіне байланысты әдеби түрде ауызша сөйлейтін тұстар көбейгенін көреміз. Демек, шешендіктің жалпы мақсаты әлеуметтік ұйымдастырушылық және мәдени-ағартушылық роль атқару болғандықтан, жаңа формациялардың өмірге келген

<sup>18</sup> Тыныс қыздың тапқырлығы // Жұлдыз. 1983. № 1.

тұстарында (Октябрь революциясынан кейінгі 20—30-жылдардағы атақты трибун-қайраткерлерді еске ала-лық) және сол жаңа қоғамды нығайтып жатқан қазіргі кезеңде қоғам қайраткерлері, идеологтер, өнер, білім, ғылым қайраткерлері шешендікті меңгеруге міндетті.

Бұл күнде шешендік сөздің ролін көтеру — тіл мәдениетін көтерудің бір шарты. Әсіресе әдеби тілдің ауызша түрін дамыту — бүгінгі қазақ қауымы үшін бірден-бір қажет іс-әрекет, өйткені соңғы кездерде топ алдында дұрыс, әсерлі, әсем сөйлеуге жөнді мән берілмей, босаңсып кеткен жайы бар. Ал түптеп келгенде, қазақ халқы үшін шешендік — тамыры терең, тарихы ұзақ, өрнегі берік салынған құбылыс болатын. Бір жағынан, қауымдық (қоғамдық) мүдделерді топ алдында көздейтін жағдайлардың болуы, яғни жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты дау-шарларды жпнн алдында шешу, өлгенге көңіл айту, тірілерді мадақтау тәрізді тұрмыстық сөздердің де көбінесе ауыл адамдарынан, туған-туыстардан құралған үлкенді-кішілі коллектив алдында айтылуы, үлкендер мен «аузы дуалылар» тарапынан қара сөзбен (өлеңдетпей) айтылатын үлгі-өнеге, өсиет сөздердің де бір адамға емес, көпке арналатындығы қазақ өмірінде әдеби тілдің ауызша түрінің дамуына әрі ұзақ уақыт сақталып келуіне себепкер болған. Екінші жағынан, бұған бұрын қазақтарда айтар сөзін жазып алып, текст бойынша сөйлеу дәстүрінің болмауы да көп әсер еткен. Демек, шешендікті туғызатын және дамытатын факторлардың күшті болғандығы қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде тіл өнерін жоғары көтерген. Бұл фактіні кезінде қазақ тілін танып зерттеген орыс ғалымдары мен өзге де халықтар өкілдері ерекше атап көрсеткен болатын. Бірнеше түркі тілін қатар зерттеген, көптеген еуропа халықтары тілдері мен классикалық көне тілдерді де жақсы білген атақты ориенталист акад. В. В. Радлов (1837—1918) бірде: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлегіштігі таң қалдырады... Кез келгені, тіпті оқымаған қараңғы қазақ сөйлеп кеткенде, тілдің ондай күшін Еуропада тек француздар мен орыстардан байқаймыз... Ал қазақ әңгіме шерте қалса, сөздері

мәдiр бұлақтай құйылып, жаныңа жайлы тиедi»<sup>19</sup>, деп жазса, тағы бiрде ол: «Қазақ тiлiнiң тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тiлдегi мұраларды менiң көбiрек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырған жинақтардың толық бiр томын арнауыма себеп болды. Оның үстiне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда, сөзге тапқырлығы мен шешендiгi де маған әсер еттi»<sup>20</sup>, — деп жазды.

1830—1831 жылдардағы Польша ұлт-азаттық көтерiлiсiне қатысушы поляк революционерi Адольф Янушкевич (1803—1857) Сiбiрде және қазақ жерiнде жер аударылып жүргенiнде жергiлiктi халықтың тарихы, тұрмысы, мәдениетi, әдебиетiмен жақын танысып, тiлiне де назар аударған болатын. Ол да қазақтардың әдеби тiлiнiң ауызша түрiнiң соншама жоғары дәрежеде екенiн айтады. Ол iнiсiне жазған бiр хатында дауласқан екi қазақ туралы: «Ежелгi Грецияда немесе Римде болса, старшина Тоқымбай мен Бейсекенiң өзi лаврдың астында қалған болар едi»<sup>21</sup>, — деп жазса, Густав Зелинскийге жолдаған хатында Абайдың әкесi Құнанбайды «табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрiк тiл берген»<sup>22</sup> деп, шешен болғандығын айтады. Келесi хаттарының бiрiнде қазақтың төкпе (импровизатор) ақындарының айтысын тыңдап, таң-тамаша қалған Янушкевич: «Бұдан бiрнеше күн бұрын өзара жауласқан екi партияның арасындағы қақтығыстың куәсi болған едiм. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры естiмеген шешендерге таң қалып, қол соққанмын...»<sup>23</sup>, — дей келiп, әрi қарай ақындарды суреттейдi.

Сөйтiп, қазақ топырағында шешендiк дәстүр күнтi дамып келдi. Оның практикасы болды, бiрақ бұрын (бiздiң күндерiмiзге дейiн) оның теориясы болған жоқ, яғни «Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры естiмеген шешендердiң» өздерi де, оларды түсiне, сүйiне тыңдаушылар да бұл құбылыстың тарихын, түрлерiн, тiлдiк-стильдiк белгiлерiн, эстетикалық әсерiн т. т. талдап,

<sup>19</sup> Радлов В. В. Средняя Зарафшанская долина /Записки Русского географического общества. СПб., 1880. Т. 6. С. 70.

<sup>20</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен... Киргизское наречие. СПб., 1870. Т. 3. С. 17.

<sup>21</sup> Янушкевич А. Күнделiктер мен хаттар. Алматы, 1979. 32-б.

<sup>22</sup> Сонда. 75-б.

<sup>23</sup> Сонда. 85-б.

жүйелен танып-білген емес. Тіпті қазірдің өзінде де қазақ тіліндегі шешендік өнер ғылыми тұрғыдан (тілі жағынан) зерттеліп, негіздері салынған жоқ. Бізде не мәдениет, өнер институттарында, не өзге жоғары оқу орындарында, халық университеттерінде қазақ тіліндегі шешендіктің негіздерін танытатын арнайы курстар жөнді оқылмайды, оны оқытатын тұрақты оқулығы, я болмаса өзге көмекші құралдары және жоқ. Орыс тіліндегідей «Школа молодого лектора», «Слово лектора» тәрізді органдар да бізде әлі жоқ.

Әрине, шешендік туралы ілімді жасау оңай емес, өйткені ол бірнеше ғылымның негізінде зерттелуі керек: бұған шешендік өнер рухани мәдениеттің бір бөлігі, әлеуметтік қызметтің бір түрі болғандықтан, философия ғылымының; шешендіктің құрылымын тану үшін логиканың; оның тыңдаушыға стетін әсерін айыру үшін психология мен эстетиканың, этиканың; тілдік-стильдік белгілерін көрсету үшін лингвистиканың қатысы бар. Ғылымның осы аталған салаларының танымдары мен теорияларына сүйене отырып, қазақ шешендік өнерінің теориялық негізін салу, жалпы шешендікке (қай тілдегі болмасын) тән ортақ белгілермен қатар, ұлттық ерекшеліктерін, әсіресе даму тарихы мен жолдарын айқындау алдымызда тұрған ғылыми міндеттердің бірі болмақ.

Ұсынылып отырған бұл кітаптағы талдауларымыз бен таным-тұжырымдарымыз осы жолдағы ізденістің тырнақ алдысы деуге болады, оның өзінде де бұл еңбектің негізгі мақсаты қазақ әдеби тілінің ауызша түрін сөз мәдениеті (тілдік норма) қырынан қарастыру болғандықтан, шешендіктің жалпы категориялық сипатын (табиғатын) жан-жақты ашу мақсаты көзделмеді.

Әдеби тілдің ауызша түріне неқ артатын сөйлеу тәжірибесінің келесі салалары — радио мен телевизия. Бұл екеуінің сөз өрнегі бір (бірдей) емес. Ол айырмашылық радио мен телевизияның әрқайсысының қызмет ету тәсілі, тыңдаушыларының бірдей еместігіне байланысты туады. Теледидарда визуалдылық (сөйлеушіні көзбен көріп отыру) сипат та болатындықтан, одан айтылатын сөзге мимика сияқтылар араласады, яғни сөйлеуші мен тыңдаушы контактісі жақындай түседі. Бірақ екеуі де кодификацияланған әдеби тілдің нормаларына неқ арт-

қанмен, жүзбе-жүз отырып сөйлесу тәртібіне, оның ішінде ауызекі сөйлеудегі сияқты еркіндікке негізделеді. Сөйте тұра радио мен телевизия тілін — жазба әдеби тілдің ауызша көшірмесі деуге де болмайды, күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінің көпшілікке арналған ресми түрі деуге де болмайды. Демек, қазақ тіліндегі бұқаралық информация құралдарының бұл түрлерінің де тілі мен стилін зерттеу — алдағы ғылыми жұмыстарымыздың бірі. Бұл орайда, біздіңше, радио мен телевизиядан берілетін хабарлардың (айтылатын сөздердің) тіліне, бір жағынан, жазба дәстүр нормаларының (айталық, хабарлардың кейбір түрлеріне публицистика тілінің), екінші жағынан, ауызекі сөйлеу дағдысының әсер-ықпалын көрсетіп, олармен ортақтық-алшақтық тұстарын ажырату қажет; көпшілік аудиторияға ұсынылатындықтан, радио мен телевизия тілі мейлінше айқын, дәл болуды көздейтіні мәлім, осы айқындық пен дәлдік қандай тілдік тұлға-тәсілдермен жүзеге асырылатындығын айқындау да зерттеу объектісі болуға тиіс; радио, телехабарлар тіліне экспрессия мен стандарт элементтердің қатысуы және олардың арасалмағы жөнінде де бізде, қазақ тіл білімінде әлі сөз болған жоқ.

Сөйтіп, радио мен телевизия — бұқаралық информация құралдарының пәрменді түрлерінің бірі. Олар қалың көпшілікке тек информация беруде ғана емес, тәрбиелік жұмыстар жүргізу жақтарынан да аса беделді трибунаға айналып отыр. Сол тәрбиенің бір ұшы тілге де қатысты. Айталық, радио мен телевизияның сөз өрнегінің, кейде тіпті дикторлардың сөйлеу техникасының да (дауыс ырғақтары, сөзге екпін түсіруі т. б.) үгітшілер мен насихатшылардың, лекторлардың тіліне әсер етеді. Радио мен телевизия көп ретте әдеби тілдің нормасын танытатын үлгі болып қабылданады. Бұған бірер дәлел келтірелік.

Радио мен телевизиядан сан алуан мамандық иелерінің, яғни диктор, комментатор, журналист т. б. осы сияқты дағдыланған адамдар емес, қарапайым сөйлеушілердің әңгімелері, олардан алынған интервьюлер беріліп жатады. Бірақ осындай еркін әңгіменің өзінде сөйлеушілер жазба тіл дәстүрін көбірек сақтайды, өйткені радио мен телевизия хабарларының өзінің барлық жанрлары тіл жағынан жазба нормаларға иек артады.



Әр түрлі мамандық иелерінің радиодан сөйлеген мына сөздеріне назар аударалық:

1. Мен Жобаның барлық пункттерімен, әсіресе мектеп коллективтеріне қатыстыларымен мұқият танысып шықтым. Талай жылғы ұстаздық қызметімде жинақталған тәжірибем бойынша айтар болсам, ондағы көрсетілген нақты міндеттердің жүзеге асуы, сөз жоқ, жеткіншектер тәрбиесі, олардың білім сапасы бағытында жемісті жетістіктерге не етпек... Енді алдағы уақыттағы міндетіміз — сүйікті партиямыз бен үкіметіміздің бұл аялы қамқорлығына іспен жауап беріп, еліміздің ертеңі, өміріміздің өркені — жас ұрпаққа сапалы білім, сапалы тәрбие беруде жетістік биігінен көріну...

2. Совхоз комсомолецтері мен жастары мал шаруашылығына қамқорлықта да жақсы қырынан танылуда. Мал фермаларына келушілер қатары жыл сайын көбейе түсуде. Жас малшылар үстіміздегі жылғы мал қыстату науқанын үлгілі өткізуге лайықты ат салысты. Осы орайда өзім де қарамағымдағы сауын сиырлардың құнарлылығын қыс айларында кемітіп алмауға бар тәжірибемді, жастық жалыным мен жігерімді жұмсадым. Сауыншылар арасындағы социалистік жарыстың алғы шебінен көріндім.

Алғашқы контексте ауызекі сөйлеу тіліне тән бірқатар элементтер бар: мысалы, «мектеп коллективтері туралы айтылған пункттер» деген күрделі атау «мектеп коллективтеріне қатыстылары» деп алдыңғыға қарағанда, біршама ықшам тіркеске сиыстырылып берілген. Дегенмен осы контекстегі басқа сөздер мен сөз тіркестері газет тілінен алынған. Мысалы: *жемісті жетістік, аялы қамқорлық, жетістік биігі, нақты міндеттер* т. б. Екінші контекст газет тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесіне түгелдей бағындырылған. Мұнда термин сөздердің (мысалы: *совхоз, комсомолецтер, социалистік жарыс*) қолданылуы тақырыпқа орай заңды болса, газеттік-публицистикалық стильге тән *-уда/-уде* баяндауыш формаларының және *мал қыстату науқаны, жастық жалын мен жігер, алғы шең* тәрізді публицистикалық реңдегі орамдардың көрінісі жазба нормалардың («газет тілінің») ауызша әсерлі («жақсы») сөйлеудің де критерийі ретінде танылатындығын көрсетеді. Бұл контексте ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздер мен стильдік

белгілер кездеспейді. Оларды қолдануға болатын тұстарда да терминдер мен ресми рендегі сөздер пайдаланылған. Мәселен, *қыс айларында емес, қыста* деген бөліктер еді, *сауын сиырлардың құнарлылығын кеміту* дегеннің орнына *суттің азаюы*.

Функционалдық стильдердің ауызша және жазбаша түрлерінің лексикалық құрамының ортақ болуы — заңды сипат. Алайда кітаби стильдер мен ауызша әдеби тілдің арасында коммуникативтік қызметі жағынан айырмашылықтар бар. Ауызша сөйлегенде тыңдаушыға әсер ету, аудиториямен контактіні сақтау міндеттері тұрады. Сондықтан жазба тілдің нормаларын сақтай отырып, информацияның (материалдың) тақырыптық және басқа да ерекшеліктеріне орай ауызекі сөйлеу тілінің заңдылықтарын пайдалану — ауызша әдеби тіл үшін қажетті құралдардың бірі болып саналады. Әйтпесе тіл мүлде «қансып, құрғап» кетер еді<sup>24</sup>.

Ауызша әдеби тіл мен ауызекі сөйлеу тіліне ортақ белгі — екеуінде де орфоэпиялық норманың бірдейлігі, яғни сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс айту заңдылықтарының бірдей қолданылатындығы. Бұл заңдылықтар қазақ тілінің фонетикалық табиғатына негізделіп қалыптасқан. Жазуда орфографиялық ережелерді қатаң сақтау қандай шарт болса, сөйлеуде орфоэпиялық қағидаларды мықтап ұстау сондай міндет. Хат танитын сауатты адамның емле қатесін жіберіп жазуы қаншалықты ыңғайсыз болса, сөздерді дұрыс айта (дыбыстай) білмеуі соншалықты оғаш іс болмақ. Сондықтан ауызша сөйлеушілерге, топ алдына шыққан шешендерге соңғы талап — қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарын сақтау талабы қойылады. Бұл талапты әсіресе жазба тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымына сүйенетін, алдын ала дайындалған текст бойынша сөйлейтіндер (көбінесе, әрине, оқып беретіндер) қатты ескерулері керек.

Ауызша сөйлеу үстінде сөздер жеке-жеке емес, ритмикалық топтар құрап, бір-бірімен кіріге айтылады<sup>25</sup>,

---

<sup>24</sup> Костомаров В. Г. Разграничение терминов «устный», «разговорный», «письменный» и «книжный» // Проблемы современной филологии. М., 1965. С. 176.

<sup>25</sup> Бұл жайында мына еңбекте толық айтылған: Сыздықова Р. Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). Алматы, 1983.

мұндай жағдайда сөздер аралығындағы көршілес дыбыстардың өзгеріске ұшырайтыны мәлім.

Ауызша әдеби тілде орыс тілінен енген сөздер, негізінен, орыс орфоэпиясына қарай дыбысталады, ал ауызекі сөйлеу тілінде мұнда сөз еркіндік болуы мүмкін. Кірме сөздердің орфоэпиясындағы қиындық оларға қазақ тілі қосымшалары жалғанған тұстарда болады. Емле ережелері бойынша жуан қосымшалар қабылдайтын бірқатар орыс сөздерінің соңындағы дауыссыз дыбыстың жіңішкелігіне қарай қазақша қосымшалардың жіңішке болып айтылуы (жазуда: магистральдың, фестивальдың, гастрольдық, корольдық, королы, паролы, токары, ал айтуда: магистральдің, фестивальдің, гастрольдік, корольдік, королі, паролі, токарі) — ауызша тілдің орфоэпиялық нормасы. Керісінше, бұларды жазылуы бойынша жуан қосымшалармен айту нормадан ауытқу болып саналмақ.

Қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары толық камтылып көрсетілген сөздіктер<sup>26</sup>, жеке анықтағыш құралдар<sup>27</sup> және мақалалардан<sup>28</sup> ауызша дұрыс сөйлеуге көмектесетін ережелер мен рекомендацияларды оқып біліп алуға болады. Бұларда негізгі қағидалармен қатар, жүйелі түрде кездесетін қателіктер мен ауытқулар және олардың себептері, түзету шаралары сияқты жайттар да кеңінен әңгіме болады.

<sup>26</sup> *Неталиева Қ.* Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 1977; *Дүйсебаева М.* Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі (мектеп оқушыларына арналған). Алматы, 1981.

<sup>27</sup> *Сыздықова Р.* Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). Алматы, 1983.

<sup>28</sup> *Неталиева Қ.* Қазақ тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері // Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы. 1971. № 3; *Неталиева Қ.* Орфоэпия нормалары туралы // Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, 1972; *Сыздықова Р. Г.* К вопросу об орфоэпической нормализации казахского языка // Вестник АН КазССР. 1976. 7; *Аралбаев Ж.* Қазақ орфоэпиясы жайында бірер сөз // Сөз өнері. Алматы, 1978; *Жүнісбеков Ә.* Аурудың алдын алмаса... — Көрсетілген кітапта.

## II. ШЕШЕНДІК СӨЗ

### ШЕШЕНДІК ӨНЕР МЕН ШЕШЕНДІК СӨЗ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Ең алдымен Ежелгі Греция мен Рим заманынан бері қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өмір тіршілігінде өнердің бір түрі деп танылып келген *риторика* (грекше *rhētorikē*), орысша *ораторская речь* немесе *красноречие* деп аталатын іс-әрекетті қазақша қалай айтқан дұрыс дегенді шешіп алу қажет. Өйткені біздің қазақ филологиясында баяғыдан *шешендік сөз* деп келгеніміз осы категорияны дәл білдіре ала ма деген сұрақ туады.

«Шешендік өнер» деген ұғым ең алдымен актінің (іс-әрекеттің, қимылдың) атауы, яғни «шешен сөйлеу» дегенді білдіреді. Шешендікке әлеуметтік қызмет артқан Ежелгі Греция мен Рим қоғамынан бастап, көптеген Европа халықтары мен орыс, грузин, армян т. б. қауымында *шешен сөз* (сөйлеу) дегенді әңгіме еткенде, оның қоғамдық құбылыс екендігіне, яғни тек шаршы топ алдында сөйленетін сөз (публичная речь) екендігіне көңіл аударады. Содан соң шешен сөзге қойылатын талаптар — оның мәнді-мазмұнды болуы, жұртқа бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң бір нәрсе жайында ойлантып, немесе белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдырып, ең ақырында тыңдаушыға жақсы әсер етіп айызын қандыру, сүйсіндіру<sup>1</sup> екендігі көрсетіледі.

*Шешендік сөз* дегеннің қазақ ұғымында қалыптасқан мазмұны қандай? Күні кешеге дейін қазақтың шешендік сөзін зерттеп-танып, әңгіме еткендер бұл термин-

<sup>1</sup> Апресян Г. З. Ораторское искусство. М., 1972. С. 11—12.

ді қалай түсіндіріп келді? «Шешендік сөздер» деген тақырыпты арнайы зерттеп, ғылыми еңбектің бір тарауын жазған Ә. Мәмбетова да <sup>2</sup>, қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін ұзақ жылдар бойы жинап, зерттеп, зор еңбек сіңіріп келе жатқан Б. Адамбаев та өзінің диссертациясы<sup>3</sup> мен кітаптарында мұны халық ауыз әдебиетінің бір жанры деп таниды да, шешендік сөздерді фольклор мұралары аясында талдайды. Демек, бұлар шешендік *өнерді* емес, шешендер қолданған *материалды*, яғни өткен дәуірлердегі шешендер айтқан сөздердің бізге жеткен үлгілерін әңгіме етеді. Бұл орайдағы *шешендік сөз* деген термин іс-әрекетті емес, сол әрекеттен туган материалды (текстіні) атауға жұмсалады. Кейбір зерттеушілер (Б. Ақмұқанова) шешендік сөздерді фольклордың дидактикалық жанрына жататын шығармалар деп қарайды. Мораль айтып, ақыл үйрететін өлең сөзді термелер сияқты, мұнда да оқиғаны суреттеу болмайды, ой-пікір түйіні болады, ол түйіннің өзі өлең сөздегідей ұйқастырылып беріледі дейді де, зерттеуші қазақтың шешендік сөздерін *даналық сөздер, тапқыр сөздер* (орысша *мудрые слова, остроумие*) деп түсіндіреді <sup>4</sup>.

Қазақтың шешендік сөздері көбінесе жеке адамдардың аттарына байланысты, солардың авторлығымен айтылады. Зерттеушілер бұл орайда Асан қайғы, Жиренше шешен, Сырым Датұлы, Қаз дауысты Қазыбек сияқты, алдыңғыларының аты аңызға айналған, соңғылары тарихи есімдер болып келетін адамдарды атайды. Бірақ бұлар айтты деген шешендік сөздердің өзі тұтас, әрі авторлығы еш күмәнсыз дүниелер емес. Егер қазақтың феодалдық қоғамындағы шешендік өнердің басты иелері ру басы — билер болды деген тұжырымды құнтайтын болсақ, тарихта аты белгілі, соңғы ғасырларда жасап өткен билердің сөздерін де осы категория аясында қарау керек болады. Сірә, Сәкен Сейфуллин «билер сөздері» деп талдаған материалдарды шешендік сөз үлгілері ретінде танитын тәрізді. Зерттеуші феодалдық қоғамдағы ру басылары шешен, би атанған, олар ауызша айтылатын заң ережелерін жақсы біліп, жадында сақтап, соларға сүйеніп төрелік, билік айтатын болған

<sup>2</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1948. 267—282-б.

<sup>3</sup> Адамбаев Б. Казахское традиционное ораторское искусство и речн, связанные с именем Срыма: Автореферат дис... канд. наук. 1962.

<sup>4</sup> История казахской литературы: В 3 т. Алма-Ата, 1968. Т. 1. С. 153—156.

әрі қарсыластарымен тіл күшімен теңескен дейді де, Әз Жәнібек тұсында өткен Асаннан бастап, арғын Байдалы би, қыпшақ Айтқожа шешен, арғын Алшынбай би, айдабол Торайғыр би, жалайыр Бөлтірік би, ұлы жүз Төле би, беріш Есет би, шекті Мұңке би, шеркеш Түрке би, тана Нүрке билер айтты деген сөз-толғауларды келтіреді<sup>5</sup>. Мұнда келтірілген текстер, шешендердің ауызша айтқан сөздерінен гөрі, формасы жағынан жыраулардың толғауларына көбірек ұқсайды, тіпті олардың ішінде Бұхар жыраудың Абылай ханға айтқан бір толғауы да жүр, ол арғын сүйіндік Бұхар жырау айтты деген сөз деп берілген<sup>6</sup>. Ал шешеннің сөзі мен жыраудың толғауы арасында айырмашылық болса керек. Рас. С. Сейфуллин айтқандай, билердің «тіл күшімен теңесулері» де, билік, төрелік айтулары да белгілі бір әлеуметтік (сөз болмағанда руаралық, ағайынаралық) оқиғаға, көбінесе дау-дамайға байланысты, шаршы топтың алдында өтетін актілер болған. Бұл реттен билер сөздері біздің тануымыздағы шешендік сөздерге жуықтайды.

Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін зерттеуші әдебиетші ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, шешендік сөздер көбіне-көп қара сөзбен айтылатын болған. Әдетте оның алғашқы бөлігінде сол сөзді туғызған ситуация (жағдай, оқиға, конфликт) баяндалады да, соңғы жағында ақыл-кеңес, түйін, шешім сияқтылар айтылады, соңғысы шешеннің негізгі ойын қамтиды. Негізгі ой, толғау сияқты ұйқасты-ырғақты формада ұсынылады<sup>7</sup>.

Қазақтың шешендік сөздерін формасы мен мазмұнына, стильдік құрылысына қарай естірту, көңіл айту тәрізді *қаратпа* шешендік сөздер, *үлгі-өнеге*, *нақыл сөздер* (ораторские назидания) және шешендік *айғыстар* деп бөліп қараған Б. Адамбаевтың зерттеулерінде<sup>8</sup>, біздіңше, екі нәрсе көмескі қалған: бірі — шешендік сөз арналатын аудитория қандай болуы керек: көпшілік пе, әлде бірер адамға қарата айтылған сөздер де бұған жата ма? Естірту, бата, ақыл сөз сияқтылар әрдайым көпке ай-

<sup>5</sup> Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Билер сөздері. Алматы, 1965. Т. VI. 263—296-б.

<sup>6</sup> Сонда. 278-б.

<sup>7</sup> Ақмұқанова Б. Аталған кітап. 156-б.

<sup>8</sup> Адамбаев соңғы еңбектерінің бірінде шешендік сөздер дегенді мазмұнына қарай: 1) шешендік арнау, 2) шешендік толғау, 3) шешендік дау деп тарамдайды //Халық даналығы. Алматы, 1976. 95-б.

тыла ма? Егер бірер адамға немесе өте шағын аудиторияға қаратыла айтылған сөздер де шешендік сөз категориясына жататын болса, қазақ ғылымында бұл құбылысты танудың критерийлері басқашарак болуы керек. Екіншіден, шешендік сөз дегендердің ішінде мазмұны естірту, бата, ақыл айту сияқты болып келетіндерінің поэзиядан айырмашылығы қандай, әлде сол поэзияның өзі шешендік сөз деп аталуы тиіс пе? Өйткені әдебиетшілер тарапынан қазақ фольклорының бір жанры деп қаралатын шешендік сөздердің дені ұйқасты-ырғақты сөз толғауы, яғни өлең типтес (не өлеңнің өзі) болып келетінін көреміз.

Әдебиет танушылардың бірқатары (М. Ғабдуллин) шешендік сөздерді фольклор үлгілері қатарында қармайды<sup>9</sup>. Демек, қазақ топырағындағы шешендік сөздер деп негізінен ауыз әдебиетінің бір жанрын ұғып келдік. Және бұл категорияны тек әдебиет танушылар ғана зерттеп келді. Тағы бір көңіл аударар жайт — шешендік сөздердің тек ертерек дәуірлердегі көрінісі ғана сөз болып келді. Ал оны әдебиетшілер тарапынан соңғы ғасырларға, біздің заманымызға, совет дәуіріне орайластыра сөз ету жоққа тән. Бұған сайсақ, шешендік сөз фольклордың бір жанры ретінде соңғы дәуірлерде дамымай тоқтап қалған сала болып шығады.

Ал шындығында өте ерте замандардан бері өмір сүріп, біздің дәуірімізге дейін жетіп, бүгінгі мәдени-рухани өмірімізден орын алып келе жатқан *шешен сөйлеу дәстүрі* (құбылысы, актісі) бар. Және ауызша сөйлеудің аясы ұлғайған сайын, шешен сөйлеудің де қажеттігі арта түсіп отыр. Біздің қазіргі социалистік қоғамымызда шешендік өнердің көрінетін (колданылатын) жерлері әлдеқайда кеңіді: ол саяси-әлеуметтік өміріміздің барлық саласында идеологиялық күрестің, коммунистік тәрбие мен оқу-ағартудың, заң мен ғылымның, қоғам басқарудың ең бір пәрменді құралына айналды. Сонымен қатар шешендік — ауызша жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарының бірден-бір құралы. Жиналыс, конференция, съезд, симпозиум, семинар, диспуттарда да шешендік өнер өте-мөте қажет. Бұл күнде шешендікті радио мен телевизия да көрсетеді, өйткені бұларға жазба тілмен қатар ауызша сөйлеудің үлгісі ортақ. Демек,

<sup>9</sup> Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1974.

ауызша сөйлеу мәдениеті жалпы мәдениетіміздің ажырамас бөлегі болып отыр. Ал шешендік өнер тіл мәдениетін көтеретін шарттардың бірінен саналады. Міне, осындай құбылысты қалай атауымыз керек?

Біздіңше, «шешендік сөз» деген терминді бұрыңғысына шешендік өнердің іс жүзіне асқан патристическі атауға қалдыру керек, яғни фольклор мұрасының бір жанрын және қазіргі кезде де шешен айтылған сөзді осылайша атау керек те, шешендік өнердің, сөзге шеберліктің өзін сәл болса да өзгешелеу атау қажет. Бұл ұғымға «шешендік» деген абстракт есімді тәліп, ол — «шешен сөйлеу» деген актінің атауы болса дейміз. Демек, әрі қарай біз орыс ғылымында «ораторское искусство, риторика, красноречие» деп жүрген категория сөз болған жерде «шешендік» деген бір ғана сөзді қолданамыз. Ал «шешендік сөз» деген тіркесті актінің патнжесі, материалы дегенге береміз.

### ШЕШЕНДІК СӨЗДІҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Ежелгі Грецияда шешендік — өнердің бір түрі деп саналған да, оны поэзиямен және актерлік өнермен ұштастыра қарастырған. Сол дәуірде жазылған «О возвышенном» деген кітаптың беймағлұм авторы риторика дегеніміз сөз туралы, яғни поэзия мен шешендік туралы ғылым дейді. Аноним авторша, ритор әрі акын, әрі сөз шебері—шешен. Сондықтан Ежелгі Грецияда риторика өнерін ақындар да, шешендер де игеруге тырысқан<sup>10</sup>.

Ақындық пен шешендікті жанастыра сөз ету орыс ғылымында да болып келді. М. В. Ломоносов басты назарды топ алдына сөйленетін шешендік сөздің көркемдік компоненттеріне (поэтикасына) аударған. В. Г. Беллинский поэзия шешендік сөздің мақсаты емес, құралы деп таниды<sup>11</sup>. Поэзия мен шешендік сөзді шендестіре қарастыру біздің күндерімізде де жоқ емес (Н. Асеевтің «Кому и зачем нужна поэзия?» деген, Н. Афониннің «Искусство художественного слова» деген еңбектерін қараңыз).

Шешендік пен ақындықты егіз өнер деп қарау әсіресе қазақ филологиясында күшті. Зерттеуші Б. Адамба-

<sup>10</sup> О возвышенном. М., 1966.

<sup>11</sup> Апресян Г. З. Ораторское искусство. М., 1972. С. 47.



ев: «Әдетте, қазақтың ақыны — шешен, шешені — ақын» деп тұжырымдай отырып, шешендік сөз жайындағы еңбегінің бір тұсында: «Шешендік сөздер ақындық сөздер (өлең-жырлар) мен көркем қара сөздердің (ертегі, әңгімелердің) алғашқы бөліне бастауын көрсететін (?) аралық жанр» деген пікір ұсынады<sup>12</sup>. Сірә, бұл жерде автордың мақсаты шешендік сөздің құрылымында поэзияның да, прозаның да элементтерінің бар болуын атау болса керек. Әйтпесе өлең түрінде келетін де, таза қара сөзбен айтылатын да шешендік сөз үлгілері бар емес пе? Оның үстіне ғалым бұл пікірін қаузап, әрі қарай нақтылы фактілермен дәлелдемейді. Егер шешендік сөз үлгілері аралық жанр болса, оның поэзиядан айырмашылығы қандай, прозадан немен ерекшеленеді, аралық категория болатын белгілері қандай дегендерді анықтаса керек еді.

Мұның сыртында, шешендік сөз бен поэзияны қатар қойып сөз еткенде, әңгіме негізінен қазақтың бұрынғы шешендік сөздері туралы болу керек. Өйткені қазіргі шешендіктің қолданылар жерлері де, тақырыптары да, түрлері де бұрынғыдан (біздің шешендік сөздер деп келген фольклорлық мұралардан) өзгеше екендігі даусыз. Мысалы, музыка туралы кафедрадан сөйлейтін лектордың сөзі мен Байдалы бидің сөздерін бір қатардан қарастыруға мүлде болмас еді.

Бұрынғы шешендік ақындыққа, шешендік сөз поэзияға қанша жақын келгенімен, сөз жоқ, олар әр бөлек категориялар. Бұларды жақындастыратын факторлардың бірі — көркемдеу тәсілдерінің ортақтығы, ауыстығы болса, екіншісі — шешен сөздің де, поэзияның да қоғамның әлеуметтік мүддесінен шығатындығы, үшіншісі — екеуінің де тыңдаушыға психологиялық әсер туғызатындығы. Қазақтың бұрынғы шешендік сөздері мен кейбір жыраулар мұрасының араласып кететіндігі де осыдан болар. Ал олардың бір-бірінен айырмасы жөнінде біз зерттеуші Г. З. Апресянның мына пікірін қолдаймыз: көркем сөз творчествосында тақырыпты ойдан шығару және оқиға өрісін ойша болжау дегендер орын алатын болса, шешендік сөзде олар болмауға тиіс: шешен сөзінің өзегі (тақырыбы) тек қана шындық болмыс. Әсіресе қазіргі кездегі шешендік сөз, яғни

<sup>12</sup> *Адамбаев Б.* Халық даналығы. Алматы, 1976. 92-б.



Құдайдың маған берейін десе баласы  
жоқ па,  
Саған жіберейін десе пәлесі жоқ па!

(Текст Б. Адамбаевтың «Халық даналығы» атты кітабынан алынды).

Әрине, бұл — поэзия үлгісі емес, өлең емес. Мұнда өлеңге тән белгі — тармақтардың буын саны жағынан біркелкілігі жоқ (тексті тармаққа бөліп жазуымыздың өзі шартты екенін жоғарыда көрсеттік): бір тармақ 7 буын, келесі біреулері 6 немесе 11, кейде тіпті 12 буын болып келеді. Шешеннің бұл сөзінде белгілі бір ритмикалық бөліністер бар екені сөзсіз. Ол бөліністер әрі ұйқас арқылы (*жүйесін табар — иесін табар*), әрі буын саны жағынан жұптасып келетін композициялардың көмегімен пайда болып тұр. Осындай ритмикалық-композициялық топтасулар, бір жағынан, ауызша туған шешендер сөздерін сақтауға (жаттап алуға), ауызша таратуға көмектесе, екінші жағынан, олар айтылған сөзге көркемдік («шешендік») сипат береді. Шешендік сөздерде өлеңнің ұйқас тәртібі сақталмайды: мұнда қазақтың қара өлеңінің *а, а, б, а* ұйқасы да жоқ, толғаулардың шұбыртпалы ұйқасы да жоқ, қазақ өлеңіне тән өзге де ұйқас суреттері табылмайды. Қысқасы, бұрынғы шешендер сөздерінде де ұйқас бар, бірақ ол өлеңдегідей қатаң тәртіппен келмей, «бейберекет» ұсынылады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың бұрынғы шешендік үлгілері Ежелгі Русьте *вече* (вещать — сөйлеу дегеннен) деп аталатын, жиындарда қолданылған шешендер сөздеріне ұқсас келеді. Вечелерде шаршы топқа (халыққа) арнап сөз сөйлеудің ерекше дәстүрі болған. Мұндағы сөздің белгілі бір ретпен түзілген композициясы болуымен қатар, ол сөзде саяси программаны барынша айқын, дәл білдірулері шарт болған (вечелер Ежелгі Русь қалаларының жоғары билік органдары болғаны мәлім)<sup>14</sup>.

Композициялық-структуралық жағынан да өлеңді сөз бен шешен сөздің үлкен айырымы бар: шешендер сөздерінің алды-артында, ішінде түсіндірме-баяндау текстер болады (егер шешендік сөз деп тұтас тексті алсақ, дұрысында солай алу керек, өйткені шешеннің айтқан сөзін комментарий текссіз түсіну мүмкін

<sup>14</sup> Ножин Е. А. Основы советского ораторского искусства. М., 1981. С. 21.

емес). Ол комментарийлер шешендік сөздің туу себебін («Ұлы жүз Төле би, Кіші жүз Әйтеке би, Орта жүз Ормамбет бимен Қасқакөл деген көлге даулы болып сөйлесуге, Аңқышкөлге үй тіктіріп, ел жиналады»), шешендер диалогының нәтижесін («сөйтін, үш жүз Қасқакөлдi ортақ пайдаланатын болып ынтымақтасып, разыласын тарапты») т. т. білдіріп отырады. Поэзияда мұндай түсіндірме баяндаулар болмайтыны белгілі.

Дегенмен қазақтың бұрынғы шешендік сөзі мен бұрынғы поэзиясының композициясы мен поэтикасы жағынан жақындығы едәуір. Сондықтан Байдалы би сияқты адамдардың әрі жырау, әрі би, әрі шешен аталуы тегін емес. Қазақтың бұрынғы ақышының бәрі шешен, шешенінің бәрі ақын болмағанымен, екеуіне де сөзге шеберлік қабілеті күшті болуы шарт болған. Оның үстіне бұрынғы дәуірлердегі шешендік сөздер мен қазіргі кездегі шешендердің сөйлеуінде көркемдеуіш элементтерді пайдалану жолдарында, принциптерінде, мөлшерінде үлкен айырмашылық бар екенін айту керек. Еп алдымен, бұрынғы замандардан бізге ауызша жеткен шешендер сөздерінде тексті композициялық және көркемдік жағынан құрастыруда дәстүрлілік, стандарттық басым болған. Атап айтқанда, бұрынғы шешендік сөздерде жоғарыда көрсетілген ырғақты-ұйқасты құрылымдарға көңіл бөлінеді.

Ритмика-мелодикалық құрылым мен әр алуан параллелизмдер шешен сөзіне эмоциялық өң береді, тыңдаушы сезіміне әсер етеді, оны өлең сөз сияқты жаттап алуға, ауыздан ауызға таратуға жеңілдік жасайды. Бұл реттең қарағанда, байырғы шешендік сөздердің өзегі (түсіндірме, баяндау бөліктерінен басқасы) дидактикалық толғауларға ұқсас келеді.

Екіншіден, бұрынғы шешендер аргументация мен қарсы шабуылдың құралы ретінде мақал-мәтелдерге, көңігі сентенцияларға жиі жүгінеді. Мысалы, жас Сырымның Малайсары биге шешен тілмен қайырма жауабының мына бір үзегінде екі-үш мақал-мәтел жүр: Шешем пысық болса, оның несін айып көрдіңіз? Әкем би болмаса да, *би түсетін үй болыпты*. Шешем күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні ренжітпей аттандырса, қырық кісі екен, *қырықтың бірі қыдыр деген, онда қыдыр дарыған болар*. Шалдың үш түрі бо-

лады деуші еді: қазымыр шал, қадірсіз шал, қыдырма шал. Өзің соның қайысысың? (Мақал-мәтелдер айырып көрсетілді)<sup>15</sup>.

Қазіргі шешендердің сөздерінде бұл көрсетілген дәстүрлілік сақталмайды. Бұл күнде образдылық үшін сөздердің денін ырақты-ұйқасты етіп топтастыру, мотивация үшін мақал-мәтелдерге неқ артын отырудың қажеті де, қисыны да жоқ (бұлар жөнінде кейінірек нақты және толық айтылады).

Қазіргі кездегі шешендік сөздің негізгі белгілері, яғни оған қойылатын шарттар мыналар болмақ:

1) шешендік сөз белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыптағы әңгіме болуы керек;

2) әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болуы керек;

3) тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық қасиеті болуы керек;

4) тыңдаушылардың ақыл-ойы мен еркіне ықпалын тигізіп, оларды белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болуы керек;

5) айқындық пен түсініктілік, Аристотель айтқандай, шешендіктің басты шарттарының бірі.

Біздің заманымыздағы шешендік сөздердің коммуникацияның өзге түрлерінен ажыратылатын белгілері мынадай:

а) шешендік сөз көпшілікке қарата ауызша түрде айтылатын сөз, яғни шаршы топ пен (аудитория мен) шешеннің жүзбе-жүз, тікелей қарым-қатысы (тіл жағынан алғанда) болады да, шешен тыңдаушыға тікелей әсер ете алады;

б) шешен сөйлеп тұрған кезінде аудиторияның «қасқабағын» сезіп, қажет жағдайда сөзіне (сөйлеуіне) жекелеген түзетулер енгізе алады. «Шешен→аудитория» арасындағы тоғыспалы реакция (обратная связь) тыңдаушылардың шулап кетуі, реллика тастауы, мимикасы арқылы жүзеге асып отырады;

в) шешеннің сөзі тыңдаушыларға тек сөз (тіл) арқылы жетіп қоймайды, оған дауыс ырғағы, мимика, поза дегендер де қатысады. Қысқасы, Аристотель өзінің «Риторика» деген еңбегінде шешендік үш элементтен тұрады дейді: 1) сөйлеуші адам (шешен), 2) сөйленетін сөз, 3) тыңдаушы топ (аудитория).

<sup>15</sup> Осы мысал және алдыңғы келтірілгендер Б. Адамбаевтың аталған кітабынан алынды.

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Шешендік сөздер мазмұны мен түрі жағынан біркелкі емес. Оның үстіне бұл жерде де қазақтың шешендігін екі дәуірге бөліп қарау керек: бұрынғы немесе байырғы және қазіргі. Советтік дәуірге дейінгі шешендік сөздердің түрлерін әдебиет зерттеушілері бірде *шешендік арнау* (сәлем, әзіл, бата сөздер, елге, жерге, малға айтылған сын), *шешендік толғау* (аманат-ақыл, өсиет-насихат), *шешендік дау* деген түрлерге бөлсе<sup>16</sup>, екінші біреулері *шешендік толғау* және *шешендік дау (айтыстар)* деп жіктейді<sup>17</sup>. Бұл топтастырулар шешендіктің формасына қарай жіктеу, ал мазмұнына, яғни айтылатын орнына қарай қарастырылса, бұрынғы шешендік сөздерді, біздіңше, 1) әлеуметтік-саяси мазмұнды, 2) әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды, 3) билік мазмұнды сөздер деп бөлуге болады. Бірінші топқа ел өмірі, халық тарихы, хан-сұлтандардың ел басқару саясаты сияқтыларға қатысты айтылған сөздер жатады. Мысалы, Сырым есіміне байланысты шешендік сөздердің біразы, біздіңше, мазмұны жағынан ел қамына, халық тағдырына қатысты, әлеуметтік мәнге ие сөздер. Жиренше шешенге телініп жүрген сөздер де сырт қарағанда жеке адамдардың (өз басының, ханның, Қарашаштың) тағдыры, іс-әрекеті сияқты болып көрінгенмен, шын мәнінде ханның ел тізгінін қалай ұстауы, қол астындағыларға қарым-қатынасы сияқты қоғам өмірін сөз ететін монологтер. Бірақ, әрине, бұлардағы әлеуметтік-саяси әңгіме өзінің тематикалық тұтастығы, айқындығы, мазмұны жағынан қазіргі осы типтес шешендік сөздермен тіпті де бірдей емес.

Қазақтың байырғы шешендік сөздерінің дені соңғы екі топқа жатады. Әсіресе билік айтуға, дауласуға байланысты айтылған сөздер көзге түседі. Өйткені дауласу үшін де, ұтықты кесім айту үшін де ең алдымен қажет нәрсе — аргументтің болуы, бұл қазақша даулы айтыстарда басты орын алған.

Қазіргі кездегі шешендер сөздері тақырыбы, нақты мазмұны және айтылу тәсілдері (формасы) жағынан бұл классификациядан әлдеқайда өзгеше келеді. Және ше-

<sup>16</sup> *Адамбаев Б.* Аталған кітап. 95-б.

<sup>17</sup> *Мәметова Ә.* Шешендік сөздер /Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1948. 268-б.

мен түрде сөйлеушілердің топтары: лекторлар, үгітші-насихатшылар, оқытушылар т. б. көбейген сайын, шешендік сөздердің жоғарыдағы белгілерге қарай ажыратылуы да ұлғая түспек. Мысалы, қазіргі партия немесе кәсіподақ жиыналыстарында сөйленетін сөздердің мазмұны мен баяндау стилі жоғары оқу орнында белгілі бір пәннен студенттерге оқылатын лекциядан өзгеше болады. Бұл өзгешелік терминологиядан бастап, кейбір штамптарды қолдануға дейін, тақырыбынан бастап, сөйлемдерді құрастыруға дейінгі арада байқалады.

Қазіргі кездегі шешендік сөздерді топтастырудың ғылыми негізін оның (шешендіктің) әлеуметтік мәндегі мәселелерді шешуге, талқылауға, ойластыруға байланысты туатындығынан шығарып, іздестіру басым. Соған орай шешендік сөздер бірде әлеуметтік-саяси құбылыстарды тілге тиек етсе, енді бірде адамгершілік пен тұрмыс-салтқа қатысты проблемаларды қозғайды. Шешендік бір реттерде практикалық нәтижені көздейтін болса, келесі бір реттерде таза теориялық мәнді болып келетіні де айтылып жүр.

Осылардың барлығының негізінде зерттеуші Г. З. Апресян шешендікті екі салада топтастырады (род красноречия, вид красноречия). Ол шешендікті м а з м ұ н ы н а (ж а н р ы н а) қарай былайша жіктейді (по роду красноречия):

1. Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік.
2. Академиялық шешендік.
3. Сотта айтылатын шешендік.
4. Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік.
5. Діни қызметте қолданылатын шешендік.

Сонымен қатар бұлардың әрқайсысының к а й ж е р л е р д е ж ұ м с а л у ы н а қарай бөлінетін түрлерін атайды (виды красноречия). Олар:

1. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздерге:
  - әлеуметтік-саяси және саяси-экономикалық тақырыптарға жасалатын баяндамаларды;
  - конференция, съездердегі есепті баяндамаларды;
  - саяси сөзді;
  - дипломаттық сөзді;
  - саяси шолуды;
  - әскери-патриоттық сөзді;
  - митингіде сөйлейтін сөзді;

үгітші сөзін жатқызады.

2. Академиялық шешендік деп:

- жоғары оқу орындарындағы лекцияларды;
- ғылыми баяндамаларды;
- ғылыми шолуларды;
- ғылыми хабарламаларды атайды.

3. Сотта қолданылатын шешендікке:

- прокурордың айыптау сөзін;
- әлеуметтік-айыптау сөздерді;
- адвокаттың сөзін;
- әлеуметтік-қорғану сөзді;
- айыпкердің қорғану сөзін жатқызады.

4. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке:

- юбилейлерде айтылатын мақтау сөздерді;
- дастарқан басында айтылатын тостарды;
- қабір басында айтылатын аза сөздерін жатқызады.

5. Діни саланың шешендігіне:

- проповедьтерді;
- соборда айтылатын сөздерді жатқызады<sup>18</sup>.

Бұл, сөз жоқ, осы күнгі шешендіктің орыс тіліндегі түрлері. Мұны, әрине, қазақ тіліне көшіре салуға болмайды. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде әскери-патриоттық сөз, дипломаттық сөз, діни мазмұнда айтылатын сөздер жоқ немесе жоққа тән. Өйткені көп ұлтты советтік армияда команда, үгіт-насихат, оқу т. б. жалпыға ортақ тілде — орыс тілінде жүргізілетіні мәлім. Шетелдерде қазақ, татар т. б. жеке халықтардың дипломатиясы емес, Совет елінің дипломатиясы жүргізілетіндіктен, ол да бір ғана тілде — орыс тілінде және сол дипломатиялық қарым-қатынас жүргізіліп отырған елдің тілінде байланыс болатындықтан, бұл салада да қазақ тілінде шешендік сөз қазір жоқ. Ал дінге келсек, қазақтар ұстапатын мұсылман дінінің сөздері негізінен араб тілінде өтетіні белгілі.

Мазмұнына қарай (яғни жанрына қарай) қазақтың осы күнгі шешендік сөздерін де:

- 1) әлеуметтік-саяси мазмұнды,
- 2) әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды,
- 3) білім-ғылымдық мазмұнды,
- 4) ішінара сотта қолданылатын сөздер деп қарастыруға болады.

<sup>18</sup> Апресян Г. З. Ораторское искусство. М., 1972. С. 62—63.



Түрлеріне қарай бөлініске келсек, Г. З. Агресчи көрсеткендерге негізінен қосыла отырып, өз тарапымызда мынадай пікір айтамыз. Біз съезд, конференцияларда жасалатын саяси баяндамаларды ауызша шешендік сөз дегеннен гөрі көпшілік алдында текст бойынша айтылатын (оқылатын) сөздер (орысша публичная речь) деп өз алдына бөліп қарағанды жөн көреміз. Өйткені олар ауызша айтылмайды, жазылған текст бойынша оқылады. Оның үстіне бұларда ауызша айтылатын шешендікке тән белгілердің (айталық, тыңдаушыға эмоциялық, психологиялық жағынан әсер ету, көркемдеуін элементтерді молынан пайдалану т. б.) болуы шарт емес, кейде тіпті мүмкін де емес. Жалпы орысша «публичная речь» дегенді жеке терминмен атау керек. Оған біз «топ алдында сөйленетін сөз» деген тіркесті ұсынамыз.

Әрине, осы күнгі шешендік сөздердің бірқатары (мысалы, лекциялар, үгітші-насихатшылардың сөздері, комментаторлардың айтатын сөздері) алдын ала дайындалған текст (немесе тезис) бойынша айтылады, бірақ әйтеуір көбінесе айтылады, оқылмайды, сондықтан мұндайда сөз жазба текстімен дәлме-дәл түспеуі мүмкін, шешен ыңғайына қарай ауызша әсерлі, әсем сөйлеудің кейбір элементтерін, яғни экспромт, импровизация т. б. сияқтыларды қосып, жазылғанды біраз өзгертіп айтуы әбден ықтимал.

Сондықтан біз шешендікті топ алдында ауызша сөйлеуге, немесе алдын ала дайындалған текст бойынша көбінесе сөйлеп беруге (оқып шығуға емес) қатысты және текст бойынша оқылатын шаршы сөзге қатысты деп бөліп қарастырғанды жөн көреміз.

Біздіңше, осы күнгі қазақ тіліндегі мазмұнына қарай топтастырылған шешендік сөздердің жұмсалатын орындары мынадай:

**Әлеуметтік-саяси мазмұндағы** шешендік сөздерге үгітшілердің, саяси шолушылардың, радио мен телевизия шолушыларының сөздері, жиналыс, конференциялардағы баяндамашылар мен шығып сөйлеушілердің сөздері жатады.

**Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды** шешендік сөздерге тойларда (әлеуметтік мәні бар юбилей сияқтыларында) және өзге де әлеуметтік мәні бар оқиғаларға байланыс-

ты жайылған дастарқандардың басында айтылатын сөздер, қаралы жнында: қабір басында, өзген адамның жетісінде, қыркында, жылында -- қысқасы, «торқалы той, топырақты өлімде» топ алдында айтылатын сөздер жатады.

**Білім-ғылымдық мазмұнды шешендікті** көрсететін орындар: жоғары оқу орындарының кафедралары, яғни лекциялар, ғылым мәселелеріне арналған жиналыс, конференцияларда, талас-диспуттарда сөйленетін сөздер, кафедрадан, радиодан, теледидардан ғылымның белгілі бір саласына қатысты өткізілетін эңгімелер, хабарлар т. б.

**Сотта қолданылатын шешендіктің** иелері прокурорлар, адвокаттар, қоғамдық айыптаушылар мен қорғанушылар, айыпкерлер болады. Қазақ тілінде кеңсе жұмыстары мен сот істері жүретін аудандарда шешендіктің бұл түрі орын алады.

Енді шешендік сөздердің осылайша бөлінген топтарының әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

**1. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздер.** Бұл күндегі идеологиялық жұмыстарда бұқаралық коммуникация құралдары: баспасөз, радио, телевизиялармен қатар, ауызша жүргізілетін үгіт-насихаттың, жиналыс, конференцияларда сөйленетін сөздердің, саяси шолулардың, әлеуметтік-саяси тақырыптарға оқылатын лекциялардың орны айрықша. Бұлар көпшілік алдында сөйленетін шешендер сөздері болып табылады. Бұл реттен алғанда, шешендік сөз дегеніміз ауызша сөйлеудің айтылу сипатына (шешен, көркем, әсерлі т. т. дегендей) қарап берілген атау емес, орнына, мақсатына қарап берілген, яғни көпшілікке қарата сөйленген сөздің атауы болып шығады. Зерттеуші Е. А. Ножин: *шешен (оратор)* деген терминді сөйлеушінің тілге шеберлігін көрсету үшін емес, оның әлеуметтік қызметін (яғни топ алдында сөйлейтіндігін) білдіру үшін қолданамыз деп ашып айтады<sup>19</sup>. Демек, бұл жерде *шешендік сөз* деген термин өзінің номинатив мағынасынан айрылып, «көпшілік алдындағы сөз» — «шаршы топ алдындағы сөз» (публичная речь) деген ұғымды білдіретін болып шығады. Олай болса, шешен түрде сөйлемесе де, кез келген лекторды, жиналыста сөз алғандарды, ком-

<sup>19</sup> Ножин Е. А. Аталған кітап. 4-б.

ментаторларды «шешен» деп атайтын боламыз («Бізден бұрынғы шығын сөйлеген шешеннің сөзіне қарағанда...» деген сияқты, әйтеуір сөйлеушіге «шешен» дауазымын береміз). Осыған орай, оның айтқан сөзі де «шешендік сөз» деп аталуға тиісті болады. Әрине, шаршы топ алдында сөйленетін сөз осы атауға сай болуы абзал: ол әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғап, көркем, әсерлі тілде тыңдаушы қауымға түсінікті етін ұсынылған сөз болуы керек. Бірақ, өкінішке орай, шаршы топ алдындағы сөздер әрдайым осы талаптардың үдесінен шыға бермейді, әсіресе соңғы шарттар (сөзінің әсерлі, көркем, айқын, түсінікті болуы) табыла бермейді.

Бұл топтағы шешендік сөздердің әр дәуірге және қай таптың мүддесін көздеуіне қарай сипаттары, стильдері және әдістері әр түрлі болады. Қазақтың бұрынғы шешендік сөздерінің ішінде әлеуметтік-саяси мазмұндағылары аз емес. Ертедегі қазақ қоғамында «батыр болып қол бастау, көсем болып ел бастау оңай емес, мұның бәрінен де ел тағдырын шешерлік сөз бастау қиын» деп, халықтық мәні бар шешендік сөздердің ролін жоғары бағалаған. Оның үстіне елдің тағдыры әрдайым қылыштың жүзімен емес, шешеннің тілімен де шешілетін тұстары болған. Сондықтан Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым Датұлының ел аузында сақталған шешендік сөздерінің негізгі тақырыптары қазақ қауымының немесе оны құраған рулардың әлеуметтік жай-жағдайы деп тануға болады. Айталық, XVIII ғасыр қайраткері Қазыбек бидің (өзге ныспылары: Қаз дауысты Қазыбек, Қаракесек Қазыбек, Келдібайұлы Қазыбек) қазақ елшілерінің құрамында қалмақ хонтайшысы Цевен-Рабданға барғанда айтқан шешендік сөзінің өзегі екі елдің арасындағы әскери-әлеуметтік қарым-қатынас екенін байқау қиын емес.

Әрі қарай да тілдік-көркемдік жағынан талдауға қажеті болғандықтан, осы жерде атшы Қазыбек баланың қалмақ ханына айтыпты деген сөзінің ел жадында сақталған толығырақ нұсқасын келтірелік: «Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт қашпасын деп, жерімізді жау баспасын деп, найзамызға үкі таққан елміз. Басымыздан намыс асырмаған елміз. Атаның өсеті балаға, баланың айтатын анты анаға, елімінен жаным садаға — ерлері-

міздің айтатын аянты осындай. Досымызды сақтай білген, дөм-тұзын ақтай білген елміз. Еңкейді деп шаяқая берме, асқақтаған хандардың ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп, қыз туса, күң боламын деп тумайды, ұл мен қыз сенің тұтқынында тұрғанда, оларды азат етпей еліміз тынбайды. Қатты болсаң, темірдей-ақ шығарсың. Сен темір болсаң, мен көмір! — еріткелі келгенмін. Көкте ұшқан құс болсаң, мен ілін түсер сұңқармын! Сен тоғай арасындағы қабан болсаң, мен жолбарыс! — алысқалы келгенмін. Жау тілегенге жасыл беремін деген, — табысқалы келгенмін. Елімнің шетіне ойран салған өзіңсің. Өзің табысатын болсаң, онда шыныңмен бітім бер, болмаса ұрысқа шығар жеріңді айт, шабысқалы келгенмін»<sup>20</sup>.

Қаз дауысты Қазыбектің қазақ хандықтарының ұлы көрші — Россия мемлекетімен қарым-қатысына байланысты айтқан сөзі де (Өнерсіз өскен ел едің, бірсеу саған жау болса, паналауға жарайды мынау көрші орысың, [сондықтан] орыспенен жауласпа») — әлеуметтік-саяси мазмұндағы шешендік сөз деуге болады.

Бұрынғы болсын, қазіргі болсын әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздерге қайткенде де қоғамның экономикасы, әлеуметтік-саяси өмірі, мәдениеті, оқу-ағартуы, этикасы, тұрмысы жайында информация болуы шарт және ол информация хабарлау (баяндау) мақсатын көздемейді, соған қоғамның (оның тиісті мүшелерінің) қатысын, пікірін, шешімін көздей айтылады. Сондықтан мұндай сөздерде көтеріп отырған (тілге тек болып отырған) мәселеге қатысты ойлар, міндеттер ұсынылады. Соңғылар талқылау объектісіне айналып, сыңға ұшырайды, толықтырылады.

Бүгінгі күндерде біздің қоғамымызда орын алып отырған әлеуметтік-саяси мазмұнды сөздердің формулировкалары айқын, қорытындылары негізді болуға тиіс. Орыс тіліндегі шешендік сөздердің бұл түріне зерттеушілер В. И. Лениннің Россия Коммунистік партиясының (большевиктердің) 1917 жылғы апрель конференциясында жасаған баяндамасын мысал етеді<sup>21</sup>.

Саяси мазмұндағы сөздер де осы топқа жатады. Қа-

<sup>20</sup> Бұл текст Қаратай Бигожиннің жинаған материалдарынан келтірілді // Казак әдебиеті. 1980. 28 ноябрь.

<sup>21</sup> *Апресян Г. З.* Аталған кітап. 64-б.

зақ тілінде жаңа сипаттағы әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздердің өркендеуі, етек жайған кезі — советтік дәуір орнатқан алғашқы онжылдықтардың тұсы болды. Бұл жерде қазақ елбегілеріне жаңа қоғамның, жаңа саясаттың мәселелерін түсіндіру, негізінен, ана тілінде жүргізілді. Сол кезеңдегі ірі-ірі қоғам қайраткерлері, бір жағынан, шешен-трибундар болғандығы мәлім. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік шешендіктің жалпы совет еліндегі өкілдері — орыс тілінде сөйлеген Ф. Э. Дзержинский, А. В. Луначарский, М. И. Калинин, С. М. Киров, Д. С. Мануйльский, Г. И. Петровский, П. П. Постышев, С. К. Орджоникидзе, Е. М. Ярославский, М. В. Фрунзе сияқты аса көрнекті партия мен үкімет басшылары болса, қазақ елінде Т. Рысқұлов, Ғ. Мұратбаев, С. Сейфуллин, Ә. Бейсенов, Т. Жүргенов, М. Әуезов, О. Исаев тәрізді қайраткерлер болды. Олар әр алуан жиналыс, съезд, конференцияларда, диспуттарда көпшілік алдында сөйлеп, Коммунистік партия мен жас Совет өкіметінің, жаңа социалистік формацияның істері мен міндеттері, хал-жағдайы мен қиындықтары жөнінде нақты фактілерді көрсетіп, күшті дәлелдер келтіріп, айқын ұсыныстар жасады, сөйтіп, шешендіктің нағыз үлгілерін танытты.

20-жылдарда Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің председателі болған Ораз Исаевты атакты жазушы Сәбит Мұқанов орысша тілге де, қазақша тілге де шешен адам болатын деп еске алады<sup>22</sup>. Бұл аталған қайраткерлердің сөздерінде риторикадан гөрі, айтылмақ ойдың мазмұнына, дәлеліне көңіл көбірек аударылады. Мысалы, белгілі әдебиетші ғалым Қажым Жұмалиев замандастары жайында қалдырған естелігінде: «Сәкен Сейфуллин сөз, сөйлемдерінің түрінен гөрі мазмұнына көңіл бөлетіндігі, орашолақтау құрылған сөйлемдерінде де терең мән жататындығы байқалды»<sup>23</sup> деп жазады.

Бұрын совет қызметінде болған Ешмұхамбет Алин деген қарт қайраткер өзінің жерлесі Мұхтар Әуезов туралы жазған естелігінде болашақ ұлы жазушының тіпті балаң кезінің өзінде-ақ қазақ сөзіне шеберлігімен көзге түскендігін жазады: 1920 жылы Семей қаласында Сібір

<sup>22</sup> Мұқанов С. Есеу жылдары. Алматы, 1964. 325-б.

<sup>23</sup> Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. Алматы, 1969. 219-б.

өлкелік революциялық комитетінің Ұйымдастыру съезі өтеді. Съезд Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ішкі, сыртқы саясатына арналады және онда Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру жөніндегі В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған декретті талқылайды. Съезд жұмысы екі тілде жүреді. Қаралған барлық мәселелерді съезге қатысқан қазақтарға ана тілдерінде түсіндіріп, айтып беріп отырған Мұхтар Әуезов болады. Жұртшылық жас жігіттің сөзге ұстаалығына, сөзінің дәмді әрі түсініктілігіне қатты разы болады<sup>24</sup>.

Содан кейінгі кезеңдерде де көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесі арта береді. Белгілі ғалым әдебиетші Е. Ысмайылов атақты жазушы әрі ірі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің көпшілік алдында сөйлеген сөздері туралы былай дейді: «1931 жылы бір жиналыста да Сәкен өте қызық тапқыр сөйлейді. Баяндамашы Р. Жаманқұловтың поэзияны үстірт түсінетін тұрпайы сындарын іске алғысыз етіп сынап, өлтіре ажуалап, қайтып тұрмастай сұлатып салды. ...1936 жылы поэзия туралы бір жиналыста Сәкен сыншы І. Қабыловтың бірқатар өлеңдері халыққа түсініксіз стильде жазылады деген сөзін қатты сынға алды: «Поэзия дегенің нәзік нәрсе, оның терең сырын ұғыну үшін жаттаулы ережені ғана біліп қоймай, көркем жырды түсінетін сезім қуатын сау болғаны жөн», — деді. Мұның бәрі сырттай қарағанда асқан шешендік емес сияқты, бірақ ақынның логикалық ойы тапқыр да алғыр»<sup>25</sup>. Бұл жерде әлеуметтік-саяси мазмұнды шешен сөздерге ең алдымен қажет белгілер — логиканың күштілігі мен дәлелдердің мықтылығы үлкен роль ойнайтындығы, шешендіктің жаңа замандағы сипаты біраз өзгергендігі көрінеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әлеуметтік-саяси тақырыпқа сөйлеген әрбір шешен халықтың патриоттық сезіміне күш қосып, жауды жеңуге ұмтылдыруды, ол үшін экономика, мәдениет, тәрбие т. б. салалардағы міндеттер мен нақтылы істерді айқын, әсем тілде айтып беріп жүрді.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік

<sup>24</sup> М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 316.

<sup>25</sup> Ысмайылов Е. Революционер ақын /С. Сейфуллин. Алматы, 1960. 1-т. 33—34-б.

сөздер публицистика стилимен өзектес деуге болады. Егер біз бұл типтегі сөздерді саясатқа қатысты (политическая речь) баяндамайып, жын-жыналыстарда шығып сөйлеген сөздер, шолулар, митингіде сөйлеген сөздер, үгітшілер сөздері деп өз ішінен және ажырататын болсақ, қай-қайсысында да ресмилік үн болады. Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне қатысты әңгімелерді сөз етуде бір нәрсені суреттесеу деген болмайды, оның есесіне талқылау, пікір алысу орын алады. Соңғыларда айтылған ойдың дәлелі мен (яғни аргументпен) тыңдаушының психологиясына әсер ететін элементтер молырақ қолданылады.

Ал үгітші-насихатшылар сөздерінде түсіндіру басым болып келеді де, тыңдаушыға әсер ететін тілдік-көркемдік құралдарға нек арту тіпті күшті болады, өйткені латынша *agitation* (*агитация — үгіт*) сөзінің өзі «адамдардың ой-санасын ояту» деген мағынаны білдіреді, яғни үгіттің мақсаты — адамдардың ой-санасын оятып барып, белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыру ғой, ал насихат (орысша *пропаганда*, латынша *propaganda*) «түсіндіру», яғни «белгілі бір көзқарастардың, идеялардың немесе саяси теориялардың мән-мәнісін, мақсатын айқыш және әсерлі түрде айтып беру» дегенді білдіреді.

Біздің қоғамымызда социалистік құрылысты, коммунистік идеяларды, марксизм-ленинизм ілімін қалың бұқараға түсіндіріп отыру — кеңінен орын алған, пәрменді әрекеттердің бірі болғандықтан, үгітші-насихатшылар қолданатын шешендіктің де маңызы артып отыр.

## 2. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздер.

Бұл қазақ қауымының бұрынғы дәстүрінде де орын алған болса, қазіргі өмірімізде де аз кездеспейді. Әсіресе, жоғарыда айтылды, адамзат қоғамының кай формациясында да болып жататын «торқалы той, толырақты өлімдер» тұсында «дүйім жұртқа» көбінесе ауызша арналатын сөздер шешендік сөздердің осы тобын құрайды. Әрине, «дүйім жұрт» әр сипатта болуы мүмкін: әлеуметтік мүддемен (қажеттіктен) жиналған үлкен топтан бастап, шағын қонақтар тобына дейін. Бұл топтардың қай-қайсысына да қарата айтылатын сөздер әдеби тілде, тыңдаушыларға әсер ететін түрде: не көтеріңкі пафоспен (тойларда, салтанатты жиындарда), не мұнды өкінішпен

(азалы жанындарда) ұсынылады. Мұндай шешендік сөздерге ірі-ірі қоғам, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерінің мүшел жасқа (қазіргі заманымызша санаған «мүшел жас» дегендеріміз адамның жасы 50, 60, 70, 80 сияқты «дөңгелек» сандарға жеткен тұстары ғой) толған юбилейлеріне арналып салтанатты мәжілістерде көбінесе ауызша айтылатын құттықтау-мадақ сөздерді де жатқызуға болады. Сондай-ақ заманымыздың ардақты ұл-қыздарымен қоштасқан аза сөздерімізді атауға болады. Мысалы, қазақ халқының ұлы перзенті Мұхтар Әуезов қабірінің басында Ғабит Мүсіренов айтқан аза сөзін алайық, бұл — қазіргі азаматтық-тұрмыстық мазмұнды шешен сөздің нағыз үлгісі; үзінділер келтірейік:

«Бүгін біз ауыр қайғының үстіндеміз. Көп ұлтты совет әдебиеті үшін, ардақты ұлынан, асқар белінен айрылған қазақ халқы үшін бүгінгі күн — қаралы күн, азалы күн!

Бүгін барлық совет жазушыларының көздерінен сорғалаған жастарынан гөрі азалы жүректерің жарыл шыққан жалыны басым.

Айтпасыңа амал қайсы, бүгін біз дүние жүзілік аты бар, еңбекші момын елімізді дүниеге танытқан, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің әр саласында ортан қазығы болып келген атақты жазушымыз, мыңдаған шәкірті бар ұстазымыз, ірі ғалым, педагог, белгілі қоғам қайраткері — Мұхтар Омарханұлы Әуезовке қош айтқалы келіп тұрмыз. Біз үшін бұдан артық ауыр сөз, бұдан артық айтпаса дерлік сөз жоқ еді!

...Бұдан былай біздің арамыздан бәріміздің ерекше қадірлейтін ардақтымызды көре алмайсыздар. Ол қазірдің өзінде ортамызда тұрған жоқ, міне, алдымызда жатыр.

Бүгін қазақ әдебиеті көлденең бір жұтқа ұрынғандай. Басқа мадақтарын қоспай-ақ, Мұхтар Әуезов дегенде ғана аузымыз толмаушы ма еді? Ойымыз да лық толатын. Бұл Мұхтар енді жоқ арамызда. Сағынар кезіміз, іздер кезіміз, жоқтар кезіміз аз болмас, таба алмаспыз бірақ...

...Әдетке кірген сөзді айтпасаң амал жоқ: қош бол, Мұхтар, баладай нәзік жан, көркемөнердің өзіндей қатал сыншы, әділ жан! Үлкен аға!

...Қош бол, Мұхтар! Сенің биік мұнараң жалғыз Қа-



зақстаннан емес, барлық совет халықтарының биік қырқаларынан көрініп тұрар! Сенің ең биік мұнараң — еңбегің дүние жүзіне түгел тараған. Өзіне өзі жол салған атақты еңбегің бұдан былай да тарай бермек!»<sup>26</sup>.

Мұнда шешен сөзге тән белгілер түгел: логика мен аргумент (орны толмас қазаның өкінішін білдіру), әлеуметтік үн-мүдде (ұлы жазушыны бүкіл халықтың жоқтауы), тыңдаушыға әсер ететін тілдік аксессуар — барлығы да айқын көрінеді.

Қазақ халқының күнделікті тұрмыста айтылатын шешендік сөздерінің түп-тамыры әріде жатқанын білеміз. Жеке адамнан гөрі, қауымға қарата айтылған, әлеуметтік мән-маңызы бар бата-тілектер, жұбатулар (өлгенмен берілгеннен басқалары) осы типтегі шешендікке жатады. Күнделікті өмірдің әр алуан сәттеріне байланысты әсерлі, әсем тілмен сөз айту қазақ қауымы үшін көнігі дүние болғандығына өткен ғасырда халқымыздың тілін, этнографиясын, мәдениетін зерттеген В. В. Радлов, А. Янушкевич сияқты ғалымдар бірден назар аударып, атап кеткендігін жоғарыда айттық.

Қазірде осы шешен сөйлеу дәстүрі әрі қарай жалғасып, мәдени өмірімізден мықтап орын алуға тиісті. Өйткені көпшілікке қаратып әлеуметтік мазмұнды сөз айтатын сәттер мен орындар көбейді, олардың түрлері артты. Мысалы, үлкен жиындарда, юбилейлік салтанатты кештерде, дастарқанды тойларда, ұл үйленіп, қыз ұзатылатын той-томалақтарда тост-тілек айту да шешендікті талап ететін сәттердің бірі. Мұнда да тост айтушы жақсы тілек, адал ниеттерін әсем, әсерлі, әдеби тілмен жеткізуге тырысады.

**3. Білім-ғылымдық мазмұнды шешендік сөздер.** Шешендіктің бұл түрі негізінен біздің заманымызға тән (әңгіме қазақ тіліндегі шешендік жайында), ол академиялық деп те аталады. Бұған жоғары оқу орындарында оқылатын лекциялар, ғылыми баяндама, хабарлама, шолулар жатады. Академиялық шешендік сөздің ең басты белгілері: айтылмақ ойдың негізді, дәлелді болуы, логиканың күшті болуы, сөздің біршама қатаң стильде айтылуы және ғылыми терминдердің молынан орын алуы.

Шешендік сөздің бұл түріне жоғары оқу орны ка-

<sup>26</sup> Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. Алматы, 1970. 356—357-б.

федраларында оқылатын сабақ-лекциялар ғана емес, өзге де аудиторияларда айтылатын мазмұны білім-ғылымға қатысты сөздер жатады. Бұл лекциялардың басты мәні — білім мен ғылым саласынан хабар беру, ғылымды таныту. Соған қарап, академиялық лекцияларда шешендік сипаттың болуы шарт емес сияқты көрінуі де мүмкін. Ал шындығында бұларға қойылатын талаптар: оңгіме өзегінің нақтылығы, тілінің барынша түсініктілігі және тыңдаушыларға әсер етіп, оларды қызықтыратындай болуы — шешендік сөздің де үдесінен шығады. Қоғамдық пәндерден оқылатын лекцияларда тілдік-көркемдеуін элементтердің келуі (әсерлі теңеулердің, метафоралар мен эпитеттердің т. б. болуы) шешендік сөздердің белгілерін қамтиды. Физика, химия, математика тәрізді ғылымдар бойынша оқылатын лекцияларда ғылыми информация мейлінше түсінікті тілмен ұсынылады, бұларда, әрине, экспрессиялық элементтер кемдекем ұшырасуы мүмкін.

Академиялық шешендіктің орыс қоғамындағы шеберлері деп зерттеушілер Т. Н. Грановскийді, С. И. Соловьевті, И. М. Сеченовті, Қ. А. Тимирязевті, Д. И. Менделеевті, И. Т. Павловты, Е. В. Тарлелерді атаса, қазақтан Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфандияров, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Құдайберген Жұбанов, Қажым Жұмалиев т. б. сияқты тамаша ғалымдарды көрсетуге болады. 1925—1928 жылдары Қазақтың халық ағарту институтында, 1927—1930 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында, 1930—1937 жылдары Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетінде қазақ әдебиеті тарихы курсынан лекция оқыған Сәкен Сейфуллиннің студенттерге осы пәннен ғылыми мәліметтер ұсынуда сөз шеберлігін сыртқы әшекейлі шешендікпен емес, «салмақты, тапқыр сөйлеуімен», айтпақ ойының мазмұнды, мәнділігімен көрсеткені мәлім. Қазақтың тұңғыш университетінде профессор болып лекция оқыған тарихшы С. Асфандияровтың ауызша сөйлегенде сөзге шеберлігін кейінгілер былайша еске алады: «Профессорда (С. Асфандияровта) төс қалтасынан алған бір жапырақ қағаз — лекцияның тақырыбы мен жоспарынан басқа не кітап, не конспект, тіпті тезис те болған жоқ»<sup>27</sup>.

<sup>27</sup> Жұмалиев Қ. Аталған кітап. 194-б.

Ұзақ жылдар бойы Қазақтың мемлекеттік университетінде профессор болып лекция оқыған Мұхтар Әуезовтің шешендігін оны көріп, тыңдағандардың барлығы атайды. Әсіресе одан тәлім алып, кафедрадан сан рет лекциясын тыңдаған шәкірттердің бірі, кейін өзі де тамаша шешен профессор болып лекция оқып келе жатқан Зейнолла Қабдолов ұлы ұстазы туралы жазғандарында Мұхтар Омарханұлының шешендігін арнайы атап көрсетіп отырады: «Мұхаңдай шешен адамды өз басым ғұмырымда көріп-білген емесің. Мінбеде не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді. Және бір кереметі — Мұхаңды енжар тыңдау мүлде мүмкін емес. Өйткені ол жазғанда ғана емес, ауызекі сөйлеген сөзде де ғаламат суреткер болатын. Алысқа шабатын жүйрік алдымен біраз кібіртіктеп барып көсіледі деседі ғой. Сол секілді, Мұхаң да басында біраз барлау жасағандай, немесе неден бастауды ойлағандай, қайта-қайта іркіле беріп, тамағын кенеп, үздік-создықтау тұратын да бірер минуттан кейін нәсерлете жөнелетін. О, енді бітті! Енді сіз уақыттың өткенін білмей қаласыз, шешеннің ой ағымымен жер-дүниені шарлап кете барасыз... Шешендік шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе! Мұхаңның шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр»<sup>28</sup>.

Бұл жерде З. Қабдолов Мұхаңның шешендігінің сипатын да және жазушы-ғалымның шешендік жөніндегі ойларын да көрсете кетеді: «Шешен болу үшін адам кәдімгідей қанатты болуға тиіс, — дейтін Мұхан. — Қанат болғанда жай емес, парлап ұшатын қанат болуға тиіс. Әйтпесе қанат тауықта да бар. Бірақ тауық пен бүркіттің қанаттарында біраз айырма бар-ды. Демек, шешенге біткен қанат тауыққа емес, бүркітке тән талмайтын, самғайтын қанат болуға тиіс»<sup>29</sup>.

Мұхтар Әуезовтің тек университет кафедрасында ғана емес, жалпы жазушылар жиындарында, ғылыми конференцияларда скі тілде бірдей сөйлеген кездерінде де сан рет жұрт сүйсінер шешендік көрсеткенін ғалым Ысқақ Дүйсенбаев<sup>30</sup>, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов, ақын

<sup>28</sup> Қабдолов З. Таңд. шығ. Алматы, 1983. II-т. 272-б.

<sup>29</sup> Сонда. 273-б.

<sup>30</sup> Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов (мақалалар, естеліктер). Алматы, 1974. 205-б.

әрі филолог Мұзафар Әлімбаев<sup>31</sup> т. б. әр кез аған өтеті.

Студент кезінде ірі-ірі ғалым-филологтердің лекцияларын көп тыңдаған әрі тек тыңдап қоймай, оларды тани жүрген зерделі шәкірт З. Қабдолов және бір ұстазы Қажым Жұмалиевтің де академиялық шешендіктің тамаша үлгісін көрсеткен адам екенін былайша еске алады: «Профессор енді өз машығымен ағыл-тегіл төгіле жөнелді... Қолында бір жапырақ қағаз жоқ. Махамбет өлеңін жатқа айтып, теориялық талдауып табаш аузында қолма-қол жасап тұр. Тек Махамбет қана емес, қаласа күллі қазақ, орыс әдебиеттерінің, дүние жүзілік классиканың кез келген тұсынан ойын-ойын алады да, сол арқылы өзінің түрліше теориялық толғамдары мен тұжырымдарын қолға ұстатқандай әрі нақты, әрі затты дәлелдеп береді<sup>32</sup>.

Қысқасы, біздің заманымыздағы жоғары оқу орнының оқытушысы профессионал лектор болып саналады, ол — ғылым мен техниканың, әдебиет пен өнердің табыстарын тиісті аудиторияға жеткізуші, насихаттаушы адам. Ал лектордың басты құралы — шешендік. Бірақ бұл типтегі шешендік сөздің негізгі сипаты тілдік-көркемдеуіш элементтерден емес, айтылған ойдың қажеттігінен, дәлелділігінен және информация беретін мақсатынан танылуға тиіс. Мұндағы аргумент мақалдатып-мәтелдетіп берілмейді, психологиялық эффект те сөздің «сылдырап тұрған өңкей келісімімен» емес, логикалық жолдың күштілігімен, қорытынды-түйіннің дәлелділігімен жасалады.

**4. Сотта қолданылатын шешендік сөздер.** Бұл мазмұнды шешендік сөздерді де екіге бөліп қарастыру керек: феодалдық қоғам тұсындағы қазақтың әдет-ғұрып заңы бойынша жүргізілген дау-дамайларда орын алған шешендік сөздер және біздің дәуіріміздегі сот жұмысында айтылатын айыптаушылар мен қорғанушылардың сөздері.

Бұрынғы билікте айыптаушының да, қарсыласушының да, үкім айтушының да сөздерінде дәстүрлі стереотип модельдер: мақал-мәтелдер, кәнігі аналог-салысты-

<sup>31</sup> Нурпеисов А. Слово об Ауэзове // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 141; Әлімбаев М. Высокая вершина видна издали // Там же. С. 206.

<sup>32</sup> Қабдолов З. Аталған кітап. 409-б.

рулар т. б. басты роль атқаратын болса, қазіргі билікте (сотта) айтылмақ ойдың логикалылығы, аргументтің күштілігі, пікірдің айқындығы басты орынға шығады. Сөз жоқ, бұрынғы биліктерде де логика мен аргумент шешуші роль атқарған, бірақ осыларды білдіруде жүгінетін құралы — «шешен» тіл, яғни ақыл үйретер дидактикалық жолдар, өмірдің философиялық түйіндері — сентенция, мақал-мәтелдер, «бұрынғылардың айтқандары» болып отырған. Оған мысал ретінде М. Әуезовтің «Еңлік—Көбек» пьесасынан Еспембет пен Көбейдің айтысын келтіруге болады:

**Еспембет.** Уай, тобықтының баласы, матай-тобықты болып тұрған күнінде атыстың, шабыстың, араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйседей қылып, бұл ісің алты алашқа әйгілі болған. Тобықты, шаялығыңды қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба? Алалы жылқы, ақтылы қойың жосылтын алдың... Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргеніңде ай дер ажа, қой дер қожа болған жоқ... Жетіп отырған жесірімді бір тентегің ат сауырына салып әкетіп отыр. Ағайын, ұзында өшгі, қысқада көкті емессің. Бітім сұрап, кісі салсам, бақайыңнан келтірмейсің.

**Көбей.** Еспембет, сөзің шын... даудың қарасын көбейтем деп, құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз...

**Еспембет.** ...Мен тұщы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен.

**Көбей.** Еспембет, кеден неден болды, көдергі неден болды деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Екі елдің сөзін екеуіміз ұстап кездескен соң, дәнекер болатын жағын қарастырайық дейім. Болмаса қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой. Жақпаса билігіңді өзің айт. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын. Тағы айтарым — тобықтының азды-көптігін сарапқа салар жер емес бұл. Көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр еді?... (М. Әуезов. Шығ. 8-т. Алматы, 1969. 34—35-б.).

Міне, бұл шағын үзіндіде екі жақтың да «уәкілі» өз ойларын мейлінше шешен тілмен беруге күш салады,

мұнда олар: *түймедейді түйедей қылау; істі алты алашқа әйелі ету; алалы жылақы, ақтылы қой; айрандай аптап, күбідей пісу; ай дер ажа, қой дер қожя; жетін отырған жегірді ат сауырына салып әкету; ұзында өшті, қысқада кекті; құлындағы сақау, құнандағы тісеу; тұщы етіме ащы таяқ тиді; кеден неден болды, кедергі неден болды; қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақи қой, сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын; кімнің басы кімнің қанжығасында жүр* деген сияқты мәтелдер мен фразеологизмдерді, *шолақ байталдың құйрығындай тобықты, тасқын судай кемерден асу* тәрізді образды тенеулерді молынан қолданған. Бұлардың арасындағы сөз сайысы таңқырлықтың және сөзді «сілтей» білудің күресін көрсетеді. Осы күрес арқылы бұрынғы шешендер тыңдаушылардың да «делебесін көздырып», оларды осы тұстағы сөз творчествосына қатыстырады.

Билер айтысындағы шешендердің сөздерін монолог дегеннен гөрі жарыс-диалог деп қарауға болады.

\* \* \*

Қазіргі біздің қоғамымызда жүргізілетін сот жұмысындағы прокурордың да, адвокаттың да сөздерінде баға беру сияты болады, сондықтан мұнда объективтілік дәлелділік күшті болу керек. Сонымен қатар сот ісі адам тағдыры шешілетін жер болғандықтан, сол адамның өзін, іс-әрекетін (бұрынғы еңбегін, қазіргі қылмысын т. б.) сипаттау басым болады.

Мамандар атап көрсеткендей, совет сотында, бұрынғы немесе қазіргі капиталистік елдердегідей емес, прокурор мен адвокат өзара бір-біріне қарама-қарсы тұрып, сөз сайысына түспейді, екеуі де шындыққа жетуді соттың әділ үкімі шығуын көздейді. Сондықтан олар тек судьяларға ғана арнап емес, жалпы көпшілікке де қарата, өзге де жұртшылықтың сана-сезіміне де әсер ететіндей етіп сөйлеуді ойластырады (әсіресе ашық соттарда). Осы себептен де бұл сөздерде нақтылы объект (қаралып отырған іс мазмұны), айтылған пікірдің дәлелдемесі, қорытындысы болуымен қатар, тыңдаушыларға әсерлі болу мақсаты да қойылады. Осы тұрғыдан келгенде судья мен адвокаттың сөздері бір-бірінен сәл өзгешеленеді. Прокурор қаралып отырған істі сипаттауды

анықталған фактілерге баға береді, ісі қаралып отырған адамға мінездеме береді мақсат етіп қояды да, сөзін айыпкерді жазалау немесе ақтау туралы ұсыныспен аяқтайды. Сол себептен де, сірә, прокурордың сөзінде бояулы, образды тілдік элементтердің кем болуы оның шешендік сипатын төмендетпейді. Ал адвокаттың сөзінде айыпкердің бұрынғы еңбектерін баса көрсету, яғни оның қоғам алдындағы моральдық келбетін дұрысырақ етіп көрсетуге тырысу, сол арқылы оның жазасын жеңілдету немесе тіпті ақтау мақсаты көзделеді. Мұнда сол себептен тыңдаушыларға әсер ететін айшықты сөздер, аргументін күшейте түсетін мақал-мәтелдер т. б. көбірек қолданылуы мүмкін. Осы айтылғандарға мысалдар келтірелік.

Әйелін өлтірген Х. деген айыпкердің сотында Алматы облыстық прокуратураның бөлім прокуроры Шопанов Хайдар жолдастың сөзінен алынған мына үзінділерге назар аударалық:

«Жолдас судьялар! Бұл қылмыстық іс бойынша 1952 ж. туған Х. өзінің әйелін бірнеше жылдар бойы үнемі қорлап, таяққа жығып, сабап жәбірлегені үшін, ақырында оны пышақтап өлтіргені үшін айыпталып сот алдында отыр. Х. әрбір қылмыс әрекетін жасағанда, арақ ішіп мас болған. 1982—1986 жылдар ішінде Х. он екі рет үй іші кикілжіңін сылтау етіп әйелін сабағаны алдын ала тергеу процесінде анықталған және осы соттың үстінде де толықтай анықталып, тағылған айып оның мойнына қойылып дәлелденді» (әрі қарай қаралып отырған қылмысты істі толық сипаттайды) «...Х. — аса ауыр қылмыскер. Ол бұрын сотталмаған. Өндірістік мінездемесі, семьядан тыс жағдайдағы өмір жолы дұрыс өткені байқалады. Үнемі маскүнемдік жолына түскендігі де байқалады... Сотталушының жеке басының жағдайларын, қылмыстың айрықша ауыр, айуандықпен істелгенін сот құрамының ескеруін сұраймын.

Сотталушының қылмысы Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 88-статьясының I бөлімі «Г» пунктiмен дұрыс дәрежеленген деп есептеймін. Сот құрамынап осы статьямен Х.-ны айыптап, 15 жыл еркінен айыруға, 5 жылға жер аударуға үкім шығаруды сұраймын».

Міне, мұнда прокурор анықталған фактілерге айқын етіп баға береді, айыпкерге мінездеме береді, ең соңын-

да заң кодексіне сүйеніп, соттан қандай үкім шығаруды сұрайтынын білдіреді. Прокурордың бұл сөзінде шешендіктің тілдік аксессуарлары (мақал-мәтелдер, айшықты сөздер т. б.) жоққа тән, өйткені олардың бұл сотте қажеті де жоқ. Ал бұл сөз қазақтың жатық, айқып тілімен айтылған, функционалдық стильдің белгілерін дұрыс сақтаған.

Енді адвокаттың сөзінен бірер мысал келтірелік.

Н. С. деген айыпкердің ісі қаралған сотта Алматы облыстық адвокаттар коллегиясының мүшесі Байтуов Райымбек жолдастың сөзін алсақ, мұнда адвокат «осы қылмысты істің қозғалуына не себеп болған?» деп сұрақ қойып алады да, соны ашып көрсетеді:

«...Бірнеше күн бойы жүргізілген сот мәжілісі анықтағандай, қылмысты істі қозғауға себеп болған — *жан таппай* жазылған арыз... Өздеріңізге мәлім, *арыз жүрген жерде ашу жүреді*, сондықтан шындық, әділдік, объективтілік жағдайлар бола бермейді. Осыған байланысты тергеуде Қылмысты істер кодексінің 15—94-статья тәртібі бұзылып, іс тек айыптау-қаралау жолымен жүрген. Тергеу жөніндегі заң талабы бұзылған». (Адвокат әрі қарай осы айтқандарын фактілермен дәлелдейді). «... Қазақта мақал бар: *«Аққа қара жүқпайды»* деген. Сот мәжілісінде ферма зоотехнигі Б. И. мен бас зоотехник Т. И.-тардың тергеуде берген жауаптары дұрыс емес екендіктері анықталды...» Адвокат сөзінің соңын: «Құрметті судья жолдастар! С. Н. алақандай арыздан шыққан айыпқа сәйкес: 1) қызметінен босатылады, 2) 32 жыл мүшесі болған КПСС қатарынан шығарылды, 3) дербес пенсионерліктен айрылды, 4) халық қалаулысы ретіндегі аудандық, облыстық депутаттықтан шақырылып алынды, 5) денсаулықтан айрылды... Х. колхозы колхозшыларының жалпы жиналысының қаулысына сәйкес, көп балалы Батыр аналардың, соғыс ардагерлері мен еңбек ардагерлерінің өтінішіне сүйеніп, ...құрметті судьялар, сот скамьясында отырған, он бала тәрбиелеп өсірген, жасы 60-тан асқан ауру пенсионерге, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген ауылшаруашылық ардагеріне сіздерден бас бостандығын өзінде қалдыруды сұраймын», — деп аяқтайды.

Бұл тексттің ішінде заң-сот ісіндегі шешендік сөзге қажет белгілер түгелге жуық бар: 1) сөз мазмұнында



әлеуметтік мәні бар, яғни әрбір сот ісі социалистік заңдылықты қорғау мақсатымен жүргізілетіндіктен, онда айтылатын сөздер түгелімен қоғам мүддесін нысанаға алады, 2) тыңдаушыларға, әсіресе айыпкерге үкім шығаратын судьяларға әсер ететін нақты дәлелдері (аргументтері) бар, 3) сол фактілер мен дәлелдерін әсерлі түрде жеткізетін тілдік құралдар қолданылған.

Әрине, қазіргі адвокаттардан әрдайым мақалдатып-мәтелдетіп отыру немесе құлаққа жағымды тиетін ұйқасты-ырғақты сөйлемдерді, әңгіме тақырыбына жанаспайтын айшықты сөздерді (теңеу, эпитет, метафораларды) үнемі қолдану талан етілмейді. Ең негізгі керегі — сөздің жүйелілігі, логиканың дұрыстығы. Дегенмен осы дәлелді, логикалы сөзді қазақтың жатық тілімен, орайы келген тұста мақал-мәтелдерді, тапқыр сөздерді, әсерлі эпитеттерді қолдана отырып жеткізсе, артық болмайды. Мысалы, жоғарғы сөзінде адвокат «арыз жүрген жерде ашу жүреді», «өтірік өрге баспайды», «аққа кара жүрмейді» деген мәтелдерді орынды пайдаланған. Сол сияқты *жан таппай жазылған арыз, алақандай арыз, жеген-ішкендік жоқ, айыптау ізімен кетті* деген сияқты ұтымды фразаларды да жақсы келтірген. Мұнда тыңдаушының назарын аударатын: *көріп отырсыздар, атап айтқанда, прокурор жолдас дұрыс айтты* деген тәрізді қыстырма сөздер, *құрметті судья жолдастар!* деген сияқты қаратпалар да бар. Бұлар қазіргі замандағы сотта қолданылатын шешендік сөздердің қажеттіктері екендігі белгілі.

Әрине, біз сөздерді (текстерді) қазақ тілінде жүргізілетін сот ісіндегі прокурор мен адвокат сөздерінің эталон-үлгісі (қайткенде осындай болуға тиіс деп) ретінде емес, мысал ретінде келтіріп отырмыз. Сотта қаралған істің мазмұнына, қылмыстың түріне, дәрежесіне т. б. қарай бұл мысалдардан өзгеше түсетін, шешендік жағынан «төмендеу» немесе «жоғарылау» келетіндері де болуы әбден ықтимал. Бұл күнде Қазақстанның көптеген аудандарында сот жұмысы қазақ тілінде жүргізілетіндігін ескеріп, бұл мәселені, яғни қазақ әдеби тілінің сотта қолданылатын ауызша түрін арнайы зерттеу, талдап көрсету керектігін айтуға болады. Бұл — алдағы міндеттеріміздің бірі болмақ.

## ШЕШЕНДІК СӨЗДІҢ ТІЛДІК-КӨРКЕМДІК БЕЛГІЛЕРІ

Көне Греция дәуірінен бастап, әр кезде, әр жерде шешендікті өнердің бір түрі деп санағаны мәлім. Осы реттеп қарап, шешендік өнер мен поэзияның, шешендік шеберлік пен актерлік творчествоның ұқсас жақтары мен айырмашылықтары да сөз болып келді. Сондықтан шешендік сөздің «тал бойынан» табылатын көркемөнерлік элементтерді іздестіру орын алды. Мысалы, М. В. Ломоносов ең алдымен шешендік сөздердің көркемдік жағына үлкен мән берді. Оның «красноречие» дегенді «сладкоречие» деп атайтыны, тіпті орысша «красно говоритъ» деген тіркестің өзі әдемі сөйлеу (бұл жердегі красно «қызыл» деген түсті емес, «әдемі, әсем, сұлу» дегенді білдіреді) дегенді аңғартатындығы да бұған дәлел бола алады.

Бірқатар теоретиктер шешендік сөздерде поэзия элементтері болуға тиіс дегенді айтады (мысалы: А. Ф. Кони, Н. Асеев, Н. Афонин т. б.). Қазақ мәдениетінде де шешендік сөзді фольклордың бір жанры деп қарау немесе «қазақтың шешені—ақын, ақыны—шешен» деген сияқты тұжырымға келу (Б. Адамбаев) «шешендік—көркемөнер» деген концепциямен ұштасады.

Сөз жоқ, шешендік те, көркем творчество сияқты, адамзат қоғамының рухани тіршілігінің жемісі, мәдени (идеологиялық) hareketінің бір түрі. Көркем творчество да (поэзия), шешендік те қоғам мүшелерінің ой-санасына сөз арқылы әсер етуді көздейді. Поэзия, әсіресе қазіргі поэтикалық туындылар қоғамға негізінен жазба түрде қызмет етсе, шешендік ауызша сөйлеу арқылы жүзеге асады. Осыдан барып, орыстың сот ісіндегі қайраткері әрі шешендіктің теоретигі А. Ф. Кони: «шешендік те әдеби творчество, тек оның ауызша айтылған түрі» деген қағида ұсынған болатын.

Демек, екеуінің де құралы — сөз, тіл. Бірақ поэзияда сөз — тек ойды білдіру құралы ғана емес, ол «өлең дүниесін» (ұйқас, өлшем, әуезділік т. б.) жасайтын «құрылыс материалы» да, ал шешендік сөзде сөз — информация беруші, сол информацияны дәлелдеудің қаруы, айтылғаннан белгілі қорытынды шығарып, ұсыныс (рекомендация) туғызатын құрал. Поэтикалық элементтердің болуы — өлең үшін мақсат, ал шешендік үшін мақсат емес, құрал. Поэтика — өлеңнің

тұтас бойы, өзі, ал ол—шешендіктің тек құрамды бөлігі. Сөйте тұра шешендік те тілдік-көркемдік құралдарды пайдаланады.

Шешендікте де романтикалық нафос, лирикалық сәттер, импровизация тәсілдері сияқты көркемдік элементтер орын алады. Бұлар сөз арқылы жүзеге асады. Мұнда да образдылық болу керек, өйткені шешендік сөзде де тыңдаушының айызын қандырып, сүйіндіру сияқты эстетикалық мақсат көзделінеді. Ал тілдің көркемдеуіш элементтеріне сөз-образ, эпитет, тенеу, метафора, мақал-мәтелдер, қапатты сөздер, цитаталар жататыны мәлім.

Шешендік сөздердің тілдік-көркемдік сипатын көрсетуде де оларды екі топқа бөліп қарау керек болады: бірі — әдебиеттанушылар фольклордың бір жанры деп қарайтын бұрынғы (революцияға дейінгі) шешендік сөздер және қазіргілері. Қазақ ұғымында нағыз шешендік өнердің үлгісі деп танылатындары — фольклорлық мұра ретінде сақталып келгендері. Халық танымы бұларды поэзиядан бөлек қараған. Рас, поэзияның да, шешендік сөздердің де, әсіресе олардың әлеуметтік-саяси тақырыптарға арналғандарының қоғамдық мүдде талабынан туатындығы жағынан, шаршы топтың алдында ауызша ұсынылатындығы жөнінен бір-біріне жуық келетін сәттері бар. Бірақ қосылмайды. Поэзия — адам арманының көрінісі, ол ойдан шығарылған, болмыстан тыс жайларды да сөз ете алады, ал шешендіктің объектісі — тек қана болмыс, яғни өмір қажеттігінен туған әңгіме. Бұл — ішкі, мазмұндық айырымы. Ал сыртқы — тілдік-көркемдік оформленіесі жағынан бір-бірінен ажыратылатын белгілері айқын көрінеді.

Біріншіден, бұрынғы қазақ поэзиясы көбінесе 7—8 буынды немесе 11 буынды өлеңдер болып келеді. Поэзияда өлең өлшемінің сақталуы шарт. Бұрынғы шешендік сөздерде де өлшеммен топтастырылған үзіктер болады (ол үзіктерді жасайтын амалдың бірі параллельдік құрылымдар екені мәлім). Мысалы, Қаз дауысты Қазыбектің аталасы Бертис бидің мына сөзін алайық (бұл сөзді ол абыройы асып бара жатқан Қазыбекті көре алмай айтыпты-мыс): Елден артылған ақылың болса, мақтан//Бінтымағы жұрттан асқан жақының болса, мақ-

<sup>1</sup> *Белинский В.* Полное собр. соч. Т. 8. С. 506.

тан//Сенің жасың кіші ғой, ағаның алдынан шығудан сақтан («Жұлдыз», 1984, № 3, 191-б.). Мұнда үш параллель құрылым бар, оларды жасап тұрған *ақылың болса ~ жақының болса* ұйқастары, бұл ұйқас алдыңғы екі параллельді түзейді, ал үшінші мен алдыңғылар *мақтан, сақтан* сөздері арқылы ұйқасады. Демек, бұл үш бөлік өлеңнің үш тармағы сияқты болып көрінеді, бірақ бұларда өлең тармағындағыдай буын санының біркелкі өлшемі жоқ: 1-бөлік 12 буын (5+5+2), 2-бөлік 15 буын (3+4+5+2), 3-бөлік 18 буын (4+3+3+6+2). Бұл тармақтардағы тік сызықпен көрсетілген ритмикалық топтасу суреті де өлеңдегідей біркелкілікті сақтамайды. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі кейбір кітаптарға Бұхар жыраудың өлеңі деп беріліп жүрген мына жолдар поэзия қатарына кірмейді:

Қайғысыз ұйқы ұйқатқан ханым-ай!  
 Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай!  
 Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,  
 Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,  
 Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай<sup>2</sup>.

Бұл — жырау Бұхардың толғауы емес, «сенатор» Бұхардың шешендік сөзбен келген жоқтауы: Мұнда өлең сияқты бес жол (тармақ) бар және әр тармақтың өлшемі біркелкі — 11 буыннан. Бірақ бұл 11 буынды қара өлең емес: біріншіден, тармақ саны төртеу емес, бесеу, демек, ұйқас формуласы қара өлеңдегідей *a, a, б, a* емес, *a, a, a, б, a*, оның өзі жоқтың қасында, өйткені алғашқы үш тармақ *ханым-ай* сөзінің қайталауымен ғана келген (ал поэзияда бұлайша бір сөздің ұйқас соңында қайталап келгенінде оның алдындағы сөздер өзара ұйқас құрауы шарт), бұлардың алдындағы *ұйқатқан, бақтырған, құштырған, қайран* сөздері өлеңге тән ұйқастан аулақ (ең соңғы *қан, ған ~ ран* буындарының дыбыстық үндесуін есептемсек). Екіншіден, мұнда әр тармақтың ритмикалық топтасуы қара өлең суретіне жатпайды: бұл жерде ритмикалық буын топтары алғашқы тармақта 3+5+3, соңғы тармақта 2+4+5 тәртібімен келген, демек, бұл да қара өлеңнің буын тәртібін сақтап тұрған

<sup>2</sup> XV—XVIII ғ. қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 138—139-б.

жок. Тағы бір мысал: Сыр бойында Өмірбай шешен деген өтіңгі. Ол бала кезінде үлкендерге еріп, атыс ағайын аулына барады. Келген аулының бір адамы:

— Түріңе қарасам, ойын баласысың, ақсақалдарға еріп келгеніңнің мәнісі не? — дегенде, болашақ шешен:

— Ер бала он екі жасында балиғатқа жетеді//Әкелер мен көкелерге ергеннен нем кетеді?//Есті болып ешкім де іштен тумады//Ігі жақсылардың әңгімелерінен бір сабак жіп ілесем//маған соя да жетеді, — дейді таңдайы тақылдан<sup>3</sup>. Мұнда да ұйқас арқылы құрылған параллельдер бар (олардың аралары қос сызықпен ажыратылып көрсетілді), бірақ бұл — өлең емес: параллельдерде өлшем бірлігі жоқ, әрі буып саны өте көп: 1-тармақта 16, 2-тармақта 15, 3-тармақта 12, 4-тармақта 18, 5-тармақта 6 буып болып келеді.

Әрине, ертедегі қазақ поэзиясындағы 7—8 буынды жыр өлшеммен келген туындыларда осы өлшемнен асып кететін тармақтар кездесе береді, бірақ қайткенде де бір шығарманың ұзын ырғасында 7—8 буынды жыр ағымы қатаң сақталады. Демек, шешендік сөз — көбінесе бір ұйқаспен келетін параллель бөліктерден тұратын қара сөз құрылымды сөз үлгісі, бірақ бұл бөліктерде өлшемнің болуы және олардың бірдей болуы шарт емес.

Екіншіден, ұйқас поэзия үшін басты шарт болса, шешендік сөз үшін, біздіңше, ол — көмекші құрал. Ұйқас арқылы параллель құрылымдар жасалады, ал параллельдер шешендік сөздегі ойды берудің ең бір ұтымды түрі: мұндайда көбінесе баяндау, түйіндеу, түсіндіру, дәлелдеу сияқтылардың біркелкі (бірыңғай) тізбегі ұсынылады. Мысалы, Сыр бойында өткен Досбол бидің Ерден дегенге баласы өлгенде көңіл айтқан сөзі: Өлмесе қайда кетті бұрынғының *кәрісі*//Әлемді жалмап-жұтса да өміріңде тоймаған қара жердің *талысы*!//Ерден-ау өткенге өкінбе, келмеске күйінбе//Өлім деген ұзақ жолдың *алысы* //Өлмек — ақ, тұмақ — ақ, барлық жанның қабыр емес пе *барысы*?//Құдайға мұнша наз қылатындай ашынасы ма ең әлде көз көрген *танысы* — деп келеді. Мұнда қос сызықпен бөлінген топтардың соңындағы айырып көрсетілген сөздер ұйқас құрап тұр. Бұл ұйқасты үзіктер — шындықты констатациялайтын параллельдер.

<sup>3</sup> Өмірбай шешен //Жұлдыз. 1983. № 1.

Ел аузынан пәленше шешеннің, түгенше шешеннің сөздері деп жазылып атылып, жарияланып жүрген сөздердің біразы толғау сияқты 7–8 буынды, аралас ұйқасты өлең сияқты жазылып келеді. Мысалы, XVIII ғасырда жасап өткен Байдалы шешеннің бір сөзін алайық:

Мынау тұрған біздің үй,  
Дәулеті жоқ, ұйқысыз.  
Тоқсан торғай қамасаң,  
Бірін қармап тұтқысыз.  
Төрге төсер кілем жоқ,  
Сілкіп салар сілем жоқ,  
Көрпе менен жастықтан  
Шеті бүтін бірі жоқ.  
Мал дегенде тоқтылы қой,  
Тоқтысын сойсам, жетпейді.  
Енесін сойсам, орны бітпейді,  
Атадан қалған кедейлік  
Атқыласам кетпейді<sup>4</sup>.

Мұны біз би Байдалының шешендік сөзі деп емес, жырау Байдалының кедейлік туралы толғауы деп таныр едік. Өйткені бұл әлеуметтік мүддені көздей шаршы топ алдында айтылатын сөз емес, мұнда тақырып та жалпы, шешендік сөздің құрылымдық тәртібі де сақталмаған: кіріспе, қорытынды (ұсыныс, тілек т. б.) дегендер жоқ. Байдалының «Рулы елге жарасқан Үлгі алатын ағасы» деп басталатын дидактикалық сөзі де, «Ер қартайды, мал тайды» деп басталатын Айғанымға (Уәлиханның жұбайы) айтқаны және бірқатар өзге де «Байдалы би сөзі» деп беріліп жүргендер шешендік сөз қатарында емес, толғау ретінде, көбінесе дидактикалық поэзия үлгісі деп танылғаны дұрыс дейміз. Ал, керісінше, оның дауда билік айтқан мына сияқты сөздерін нағыз шешендік сөз үлгісі деп қарау керек болады. Ұлы жүз бен Орта жүз руларының арасындағы барымта кезінде жай түсіп өлген жылқышысының құнын даулай келген Ұлы жүз адамдарына Байдалы былай дейді: «Аймен аталас емеспіз, күнмен баталас емеспіз, бұлтпен туысқанымыз жоқ, сол күні жауған жаңбырмен жуысқанымыз жоқ. Құдайға шақпағынды шақ дегеніміз

<sup>4</sup> *Адамбаев Б.* Күміс көмей, темір жақ // *Жұлдыз*. 1983. № 6. 163-б. Бұл сияқты толғаулардың авторлары күнгірттеніп, олардың ортақ дүниеге айналғандығын дәл осы текті С. Сейфуллиннің Ормамбет бидің сөзі деп бергендігінен де байқаймыз (қара: *Сейфуллин С. Шығ.*, Алматы, 1964. 281-б.).

жок, білгенді жақ дегеніміз жок, жылқышынды көзден ат дегеніміз жок. Елінде жай түсіп, талай қасқа мен жайсаң өлген шығар. Солар үшін құдайдап құн даулап алдың ба, Төле би? Мен құдай үшін құн төлемеймін!»<sup>5</sup>— дейді.

Міне, мұнда шешендік сөздің объектісі (эпигме қазығы) — нақты оқиға, айтылған сөздің дәлелі (аргументі) бар, байлауы бар, бұл сөзді айтқызып отырған шағын болса да элеуметтік (руаралық) қарым-қатынас мүддесі бар. Бұл текте ұйқасқа құрылған параллельдер де, ритмика да бар, бірақ қатаң буын өлшемі жоқ. Демек, бұл монолог — құрылымы, тақырыбы, айтылу мотиві және тілдік синтаты жағынан толғау (поэзия) емес, шешендік сөз.

Сірә, шешен деп, би деп (қазақта «би» титулына ие болғандар шешендік өнердің де иесі болуы шарт болған) аталып жүргендердің аузынан шықты деген мұранның бәрі шешендік сөз бола бермейді. Бір ғана Байдалы есіміне қатысты жарияланған текстердің ішінде жоғарыда көрсетілген толғаулар да, жай кара сөзбен келген дидактика — ақыл да, бата-тілек те, жеке адамдарға қарата айтылған «аталық сөз» де табылады. Қаз дауысты Қазыбек бидің (шешеннің) «қаламына» (дәлірек айтсақ, көмейіне) телініп жүрген туындылардың ішінде де шын мәнісіндегі шешендік сөздермен қатар, дидактикалық сөз үлгісі, жұмбақтың шешімі сияқтылар кездеседі. Мысалы, Байдалы бидің он саусағын түгел санап шығып, осының түйінін шешіндер дегенін: «Бір деген саныңыз — бірлігі кеткен ел жаман, екі деген саныңыз — егесіп өткен ер жаман, үш деген саныңыз — үш тармақ шідер түспеген асау ат жаман, төрт дегеніңіз — төсегінен безген жас жаман, бес дегеніңіз — белсенін келген жау жаман, алты дегеніңіз — асқынып кеткен дерт жаман, жеті дегеніңіз — тау астында ері өліп, желек астында қалған жар жаман, сегіз дегеніңіз — сейілмеген қайғы жаман, тоғыз дегеніңіз — торқалы тойда, топырақты өлімде қатыса алмаған дос жаман, он дегеніңіз — аһ дегенмен оңа алмас, орнынан тұра алмас кәрілікке не дауа бар» («Жұлдыз», 1983, № 10, 205-б.) деп шешеді. Бұл — бірден оңға дейінгі сан есімдердің басқы дыбыстарына үйлестіре аллитерация тәсіліне берілген «заказ-

<sup>5</sup> Сонда. 163—165-б.

дың» орындалуы: бұл жерде шешендікке емес, шешендіктің бір ғана шарты көркем тілге шеберлікті көрсету бар, ал сөзге шеберлік — ақындардың да, шешендердің де, тіпті кез келген адамның үлесі.

Үшіншіден, бұрынғы шешендік сөздерде ырғақ (ритмика) күшті сезіледі. Ұзақ сөздің (сөйлеудің) белгілі бір ырғаққа бөлінуінің ролі айрықша: ритмикалық бөліктер тұтас ойдың (мазмұнның) микроүзіктерін құрайды, ол үзіктер не шағын сөйлем болып, не алды-артындағы параллельдермен ұқсас келіп, жеңіл қабылдауға көмектеседі. Ырғақпен айтылған сөздің тыңдаушы үшін эстетикалық әсері күштірек болады: ол — сөзге әуезділік сипат береді. Сөйлеудегі ырғақ айтылмақ ойды тәртіппен ұсынудың бір амалы сияқты. Мұндағы тәртіп деп отырғанымыз — сөйлемдердің жинақтылығы, ұқсас құрылымдардың ең кемі екеу болуы т. б.

Шешендік сөздердің ритмикалық үзіктерге бөлініп айтылуына көмектесетін тағы да ұйқас болады. Және ол ұйқас өлеңдегідей көбінесе аяққы ұйқас (синтагманың соңғы сөздерінің ұйқасы) болып құрылады. Мысалы, Досбол шешеннің Ерден батырға арнаған мына сөзі бастан-аяқ бір ұйқаспен берілген (көрінеу тұруы үшін әр ритмикалық үзікті бір жолға жаздық):

Ей, батыр *Ерден!*  
Басынды көтер *жерден!*  
Құдайдан да күдіреттімін деп, мейманаң тасын  
кеткен екенсің, *кердең!*  
Мынды айдаған әкең Сансызбай да кара  
жерге *енген!*  
Оны мына Шоқай көзімен *көрген.*  
Әулне болсаң, әкеңді де, баланды да алып қалуға  
әлің қане *келген?!*  
Көкті *бу көтереді,*  
Жүйрікті *ду көтереді.*  
Өлімді *ер көтереді*  
Ауырды *нар көтереді —*  
*Ер емес пе едің, нар емес пе едің* талай құқайды  
көрген?!!  
Тағы да айтамын басынды көтер *жерден!*  
Құнсыз беріп, *пұлсыз* алды, — нең бар еді құдайға  
*берген<sup>6</sup>!*

---

<sup>6</sup> Досбол мен Шоқайдың Ерденге көңілқос айта баруы // Жұлдыз. 1983. № 1.



Мұнда аяққы ұйқаспен қатар, кей тұстарда ішкі ұйқас та бар (бұлар өлеңдерде де болады): *күнсыз беріп, нұлсыз алды... ер емес пе едің, нар емес пе едің...* т. б. Міне, бұл шешендік сөз ұйқаспен бөлінген ритмикалық топтардан тұрады, бірақ өлең емес, өйткені мұнда ырғақ болғанымен, өлшем жоқ (әр топтың буын саны әр түрлі).

Ұйқаспен келген шешендік монолог синтаксистік құрылымы жағынан прозадан да ерекшеленеді: мұнда ұйқас талабы үшін әдеттегі сөз тәртібі (синтаксистік норма) бұзылып, инверсия, эллипсис құбылыстары орын алады. Мысалы, жоғарыдағы тексте «әлің қане келген», «ер емес пе едің талай құқайды көрген», «нең бар еді құдайға берген» тәрізді инверсиялы құрылымдар бар. «Құдайдан да құдіреттімін деп, мейманаң тасып кеткен екенсің, кердең» деген бөлікте эллипсис бар: мұнда жалғыз *кердең* сөзі «сен кердең неме» немесе «сен кердең деп кеткен неме» деген сияқты құрылымдардың эллипсиспенген түрін танытады. Мұндай синтаксистік ауытқулар шешеннің сөзін дұрыс, тез түсінуге бөгеттік жасамайды, өйткені тыңдаушы үшін оның мотиві айқын: тыңдаушы оның ұйқастырылған, ырғақты топ құрап тұрған амал екенін сезінеді.

Фольклор мұрасы сияқты бізге жеткен шешендік сөздердің байырғы қазақ поэзиясына ұқсас түсетін және бір тұсы — тілдік-көркемдеуіш құралдарды пайдалануда көрінеді. Көркемдеуіш элементтер: дәстүрлі және контекстуалды эпитеттер мен тенеулер, троптың түрлері (метафора, аллегория, метонимия, символ, синекдоха, гипербола сияқты) шешендік сөздерді де жай сөзден ажыратып тұратын тілдік белгілерден саналады. Сондай-ақ шешендік сөздер қайталау, шендестіру (антитеза), дамыту (градация) сияқты айшықтау тәсілдеріне де иек артады. Бұлардың баршасы — айтылмақ ойдың тыңдаушы психологиясына әсер ететін құралдар.

Э п и т е т — бояу. Айтылмақ ойдағы белгілі бір заттың, құбылыстың сыр-сипатын дәл әрі әсерлі етіп көрсететін құрал. Бұрынғы шешендік сөздер эпитеттердің кәнігі, дәстүрлі түрлерін еркін және жиі пайдаланады. Бұлардың текстерінен *екі рулы ел, асусыз тау, арылмас дау, екі ауыз сөз, торқалы той, топырақты өлім, алалы жылқы, ақтылы қой, құлындағы сақау, құнандағы тісеу*

сияқты тұрақты эпитетті тіркестерді табуға болады. Шешендік сөздердегі эпитеттердің деңі аналитикалық жолмен жасалған есімшелі құрылымдар болып келеді. Өйткені бұлар көпінше эпитеттерге қарағанда әлдеқайда мол әрі нақты информацияны қамтиды. Мысалы, *бірлігі кеткен ел, үш тармақ шідер түспеген асау, желек астында қалған жар; қайғысыз ұйқы ұйқатқан ханым-ай, қайрусыз жылқы бақтырған ханым-ай* т. т.

Біздің байқауымызша, анықтауыш элементтердің күрделі түрлері шешендер сөздерінде жиірек кездесуінің бір себебі осында болса, екінші себебі белгілі бір өлшемді немесе құрылымды конструкциялар түзу үшін де, экспрессивтік бояуды қалыңырақ жағу үшін де жайылма анықтауыштардың қолайлы екендігінде. Мысалы, *елден артылған ақылың болса, мақтан, ынтымағы жұрттан асқан жақының болса, мақтан* — дегенде көрсетілген күрделі анықтауыштардың орнында жалаң *көл және тату* сөздері тұрса, бұлардың информациялық сыйымдылығы да үлкен болмас еді, экспрессивтік бояуы да солғын болар еді, әрі шешен сөздің өлшемдік құрылымы мен интонациясы да өзгеше келер еді. Сірә, мұнда соңғы талаптардың мәні аз болмас: ауызша айтылатын шешендік сөздің құлаққа жағымды естілуі үшін белгілі бір ырғақпен, өлшеммен келуінің ролі зор.

Тұрақты эпитеттер мен күрделі көркемдеуіш анықтауыштарды қолдану бұрынғы шешендік сөздердің барлық түріне де тән болса, қазіргі сөздердің тек көтеріңкі үнмен салтанатты не қаралы жиын-жиналыстарда сөйленетіндерінде ғана орын алады. Мысалы, Мұхтар Әуезовті аза тұтқан сөзінде Ғ. Мүсірепов *ардақты ұл, қаралы күн, азалы күн, азалы жүрек, ауыт сөз, әділ жан асыл мұра, таза жүрек* сияқты дәстүрлі эпитетті тіркестерді де, сөз ыңғайына қарай оралған: *совет жазушыларының көздерінен сорғалаған жастары, азалы жүректерін жарып шыққан жалыны; елін, жұртын, ой еңбегін сүйе білетін үлкен жүрек; Мұхтардай мол, құлашты еңбектер жазу борышы; орнын жоқтатпау* парызы тәрізді жайылма анықтауыштарды молынан келтіреді. Соңғы типтегі көркемдеуіш құралдар бүгінгі шешендік сөздер үшін ең ұтықтылар, өйткені суреттеме элементтер әрі шындыққа сай болуы керек, әрі тыңдаушыға әсер ететіндей бояулы болуы қажет, ал есімшемен немесе -у

жұрнақты етістікпен келген жайылма анықтауындар көбінесе осы мақсатты дәлірек өтейді.

Теңеу — көріктеуін элементтердің ішінде шешендік сөздер үшін әрі қажет, әрі дәстүрлі құралдардың бірі. Ол аргумент үшін де, әсерлілік (эмоциялық-экспрессивтік сипат) үшін де қолданылады. Ал аргумент — шешендік сөздердегі ошақтың үш бұтының бірі. Дәлелі осал шешендік сөз қанша көрікті айтылса да, өз үдесінен шыға алмайды. Теңеу әсіресе қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерінде жүйелі түрде кездеседі және ол әрдайым *-дай/-дей* жұрнақты түрімен ғана емес, өзге тәсілдермен де жасалады. Теңеуді арнайы зерттеушілердің айтуына қарағанда, оның *-дай, -ша* жұрнақтарымен жасалуынан басқа, шығыс сентіктегі сөзі бар немесе *секілді (тәрізді, іспетті), бейне, тең* деген сөздері бар құрылымдар түрінде де келеді<sup>7</sup>.

Шешендік сөздерде тұрақты теңеулер молырақ орын алады: болатын ер аталы ердің сөзің ұғады, болмайтын шіркін *торғайдай* бұғады; *түйенің тайлағы, баланың ойнағындай* мыналарың кім? алдында *қыран бүркіттей* қылаңдап мен келе жатқанда, артында *қарғылы төбеттей* сүмендеп төрт биің келе жатқанда, көктен құдай, жерден құмай алар деп қорқып келесің бе; сөзді жұптап түйдектеп, *бәйгі атындай* шұлғысың.

Біздің тұсымыздағы шешендік сөздерде әңгіме мазмұнына қарай қолданылған теңеулер болмаса, олар негізгі көркемдік құрал ретінде көп кездеспейді. Әсіресе дәстүрлі, тұрақты теңеулерді (*бәйгі атындай, аш арыстандай, аққан селдей* тәрізділерді) жиі қолдану шешендікті танытудан гөрі, шешенсуді (яғни байырғы шешендік өнерге ұқсатып бағуды) көрсетеді, ал бүгінгі шешендік сөздің сыртқы әсерлілігінен гөрі, яғни М. Әуезовтің сөзімен айтсақ, «өрнек жағынан орамды түрде» болуынан гөрі, оның әлеуметтік мәнділігі, аргументтің күштілігі, сөз түйінінің көпшілікке (аудиторияға) қажетті, пайдалы жағы басымырақ талап етілетіндігі мәлім. Сондықтан бүгінгі лекторлардан, үгітшілер мен насихатшылардан, жиын-жиналыстарда сөйлеушілерден шешендік сөз элементтерінің дәстүрлі эпитет, теңеу тәрізділерін орынсыз көп қолдану талап етілмейді. Ал әңгіме мазмұнына қарай теңеулі құрылымдар пайдаланса,

<sup>7</sup> Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978. 11-б.

оның жөні бір басқа. Мысалы, М. Әуезовтің 1959 жылы өткізілген «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде<sup>8</sup> мынадай тенеулерді табамыз: «Осындай *көл-өзгіндей* мол дүниені бүкіл мәжіліс бойы бойлап өткен жайымыз бар... Сондайлық *мол мұхиттай* әдебиет... Идеялық жаңалық пен көркемдік шеберлік жаңалығы *қос өрімдей* біте қайнасқан түрде қатар бағалансын...»

Метафора — байырғы шешендік сөздерде ең бір жиі кездесетін көркемдеуіш құралдардың бірі. Мысалы: *ашу деген ағын су*, алдын ашсаң арқырар, *ақыл деген дария*, алдын тоссаң тоқырар; *сен — темір де, мен — көмір*, — сріткелі келгенмін, *сен көкте ұшқан құс* болсаң, *мен іліп түсер сұңқармын*, *сен тоғай арасындағы қабан* болсаң, *мен — жолбарыс*, — *алысқалы келгенмін*; *өлім деген — ұзақ жолдың алысы*; *әкең — асқар тау*, *шешен — аққан бұлақ* т. б.

Метафора да шындықтың әр қырын ауыстырып балап атау арқылы ойды айқындай түсу, дәлелдей түсу үшін қажет. Ал айқындау мен дәлелдеу шешендікке қойылатын басты шарттардың бірі. Оның үстіне метафора көбінесе пафосты тұстарда орын алады.

Қазіргі шешендік сөздерде де метафора еркін қолданылады, бірақ оның екі компонентті дәстүрлі түрлерінен гөрі (мен — тұлпар, мен — арыстан, мен талыспын, сен шөншіксің деген сияқты), бір компонентті типтері жиірек ұшырасады. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің Қазақстан Жазушылар одағының II съезінде сөйлеген сөзінде халық ақындарын *кер тарландар* деп ауыстырып атайды: *Ақ сақалды алып қартымыз Жәкең бастаған Нұрекең, Досекең, Есекең, Шәкең сияқты талай тері алынған, талай жерді қарыштаған кер тарландарымыз отыр міне!* Екінші мысал: Кейінгі толқын біз болсақ, *...бабындамыз, қамшы кесті көбең көк, ер қашты тонай торы емес*, совет елінің ардақтысы, баптаулысымыз<sup>9</sup>.

Мұхтар Әуезов Жамбылдың жүз жылдық мерекесінде жасаған баяндамасында: «...Жамбыл ел өнерінің бөлуінде, *алтын бесігінде* өскен. Әсіресе *ел бұлағының*

<sup>8</sup> Біз бұл сөзді ұлы жазушы, тамаша трибун Мұхтар Әуезовтің конференцияда өзінің ауызша сөйлегенін өз құлағымызбен естігендігімізден, топ алдында айтылатын ауызша шешендік сөздің нағыз үлгісі деп танымыз.

<sup>9</sup> Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. Алматы, 1970. 131—132-б.

қайнар бір көзінен, мөлдір бір тасқынынан туган» деп, халықтың сөз өнерін алтын бесікке, қайнар бұлаққа, оның мөлдір тасқынына балайды. Осы сөзінде Жамбылдың өзін айтыс өнерінің де ақты-бозды жүйігі деп ауыстырып атайды <sup>10</sup>.

Жоғарыда айттық, метафора көбінесе салтанатты мәжілістерде, көтеріңкі пафос араласатын тұстарда жиірек кездеседі де, ғылым-білімнен оқылатын лекцияларда, саяси-әлеуметтік жиналыстарда жасалатын баяндамаларда, сотта айтылатын айыптау не қорғану сөздерінде кемде-кем ұшырасады.

Сөйтін, шешендік сөздердің өзге сөздерден тілдік-көркемдік жағынан ерекшеленетін белгілерінің бірі — әдебиет теориясында ажарлау, құбылту (троп) деп аталатын экспрессивтік құралдар: эпитет, теңеу, метаралардың әдейі қолданылатындығы болып келеді.

Сонымен қатар әсерлілік құралы — а й ш ы қ т а у д ың (фигураның) түрлерін арнайы пайдалану да шешендік сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тілінен де, жазба үлгілер тілінен де ажыратылатын белгілерінің бірі болады. Бұлардың ішінде әсіресе синтаксистік п а р а л л е л и з м — бұрынғы үлгілерде де, қазіргі шешендер сөздерінде де жиі қолданылатын амал. Көбінесе белгілі бір өлшем, ырақ, ұйқас элементтерімен келетін байырғы шешендік өңгелер параллелизмнің қай түріне де бай келеді. Мысалы, Байдалы би айтыпты деген текстен: Аймен аталас емеспіз//Күнмен баталас емеспіз. Бұлпен туысқанымыз жоқ//Сол күні жауған жаңбырмен жуысқанымыз жоқ деген үзікті алсақ, мұнда септік тұлғадағы сөздердің бірдейлігі (*аймен ~ күнмен; бұлпен ~ жаңбырмен*), ұйқастырылған сөздердің қолданылуы (*аталас ~ баталас; туысқанымыз ~ жуысқанымыз*), модальдық біркелкілік — осылардың барлығы параллель қатарлар түзіп тұр. Тағы бір мысал: Аз нені айтады? Көптен көрген қорлығын айтады//Көп нені айтады? Азға жасаған зорлығын айтады деген микротекст те мазмұн жағынан да, синтаксистік құрылым жағынан да толық параллелизмдер.

Әрине, параллель қатарлардың әрдайым жоғарыдағыдай жеке сөйлем болып құрылуы шарт емес. Әсіресе қазіргі шешендер сөздеріндегі параллелизмдерді сөйлем

<sup>10</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 362 және 370-б.

ішіндегі жеке элементтер жасайды және олар ұйқастап гөрі өзге белгілермен түзіледі. Мысалы, Г. Мүсіреповтің Қазақстан Жазушылар одағының ІІ съезінде сөйлеген сөзінен: жат деп жасқанар//алыс деп ат жетпес ешнәрсе жоқ, жолдастар...<sup>11</sup> Немесе оның 1943 жылы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы талқыланған жиналыста сөйлеген сөзінен: «Баяндама «Абайдың» иып салмағына орай бола алмады: сырты бар да, іші бос// апаны-мынаны теріп айтуы бар да, байлауы жоқ, бытыраңқы... Мақтауында қуаныш//жамаандауында кейіс жоқ»...<sup>12</sup> деген үзіктерді оқысақ, бұлардағы қос тік сызық арқылы көрсетілген параллельдер дыбыстық ұйқасқа құрылмаған, семантикалық (*іші бос//байлауы жоқ*) және грамматикалық (*жасқанар//ат жетпес*) біркелкілік арқылы түзілген.

Параллель қатарлар шешен сөзіне, ең алдымен, тыңдаушы психологиясына әсер ететін сипат береді: ол көбінесе қарама-қарсы полюстерді қатар қою арқылы (*сырты ~ іші, қуаныш ~ кейіс*) да жүзеге асып жатады. Параллель элементтер әрдайым толық қанды синтаксистік құрылым болмай, жеке сөздер арқылы да, тіркес арқылы да жасалуы мүмкін. Мысалы: ...*өліктің сәні, көңілге дәрі емес пе... ердің құны, нардың пұлы... құнсыз беріп, пұлсыз алды...* оны істемесе *тұрысатын жерін, ұрысатын ерін* айтсын т. т. Дегенмен параллелизмдердің түзілуінде көбінесе ұйқас қатысатыны мәлім және оның өлеңдегідей тек аяққы ұйқас болуы шарт емес, оның үстіне параллель қатарлардың әрқайсысының ішінде екі не одан да көп сөздер ұйқасып келуі және ықтимал. Мысалы, «*Ардақтыларым едің аяулы//салмақтыларым едің санаулы*» дегенде, *ардақтыларым ~ салмақтыларым, аяулы//санаулы* сөздері өзара ұйқасып тұр.

Жалпы ұйқас—қазақтың ауызша жеткен шешендік мұрасының сипатты белгісінің бірі. Поэзиядағы ұйқас пен шешендік сөздегі ұйқаста үлкен айырмашылық бар: соңғыда ұйқасатын элементтердің тұрақты орны жоқ және ұйқасатындар, жоғарыда айтылды, жеке сөз де, тіркес те, тіпті тұтас шағын сөйлем де болып келуі мүмкін. Мысалы, Сыр бойында жасап өткен Тыныс қыз деген ділмардың мына сөзін

<sup>11</sup> Мүсірепов Г. Аталған кітап. 131-б.

<sup>12</sup> Сонда. 159-б.

алайық: Қардан артық ешнәрсе жоқ, — ұстасаң қолыңды *тоңдырады*. Қазаннан кара ешнәрсе жоқ, — ішіндегісін ішсең *мейіріңді қандырады*. Қара бөрік хан *басында*, ақ киіз аяқ *астында* емес пе? Қыран құс *қырымға*, құзғын құс *ырымға* деген. Менің *ішімнің саралығына* қарамай, *түсімнің қаралығына* қараған сіздің көзіңіз де көз емес, ағарып кеткен бөз екен. Көзі соқырдан көңілі соқыр — ғаріп, есуастан есірік — ғаріп! Сол есірік пен көңілі соқырдың *я бірі*, *я «пірі»* болмасаң не етті <sup>13</sup>!

Бұл шешендік монолог бастап-аяқ дерлік жеке сөздердің ұйқасымен жасалған, мұндағы аргумент анти-тезалық аналогтермен берілсе, тілдік шеберлік ұйқас арқылы көрінеді. Егер бұл ұйқастар болмаса, мұнда айтылмақ ой, аргумент, түйін дегендердің бар болғандығына қарамастан, Тыныс қыздың сөзі шешен қайырылған жауап болмас еді.

Ұйқасты орайы келген тұста қазіргі шешендер де пайдаланады. Мысалы, Жамбылдың 100 жылдық мерекесіне жасаған баяндамасында М. Әуезов: «алып ақын... *төселген* шеберлігін *көсілте* сермеп отыр» деп, көрсетілген сөздерді ұйқастырады. Бірақ бүгінгі шешеннің сөзінде қайткенде де ұйқас элементтердің болуы шарт емес. Бұл, сірә, қазақтың байырғы шешендік өнермен қазіргі шешендер тілінің бір айырмасы болса керек.

Поэзия тіліне тән айшықтаудың қайталау түрлері: жай қайталау, анафора және эпифора тәсілі де шешендік сөздердің көркемдік белгілерінен саналады. Қайталанған элементтер белгілі бір ойға, айтпақ нәрсеге екпін түсіреді, көңіл аудартады. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек шешеннің көмейінен шықты деген мына сөзде әрбір констатацияның басында қайталанатын тіркесім әңгіме өзегі әр адамда әр түрлі қадір-қасиеттің болатындығына назар аудартады: *Бір бала бар* — атадан өте туады, *бір бала бар* — атаға жете туады, *бір бала бар* — кейін қарай кете туады <sup>14</sup>. Бұрынғы шешендік сөздерде қайталаулардың барлық түрі де кездеседі. Мысалы, Жобалай би атанған шешеннің мы-

<sup>13</sup> Тыныс қыздың тапқырлығы // Жұлдыз. 1983. № 1.

<sup>14</sup> Қаз дауысты Қазыбектің Бертісханға айтқаны // Жұлдыз. 1984. № 3.

на сөзінде «сендерде бір мін бар» деген сөйлем-фраза үш қайтара келеді: «Алатау мен Қаратау, *сендерде бір мін бар* — асу бермейсіңдер. Еділ, Ертіс екі су, *сендерде бір мін бар* — өткел бермейсіңдер. Жәнібек пен Кеңгірбай, *сендерде бір мін бар* — басқаға сөз бермейсіңдер».

Қайталаулардың екінші бір қызметі тағы бар: ол сөзді ритмикалық жағынан топтастырып, жиіліктейтіндігі. Осындай жүктерді арта отырып, қайталау тәсілін бүгінгі шешендер де әсерлі, көрікті элемент ретінде пайдаланады. Мысалы:

«*Ұмытпау керек* — қазақтың советтік әдебиетіне Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Беранже, Байрон, Вольтер сияқты ұлы ақындардан сабақ алып жүрген ақындар қосылды.

*Ұмытпау керек* — Эсхилден бастап, Шекспир, Мольер, Гюго, Горький, Гете сияқты ұлы драматургтерден сабақ алатын драматургтер қосылды.

*Ұмытпау керек* — Диккенс, Флобер, Бальзак, Гюго, Толстой, Гоголь, Горький сияқты ұлы жазушылардан сабақ алатын прозаиктер қосылды»<sup>15</sup>.

Міне, Рабит Мүсіреповтің осы «ұмытпау керек» дегенді қайталау арқылы қазақ совет әдебиетіне дүние жүзі әдебиетінен сусындайтын ақындар, драматургтер, прозаиктер қосылды деген ойын баса айтады. Қазіргі шешендердің қайталаулары бұрынғыдай көбінесе қатар сөйлемдерді ғана қамтымай, абзац немесе период деп аталатын ішінде бірнеше сөйлемі бар синтаксистік тұтастықтарда да көрінуі мүмкін. Мысалы, З. Кабдоловтың бір творчестволық конференцияда «Абай» эпопеясы туралы сөйлеген сөзінде «әдеби тілде көп сыр бар» деген сөйлемді үш рет қайталайды, бұл анафораның әрқайсысынан кейін жарты бетке жуық текст кетеді де, оларда шешен жоғарыда айтқан сөйлем-тұжырымын дәлелдейді. Бұл дәлелдеудің өз ішінде және қайталанатын элементтер бар (*бұл ретте...*). Иллюстрация түсініктірек болу үшін тексті толық келтірелік:

*«Әдеби тілде көп сыр бар.*

Әр халықтың ана тіліндегі сыр мен сипат — икемділік, мәлдірлік, мазмұндылық, дәлдік, байлық, байсалдылық, сұлулық т. б. — сол халықтың рухани тіршілігі-

<sup>15</sup> Мүсірепов З. Аталған кітап. 139-б.



нің даму барысын, сана-сезімінің шырқай шыққан биігін танытады.

*Бұл ретте Әуезовтің тілі өзі тұрғылас таңдаулы қазақ жазушыларының тілімен бірге халқымыздың, социалистік ұлтымыздың сана-сезімінің қазіргі жеткен биігін танытатын таразы, өлшем!*

*Әдеби тілде көп сыр бар.*

Әдебиет дегеннің өзі не нәрсе?

«Әдебиет деген — тіл! — дейді Гончаров. — Әдебиет деген елдің нені ойлайтынын, нені қажет ететінін, нені білгісі келетінін және нені білуге тиіс екенін түгел танытатын тіл.

*Бұл ретте Әуезовтің тілі өзі тұрғылас таңдаулы қазақ жазушыларының тілімен бірге әдебиетіміздің өзін анықтап, соның терең мағынасын байыптап тұр.*

*Әдеби тілде көп сыр бар.*

Әдебиеттегі ұлттық пішін дегеннің өзі не нәрсе?

«Ол, ең алдымен, ана тілі! — дейді Фадеев. — Ол әр халықтың тек өзіне ғана тән өзгеше сөйлеу жүйесі, сөз рухы!..

*Бұл ретте Әуезовтің тілі өзі тұрғылас таңдаулы қазақ жазушыларының тілімен бірге социалистік реализм әдебиетіндегі күрделі проблемалардың бірі — ұлттық пішін мәселесін айқындар құралдың бірі...<sup>16</sup>*

Сөз жоқ, қайталау — топ алдында айтылған сөзге шешендік сипат беретін күшті құралдардың бірі, ол айтпақ ойдың бір қырына тыңдаушы назарын қазықтай түседі, сонымен қатар көркемдік-эстетикалық жүк те арқалайды. Қайталаудың қай түрі де: бір сөздің бір сөйлем ішінде қайталауы; сөздің не тіркестің қатар келген сөйлемдер арасында қайталануы; абзацаралық қайталаулар — шешен сөзін белгілі бір ритмикалық, синтагмалық, периодтық топтарға ажыратады. Ал ауызша айтылған тұтас сөздің бөліктерге, әсіресе интонациялық топтарға ажыратылып құрылуы тыңдаушы назарын аудартады, шешеннің айтпағын «рет-ретке бөледі», «тәртіптейді», рет-ретімен, тәртіппен ұсынылған дүние айқынырақ, түсініктірек болып жеңіл қабылданады, жеңіл қабылданған ой (сөз) тыңдаушыға ләззат береді.

Шешендік сөз үшін қажет айшықтау тәсілінің бірі — **антитеза** (шендестіру). Бұл әсіресе бұрынғы ше-

<sup>16</sup> Қабдолов З. Аталған кітап. 369—370-б.

шендер сөздерінде жиірек кездеседі. Жоғарыда келтірілген Тыныс қыздың сөзі тұтасымен антитезаға құрылған. Немесе Қаз дауысы Қазыбектің немересі Тіленіс би сүйек жаңғыртайық деп қарындасын сұраған әрі батыр, әрі шешен Шақшақұлы Жәнібекке өзінің атадан көптігін, Жәнібектің жалғыздығын мынадай антитеза арқылы шешен тілде білдіреді: Мен қалың қара тоғаймын, табылуға оңаймын. Сен жапаға біткен жалғыз шынарсың, уақытың жетсе, сынарсың, орныңды қайдан табармын?! (Мысал Б. Адамбаевтың «Халық даналығы» атты кітабы бойынша келтірілді).

Аллитерация мен ассонанс — шешендер жиі қолданатын ажарлау тәсілдері. Қазақ поэзиясы да, прозасы да көркем бұл амалдарға еркін жүгінеді, өйткені олар ауызша айтылған сөзге дыбыстар жарасымын бітіреді, үнділік сипат береді, сөзді не өлеңді құлаққа жағымды естіртеді, жаттап алуға жеңілдік туғызады. Дыбыстар біркелкілігі байырғы шешендік сөздерде көбінесе сөз басында жасалады. Мысалы, Атақозы шешеннің сөзі дегеннен: Қайтсем топтан торай шаадырмаймын деп, қазақтың бір тайын дұшпанға алдырмаймын деп, бір түнде тоғыз оянып, тоқсан толғанам: мен арық болмай, кім арық болады? («Жұлдыз». 1984. № 8. 178-б.) деген үзінді алсақ, мұнда бірнеше сөз т дауысыз дыбысынан басталып, аллитерация жасап тұр. Сөз несі дыбыстар үнділігі үшін эпитеттер мен жай анықтауыштарды таңдағанда, олардың анықталатын сөздермен бірдей дыбыстан басталатындарын алады. Мысалы, торқалы той, қоралы қой, жастың жайсаңы, екі рулы ел, ауыл аралас, қой қоралас т. т.

Аллитерация мен ассонанс үшін сан есімдерді абстракциялап келтіру де шешендер қолданар кәнігі тәсіл. Мысалы, билік шешімін білдіруде осы әдісті пайдаланған үлгілерді көреміз. Мұндайда сан атауының шындыққа дәл келетіндігінен (дұрыстығынан) гөрі, сол шешімнің тыңдаушыға ететін әсері көбірек көзделеді. Мысалы, Нау дейтін би жоғалған ешкісінің құнын даулағанда, хан алдында төлеуін өзі айтады: төлеуіне төрт ешкі, айыбына алты ешкі, басына қосақ, артына жетек, өзімен он үш ешкі, би ақысы бір ат («Жұлдыз», 1984. № 8. 179-б.). Мұндағы сан атауларының бәрі шындыққа сай келгендіктен емес (айыбы алты емес, бір не он

болуы да мүмкін ғой), кесіктің әсерлілігі үшін келтіріліп тұр.

Аллитерация мен ассонанс әр сөйлемнің басқы сөздері арқылы да, жай не грамматикалық тіркестегі қатар тұрған сөздер арқылы да жасалады. Толықтауыш, пысықтауыштар мен соларға қатысты сөйлем мүшелері біркелкі дыбыстардан басталатын сөздер болып келеді. Айталық: Сенің құдыққа құлап, жыраға жығылған ұрықарыца күн төлей беретін мені кім деп жүрсің — дегенде, толықтауыштар мен баяндауыштар аллитерациялы топ құрап тұр. ...Тіліңмен алдап, тісіңді жасырып... деген үзіктегі параллель құрылымдар да өзара аллитерацияланып тұр. Мұндай мысалдарды кезкелген шешендік сөз текстерінен молынан келтіруге болады.

Дыбыстардың бір үнділігі арқылы сөздің құлаққа жағымды естілуіне қазіргі шешендер де көп көңіл бөледі: Баяндамашының таразысы әділ, талабы батыл... Есте жоқ ескі, сонау арғы жырақ жағасынан бүгінгі жақын жағасындағы жиегіне дейін мәжіліс кемесі жүзіп өтті дер едім... (М. Әуезовтің жиналыста сөйлеген сөзінен). Жаңарған ел, жасарған дүние — жаңа жыр күтеді. Қазынасына қазына қосып, кейінгі ұрпаққа сыншыл, талғампаз ұрпаққа ұялмай ұсын дейді... (Ғ. Мүсіреповтің топ алдында сөйлеген сөзінен). ...Ол [Шыңғыс Айтматов] кез келген керім қолдан келе бермейтін кереметтер жасады... Айтматов әлемнің бес құрлығына бірдей ортақ биік бел үстіне қырғыздың алты қанат ақ үйін аларып тікті... [Барша оқырман] ақ ордадағы шоң қырғыздың толағай ақылы мен парасатына кенелмей кетпейді, телегей сыры мен сезіміне тербелмей өтпейді (З. Қабдоловтың Шыңғыс Айтматовтың 50 жасқа толған мерекесіне байланысты Қүркіреусу жайлауында өткен той үстінде айтқан сөзінен).

Біздің байқауымызша, аллитерация мен ассонанс қазақтың қай дәуірдегі болмасын шешендік өнерінде ең басты, ең өнімді тілдік-көркемдік құрал болып келеді. Оған себеп болатын негізгі фактор — шешендік сөздің ауызша айтылып, құлақпен тыңдауға арналғандығында. Сірә, бұл амалдың қазақ поэзиясы тілінде де мол орын алып келгені бұрынғы поэзияның ауызша жырланып, құлақпен қабылданғандығына тікелей байланысты. Аллитерация мен ассонанс құбылысының бүгінгі қазақ

поэтикасында еркін кездесуі — оның көркемдеудің дәстүрлі амалына айналуынан деп таңу қажет.

Егер біз ертеден келе жатқан ауызша шешендік өнердің бүгінгі тілімізге, оның ішінде публицистика сияқты жазба жанрдың стиліне тигізген әсерін атар болсақ, ең алдымен ассонанстатып, аллитерациялатып сөз түзуді көрсетер едік. Мұның медаль сияқты екі беті бар. Оң беті — көркемдеу құралдарын мейлінше пайдалану, сол арқылы ауызша да, жазбаша да сөзді қабылдаушыға әрі жағымды, әрі әсерлі етіп жеткізу, астыңғы беті мағынасы мен грамматикалық жүгі жағынан тіркеспейтін сөздерді басқы дыбыстарының біркелкі келетіндіктеріне қарай күштеп қосақтап, білдірмек ой мазмұнына нұқсан келтіруі. Бұл жағдай әсіресе бүгінгі публицистика тілінде көзге түседі. Әдетте күнбе-күнгі баспасөз тілі қалың оқырманға тек түсінікті ғана емес, сонымен қатар әсерлі де болуын діттейді. Өйткені газет-журналдар, бір жағынан, үгітші-насихатшы, информатор іспетті, яғни жазба түрде сөйлеуші шешендер десек те болар. Осы себептен көркемдеудің шешендерге тән арсеналы бұлардың тілінде де молынан кездеседі. Әсіресе айдарлар (рубрикалар) мен мақалаларға ат қоюда газет-журналдар ассонанс пен аллитерацияға жиі барады: «Сөзстанға саяхат», «Жаныңда жүр жақсы адам», «Тәлімгерден тағлым», «Оқырман отауы», «Қилы-қилы қызықтар», «Әсемдік әлемінде» деп айдарлар аталса, «Тәжірибе тағлымы», «Тума талант», «Ежелден етене», «Жарыс жаңа белеске бастайды», «Шымырлар шындаған шаңырақ» (физкультура институты туралы), «Озат болсаң оза шап» деген сияқты мақала аттарын кездестіреміз. Көбінесе рубрикалардың екі (кейде үш-төрт) сөзі де бастапқы дыбыстары біркелкі сөздер болып таңдалынады.

Бұл әдісті текст ішінде де пайдалану публицистикаға жат емес. Оның көпшілігі сәтті де шығып жатады. Сонымен қатар ассонанс пен аллитерация іздеу үстінде «асыра сілтеп» жататын жайлар да аз кездеспейді.

Өзге тілдердегі сияқты, қазақ тіліндегі де шешендер пайдаланатын тілдік құралдардың бірі — мақал-мәтелдер. Мақал — белгілі бір халықтың замандар бойы түйген дүниетанымының айнасы, қысқа қайрылған «өмір философиясы», демек, тілге демеу, ойға дәлел

болатын халық даналығы. Сондықтан мақал арқылы аналогия жасап, ойын айқындау, пікірін дәлелдеу — шешеннің ұтымды әдісі. Бұрынғы шешендік сөздерде мақал-мәтелді келтіру — көнігі құбылыс. Мысалы, Айтуар шешен айтыпты деген сөзден «Ау, тақсыр! Бұрынғыдан қалған сөз қайда? «Қазаққа хан не, қара жерге халық не» демеуші ме еді! Хандығыңды бер де, жерді ал, хан болып тұрғанда, жерде нең бар?» деген үзікті алсақ, мұнда негізгі аргумент ретінде мақал келтірілген. Және бір мысал: Орта жүздің «өкілі» Қаз дауысты Қазыбек билік айтуға таласқан қалған екі жүздің билеріне: «Сендер атадан туысыңды білесіңдер де, өсиетін ұмытқан екенсіңдер. Аталарың: «Ұлы жүзді қолына қауға беріп, малға қой, Кіші жүзді қолына найза беріп, жауға қой, Орта жүзді қолына қамшы беріп, дауға қой» дегені қайда?! Сүрінсем сүйер алдымда ағам, артымда інім бар, билік жөні менікі емес пе?» деп, өз сөзінің дәлелі мен түйініне «аталар сөзін» тірек етеді. Ал «аталар сөзі» дегеніміз де не мақал, не мәтелге айналған дүниеліктер екені мәлім. Сонымен қатар кейбір шешендердің айтқан түйіндерінің өзі мақалға, дәлелдерінің өзі мәтелге айналып кетіп отырған. Сол себептен бізге жеткен кейбір шешендік үлгілер тұтасымен мақал-мәтелден тұратын сияқты болып көрінеді. Мысалы, Балаби айтыпты деген мына үзік: «Құнажын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын үзбейді». Артымнан сен қумасаң, алдымнан Нұра бумаса, менің Нұрада нем бар, Нұрадан аққан жырада нем бар!» деген сөздерді түгелімен мақал деуге болады: алдыңғы сөйлем — халық даналығы, соңғылар оқиғаға қарай табан аузында туған сөз болғанмен, кейін мақалға айналып кеткен сентенция.

Тыныс қызбен шешендік сайысына түскен Ешнияз деген жігіттің мына бір шап-шағын сөзінде екі мақал келтірілген: «Жаны күйген қарғайт деген тәңіріні», танымай қаппын өзіндей бала әлдіні. Өзіме өзім тілеп алдым бәлені, аңғармаппын-ау қыз сыйлау деген кәдені! «Ойнақтаған бота от басардың» кебі кеп, айта-айта жүрермін Тынысжанның сөзі деп» (Жұлдыз, 1983. № 1. 203-б.). Шешен бұл мақалдарды өз қылығының жөнсіздігін дәлелдей түсетін аргументтің аналогі ретінде жұмсайды.

Мақалдарды пайдаланудан қазіргі шешендер де тар-

тынбайды. М. Әуезов 1959 жылы әдеби мұра жөнінде өткен конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде «өмірдікі дегенде өгіз қара күшім бар» деген мақалды, «жақсы айырсыз болған жазыцнан қайырлы болған қыс артық, пара жеген билерден қарғы таққан ит артық» деген пақыл сөзді, «әрі итеріп, бері жығып», «құлап жатқан жерінде құлағынан тартып» сияқты мәтел-фразеологизмдерді келтіреді. Бірақ қазіргі шешендердің сөздерінде мақал-мәтелдерден гөрі қанағатты сөздер мен цитаталарды пайдалану әлдеқайда жиірек кездеседі. Әсіресе білім-ғылым және әлеуметтік-саяси тақырыптардағы лекция, баяндамаларда өзгелердің пікірлерін цитата етіп келтіру әрі қажет амал, әрі бүгінгі шешендік сөздердің сипатты белгілерінің бірінен саналады. Цитата да аргумент үшін пайдаланылады. Мысалы, Ғ. Мүсірепов «Абай» эпопеясы туралы 1943 жылы өткен жиналыста сөйлеген сөзінде өз пікірлерін дәлелдеу үшін бірнеше жерде В. Белинскийден цитата алады: «Енді «Абай» романы туралы өзім не айтарға келетін болсақ, мен бұл романды сынаудан гөрі, тереңірек түсінсем екен деген тілектен туған азын-аулақ ұғынғанымды ғана айтамын.

Атақты сыншы Белинский Пушкиннің «Евгений Онегиніне» жазған сынын былай деп бастайды: «Шынымызды айтсақ, «Евгений Онегин» сияқты поэманы сын көзімен талқылауға едәуір жүрексінумен кіріскелі отырмын. Бұл жүрексінудің толып жатқан себебі де бар. Онегин ақынның жүрегін жарып, өзегін тіліп шыққан еңбегі. Алған геройында ақынның өз қара басы айнымай, бұлжымай, ашық-айқын көрініп тұратын аз еңбектердің бірі осы. Мұнда ақынның өз өмірі, ақынның өз жаны, өмірді қалай сүйетіндігі, ақынның барлық сезімі, түсінігі, идеалы барынша толық берілген», — дейді.

«Абай» романы туралы да мен аз ғана бұрып, аз ғана өзгертіп, Белинскийдің осы сөзін айтар едім (Ғ. Мүсірепов. Суреткер парызы. Алматы. 1970. 159—160-б.).

Жазушы Ғабит Мүсірепов көлемі жағынан шағын осы сөзінде В. Белинскийден сегіз рет цитата келтіреді.

Цитата келтіру — қазақтың шешендік сөзі үшін соны құбылыс, ол тек совет дәуіріндегі шешендер тілінен орын ала бастады.

Ауызекі сөйлеу түрінде көрінетін шешендік сөздерге

тән стильдік амалдың бірі — риторикалық сұраулы құрылымдардың қолданылуы. Риторикалық сұрауға әдетте жауап күтілмейтіндігі мәлім, ол, негізінен сол айтылған ойға тыңдаушының назарын аударып, екпін түсіру үшін қолданылады. Зерттеушілердің бірқатары, оның ішінде біз де, Абайдың кейбір «Қарасөздерінде» риторикалық (шешендік) сипат бар деп табамыз. Шынында ұлы ойшыл кей тұстарда тыңдаушысымен бетпе-бет отырып, әңгіме шертетін сияқты. Мысалы, «10-сөз» деп аталатын прозасында: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?... Балам орнымды бассын демек не деген сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда, өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қинайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың? (Әрі қарай тағы бір абзац осылайша түгелімен сұраулы сөйлемдерден тұрады)<sup>17</sup>. Бұлардың барлығы — риторикалық сұраулар. Автор тыңдаушысынан (оқушысынан) жауап тілемейді. Ол осы тәсіл арқылы айтпақ ойына белгілі бір модальдық реңк береді. Егер бұлар хабарлы сөйлем түрінде берілсе, ол жай ғана констатация болар еді де, одан автордың өз замандастарының бала тәрбиелеуге келгенде «антипедагогтік қылықтарына» наразылығы, ашынып-күйінгені көрінбес еді.

Риторикалық сұраулар бұрынғы шешендік сөздерде де орын алып келді. Мысалы, қазаға көңіл білдіруде айтылатын шешендік сөздердің бірінде: «Өлім — асусыз тау, — кімнің бауыры сау? Пұлсыз берді, құнсыз алды, — оған не дау? Бізге аяулы, алушыға да қалаулы» — деп келсе, мұндағы сұраулар да стильдік мақсатпен келіп тұр. М. Әуезов те Еспембет бидің сөзін «Кеден неден болды, кедергі неден болды?» деп риторикалық сұраудан бастамай ма? Сірә, риторикалық сұраулы конструкциялардың ең көп қолданылатын жанры, біздіңше, шешендік сөздер деп білеміз.

<sup>17</sup> Құнанбаев А. Шығ. екі томдық толық жпш. Алматы, 1957. II-т., 167-б.

Ауызша әдеби тілде шешен сөйлеудің және бір тілдік ерекшелігі, біздің байқауымызша, құрмалас сөйлем компоненттерінің жалғаулықсыз байланысқан түрлерінің қолданылуында көрінеді. Мысалы: *Әйеліңмен дос бол — берекең кіреді, азаматпен дос бол — қадіріңді біледі, білімдімен дос бол — ақыл-кеңес береді.* Бұл шешендік дидактикада компоненттер арасында *өйткені* деген жалғаулық айтылмаған. Сырым Датұлының шешендік мұрасынан келтірілген: *«Би, сөз білсеңіз, «суатпын» деп мақтанбаңыз, су жаманы — суат, — басынан соқпақ кетпейді, «қазықпын» деп мақтанбаңыз, мүлік жаманы — қазық, — басынан тоқпақ кетпейді. Бұйырғын деген шөп болады, жеген мал тоқ болады, — қауқары жоқ болады»* («Жұлдыз», 1984. № 8. 176-б.) деген үзіндіде де нүктелі үтір қойылған алдыңғы сөйлемде *өйткені* деген шылау мен соңғы сөйлемде *бірақ* деген шылау айтылмай тұр. Абай прозасы тілінің де синтаксис саласындағы ерекшелігінің бірі — жай сөйлемдерді кейде жалғаулықсыз салаластыру болса, оның себебін шешендік дәстүрден іздестіру керек болар.

Сөйлемдерді жалғаулықсыз байланыстыру жалпы ауызша сөйлеу нормасына сай келеді, мұнда жалғаулықтың орнына дауыс ырғағы қызмет ете алады: жалғаулық түсірілген тұс сәл тыныстаған интонациямен айтылады да, сол жер салаласа құрмаласқан сөйлемдердің «су айырығы» болып танылады. Бұл межені жазуда да көрсетуге тура келеді: түсірілген жалғаулықтың орнына сызықша қойылады.

Тек жалғаулықтар ғана емес, ауызша тіл нормасына белгілі бір сөйлем мүшелерінің түсіріліп айрылу есебінен сөзді ықшамдау тәсілі қайшы келмейді. Мысалы, Сырымның мына сөзінде сызықша тұрған жерде *ол* деген бастауыш түсіріліп айтылған: *Асусыз тауға кездесеңіз тізеңіз қалтырайтын болар, [сондықтан] таяқ ұстаңыз, — таяныш болады* («Жұлдыз». 1984. № 8. 176-б.). Мұндай мысалды шешендер сөздерінің қай-қайсысынан да келтіруге болады. Жалпы ықшамдылық — шешендік сөзге қойылатын талаптардың бірі. Шешеннің сөзі кіріспесінен бастап, қорытындысына дейін мейлінше жинақы түрде ұсынылуы шарт. Көп сөзділік әдетте ойды шашыратып жібереді. Жазылған дүшпені қайыра оқып, шашырап кеткен ой желісін жалғасты-



рып алуға болады, ал ауызша айтылған сөзде ондай мүмкіндік болмайтындықтан, айтылмақ ойды білдіруде көп сөзбен көсіліп, шапыраңқылыққа жол беруге болмайды. Басы артық элементсіз, ықнам келген сөз үлгісін қазақтың бұрынғы шешендік өнерінен анық көруге болады. Сондықтан қазіргі шешендер де мүмкіндігінше орынсыз тавтологиядан (*ой ойлау, өте орасан т. б.*), трафареттерден (*болып табылады, жеңіліске ие болды, торқалы той, қызу қарқын, екпінді еңбек т. б.*) аулақ болуға қам жеулері керек. Әдетте трафареттер естір құлаққа эффектісі күшті сияқты болып көрінеді, мүмкін, сондықтан да қазіргі шешендер мен публицистика тілінде етек алып кеткен *майталман, саңлақ, ерен* сияқты сөздермен келген ерғашты тіркестердің бір себебі осындай сыртқы эффектіге (әсерлі көрініске) бой ұрудан болар.

Міне, шешендік сөзді сипаттайтын негізгі тілдік-көркемдік (стильдік) белгілер осындай. Бұлардың әр текстің ішінде кездесуі әр қилы болады, ол шешен сөзінің тақырыбына (жанрына), мақсатына байланысты. Мысалы, білім-ғылымға қатысты лекцияларда дәстүрлі эпитет, бояулы метафора, мақал-мәтел сияқтылар кемдекем қолданылып, оның есесіне аудиторияға таныс ғылыми немесе саяси-әлеуметтік терминдер, әр алуан цитаталар, қайталау-пысықтаулар жиірек кездесуі мүмкін. Сондай-ақ бұрынғы үлгілер мен қазіргі шешендер сөздерінің де стильдік сипаты бірдей емес: бізге фольклор мұрасы ретінде жеткен шешендік сөздердің көбінесе ұйқасқа құрылуы, ритмикалық топтарға бөлінуі, эпитеттер мен метафораларды, теңеулерді жиі қолдануы, аргумент үшін мақал-мәтелдерге көбірек жүгінуі көзге түседі.

Сөйтіп, қазақ халқының әлеуметтік-рухани дүниесінде шешендік өнер ежелден орын алып келеді және шешендікті көрсететін сыртқы тілдік-стильдік белгілері айқын болды деп түйіндеуге әбден болады.

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ КЕІБІР ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Шешендік сөз — ең алдымен, әдеби тілдің көрінісі, сондықтан оның лексикалық сөз таңдау принципі әдеби нормаға бағынады. Бұл — қазақтың байырғы шешендік

сөз үлгілеріне де, шешендік сөздің қазіргі түрлеріне де тән белгі. Дікенканың әдеби тілдік нормасы күнделікті тұрмыстық қарапайым сөздерді, жергілікті элементтерді, тұрпайы, дөрекі сөздерді мейлінше кем қолдану принципін ұстайды. Шешендер сөздері де осы талаптан шығады. Сірә, қазақтың эпостық жырлары, шешендік сөздері сияқты фольклор мұрасына жататын ірі туындылардың тілін диалектіден жоғары тұрған тіл типі деп танытын болсақ, бұл пікірді осы үлгілер тілінің қалың көпшілікке, Қазақстанның кең өлкесінің барлық түкпіріне бірдей түсініктілігі, ортақтығы дәлелдейді. Егер, бұларда әдеби нормадан тыс элементтер оқта-текте қолданыла қалса, олар негізінен стильдік мақсат көздеп келтіріледі. Мысалы, Өмірбай шешен дегеннің сөзінен: «көз кіреуке, көңіл *пәс*, кәрілік деген сор екен» (Жұлдыз. 1983. № 1. 202-б.) деген информация алсақ, мұндағы *пәс* сөзі таралу аумағы шағын диалектизм болғанымен, осы жерде оның не «төмен» деген әдеби баламасын, не өзге синонимдерін келтіруге болмайды, өйткені сөз ырғағы осы бір буынды элементті ғана қалайды. Екінші бір мысал. Диалектолог мамандар *көрім* сөзі Қазақстанның екі өлкесінде екі түрлі ұғымда жұмсалатын сөз деп табады, оның бір өлкедегі мәні — «жақсы, әдемі, сұлу», екінші бір аймақтағы мағынасы — «жаман, көріксіз». Осы соңғы жергілікті мағынасын Тыныс қыздың шешендігін сынамақ болған Ешнияз ақын әдейі қолданады: — Тыныс-Тыныс! Мүсін-Мүсін! дегенге үріп ауызға салғандай, жүзіктің көзінен өткендей, мөлдіреген жүзімдей, ал қызыл нарт алмадай, көлдің көркі аққудай, ай нұрлы албыраған ару — *керім* екен десем, қап-қара *көрім* екен ғой! Қатпыш қараны да дабыра, дақпырт еткен елде де көз қалмаған екен-ау! — дейді нығырта («Жұлдыз». 1983. № 1. 203-б.). Мұнда тіпті бір сөздің фонетикалық-графикалық екі варианты екі түрлі стильдік қажеттікке асқан: *керім* — «әдемі, сұлу», *көрім* — «ажарсыз, ұсқынсыз».

Ал қазіргі шешендер сөзінде әдеби нормадан тыс элементтердің қолданылуы мейлінше сұрыпталып, олар негізінен стильдік жүк арқалай ғана кәдеге асырылады. Әсіресе экспрессивтік бояуы күшті сөздер мен әжуа-сықақ үдесінен шығатын қарапайым немесе тұрпайы сөздер — стильдік *пәс* (стилистически сниженные) сөздер

жиірек кездесуі мүмкін. Мысалы: «*Тай-құнанның дыр бермесіндей* ғапа болса да, жақын арада әдебиет тілі, қазақ тілі дегенді сөз қылдық. «Абай» романы бұл жағынан да *тексерушіге* қаншама олқылық келтіретін еді? Тіл, әдебиет маманы деп саналатын, *дырдай* атағы бар Есмағамбетке жалғыз осының өзі үлкен мін гоі деймін (Ғ. Мүсіреповтің «Абай» романы туралы 1943 ж. болған жиналыста сөйлескен сөзінен. — Ғ. Мүсірепов. Суреткер парызы. Алматы, 1970. 158-б.). Әрбір сөзге мән беріп, орнымен жұмсайтын асқан шебер жазушы Ғабит Мүсірепов «*болмашы ғана*» және «*үлкен, зор*» сөздері тұрғанда *тай-құнанның дыр бермесіндей* және *дырдай* деген стильдік пәс элементтерді әдейі келтірген, *зерттеуші* сөзі тұрғанда *тексеруші* тәрізді канцеляризмді қолдануы да тегін емес, осы қолданыстар стильдік мақсатқа сай: олар автордың Мұхтар Әуезовтей алыптың «Абай жолы» жайында әріптесінің жасаған баяндамасы мен айтқан пікірлеріне көңілі толмай, қынжыла ренжіп, таусыла білдірген ойын дәл беріп тұр.

Тағы бір мысал. Нұрмахан Оразбеков деген автор «Ажал араны» атты очеркінде (мұндай материалдарды лекция ретінде пайдалануға әбден болатындығын ескеріп келтіріп отырмыз) шағын бір абзацтың ішінде бірнеше қарапайым, дөрекілеу, кемсіту мәні бар сөздерді әдейі пайдаланады: «Құрама Штаттардың «қарадан шығып хан болған», яғни сайлау тауқыметін тартпай-ақ президент креслосына оңай *қонжиган* президенті Г. Трумэннің биік мансап ойында да жоқ кезде, Гитлердің қанды балақ *қарақшылары* бейбіт елімізге *түре тиген* күннен екі күн өтпей жатып-ақ айтқан сөзі кеңінен мәлім. «Егер Германия жеңіп бара жатқанын байқасақ, Россияға көмектесуіміз керек, ал Россия жеңіп бара жатса, онда Германияға көмектесуіміз керек, сөйтіп олар бір-бірін мейлінше көп өлтірсін» деген болатын Трумэн 1941 жылы июньде. Бұл сөздерді талдап-таратып жатудың қажеті жоқ. Мәселе мансапқұмардың бір *көкіген* көлденең сөзінде емес, мәселе жазықсыз жандарды жаһаннамға жаппай жөнелтетін тажал қаруының дәл осы пасық пиғылдың өкімет басына өрмелеп жеткен кезінде жасалуында. Онда да емес-ау, өйткені қанша бықсытса да, бірдің аты біреу, мәселе империализмнің жаңа дүниеге «ата дұшпан» деп қарайтын қордалы,

өлермен өшпенділігінде. Өйткені империализмнің тойымсыз тәбстің өрісін тарылтатын нақ социализм дүниесі, коммунизм идеялары. Мұны құлқын-құмар қалталылардың талай қол шоқпары тартынбай-ақ, тарпынып жіткен («Жұлдыз». 1984. № 5. 158-б.).

Бұл микротекстегі қонжиган, көкіген, бықсыту сөздері әдеби нормадан тыс элементтер болғанмен, орынды жұмсалып тұр: олар тыңдаушының (оқушының) империалистерге деген жиіркенішті, жек көру сезімін тугызады, ал қанды балақ қарақшы, түре тию, қол шоқпар, қалталылар сияқты сөздер автордың (сондай-ақ тыңдаушы-оқушының да) идеологиялық қарсыластарға деген көзқарасын көрсетеді. Демек, бұл жердегі сөз таңдау стиль үдесінен шығып тұр. Мұндай мысалдарды нағыз шешен тілде жақсы сөйленген (не жазылған) сөздердің қай-қайсысынан да табуға болады. Мұндайда гөп шешеннің стильді сезініп, тілді соған бағындыра жұмсай білу шеберлігінде.

Шешен сөздері белгілі бір аудиторияға, құлақпен тыңдаушыларға арналатындықтан, мұнда қаратпа сөздер көбірек орын алады. Олар кейде одағайлы, эпитетті болып та келеді: *ей, батыр Ерден! қымбатты жолдастар! қадірлі достар!* т. т. Шаршы топ алдындағы сөздердің және бір белгісі — бұларда әр алуан модальдық ренктердің күшті болуы, яғни шешен өзі білдіріп отырған ойына көзқарасын танытқысы келе ме, тыңдаушы назарын аударғысы келе ме — осындай мақсаттар қыстырма сөздер, одағайлар, сұраулы орамдар мен сөйлемдер т. т. арқылы жүзеге асырылады. *Иә (я), жоқ, ал* сөздері де шешен тілінде модальдық қызмет атқара алады. Біздің байқауымызша, *ғой, шығар, керек, сияқты, деймін (дейміз)* тәрізді шылаулар мен жеке сөздер де модальдық жүк арқалап, топ алдында сөйленер сөзде активтеу жұмсалады. Ғ. Мүсіреповтің жоғарыда аталған сөзінен мысалдар келтірелік: «Бүгінгі өстік деген дәуірімізде басқа елдің екі ғасыр артта қалған алаң-бұлаң, балаңқы ойын қайталасақ, одан ұялуға да *керек қой деймін*. Мұхтардан күтетініміз, тілейтініміз қанша көп болса, ірі етіп, қасиетті етіп бергенін бағалағанда, аты «тоғыз» екен деп «лақ бастатқан тоғызды» ұсынбауымыз *керек*. Жазушы «тоғыз» сұрамайды... *Ал* осы қат-қабат, шытырман, бел-белес, өр-қияның бірінде қоғам ішіндегі



тұлағадан тұруы, абстракт есімдердің көптік жалғауын қабылдауы т. т. орын алады. Бұл, бір жағынан, шешендер сөздеріне баспасөз бен публицистика тілінің, жалпы жазба әдебиеттің қатты әсер етіп отырғанынан туған құбылыс деуге болады.

Ауызекі сөйлеуде бірқатар грамматикалық, әсіресе синтаксистік амалдардың қызметін интонация, мимика сияқтылар атқаратыны мәлім. Сондықтан әдетте сұраулық шылаулар, сұраулық есімдіктер қатысып жасалатын сұраулы конструкциялардың орнына шешендер тілінде (жалпы ауызша сөйлеуде) интонациямен жасалғандары да орын алады (ілгеріде Абай «Қарасөздерінен келтірген *Ел бағу? Ғылым бағу? Бала бағу?* түрінде жасалған сұраулы тіркестерге назар аударыңыз).

Ауызекі сөйлеу тіліне контекстік немесе ситуациялық эллипсистер тән екені белгілі. Ауызекі диалогтердегідей болмағанмен, ауызша топ алдында сөйленетін сөздерде де әр алуан эллипстік құбылыстар болады. Ол әсіресе бұрынғы шешендік үлгілерде жүйелі түрде келеді. Мысалы: Бір бала бар — [*ол бала*] атадан өте туады, бір бала бар — [*ол бала*] атаға жете туады... Сен — темір де, мен — көмір, [*сол темірді*] еріткелі келгенмін... Қардан артық еш нәрсе жоқ, [*бірақ ол*] ұстасаң қолыңды тондырады. Қазаннан қара еш нәрсе жоқ, [*бірақ ол*] ішіндегісін ішең, мейірінді қандырады. Бұрынғы шешендік сөздерде салаласа құрмаласқан компоненттердің арасында жалғаулықтардың болмауы — жүйелі сипатта: ...бір түнде тоғыз оянып, тоқсан толғанам, [*сол себептен*] мен арық болмай, кім арық болады... Өлім — асусыз тау, [*сондықтан*] кімнің бауыры сау [*дейсің*]? [*Жаратқан, құдай*] пұлсыз берді, құнсыз алды, [*сондықтан*] оған не дау [*ың бар*]?

Қазіргі шешендер де орайы келген тұста текст ішінен сөз қалдырып айта беруі мүмкін. Сондай-ақ белгілі бір стильдік мақсатпен (айталық, ой екпінін түсіру т. б.) келген инверсия түрлері де шешендер тілінен орын алады. Мысалы: Ұмытпау керек — қазақтың советтік әдебиетіне Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Беранже, Байрон, Вольтер сияқты ұлы ақындардан сабақ алып жүрген ақындар қосылды (Ғ. Мүсіреповтің Қазақстан Жазушылар одағының II съезінде сөйлеген сөзінен. — Суреткер парызы. Алматы, 1970, 139-б.). Бұл сөйлемнің

қалыпты енитаксеттік құрылысы: «...сабақ алып жүрген ақындар қосылғанын ұмытнау керек» түрінде болар еді, бірақ шешен ұмытнау керек деген сөздерді анафора ретінде әрбір абзац-периодтың алдына шығарып (инверсиялап) осы сөздерге логикалық екпін түсіреді.

### ШЕШЕНДІК СӨЗДІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

Көркем әдебиет поэзия мен проза жанрларына бөлінетіні мәлім. Шешендік сөздің қазақ поэзиясына жақындығы, айырмашылығы, ортақ тұстары жайында жоғарыда айтылды. Бұрынғы қазақ поэзиясы, оның ішінде дидактикалық мазмұнды толғаулар мен кейбір осы үндес шешендік монологтердің ұқсас түсетін сөттері едәуір екендігі көрінеді.

Тұжырымдап айтсақ, олар мынадай: екеуінде де ұйқас элементі басым келеді; параллелизмдер орын алады; белгілі бір дәрежеде ырғақ пен өлшем қатысады; екеуі де поэтика (көркемдеу) тәсілдеріне негіз артады, яғни кәнігі немесе контекстуалды эпитеттерді, метафораларды, теңеулерді еркін қолданады, мақал-мәтелдер келтіріледі; екеуі де қайталау тәсілін жатсынбайды; ең бір көзге түсетіні — бұрынғы (тіпті қазіргі де) қазақ поэзиясы мен фольклор мұрасы ретінде жеткен байырғы шешендік сөздерінде дыбыс үйлесімі — аллитерация мен ассонанс жиі қолданылады (бұлар жөнінде тиісті мысалдарымен жоғарыда айтылды). Сөйте тұра қазақ поэзиясы мен шешендік сөздері екеуі екі басқа категориялар екендігі де дәлелденеді: ұйқас — өлеңнің негізгі шарты болса, ол — шешендік сөздің ретіне қарай (мысалы, параллельдер түзу үшін) қолданылмайтын құралы (шарты емес); өлшем өлеңде қатаң, жүйелі түрде келетін болса, шешендікте бейберекет, жүйесіз түрде кездеседі; мақал-мәтелдер поэзияда «кездейсоқ» дүниелер (өлең идеясы үшін олардың болу-болмауы шарт емес), ал шешендік сөздерде бұлар ойды дәлелдеу (аргумент) үшін қажет негізгі қарулар. Ең басты айырмашылық: поэзияның тақырыбы абстракт дүниелерге қатысты болуы да мүмкін, ал шешендік сөздің өзегі (тақырыбы) — тек қана болмыс, өмір шындығы. Поэзия көбінесе ақын (жырау) діндеуін идеяны ұсынады, ал шешендік сөзді тудыратын — қоғам (қауым, ру, жұрт, топ) талабы, әлеуметтік мүдде.

Көркем сөздің бұл екі саласы бір-біріне қатты әсер етіп келгені және анық. Кейбір зерттеушілердің екеуін кейде ажыратпай, қазақтың ақыны — шешен, шешені — ақын деулері де, кейбір шешендік прозаны өлең санатына қосып жіберулері де (мысалы, Бұхардың Абылай өліміне арнаған жоқтау сөзі) немесе бірқатар поэтикалық дүннелерді (мысалы, Байдалы ақын толғауларын) шешендік сөз деп ұсынулары да осыдан, яғни поэзия мен шешендік сөздің бір-біріне әсер етіп, жуықтайтын сипатынан туған деуге болады. Екеуі де сөз өнері болғандықтан, бұлардың айтылу, таралу әдістері ажыратылмаған кезеңдерде, яғни ауызша айтылып, ауыздан ауызға таралған дәуірлерде бір-біріне тигізетін ықпалы күштірек болуы заңды. Ал қазіргі кезеңде, көркем сөздің өлең түрі жазбаша сипатқа әбден көшкен тұсында, қазақ поэзиясы тілінде шешендік сөздің ізі, әсері бар ма дегенге келсек, біздіңше, мынадай пікірлер айтуға болады. Сөз жоқ, ізі де, әсер-ықпалы да бар. Өйткені дәстүр бар: қазіргі қазақ поэзиясының арнасы да, негізі де қазақтың тым ертеден келе жатқан поэзия үлгісі, ақын-жыраулар үлгісі екендігі даусыз. Сондықтан бұрынғы шешендік пен өлең-жырларға тән ортақ поэтикалық құралдар мен белгілердің көбін қазіргі поэзия да жатсынбайды. Айталық, ассонанс пен аллитерация, жоғарыда айттық, шешендік сөздің (және өлең-толғаулардың) жиі қолданатын әсерлі құралдарының бірі болып келді (әсіресе ауызша жырланып, ауызша айтылатын, құлақпен тыңдалатын сөз өнерінде мұның орны жазба поэзияға қарағанда айрықша екені даусыз). Осы дәстүр көзбен оқып, көңілге ұялататын бүгінгі жазба поэзияда да аз кездеспейді. Тіпті қазақтың жазба поэзиясының алыбы, көшбасшысы ұлы Абайдың өзі бұл әдісті молынан әрі еркін пайдаланған. Кейбір зерттеушілер көрсеткендей, аллитерация мен параллелизм соңғы дәуірлерде бірқатар түркі поэзиясында өлең құрайтын шарттардан шығып, стильдік құралға айналғанын<sup>1</sup> біз де қазақ поэзиясына қарап қостаймыз. Аллитерация<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Жирмунский В. М. Ритмико-синтаксический параллелизм как основа древнетюркского народного эпического стиха // Вопросы языкознания. 1964. № 4. С. 23.

<sup>2</sup> Аллитерацияны А. М. Щербак былайша таниды: «Аллитерация дегеніміз — сөз басындағы кез келген дыбыстың немесе буының үндес (біркелкі болып) келуі, сонымен қатар әрбір өлең тар-



өлеңге әуезділік (құлаққа жағымды үн үйлесімін) береді. Абай бұл тәсілдің осы қасиетін құбылтып пайдаланған: **Өз үйінде өзендей... Кісі алдында кірбенден... Бола қалдың бас асау... Жат мінезсің жабырқау... Жан-жануар, адамзат анталаса... Жайраңдасып жас күлер құрбысымен... Міне, бұл жолдарда айырып көрсетілген дыбыстар біркелкілік тудырып, өлеңге үн үйлесімін беріп тұр. Бірақ Абайдың және қазіргі қазақ поэзиясының бұл тәсілді пайдалануында бұрынғы өлең-жырлармен және шешендік сөздермен салыстырғанда айырмашылығы бар. Соңғыларда дыбыс біркелкілігі көбінесе өлеңде қатар келген тармақтардың, ал шешен сөзінде параллель компоненттерінің басында келетін болса, Абайда (және қазіргі өлеңдерде) ол бір тармақ аясында (ішінде) кеңірек қолданылады. Мысалы: Сендіре алмай, сене алмай сенделеді... Құдай құмар қылыпты қалжыратып... Тастан түлкі табылар аңдығанға...**

Екінші және басты айырмашылық — жазба поэзияда аллитерацияның образ үшін де, белгілі бір сөздерге (идеяға) көңіл аударту үшін де қолданылатындығында. Мысалы, *шенді-шекпен* сөзіне үндесу үшін ақын өзге мәндес етістіктерді емес, сирек қолданылатын *шелтірейтіп* сөзін таңдайды; *елді алып*, *есілді алып* дегеннен кейін аллитерация үшін өзге синонимдерді емес, *есіреді* сөзін қалайды. Бұл етістіктер тек дыбыс үйлесімі, әуезділік үшін емес, образ үшін де келтірілген қолданыстар.

Қазіргі поэзия Абай түрлендірген және жатсынбаған бұл дәстүрді әрі қарай жалғастыруда. Бұған мысалды кез келген ақыннан көптеп келтіруге болады. Айталық, Қуандық Шаңғытбаевта: **Көкектің айы көктемім, Күлімдеп күмбез көкте күн. Жайқалған жасыл жапанға Қарашы нұрын төккенін. Көкектің айы күмбезім, Керілген дала кең кезім. Жайлаудың шағы жақындап, Жадырап жүрмін мен де өзім... Әрі қарай да:**

мағының немесе шумағының басындағы бірінші буынына қарай болатын сапалық белгілердің үндесуі де аллитерацияға жатады» (*Щербак А. М. Соотношение аллитерации и рифмы в тюркском стихосложении. Народы Азии и Африки. 1961. № 2. С. 143*). Біз де осы анықтаманы дәл деп танимыз. Әдетте біздің ассонанс деп жүргеніміз сөз басындағы дауыстылардың біркелкілігі де, аллитерация дейтініміз дауыссыздардан басталатын біркелкілік. Ал шындығында дауыссыздардың біркелкілігі де келесі дауысты дыбыстардың бірдейлігімен қамтамасыз етіледі.

Көкектің айы көк айым... болып кете береді. Қабыл кәрім Ыдырысов Жағадан алма ағашы Жасын деп, Жоғары тұтна бағанды Басын деп, Жастың да соңында жас бар, Бастан да жоғары бас бар — деген алты жолдық шағын өлеңінде екі-ақ дыбысты (ж, б) ойнатады: бұлар әрі үн гармониясын жасап тұрса, әрі стильдік жүк арқалап тұр.

Шешендер қолданар құралдың бірі — мақал-мәтелдер, бұл орайда да шешендік сөз бен ақындық сөз бір-біріне ықпалын тигізіп келе жатқаны байқалады. Шешендер сөздеріндегі мақал-мәтелдердің жұмсалыу мақсаты айқын: ол айтылған ойды дәлелдейтін аргумент үшін келтіріледі (осы күнгі цитаталардың сынайласы ретінде), сондықтан мұнда мақалдар көбінесе өзгертілмей алынып, «дегендей, деп айтқандай» сияқты дәнекер сөздермен келтіріледі. Ауызша туып, ауызша тарап келген қазақ поэзиясы да мақалдарды көбінесе шешендерше пайдаланады. Ал Абай бастаған жазба поэзияда да мақалдар қолданылады, бірақ айырмашылық та бар. Мысалы, Абай халық қазынасында бар кәнігі мақалды көбінесе сол қалпында келтіріп, «дегендейін» деп ойын дәлелдемейді, таңдаған мақалды өлеңге жымдастырып, кіріктіріп, сол арқылы айтпақ ойын білдіреді. Ол үшін мақалдың қалыптасқан түрін өлең талабына (өлшеміне, ұйқасына) қарай сәл өзгертіп те жібереді. Мысалы, *Екі кеме құйрығын Ұста, жетсін бұйрығың* — деп, «күшінді бытыратпа» немесе «қолдан келмес іске ұмтылсаң, нәтижеге жете алмассың» деген идеяны мақалдың өзімен береді. Оның: *Қайта келер есікті Қатты серіппе, жарқын-ау* («Қайтып кірер есікті қатты жаппа» мәтелінің қолданысы), *Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма* («тілде сүйек жоқ»), *Бейнет көрмей, дәулет жоқ* («бейнет түбі—зейнет») дегендерін осы қатарға қосуға болады.

Әрине, жазба поэзия тілінде мақал-мәтелдерді өзгертпей беру мүлде жоқ емес. Мысалы, Абайдың өзінен: Әуелден сұлу жайы бізге мәлім: *«Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған», «Ит маржанды не қылсын»* деген сөз бар, Сәулесі бар жігіттер бір ойланар. *«Бір тойған — шала бийлық»* деген қазақ Ет көрінсе қайтеді күйсей бермей, — деп келтірген жолдарды оқи аламыз. Ал жалпы мақал-мәтелдерді поэзия тіліне өзгертпей қатыстыру бұл күнде өнімсіз тәсілге айналған деуге болады.

Шешендік үлгінің көркем проза жанрына қатысы, әсері (не ортақ тұстары) жайына келсек, ең алдымен, мәселені екі тұрғыдан қарастыру керек болады: шешендік сөз өнерін кейінкер аузында көрсету жайы, екіншісі — шешендік сөз өрнектерінің автордың өз қолданысында орын алуы туралы.

Соңғы онжылдықтарда қазақ әдебиетіне бірнеше тарихи романдар келді. Бұларда қазақ халқының XV—XVIII ғасырлардағы тарихи күй-жағдайы, өмір-тіршілігі, саяси-рухани дүниесі суреттеледі. Демек, сол дәуірлердегі қазақтың хандары мен қараларын, батырлары мен билерін сөйлетеді. Міне, осы тұста қауымның ақылгөй даналарын, ақылшы билерін өз стильдерінде сөйлету — жазушының суреткерлік міндеті. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Софы Сыматаев сияқты қаламгерлердің қазақтың байырғы шешендік сөздерін жақсы аңғарып, ізденіп еңбек еткендері байқалады. Мысалы, Ә. Кекілбаев «Үркерде» Тәуке ханның ақылшылары Кіші жүзден Әйтеке, Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек билерді сөйлетеді. Суреткер Әйтеке бидің «жарып айтатын», Қазыбек бидің «қазып айтатын», Төле бидің «тауып айтатын» шешендік өнерлерін мейлінше нанымды беруге ұмтылады. Қысқа қайрылған, табан аузында туған шешендік қайырымдардың үлгісін былайша береді:

Осы жолы да Әз Тәукені күллі қазаққа хан сайлап, сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын да жиылған жұрт: «Ертең елге барғанда айта баралық. Үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», — деп тырп етпей тұрып алған-ды.

— Сонда үш биден не сұрайсыздар? — деген-ді хан Тәуке.

— Үш би бізге ең әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын!...

Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле шыққан-ды.

— О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па? — деп қайта түсіп кеткен-ді.

Одан кейін төбеге Қазыбек көтеріліп, сонау көкжиекке қарап тұрып:

— Жылқы біткен көн кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көн кісімінесе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! — деп тонка қайта қосылған-ды.

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

— Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы напаян болар, көк сауытың — қатын, көк найзаң — балаң болар! — деген-ді.

Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды.

— Енді не сұрайсындар? — деген хан Тәуке.

— Енді үш би кәрілік пен жастық қақында не мәслихат қосады екен?

— Үй сыртында төбең болса, ерттеулі тұрған атың ғой, ел ішінде қарияң болса, жазулы тұрған хатың ғой, — деген-ді Төле би.

— Жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе — бәрінің шыққан тегің сол, қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе — ертеңгі жетер шегің сол! — деген Қазыбек.

— Ар сатып алған атақтан тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан кәріден еңбегін тосқан бала артық! — деген Әйтеке... (Ә. Кекілбаев. Үркер. «Жазушы». Алматы, 1981, 82—83-б.).

Әрине, бұл билер өз кезінде дәл осыларды айтты ма, жоқ па, кім білсін, өйткені бұл қысқа қайырымдардың бірен-сараны болмаса, қалғандары осы түрінде нақ осы билердің аузынан шығыпты деп жеткен емес. Бірақ би-кейіпкерлердің дәл осылай сөйлеуге тиісті екендіктеріне кәміл сенесіз, өйткені олар шешендік дәстүрдің барлық белгісін сақтап айтып тұр. Осы жазушы шешендік монологтің тұтаса келген ұзақ түрін де әсем әрі дұрыс береді. Мысалы, «Үркер» романының 89—90-беттеріндегі Төле бидің сөзі шешендіктің барша шарттары мейлінше сақталып, барлық аксессуарымен берілген.

Өткен дәуірлердегі шешендік өнердің шынайы үлгісін жазушы Мұхтар Мағауин де жақсы көрсеткен. «Аласаныран» романының кейіпкерлері тарихта аты мәлім билер де, кейде тіпті әлеуметтік мәнді әңгіме қозғайтын өзге қайраткерлер де мұнда шешен сөйлейді. Бұл жазушы да шешендік сөздің композициялық-тілдік белгілерін жақсы сезінеді. Мұнда шешендік үлгі тек шаршы топ алдында сөйлеген тұстарда ғана емес, хал мен би, би мен халық болып өзара сөйлескен диалог-

терде де берілген. Мысалы, Ораз-Мұхамед хапзада мен Томан бидің диалогі былайша келеді:

— Бол енді жалындырмай, — деді әбден ширыққан Ораз-Мұхамед.

— Тақсыр, кеше арғы атаңа орнықты орда болған, бергі атаңа қайыспас қорған болған, өз әкеңе қайраусыз қара қанжар, берік түйінді берен сауыт болған — мына біз едік! Ағасы Ондаң оққа ұшқан соң, ата салты аяққа басылмасын деп інісін қолдадық, текті анадан туған талай сұлтанның кеудесін басып, Тәуекелді хан көтерген — мына біз, жүз қаралы ақсүйек әулеті емес, мың сан қарашы халық! Иір мүйіз арқардың топатай құлжасын күлге лақтырып, қолайына жаққан қой асығының өзін сақа сайлаған салуалы қауымның оңтайын таппай оңған кім бар екен?!

— Қорқытасың ғой... — деді Ораз-Мұхамед кекете мырс етіп.

— Қорқытпаймын, қорқып отырмын, сұлтан нем, — деді Томан би тайсақтамаған қалшы. — Сұлтан ызғары — өткір сүңгінің жүзі, аламан жұрттың ызғары — үдірейген көрдің өзі, мен сол көрден қорқам. Хан ашуы — қара қылыш, қайтпай шапқанымен, қара орманды отап түгесе ала ма, халық ашуы — қаптаған өрт, жалыны жапандағы орданы шалса, оған адам жұғыса ала ма. Мен сол өрттен қорқам. Түйініміз бөлек болар — тілегіміз бір. Зор едім, қор болдым. Жау қуатын жарақты бас дау қуып, далбағай киеді деп кім ойлаған. Мені алдыңа келтірген — анау айбары күшті бұқара жұртың. Мені ашына сөйлеткен — мынау айбыны сесті қарашы бегің... (М Мағауин. Аласапыран. «Жалын», Алматы, 1981, 64-б.).

Билер сөзін, шешендер үрдісін тыңдап, тәлім алып өскен, аузынан шыққан әрбір сөзі «дуалы» болуға тиісті Тәуекел хан да, болашақ тақ иелерінің бірі — Ораз-Мұхамед те сөзге келгенде «қара жаяу» емес, суырылып тұрады:

«— Би, сөзіңнің аяғын жұтып қойдың! — деді Ораз-Мұхамед. — Жетісуды демедің ғой. Жетісу жаудың қолында қалса, жалайыр қалай жайламақ!? Онсыз да ел қыстап, қамысына дейін қырқылған Шу бойына қалай сыяды? Жазда сыяр, қыста несін жейді!? Осыны неге ойламайсың? Аттан! Ал қайтадан ата жерінді! Содан

соң айғ қоныстың жайын. Жетісу қолдан шыкса, оған жаяғыз жалайыр жазықты ма? Жайықтан тықсырылсаң, оған жаяғыз алышы айыпты ма? Жерің тарылды, қонысың қысқарды, оған мына сен, Томан би, мына сен, Көкбөрі баһадур, тек сендер ғана емес, солында отыратын қыпшақ пен найман, оңыңда отыратын аргы, қазір күн түбіне қарай маңып бара жатқан, бірақ Жемге жетпей тоқтайтын алты әлім мен он екі ата байуы. Қаратауды айнала көшіп емес, қоныс аударып қана жүрген қоңырат — өзегі бір, оты ортақ бүкіл қазақ — бөрің кінәлысың... Осыны ойлаңдар!» (Аласапыран, I-кіт. 1981, 66-б.).

Қазақтың шешендік өнері тек билер аузында, шаршы топ алдында ғана емес, өзге тұстарда да көрінетін болған. Айталық, құрбандыққа шалынатын боз қасқаға бата қылған Ел Тұтар сұлтан да шешен: «Иә, тәңірім! Боз қасқаның қаны — азаматтың ары. Боз қасқаның еті — ақсақалдың ниеті. Боз қасқаның сүті — ел-жұртымның құты. Нем — өзің, Жер-ана, Су-ана! Ақ, адалға қуат бер! Арам мен бұзыққа тұзақ сал! Бәтуа, бірлікке келген қарындас қауым өзіңнің жолына айтқан қасиетті құрбандықты қабыл ал!» (Сонда, 21-б.).

Орыс патшасы сарайына елшілікке келген Құл-Мұхамед те дипломатия тілі қарабайыр болмасын сезеді, ол да өз дәуіріндегі қазақ қауымының сөз өнері — шешендікті танытады:

«— Менің ханымның қалауы сіздің ақ патшаның мүддесімен орайлас, — деді Құл-Мұхамед. — Русияның қанаты кең, адымы алымды, айбары зор. Әйтсе де Үнді мен Ауғанға керуен тартқан жоқ, Қызылбас пен Бұхарға шындап неқ артқан жоқ. Қондыгердің Қазылық тауды жайлаған өрісін тарылта алмай, Хажы-Тарханға сұғынған қолын қырқа алмай отыр. Күші толысқан сайын жауы да көбейіп барады. Енді Бұхар көтерілсе, ноғай бұзылса, не болмақ!? Керуенге кесілген жол ашылар. Жандасқан жау жағаласпай тынар ма? Тіземіз түйісіп, тілегіміз қабысса, қазына өз аяғымен келер, дұшпан өз аяғымен кетер. Келмесе барып алу қиынға түспес, кетпесе, айдап тастау қиынға түспес. Ақыр түбі ақ патшаның байлығы тасар, Русияның мерейі асар!» (Аласапыран, II кіт., 11-б.).

Мұнда шешендер тіліне тән ұйқасты параллельдер

де (керуен тартқан жоқ//шыңдап нек артқан жоқ; байлығы тасар//мерейі асар), риторикалық сұраулар да (жандасқан жау жағаласпай тынар ма), аллитерация құбылысы да бар (жандасқан жау жағаласпай..., тізіміз түйісіп, тілегіміз қабысса...), әсерлі эпитеттер де (Русияның қанаты кең, адымы алымды, айбары зор) шешендік шырайын құбылта түскен. Сонымен қатар бұл текстер тек осы сияқты сыртқы тілдік-стильдік белгілермен ғана «шешен» емес, автор-персонаждың айтпақ ойын дәл беретіндігімен, диалог желісіне дән түсетіндігімен де ерекшеленеді.

Осындай шешен тілді сөйлемдерді жазушы С. Сыма-таевтың «Елім-ай» романынан да табамыз. Бұл автор кез келген кейіпкерін тілмар сөйлетуге бар. Әйтеке, Қазыбек сияқты билер мен Жомарт, Есет батырлар былай тұрсын, Балайым келін, Зылиха қыз тәрізді «қара» адамдар да төгіліп сөйлейді. Бұл орайда жазушы кейде шектен шығып кеткен жоқ па деп те қаласыз. Өйткені күнделікті өмірде шешендікті қажет етпейтін (тіпті ол оғаш көрінетін) сәттер аз емес қой, суреткер осыны әр кез ескере бермейтін де тәрізді.

Шешендік өнердің нағыз иелері билерді сөйлетудің көркем әдебиеттегі тамаша үлгісі Мұхтар Әуезовтің «Еңлік—Көбек» пьесасында берілген. Мұндағы Көбей мен Еспембеттердің дау сөздері жоғарыда бірнеше жерде мысалға келтірілді. Біздің байқауымызша, қазақ көркем әдебиетінде барлық кезеңде шешендік сөз үлгісін стильдік мақсатта (кейіпкерлер тілінде) пайдаланып, бұл өнердің тілдік сыртқы формуласын мейлінше толық беру мақсаты бірдей қойылмаған тәрізді. Дегенмен «Абай жолы» сияқты эпопея қазақтың шешендік сөз мәнерін көркем әдебиетте көрсетудің тұңғыш ірі үлгісі дей аламыз. Абайдың өзі шаршы топ алдында да, шағын топ алдында да әлеуметтік мәні бар әңгіме қозғай қалса, күнделікті ауызекі сөйлеу межесінен шығып, өзгеше үлгіде, шешендер дәстүрінде толғап кетеді. Сонымен қатар М. Әуезовтей ұлы суреткердің тілді, стильді сезіну кереметі сонда, Абай шешендігі бұрынғы фольклор мұрасынан таныс стандартты сақтамайды. Абайдың өзі айтқандай, ол «ескі бише зарламайды» «өлең сөзі түзелген» ақынның шешендік қара сөзі де ұйқасты-ырғақты, мақалды-мәтелді текст емес, ең алды-

мен ойға, логикаға құрылған, бір сөзінде артықтық не кемдік жоқ монологтер. Мысалы, Абайдың «Салика қыз дауында» ара ағайын боп кесік айтқан сөзін жазушы былай береді:

«— Уай, жағалай жұртым! Керей—Найман елім! Ортаңа мені қойыпсың. «Тетігімді тап, тынысымды бер» деп қойыпсың. «Сынға салдым, жарықшағымға жамау бол» деп сеніпсің. Арылып өтер жөнім бар... Әуелгі түйін — Салика қыз басы. Жақсы жол — елге жора. Мен, баяғың нені желеу, нені жамау тапқанын білемін. Жаңа ұрпақ жаңа тілекпен келеді. Жас боп туып, жетпестен күңіреніп өтем деп келмейді. Жаңа күн өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін жас көңілімен айтады... Оған құлақ ілмеген елдіктің дауасын таппай, аласын табады. Бұл қыз болса: тағдыры бір жазалаған қыз. Теңінен айрылып, тілегінен кесілген қыз. Ата-анасы, қайран жұрты бір атаған орнынан жас көңілін тапжылтпай табылған-ды. Бірақ бір өмірге екі өлім бұйырған тәңір тағдыры да жоқ. Сабатар тілегі сол қыз басына екінші өлімді қанды нөқта қып ұсынып отыр. Бұл ақ нөқта емес, қайта айтамын, — қан нөқта. Қыз өлімге бар, бұл өмірге жоқ... Бір жанға екі күймек — әділет емес. Бір қыздың екі сатылмағы жол емес. Алғашқыда саған берген еркін, халық, енді қыздың өзіне бересің. Қыз басы Сыбаннан азат. Бұл — менің бірінші байлауым! (М. Әуезов. Шығ. V т., Жазушы, Алматы, 1968. 380—381-б.).

Бұл айтылғандардың баршасы шешендік сөз үлгісінің көркем әдебиетте, оның ішінде көбінесе тарихи шығармаларда кейіпкерлерді сөйлету арқылы көрінген түрлері. Өз орнында жұмсалған шешендіктің нағыз байқалар орны — драмалық шығармалар. Әсіресе ішінде билер дауы, қоғам қайраткерлерінің топ алдындағы сөзі, романтикалық драма, трагедиялардағы кейбір кейіпкерлердің толғаныс-монологтері берілген пьесаларда драматург қазақтың шешендік сөз өрнегін еркін пайдаланады, ол осы өнерге тән тілдік-көркемдік аксессуарды жақсы көрсетеді. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында бас кейіпкер Амангелді Петроград советі жіберген қызыл туды қабылдап тұрып берген атын шешендік үлгімен айтады:

Амангелді (ту алдына бір тізерлеп). Үміт көзін қараумен талған, ата арманы балаға қарыз боп қалған,



енбекші қазақ халқы, *сенің алдыңда*, қорлық-зорлықтан басқаны көре алмай, құлазып жатқан қазақ даласы, сенің топырағыңды басып тұрып, ескінің күәсі еңкейген кәрі, сенің алдыңда, келер күннің армансыз жасы, *сенің алдыңда*, жалынды тілек шыққан күннің белгісіндей Қызыл ту, *сенің алдыңда* елдің азат бостандығы үшін, *бұратана бұралқылықты* жою үшін, *жетсе қан, жетпесе жанды атап* ант етемін! (Ғ. Мүсірепов. Бес томдық шығ. II т. Жазушы, Алматы, 1973, 196-б.).

Мұнда ұйқасты параллельдер де бар (*қараумен талған//қарыз боп қалған*), қайталаулар да (*сенің алдыңда*), дыбыс үйлесімі де (*ескінің күәсі еңкейген кәрі, бұратана бұралқылық*) — қысқасы, шешендік құралдардың біразы кездеседі. Ант әсерлі, шешен тілде берілген.

Немесе «Ақан сері — Ақтоқты» драмасындағы Ақанның монологтері нағыз шешен өрнектермен нақышталған болып келеді. Бір ғана мысал:

Ақан. ...

Аһ, ол кезім!  
*Мың бұралып, жүз толқындап,*  
Келіп тұрған ән бар еді бойымда,  
Басқа теуіп,  
Бет-аузына түкіріп,  
Көрместей боп қуып едім манымнан.  
*Жатсам түстен, тұрсам естен*  
*Шығармысың, өтеуі жоқ осы арман!*  
Көк жиекке көз салуға,  
Әр төбеге бір шықтым.  
Бұл өмірден мағына іздеп,  
*Асау ойды* әр княға бір салдым.  
Жөн таба алмай *құр сандалдым,*  
Әр аралға бір *қамалдым,*  
Өмір — *теңіз,* таба алмадым өткелін...  
Айсыз түнде адасқан жан,  
Қол бұлғаған талай отты көрсем де,  
Бұрылмадым, кете бардым —  
*Адасқанның алды жөн!*  
*Әр аруаққа* бір түнеумен,  
*Әр есікті* бір қағумен  
Арманда өткен көп өмірдің  
Өтеуі жоқ өкініші осы да... (сонда, 87-б.)

Бұл, әрине, кіріспесі, негізгі ойы, сол ойдан туатын қорытындысы айқын, көпшілікті (тыңдаушыларын) бір іс-әрекетке шақырған, ұмтылдырған шаршы топ алдындағы нағыз шешен сөзі болмаса да, өз ішінен күңіреніп,

өзіне айтқан ойы бола тұрып, сол шешендіктің тілдік-стильдік құралдарып мейлінше шебер пайдаланған, тыңдаушы сезіміне күшті әсер ететін сөз үлгісі, шешендік өнердің өмірдің және бір қырында көрінісі деп танымыз. Мұндағы айырып көрсетілген сөз орамдары, бүкіл тектің белгілі бір ырғақтық топтарға жіктеліп берілуі (қара сөз бола тұра бұл монологтің әрбір ритмикалық-синтагматикалық тобы өлең тармақтары сияқты бір-бір жолға жазылғанына назар аударыңыз), экспрессивті эпитеттер (*қап-қараңғы тамуқ, асиу ой, өтеуі жоқ өкініш* т. б.), метафоралар (*өмір—тамуқ, өмір—теңіз*) осы пікірімізді растайды.

М. Әуезовтің «Қарагөзіндегі» Сырымның монолог-толғаныстары, Т. Ахтановтың «Ант» пьесасындағы Төле бидің Қазанғап балаға берген батасы, хандарға айтқан ақылы, Әбілхайыр ханның көпке қарата айтылған «Кер заманға кез боп тұрмыз мінекей, күні кеше қандай едің қарындас» деп басталатын монологі, Төле би мен Мыртық бидің айтыстары т. т. ауызша шешендік өнердің үлгісін сақтай, әсерлі, көркем тілде ұсынылған (мұның бәрі өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін кең тақырып, біз бұл жерде тек шешендік сөз өнерінің көркем әдәбитте көріну түрлеріне мысал келтірумен ғана шектеліп отырмыз).

Ал шешендік сөз үлгісін көркем шығармада автордың өз тілінде, өз баяндауында қолдануы жайына келсек, оның да арнайы зерттеу объектісі екенін ескерте отырып, мынадай жалпы пікірлерді айтуға болады. Негізінен соңғы 60—70 жыл ішінде ғана қалыптасып, бүгінгі биік дәрежеге (көркем әдебиеттің жанрлық дамуын танытуда) жеткен қазақ прозасы тілінің негізі, қайнар көзі, арсеналы — қазақтың ауызша тарап келген сан ғасырлық төл әдеби тілі мен халықтың ауыз әдебиетінің сөз үлгісі және халықтық сөйлеу тәжірибесі. Алдыңғы арналарға мол поэзия дүниесі мен билер, кеңесшілер, тапқырлар, қоғам қайраткерлері т. б. қалдырған сөз дәстүрі (шешендік сөздер) жататыны молім. Демек, көркемдеу құралдары болсын, әсерлі, ұтықты элементтерді таңдауда болсын, айтылмақ ой мен оның тілдік көрінісін бір-біріне сай етіп келтіруде болсын қазақ көркем прозасы өзінің қай жанрында да поэзия мен шешендік сөздердің амал-тәсілдеріне, байлық-қорына

пек артады. Осы күнге дейін орайы келген сәтте автор өз баяндауында аллитерациялы-ассонансты сөз тізбектерін пайдаланудан, көпінгі метафоралардан, эпитет, теңеулерден қашпайды. Мысалы, Ғабит Мүсірепов «Оянған өлкесін» осындай аксессуарлармен бастайды:

Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп қонып жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ еді. Жаз бойы Құланөтпес пен Құдайменденің кең шырыша сыйса алмай, күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқандары жай да емес сияқты.

Алшақ жайласып, араласпай араз отыратын екі бай уәделесіп қойғандай, Майқұдық басына бүгін кешке жақын қатар келіп құлады. Бірінен-бірі іргесін айыра алмайтын дос ағайындарша, бір ғана бұлақтың басына нық тиісе қонып жатыр... (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ., II т., Алматы, 1955. 7-б.).

Әрине, жазушы бұл жерде үлкен прозалық полотноны қайткенде де осылай бастасам деп алдына арнайы мақсат қоймаған да болар, бірақ оқырманға бірден әсер етіп, құлағын елең еткізер сөз құйылысы осылайша шешен төгілген.

Орайы келген тұста дегеннің мәні бар. Шешендік мәнер кез келген шығармада әрдайым орын таба бермейді. Ол көбінесе көтеріңкі стильдегі (тондағы) тұстарда немесе көтеріңкі үн бар жерде қолданылуға бейім. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында не бір романтикалық үнге толы тұстар аз емес. Автор бұларды өз баяндауымен бергенде, стилінің де өзгешелеу келуін, әсерлі, әсем тілмен айтылуын көздейді, сүйінген, шарықтаған ой-сезімін бейне бір шешендерше көсіліп, серпіліп, ауызша айтып отырғандай етіп білдіреді. Абай аулына Біржандай өнер алыбы келіп, ән мен жан сұлулығына кенелтіп кеткен шақты Біржанның аттанып бара жатқандағы суретімен былайша береді:

«Сол кеште Барлыбай жазығындағы Құнанбай аулынан жан-жаққа шашырай тараған жастар топтары осы атырапта иін тіресіп отырған, талай жүздеген ауылдар үстінен, «шимандай» ел арасымен өтіп бара жатып, еркін, әсем ән шырқады. Біресе бұлбұл нақысты, көп ырғақты «Жиырма бесті» созады. Бірде назды қоңыр, кең тынысты «Жанбота» шығады. Тағы бірде

екпінді, өршіл, сегіз қырлы «Жамбас синар» кетеді...

Барлық ерке, еркін әндері: «Өмір, өмір, сені сүйем!  
Әнші өнерпаз, бойыңды кер, қанат қақ! *Сазды кеште  
назды көңіл сыр ашады. Азат, асыл шын жүрек тер  
шағады*». Кейде «Қайдасың, таны, тап мені, қадірлі  
жар, қалқатай, қасиетің асқан қара көзім!» дейді.

Көрейін өз сорымнан ұстап алса...

Осыны айтып жатқан қыз құрбандығы қандай!

Түскенде сен есіме, өй карағым,  
Жортайын аш бөрідей тау жебелеп.—

дейтін жалынды жігіт ше? Немесе:

Ақ боз үйдің сыртынан аттандырып,  
«Қош, қалқатай!» дегенін естен кетпес, —

дейтін *опалы жігіт қандайлық!*.. (М. Әуезов. Шығ., 5-т., Алматы, 1968. 81-б.).

Әрине, мұндай текстерді таза шешендік сөз деп атауға болмайды, өйткені бұл жердегі автор толғанысы шаршы топ алдындағы ресми сөз емес, бұл жерде шешендер сөзіне қойылатын құрылымдық шарттар да жоқ (кіріспе, негізгі ой, қорытынды тәрізді), бірақ сөйте тұра бұл — шешен тілде берілген автор сөзі: оқырман эмоциясына әсер ететін үн (тон) бар, шешендікке тән стильдік тәсілдер бар (...қыз құрбандығы қандай! ...жалынды жігіт қандай! ...опалы жігіт қандай! сияқты қайталаулар; бұлбұл нақысты, көп ырғақты, назды қоңыр, кең тынысты, екпінді өршіл, сегіз қырлы тәрізді эпитеттер; қадірлі жар, қалқатай, қасиетің асқан қара көзім деген аллитерациялы түзілістер т. б. осыны танытады).

Қазқтың ауызша шешендік дәстүрінің көркем әдебиетте автор тілінде қолданылуы үлкен шеберлікті, жазушының стиль сырын жақсы түсіне білуін талап етеді. Ең негізгісі — шешендік өнерге тән сыртқы тілдік белгілерді қуалап, оның жалпы шығарманың немесе микро-текстің стильдік үніне сай түспейтін етіп жазу қаупінен сақ болуда. Өйткені қашанда да шешендік сөз үлгісі — тек ұйқасты-ырғақты, әсерлі сөздердің құр жиналғығы, шоғыры болған емес, ең алдымен шешендік сөз мәні, мазмұнды ойдың дұрыс, айқын, әсем түрдегі көрінісі

болуға тиіс. Ал қазіргі көркем проза түп тамырымен қаншама астарласын жатса да, оның тілі бұрыннан келе жатқан көркем сөз өнерінің жалаң көшірмесі болуға тиісті емес. Мұны қазақ жазушылары жақсы түсініп, бүгінгі қазақ көркем әдебиет тілін жазба функционалдық стиль тұрғысынан талап етілетін деңгейге көтеріп отыр.

### ШЕШЕНДІК СӨЗДІҢ ПУБЛИЦИСТИКА ТІЛІНЕ ӘСЕРІ МЕН ҚАТЫСЫ

Публицистика — жазба әдебиет жанры. Сөйте тұра ол — әдеби тілдің ауызша түріне ең жуық келетін жанр. Өйткені публицистиканың саяси-көркем очерк, памфлет, эссе, репортаж тәрізді салалары информация берумен қатар, оқырманға әсер ету, оны пландыру, жиіркендіру, сүйіндіру т. б. сияқты мақсаттарды да көздейді. Сондықтан мұнда да, ауызша шешендер сөзіндегідей, эмоциялы-экспрессивті элементтерді тандап алу, құлаққа жағымды дыбыстар үйлесімін (аллитерация) жасау, метафора, тенеулерді еркінірек қолдану, модалдық реңк беретін элементтерді (қыстырма сөз, сұраулы сөйлемдер т. т.) жатсынбау тәрізді құбылыстар орын алады. Әсіресе тексттің композициялық-синтаксистік құрылымы жағынан публицистиканың жоғарыда аталған салалары мен топ алдында сөйленетін шешендік сөздер бір-біріне мейлінше жақындайды. Бұл сипат қазақ публицистикасының алғашқы пайда болған күнінен бермен қарай орын алып келеді деуге болады.

Абайдың атақты «Қарасөздерінің» бірқатарын қазақ публицистика жанрының алғашқы үлгілері деп танимыз. М. Әуезов «Қарасөздердің» бұрын қазақ әдебиетінде болмаған жаңа жанр екенін алғаш көрсеткен еді: «Абайдың осы барлық «Қарасөз» дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі... [Бұлар арқылы] Абай өзінің көпшілік оқушы, тыңдаушысымен әңгімелеседі... сатылап отырып, үгіт-өспет асырады», — дейді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Әуезов М. Әр жылдар ойлары. 169—170-б.

«Өлі таңқан бір алуан көркем сөздің» бұл түрінің бірқатарын біз әссе, очерк, трактат, ғылыми этюдтер деп танып, олардың негізінен публицистикалық стильде ұсынылғанын айтамыз. Ал бұларды Абай, М. Әуезов айтқандай, оқушысымен әңгімелесу түрінде береді және жай әңгіме емес, бір нәрсені түсіндіретін, бір нәрсе жайында сендіретін әңгіме болғандықтан, олар осы мақсатпен ауызша айтылатын шешендер монологіне ұқсас түседі. Прозаник Абай өзіне дейінгі дәстүрлі шешендік сөз үлгісінен көп пайдаланады. Бұл үлгіні жай қабылдамайды, оның белгілерін іштей сезіне отырып, творчестволықпен, жаңа тәсілмен қолданады. Мысалы, «Бірінші сөзінің» композициясының өзі шаршы топ алдында айтылатын шешендік сөз құрылысын танытады. Бұл бір беттік шағын текст Кіріспеден былайша басталады:

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық — зурешілікті көре-көре келдік. Енді ер ортасы жасқа келдік; қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын. (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том, Алматы, 1957. 157-б.). Әрі қарай тыңдаушы (оқушы) назарын аударып әрі түсінуді жеңілдететін бөліктерге бөлінеді. Ол бөліктерді *Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Софылық қылып, дін бағу? Балаларды бағу?* деген анафора ретінде келген бір тектес сұраулы тіркестер жасайды да, әрқайсысында негізгі ой ұсынылады. Соңғы абзац кәнігі қорытынды болып аяқталады. Мұнда ауызша шешендік сөзге тән риторикалық сұраулар да бар, құрмалас сөйлем компоненттерін шылаусыз жалғастыру да орын алған. Оның үстіне бұл шығарма тұтас алғанда оқушысымен (тыңдаушысымен) ауызекі жай ғана әңгіме шерту тонында берілген:

Мал бағу? Жоқ, [малды] баға алмаймын. Балалар өздерінше керегінше [малды] өздері бағар...

Балаларды бағу? Жоқ, [оларды] баға алмаймын. [Балаларды] Бағар едім, [бірақ] қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, [оларды] не болсын деп бағам[ын],

[балаларды] қай елге қосайын, қай халыққа қосайын...

Бұл үзіндіде шаршы жақша ішіндегі сөздер түсіріліп берілген, бұл — ауызша сөйлеудің құрылымы. Тіпті абзац басындағы тіркестің сұраулық мағынасы тек қана интонациямен жасалған, бұл да ауызша сөйлеу актісінде ғана жүзеге асатын амал.

Әрине, Абайдың прозалық 46 шығармасы («Сөздері») түгелімен осы тәртіппен келген публицистика — жазбаша шешендік сөз үлгісі емес. Және топ алдында ауызша сөйлеудің тәртібімен келгендерінің өзі тілдік-көркемдік құралдарды пайдалану жағынан бұрынғы нағыз «майы тамған» шешендік сөздерден өзгеше келеді: бұларда экспрессивтік бояуы қалың эпитеттер жоққа тән, кәнігі метафора, тенеулерге де Абай көп жүгірмейді, аллитерациялы-ассонансты тізбектер де жоқ. Тіпті бір қарағанда Абай «Қарасөздерінің» дені күнделікті тұрмыста қолданылатын жай ауызекі сөйлеу үлгісіне ұқсап кетеді. Өйткені автор, М. Әуезов айтқандай, прозасындағы білдірмек ойларын «тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлайды. Айтпақ сөздері мен ойларын мысалдармен келтіреді». Сөйте тұра «Қарасөздер» қарапайым сөйлеу үлгісінде жазылған «жайдақ тілді» туындылар емес, белгілі бір стиль кілтін тауып, жазба әдеби тілде ұсынылған дүниелер.

Қазақтың байырғы шешендік сөз мәнері тілдік-стильдік тұрғыдан қазіргі публицистикаға да әсерін тигізіп, ізін қалдырып келеді. Өйткені кей сәттерде публицистика шаршы топқа жазбаша түрде ұсынылған сөз іспеттес болып келеді: бұларда да автор белгілі бір информация берумен қатар, оқушысын бір нәрсе жайында сендіру, бір нәрсеге ұмтылдыру, әсер ету мақсатын діттейді. Ал сендіру үшін айтылмақ ойдың айқын, түсінікті болуы көзделеді, бұл — тұтас тексттің композиция жағынан жинақы, рет-ретке келтірілген, «тәртіптелген» құрылымын талап етеді: сөз-текст көбінесе кіріспе, негізгі ой және қорытынды бөліктерден тұрады (немесе осындай бөліктердің нышаны бары байқалады); жоғарыда келтірілген Абайдың «Бірінші сөзіндегідей» абзац-периодтарға бөлінуі де мүмкін; оқушы психологиясына әсер ететін экспрессивті элементтердің қолданылуы да орынды; модалдық құралдар да публицистика үшін қажет дүниелер.

Бұған қазіргі публицистикадан мысал ретінде жазушы-журналист Ақселеу Сейдімбековтің «Серпер» атты кітабына енген очерктерінің біреуінен мысал келтіруге болады:

*...Тың дүбірі кең-байтақ қазақ даласын кернеген аламан бәйгесіне ұқсас болатын. Осынау тарихи аттаныста шын тарландар суырылып алға шықты. Олар тусыраған құла түзде табанын тасқа тигізбей, маңдайын күнге күйгізбей, хас жүйріктің қарымын танытты. Ұлы дүбір бәйгенің ішінде тапырақ тарпаңдар да болды. Олар күн мен желге, күш пен терге шыдамай, шаң қауып қалды.*

*Тың төсіндегі миллиондардың аламан бәйгесінен а дегенде-ақ суырылып шығып, шабысынан танбай келе жатқан тарландардың бірі — Владимир Абрамович Дитюк. Владимирдің тарландығы жер танабы, күн қабағына қарамай, тұрақты қарқын ұстауымен дараланады. Бұл не деген сөз? Бұл — береке жорығында жолай кездескен кедергілерге қарамастан, жыл сайын тың төсінен тұрақты өнім алу деген сөз... (Сейдімбеков А. Серпер. Алматы, 1982. 115-б.).*

Бұл шағын үзіндіде әсерлі эпитеттер де (*кең-байтақ дала, аламан бәйге, тусыраған құла түз, тапырақ тарпаң*), ұйқасты параллельдер де (*табанын тасқа тигізбей//маңдайын күнге күйгізбей; күн мен жел//күш пен тер; жер танабы//күн қабағы*), ұтқыр метафоралар да (*аламан бәйге, тарихи аттаныс, береке жорығы*), аллитерация мен ассонанс арқылы келген дыбыстар үйлесімі де (*тусыраған құла түзде табанын тасқа тигізбей...; хас жүйріктің қарымы; тапырақ тарпаң; тың төсі*), риторикалық сұрау да (*бұл не деген сөз?*), образды фразалар да (*суырылып шықты, шаң қауып қалды, шабысынан танбады, хас жүйріктің қарымын танытты*) — қысқасы, шешендер қолданар аксессуарлар түгелге жуық бар. Бұл жерде публицист автор — «жазба шешен».

Әрине, публицистика, тіпті оның очерк, саяси памфлет, эссе сияқты түрлерінің барлығы түгелімен осылайша «жазба шешендікті» анық көрсете бермейді. Шешендік айшықтары өте сараң байқалатын, көбінесе ресми хроника, ресми информация стилінде жазылатын да публицистика үлгілері көп екенін айту қажет. Дегенмен баспасөз беттерінде жарық көретін кейбір шағын публи-



цистикалық жазбаларда шешендікке бой ұрушылық бар, бірақ оның баршасы орынды, дәлелді (мотивті) бола бермейді. Публицистика тілінің басты мақсаты — айтылмақ ойдың, берілмек информацияның айқын, түсінікті болуы. Сондықтан тілдік тұлға-тәсілдердің қолданысы ойды (мазмұнды) дұрыс білдіру мақсатына бағындырылуға тиіс. Ойды көмескілеп, түсінігін ауырлататын немесе сол шығарма стиліне дәл түспейтін тілдік элементтер қаншама әсем, айшықты болғанымен, оқушысын сүйіндіріп, сезіміне әсер етпей, керісінше, сөздің (текстің немесе микротекстің) «сырты жалтыр, іші қалтыр» болып шыққанын байқатып қояды. Мысалы, республикалық газеттердің біреуінде жарияланған мақаладан мына бір микротексті келтірелік: Күннен күнге құба жөн қырат шалқия (?) шалқарды (?) шабындырған (?) шаруакер орақ та оңтүстік өңірінде өрмек жүзінен әлдеқашан-ақ ауып (?), астық алқабын буылдыр (?) белеңнің (?) бөлек бір күйі кернегендей... Мәуелі (?) маржан тұнған телегей толқын асыр (?) атырапты андыздаған (?) агрегаттардың дауылпаз (?) даланы дүрліктірген дабылы аламан (?) астық айқасына аттаныс, ерен еңбекті ереуілдеткен (?) бүгінгі білекті (?) бейнет алтын арнаның толағай (?) толқынындай төбеленген дариялы (?) дән қашанда көздің қуанышындай-ау... Ең алдымен, бұл сөйлемдердің өзін түсіну қиын: сөздер сыртқы тұлғаны қуалап, топ-тобымен ассонанстатып, аллитерациялатып келтірілген. Мұндағы «шалқия шалқарды шабындырған шаруакер орақ» деген тіркес сырт қарағанда, құлақпен тындағанда, әдемі-ақ сияқты: *ша-ша-ша* деген дыбыстардан басталатын төрт анықтауыш қатар бой түзіпті, бірақ төртеуі де өз орындарында емес. Шалқия шалқар деген не? Шалқары егістік-ақ болсын, сонда оның шалқия анықтауышы нені білдіреді? «Шалқарды шабындыру» дегенді қалай ұғамыз? «Шаруакер орақ» деген де «онып тұрған» жоқ: шаруагер адам болса бір жөн, ал орақ қалайша «шаруакер» болады? Бұл сөйлемдегі «арнаның» деген сөз астық алқабының «бай, мол» деген сипаттамасын бере алмайды, «буалдыр белең» тіркесі де сәтсіз, оған «белеңнің күйі» дегенді қоса оқығанда, ой желісінен мүлде адасып қаласыз. Келесі сөйлемде де сұрақ белгісі қойылған сөздер жөн-жосықсыз, тек басқы дыбыстары-

ның «арқасында» кәдеге асырылған элементтер. Мұндай мысалдар газет-журналдардың қай-қайсысынан да табылады. Демек, көркемдіктің бір бояуын рабайсыз «баттатып» жағып жіберу — шешендік дәстүрді пайдалана білмегендікті көрсетеді. Бүгінгі таңда да әсерлі, шешен тіл керек, бірақ қашанда да шешендіктің негізі— айқын ой мен логиканың дұрыстығы ғой. Бұлар жоқ жерде сөздің сырты қандай сылдыран тұрса да, оны тыңдаушы (оқушы) шешеннің сөзі деп қабылдамайды.

Сөйтіп, тілдік-көркемдеуіш құралдарды пайдалануға келгенде, публицистиканың памфлет, трактат, эссе сияқты кейбір жанрларының (түрлерінің) шаршы тонка ауызша ұсынылатын шешендік сөздермен түйісетін тұстары едәуір екені байқалады. Ол жақындық бұлардың көпшілікке ресми түрде арналатын міндетінен шығады. Бұлар осы міндетке орай әсерлі, құлаққа жағымды, ойы «тәртіпті» болуды қажет етеді. Әсерлілік сөз таңдау (синонимдердің экспрессивтік бояуы қоюларын алу, реті келсе көне, сирек, жергілікті, қарапайым элементтерден қашпау т. т.) арқылы да, эпитет, теңеу, метафора сияқты көркемдеуіш құралдарды әдейі қолдану арқылы да, әр алуан модальдық реңк беретін тұлға-тәсілдерді қатыстыру арқылы да жүзеге асырылса, ой айқындығы мен реттілігі текстің бір тектес абзац-периодтарға бөлінуі, қайталаулардың қолданылуы тәрізді амалдармен жасалады.

Бұл күнде ауызша шешендік сөздің публицистикаға әсерімен қатар, керісінше, баспасөз тілінің, көпшілікке арналған публицистикалық шығармалардың топ алдында ауызша айтылатын сөздерге күшті ықпалын тигізіп отырғаны байқалады. «Қазақта қара сөзге дес бермеген», қаламы да, көмейі де әбден төселген кейбір жазушы, журналист, ғалым, комментаторлар болмаса, топ алдында сөйлеушілердің көпшілігі баспасөз, радио, телевизия тілдерінің үлгісін көп пайдаланады, өйткені «көпшілік қолды» сөз қолданыстың эксперимент дала-сы да, «паспорт алып» өмірге (әдеби тілге) келетін орны да, ең алдымен, газет-журналдар беттері, оған ілесе радио мен телевизия сияқты көпшілік коммуникациясы құралдары екені белгілі. Сондықтан қазіргі үгітші-насихатшылар тілінен де, әр алуан лекторлар аузынан да лексика-фразеология саласында болсын, кейбір

грамматикалық тұлға-тәсілдерді қолдануда болсын «газеттік» стереотиптерді едәуір көп естиміз. Мысалы, *толымды тартулар, ерен еңбек, талап деңгейінен көрініп жүр, чемпиондық атақты жеңіп алды, мийталман малыларымыз бар, оптималды пайдалану үшін күресеміз* т. б. тәрізді таптаурын тіркестерді (штампарды) лекторлардың, үгітшілердің, мұғалімдердің — қысқасы, көпшілікке арнап сөз сөйлейтіндердің көбінің аузынан естуге болады. Бұл дәстүр, әрине, ауызша әдеби тілдің, шешендіктің түрлене түсіп дамуына кедергі жасамаса, айтарлықтай табыс әкелмейтіндігін айту керек болады.

### ШЕШЕН НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Шешен кім немесе шешендік өнерге кім не бола алады: талантты ма, талапты ма? Бұл қоғамдық құбылысқа назар аударғандардың бірқатары оны табиғи таланттан туатын өнердің түрі деп санайды. Мысалы, атақты Цицерон: шешендік — табиғат берген қасиет дейді (оның: әрбір ұрпақтың тұсында дүниеге бір ғана шешен әрең келеді дегені де содан болар)<sup>1</sup>. Орыс тіліндегі шешендіктің тұңғыш теоретигі М. В. Ломоносов та шешен болудың бір шарты — табиғи дарын дейді. Табиғи дарынның жанға бітер белгісі тапқырлық пен естіген-білгенді жадында сақтау қабілеті болу керек деп санайды<sup>2</sup>. Орыс шешендігінің ірі уәкілі әрі теоретигі А. Ф. Кони де шешендік — «қара жаяу» құбылыс емес екендігін ескертеді.

Шешендік — негізінен практикалық қажеттіктен туатын құбылыс. Сондықтан оның әр дәуірдегі, әр халықтың тарихындағы қызметі, әлеуметтік мәні, түрлері, иелері түрліше болады. Біздің заманымызда шешендік — ілуде біреу пайдалана алатын, сирек қолданылатын өнер категориясы емес, керісінше, қоғамның әлеуметтік, мәдени, рухани өмірі кеңінен қажет етіп отырған, көптеген мамандар мен әр алуан қайраткерлер әрдайым іске асырып келе жатқан іс-әрекет актісі. Мүмкін, сондықтан да шешендікті «өнер» деп атау шартты деген пікірлердің<sup>3</sup> жаны бар болар. Социализм дәуірінде, оның кемелденген қазіргі кезеңінде шаршы топ алдында

<sup>1</sup> Об ораторском искусстве. М., 1973. С. 43.

<sup>2</sup> Сонда. 71-б.

<sup>3</sup> *Ножин Е. А.* Основы советского ораторского искусства. М., 1981. С. 6..

сөйлеу түр жағынан да, сан жағынан да әлдеқайда артты. Бұл фактор шешендіктің өзін де, шешендерді де көбейтті. Демек, қазіргі адамдар табиғи таланттың баржоғына қарамай-ақ, оқып үйрену, тыңдап үйрену, үздіксіз жаттығу арқылы шешендік сөздің иесі бола алады. Осы жерде советтік қоғамымыздың ірі мемлекет қайраткері, әрі белгілі тілмар шешен болған А. В. Луначарскийдің мына сөзін келтіру орынды: «Социализм адамға дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, этикалық, эстетикалық тәрбие берумен қатар, өмірдің төрт қырына бірдей қатысты және маңызды міндет — тілді дамыту міндетін ұмытпауымыз керек дегенімде, социализм үшін мұның мәні екі есе зор екенін де баса айтамын. Екі есе мәнді болатын себебі — социализм кезінде адамдардың өзара қарым-қатынасы мейлінше күшейеді, жеке адамның томаға тұйық өзімен-өзі болуы жойылады...»<sup>4</sup>.

Бұл күнде шешендік-әлеуметтік мәні артқан көптеген құбылыстардың тек бірі емес, сонымен қатар ол ең жоғары талап қойылатын творчестволық іс-әрекет түрі. Шешендік — бұл да әдеби творчество, оның ауызша түрі (А. Ф. Кони). Шаршы топ алдында сөз айту — адамның өз пікірін дауыстап білдіруі, ал радио (ол да шаршы топ алдында сөйлеу түрі ғой) — «көпке ауызша тарайтын газет» болғандықтан, бұлардың тілі де ең әдеби, ең сұрыпталған, ең айқын, ең әсерлі тіл болуы керек. Телевизия да аудиовизуалды (әрі көріп, әрі тыңдап отыратын) информация құралы, сондықтан одан сөйлеушілерге де «шетінен шешен» болу талабы қойылады. Демек, шешендік — қазір «топ алдында сөйлеу» деген ұғыммен астарласып жатыр. Әрине, топ алдында түрліше сөйленуі мүмкін: әдеби норманы сақтамай, әсерлі элементтерді пайдаланбай, стильдік арнадан асып дегендей олақ, сауатсыз, әсерсіз сөйлейтіндер де болуы ықтимал. Сөз жоқ, мұндайларды «шешен» деп атау осы терминнің қай кездегі ұғымына да сай түспес еді.

Ал шешен қандай болуы керек? Ол нені білуі керек? Шешен неден сактануы қажет?

Ең алдымен, Ежелгі Рим дүниесіндегі шешендіктің теоретигі Цицеронның сөзімен айтсақ, шешен (оратор) үш нәрсенің: нені айтудың, қайда айтудың, қалайша айтудың — қамын жеуі керек. Бірінші шартқа

<sup>4</sup> Об ораторском искусстве. М., 1973. С. 308.

(нені айту) жауап беру үшін шешендік сөздің құрылым жағынан және де үш тағанға тірелетінін білу керек болады. Олар: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Кіріспе — «дүйім жұртты» аузына қаратып алу үшін қажет. Негізгі бөлім — шешендіктің қазығы, ол белгілі бір тақырыптан хабар (информация) беру болады.

Екінші шарттың (қайда айту) орындалуы үшін, ұсынылатын информация тыңдаушылардың құрамына лайық болуын көздеу қажет. Мысалы, бір тақырыптың өзіне арналған сөз (айталық, лекция) жұмысшы не колхозшылардан құралған аудиторияда да, немесе басты тобы ғылым, я болмаса өнер қайраткерлері болып келетін коллективте де айтылатын болса, оларда келтірілетін информациялық материалдың мазмұны, көлемі, сипаты т. б. жағынан бірдей болуы әрдайым мүмкін емес. Мұның қай-қайсысында да «шектен шықпауды» (орысша «чувство меры» дегенді) ойластыру керек. Айталық, Азық-түлік программасы жөнінде сөйлейтін шешен (баяндамашы, жиналыста шығып сөйлеуші, лектор, шәлушы, үгітші т. б.) ең алдымен сөзін кімге арнап тұрғанын ескеріп, осы тақырыпты өрбітетін, түсіндіретін, дәлелдейтін, қорытынды шығарып, ұсыныс айтатын информациялық материалды дұрыс таңдап алуы шарт: сол Азық-түлік программасын орындауға тікелей қатысатын коллективтер аудиториясында айтылатын әңгіме өзегі, келтірілетін мысалдар нақты өздеріне қатысты болса, өзге аудиторияда, айталық, мұғалімдер немесе студенттер алдында басқаша болуы орынды.

Аудиториямен санасу тек тақырып таңдау, материалдар сұрыптау жағынан ғана емес, тілдік-стильдік жағынан да болмақ.

Ең қиыны, біздіңше, үшінші шарт (қалайша айту). Топ алдында сөйлеушінің тіліне көркемдігі, әсерлілігі жағынан «шешендік» сипат беретін де осы үшінші шарттың дұрыс орындалуы. Шешен сөзін «әсем де әсерлі» етіп ұсынуы үшін, ең алдымен, айтар сөзін стильдік ернеуден асырмауы, яғни стильдердің әрқайсысына тән элементтер мен тәсілдерді шатастырмауы, араластырмауы керек. Айталық, белгілі бір мамандық иесі радиодан не теледидардан сөйлегенде, я болмаса жиналыста өз жұмысы жайында әңгімелегенде, «мен пәлендей жеңіске ие болдым», «мен пәлендей іске ынталылық көр-

сеттім» деп ресми информация стилінің сөз орамын (*жеңіске не болу, ынталылық көрсету*) пайдалану орынсыз болар еді. Немесе көтеріңкі үнде, пафоспен айтылатын информация мен жай баяндауда қолданылатын тұлға-тәсілдерді шатастыру да айтылар сөзді стиль арнасынан шығарып жібереді.

Шешендер сөзі әсерлілік сипатына қарай үш түрлі болып келеді:

1) рационалды стиль, бұл — айтылмақ ойдың қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқын қандылықпен» ұсынылуы; бұл мәнерде айтылған сөздерде эмоциялы-экспрессивті элементтер өте сирек қолданылады;

2) темпераментті, немесе романтикалық бояулы стиль; мұнда аудиторияның сезіміне әсер ететін, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдеуіш-бейнелеуіш элементтер көбірек болады, не бір «айшықты сөздердің» орынды жері де осындай романтикалық үндегі ауызша әңгімелер;

3) орта немесе синтетикалық стиль. Мұнда ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтері қолданылады.

Міне, осы үш түрлі әуенде (әсерде) айтылатын сөздердің ара салмағын айырмау, бірінің тұлға-тәсілдерін екіншісіне қолдану — қазіргі шешендер тілінде жиірек кездесетін қателердің бірі. Аристотель айтқандай, сөйлеушінің сезімі әңгіме өзегіне сай болуы керек: болмашы нәрсе жайында салтанатты мәнерде айтпас болар, немесе ұят нәрсе жайында сүйіне сөйлемес болар.

Көтеріңкі тон, қалыпты тон дегендерді айырмаудың дәлелі ретінде қазақ телевизиясынан сөйлеген бір механизатордың сөзін мысалға келтірейік: «Мен училищені бітіргеннен кейін *темір тұлпарды тізгіндеп, ақ алтынды алқапта өнім молшылығын жасау жұмысымен айналысудамын*». Мұнда өзінің сұбек жолын, мейлі тіпті табысты жолын жай баяндап отырған маман сөзінің көтеріңкі үні (бояуы) орынсыз. Тіпті дәл осы жерде озат механизатор өзі туралы көтеріңкі стильде айтуы керек болған күннің өзінде мұндай «шабытты сөздерді» (темір тұлпарды тізгіндеп, ақ алтынды алқапта, өнім молшылығы) бірінші жақта (*мен...*) қолданбаса керек еді: сөздің этикасы дегенді де сақтау керек қой. Бұл әңгіме-

нің қалыпты, баяндау стиліне сай түрі: «мен училищені бітірген соң, комбайн *штурвалын ұстан* (бұл да сәл көтеріңкі, тіпті жай баяндауда *комбайнға отырып* болар еді), мақтаны мол *өндірумен* (немесе *өсірумен, жинаумен*) айналысып келемін» сияқты берілсе керек. Сондай-ақ, мақта теру, я болмаса жүгері ору науқанының қалай жүріп жатқанын баяндайтын ресми «Соңғы хабарда» (радиодан берілген) *мақта жинайтын комбайн, мақта, жүгері* деген сөздердің орнына олардың «көгілдір кеме», «ақ ұлпа», «дала аруы» деген б а г а л а у ы ш (оценочные) эквиваленттерін қолдану да орынсыз, ол да стильдік кереғарлықты туғызады.

Радио мен теледидардан сөйлейтін қарапайым еңбек адамдарының аузынан «желпінген сөздерді» жиі естиміз және жай информациялық хабарларда көтеріңкі стильге тән тәсілдер мен газеттік стереотиптердің көбірек орын алып жүргенін байқаймыз. Мысалы, радиодан берілген хабарлардың бірінде: «пәленше мақта жинайтын комбайндардың *әзірлігін аяқтады*» деген жай информация «пәленше... *негізгі тұжырымдар жасады*» деп ұсынылды; тағы бірде: «пәлен ауданның партия комитетінің секретары ауданының табыстары жөнінде *үлкен толғаныс әсерімен былайша әңгімелейді*» деп хабарланды (*толғана отырып* десе де болар еді).

Топ алдында ауызша айтылатын сөздерде, әсіресе радио мен телевизия хабарларында ресми документтер мен публицистика стилінің трафареттері көп қолданылады. *Еселі еңбек (ету), сүбелі жетістіктер, табыс биігінен көріну, биік деңгейден көріну, алдыңғы шептен көріну, жеңіс тұғырынан көріну, мерейлілер қатарынан көріну, ұйымшылдықпен өткізу, зор ұйымшылдық көрсету, қолдау табу, табысты еңбек ету, жан-жақты әзірлікпен келу, сыйлықты (немесе атақты) жеңіп алу, жақсы көрсеткіштерге ие болу, тартымды табыстар, биік белестер, қажырлы еңбек* т. т. сияқты тіркестерді ауызша сөйлегенде кез келген сәтте жұмсау тек сырттай әсем көрінеді де, сөзге стандарттық жазбалық сипат береді.

Біріншіден, жазба стиль және ауызша сөйлеу стилі; көтеріңкі патетикалық стиль және жай баяндау стилі; сөздің тура (түпкі, өзіндік) мағынасы және ауыспалы мағынасы; номинатив атау және бағалауыштық атау т. т. осылар тәрізді қарама-қарсылықтарды шатасты-

рып, бірінің орнына бірін жұмсау — таяқтың екі ұшына оны сындырмай не имей әкеліп түйістіргенмен бірдей.

Екіншіден, «қалайша сөйлеу» нысанасын көздеудің келесі шарты — көп сөзділіктен сақтану. Құлақпен тыңдау, оқуға қарағанда, адамды тез шаршатады. Көп сөзділік тыңдаушының зейінін шашыратып, ұсынылып отырған информацияны жиісіне, түгел және шашыраң қабылдауға үлкен кеселдік келтіреді, жалықтырып жібереді, тез шаршатады.

Үшіншіден, шешен жалпы сөздің сыртқы жылтырағынан кашуы керек, өйткені стереотип фразалар, ұйқасты-үндесті тіркестер тыңдар құлаққа әсерлі көрінгенмен, олар назарды негізгі ойдан, мазмұннан аударып жіберуі мүмкін. Қазіргі кездегі шешен сөзінің құндылығы оның тілінің жалтылында емес, ойының жарқ етуінде ғой.

Төртіншіден, шешен сөзінің ең бір мәнділігі — оның тілінің түсінікті, айқындылығында. Ол үшін сөйлеуші бүкіл халыққа (барлық өңірге) ортақ әдеби тілдік нормаларды қолданумен қатар, көркемдеуші құралдарды да дұрыс пайдалана білуі керек. Мысалы, Аристотель поэзияда сүтті ақ деп айтуға болады, ал прозада (яғни шешен сөзінде) ақ эпитеті сүтке келгенде мүлде орынсыз болмақ дейді, өйткені сүттің ақ екені онсыз да аян, ал поэзияда сүт сөзінің алдында келген ақ анықтаушы түсті білдіру үшін емес, образ үшін қолданылады. Сондай орынсыз жұмсалған метафоралар да шешеннің не айтпағын көмескілеп жіберуі мүмкін. Мысалы, бірде бір радиодан: «пәлендей хабар облысымыздың көгінде қалықтап жүр» деген сөзді тыңдадық. Мұндағы мағына ауыстырып, метафоралап айтқан қалықтап жүр етістігі сөйлеушінің ойын түсініксіз етіп тұр: «хабар таралып кетті» дегені ме, «қайта-қайта көп таралды» дегені ме, әлде ол хабардың «аяқ-қолы жерге тимей» күмәнді, екі ұшты болғаны ма?

Шешен сөзінің айқындығы үшін қойылатын басты талаптың бірі — әрбір лексикалық элементтің (жәке сөз немесе фразеологизмнің) мағынасын дәл түсініп, өз орнында жұмсау. Мысалы, іргелі(?) комбайншы, зор тарту сыйлады(?), вокзалға сәйкес(? ~ қарап) қала көркіне баға береді екен, қаһарман(?) Баймұратов (үй салушы, құрылысшы адам жөнінде), еңбекке етене(?)



берілу (бұл мысалдардың барлығы да Қазақ радиосының «Соңғы хабарлар» атты программасынан алынды) деген тіркестер мен сөйлемдерде сұрау белгісі қойылған сөздер өз мағыналарында жұмсалмай тұр, сондықтан ой да көмескі, айқын емес.

Бір микротексте (сөйлемде не шағын абзацта) бір тұлғаны екі-үш рет қайталау немесе тавтологиялар (*ойын ойнады, өте үлкен зор мәні бар*) да ой айқындығына нұқсан келтіреді. Мысалы, телехабарлардан (жекке адамдардың сөйлеуінен) естілген: *...атаққа күрессіп, ...атақты жеңіп алды; село орталығында сауда орталығы орналасқан; суармалы жердің көлемі... гектар жерге кеңейтілді сияқты қолданыстар құлаққа өте жағымсыз естіледі.*

### **Қорытынды (алдағы міндеттер жөнінде)**

Қазақ әдеби тілінің ауызша түрін, оның мәдениетін көтеруде алдымызда қандай міндеттер тұр дегенге келсек, бірінші кезекте бізге ғылымның шешендіктану деген саласын жасау керектігін айтуға тура келеді. Одан соң. Өз ойын топ алдында ауызша айтып беруге қалың көпшілікті тәрбиелеуді қолға алу қажет. Әсіресе қызмет бабына, мамандық сипатына қарай жұрт алдында жиі сөйлеуге тиіс адамдардың — партия, совет қызметкерлері, лекторлар, үгітші-насихатшылар, судья, адвокаттардың жазып алып оқудан гөрі, ауызша сөйлеуге дағдылануларын талап ететін кезең келді. Жасыратыны жоқ, қазір топ алдында екі ауыз сөздің өзін жазып алып оқып беру етек алып барады.

Ал ауызша айтылған сөз бен текст бойынша оқылған сөздің әсері бірдей емес. Оның себебі тек тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы контактінің әлсірейтіндігінде ғана емес, ауызша сөз бен жазба тілдің арасында айырма барлығында. Ауызша сөзде ойды білдірумен қатар, сөйлеушінің сол ойына қатысты сезімі, көзқарасы қоса білдіріледі, онда логикалық, психологиялық акценттер мен паузалар орын алады, яғни ауызша сөйлеудегі интонация ұсынылып (айтылып) отырған ойдың түсінікті, әсерлі түрде жетуіне көмектеседі. Сондықтан да біздің заманымыздың ірі ғалымы әрі шешені И. Андроников топ алдында «сөзді айту керек» дейді. Бұл уағыз-

даудың қаншалықты орынды екенін оның Пушкин, Лермонтов т. б. туралы теледидардан жүргізетін әңгімелері көрсетеді. Көпке жақсы таныс, неше дүркін сүйін тыңдап келе жатқан бұл әңгімелер бұрыннан белгілі жағдайларды әсем тілмен, ғажап артистікпен қайталап айтып беру емес, сөз несінің ғылыми ізденістері, үлкен жаңалықтары жайындағы әрі танымдық, әрі ғылымдық мәні зор материалды ұсыну екені аян. Бұл әңгімелерді тек қарапайым жұртшылық қана емес, ғалымдар қауымы да сүйсіне тыңдап, есте қатты сақтайтындай етіп көп мағлұмат алады. Бұған шешеннің жүзбе-жүз отырып, ауызекі сөйлесуге тән бет-әлпетті құбылту (мимика), әр түрлі ым-ишара жасау (жест) дегендерді пайдалануы да, дауыс ырғағын құбылтып отыруы да, әңгімеге тыңдаушы назарын қатыстыруы да, шешеннің іштей эмоцияға толы болуы да — осылардың баршасы көмектеседі. Осы қасиеттер көп ретте топ алдында сөйлеушілерден талап етілуі керек, өйткені ынтасыз, сезімсіз, шабытсыз айтылған сөздің мазмұны мен идеясы қаншама құнды болғанымен, тыңдаушыны қызықтырмайды, еліктірмейді, тіпті кейде жалпы құлақ қойдырмайды.

Осы себептерден сөзді (ойды) ауызша айту дәстүрін жандандыру бізге, қазақ мәдениетіне, өте қажет. Тіпті шешен сөйлеу былай тұрсын, дұрыс сөйлесудің өзіне жөнді мән берілмей келе жатқанын мойындауымыз керек. Атақты Цицеронның: «Латынша дұрыс сөйлей білу — табыс емес, ал сөйлей білмеу — маскаралық, өйткені дұрыс сөйлеу, меніңше, жақсы шешенге тән қасиеттен гөрі, әрбір римдікке тән қасиет деп білемін», — дегенін 2000 жылдан кейінгі бүгінгі адамдарға да қарата айтуға болар еді: шетімізден сауатты, көбіміздің орта, жоғары біліміміз бар біздер үшін дұрыс сөйлеу — мақтан етер жетістігіміз емес, бойымызға сіңген қасиетіміз, парызымыз болмаққа керек.

Бүгінгі шешендердің бір тобы идеология майданының қызметкерлері болса, шешендік өнердің өзі Коммунистік партияның идеологиялық қаруына айналып отыр. Идеология майданының қызметкерлері еңбекшілердің маркстік-лениндік теорияны терең біліп, саналы түрде оқып үйренуінде, олардың советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм, еңбекке коммунистік көзқарас, қоғамдық белсенділік рухында тәрбиеленуінде айрықша роль атқарып келеді.

Топ алдында ауызша сөйлейтіндер: үгітшілер мен насихатшылар, баяндамашылар мен саяси хабаршылар, лекторлар партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын, съезд, пленум материалдарын бұқараға жеткізушілер, советтік шындықты, оның қарқынды қадамын, жақсы істерімен ел құрметіне бөленіп жүрген еңбек адамдарын насихаттаушылар. «Үгітші,—деп үйретті Ильич, бұқарамен сөйлесе білетін, оны өзінің жігер отымен жалындандыра білетін халық шешені. Мұндай халық шешенінің сөзіне қалың бұқара үн қосады, оны революцияшыл топтың жігері қостап, қолдайды»<sup>1</sup>.

Үгіт-насихат жұмысының осындай жауынгерлеріне партия зор сенім артып, олардың жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап келеді. «Насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмысы арасында тас дуалдар жоқ. Өзінің жігер отымен тыңдаушыларды жалындандыра білетін насихатшы мұнымен бірге үгітші де болып табыла-

<sup>1</sup> *Крупская Н. К.* Ленин — насихатшы және үгітші. Алматы, 1956. 13-б.

ды. Теорияны іске басынылыққа айналдыра білетін насихатшы, сөз жоқ, ұйымдастырушының жұмысын жеңілдетеді»<sup>2</sup>, — деп В. И. Ленин атап көрсеткеніндей, үгітші, насихатшылардың басты мақсаты біреу. Ол — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда коммунистік сананы қалыптастыру, еңбекшілерді коммунистік саналылыққа тәрбиелеу. Бұларға қазіргі тағамы зор тыңдаушы қауымның қоятын талабы да жоғары. Осы талап биігінен көріну үшін бүгінгі лектор мен насихатшы, баяндамашы мен үгітші қандай болуы керек, олардың шешендіктері мен шеберліктерінің сыры неде деген орынды сұрақ туады.

Лектордың шеберлігі мен шешендігі, сөз қолдану мәдениеті деген мәселе қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу объектісі болмағанымен, назардан тыс қалған жоқ. Ол туралы жазылған жеке кітапшалар мен мақалалар бар<sup>3</sup>. Бірен-саран аударма кітаптар да жоқ емес<sup>4</sup>.

Бұл еңбектер мен мақалаларда үгітшілер мен насихатшылардың тіл мәдениеті, сөйлеу шеберлігі, коммунистік сананы қалыптастырудағы ролі сияқты мәселелер жалпылама сөз болады. Ал қазақ тілінде сөйлейтін лектордың тілі, сөз қолдану ерекшеліктері мен әдеби нормадан ауытқушылықтары т. б. сияқты үгіт-насихат тіліне қатысты көптеген мәселелер арнайы зерттелмей келеді. Бұқара халықты «жігер отымен жалындандыратын» үгітшілердің тілі мен шеберлігін зерттеу — бүгінгі күннің актуальды мәселелерінің бірі. Өйткені үгітшінің негізгі қаруы — тіл.

Әдеби тілдің дамуы, оның стильдерінің саралануы, нормаларының қалыптаса түсуі ауызша сөйлеу тілінің

<sup>2</sup> Сонда: 8-б.

<sup>3</sup> *Болғанбаев Ә.* Насихатшының шеберлігі жайында. Алматы, 1972; *Болғанбаев Ә.* Лекторлық өнер — шеберлік. Алматы, 1979; *Нурмаханова Ә.* Лектор тілінің бейнелілігі. Алматы, 1981; *Байтұрғанов А.* Насихатшының тіл мәдениеті // Социалистік Қазақстан. 1950. 7 октябрь; *Бесбаев М.* Лектор өнері // Социалистік Қазақстан. 1971. 26 январь; *Елеукенов Ш.* Калинин үгітші тілі туралы // Октябрь туы. 1961. 10 март; *Қамбаров К.* Үгітшінің тіл мәдениеті // Оңтүстік Қазақстан. 1953. 12 шовь; *Өтепов К.* Үгітшінің тіл мәдениеті // Екінші құрылыс. 1956. 10 март; *Сауранбаев Н., Болатов Ж.* Үгітшінің тіл мәдениеті туралы // Социалистік Қазақстан. 1958. 13 февраль; *Тұрғышбаев К.* Үгітшінің тіл мәдениеті // Бастауыш мектеп. 1972. № 6

<sup>4</sup> *Крупская Н. К.* Аталған еңбек; *Ефимов А.* Лектор сөзінің мәдениеттілігі туралы. Алматы, 1961; *Калинин М. И.* Коммунистік тәрбие туралы. Алматы, 1949.

де қолданылу сапасын көтерді. «Ауызекі сөйлеу тілі мен лекция, баяндама тілін, публицистикалық сөзді ауызекі тіл деп біртұтас стильдік топ ретінде қарағанымызбенен»<sup>5</sup>, жұрт алдында ауызша сөйлесетін сөз өзінің атқаратын қызметі мен қолданылу аясына қарай бірнеше топқа (әр топ бірнеше түрге) бөлінеді: саяси-әлеуметтік, академиялық (ғылыми), заң-сот істеріне байланысты, әлеуметтік-тұрмыстық т. б. сөздер<sup>6</sup>. «Біз топ алдында сөйлегенде (жиналыстарда, радио мен теледидарда сөйлегенде, лекция оқығанда, сабақ бергенде т. б.) айтпақ ойымызды күнделікті қаранайым ауызекі сөйлеу тілімен емес, әдеби тілмен жеткізуге міндеттіміз»<sup>7</sup>. Ауызекі сөйлеу тілі күнделікті өмірде адамдардың бір-бірімен ауызба-ауыз сөйлесуінде жұмсалады, ол негізінен диалогке құрылады. Жұрт алдында сөйлесетін шешендік сөздің бір түрі — саяси-әлеуметтік тақырыптағы үгітшілер мен насихатшылардың сөзі. Ол алдын-ала жоспарлы түрде жазбаша дайындалғаныменен, тыңдаушыларына негізінен ауызша түрде ұсынылады. Осыған орай, мұнда жазба тілдің элементтері басым болады. Дегенмен ауызша айтылатын үгіт-насихат тілінің өзіне тән ерекшелігі де бар. Атап айтқанда мұнда:

1. Сөйлемдердің құрылысы ықшам келіп, информациялық жағы басым болады. Мысалы:

Менің шопан болғанымна міне 15 жыл, әкемнің жолымен жүрдім. Екі үлкен балам мектеп бітіргелі отыр. Екеуі де қой шаруашылығында істемекші.

2. Аудиторияның назарын аудару мақсатында бір сөздің, не бір тіркестің бірнеше рет қайталанып қолданылуы орын алады. Мысалы: Әр дәуірдің өз ерекшелігі, өз қайшылығы, өз проблемасы, өз геройы бар.

Халықтың игілігі және жер бетінде бейбітшілікті сақтау біздің нысанамыз *болып келеді, болып отыр, әлі де солай бола береді*.

3. Ауызша сөйлеу стиліне сай сөйлем мүшелерінің орны ауысып қолданылуы мүмкін. Мысалы:

Совет адамдары жақсы біледі: бүкіл дүннежүзілік

<sup>5</sup> Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. Алматы, 1977. 8-б.

<sup>6</sup> Апресян Г. З. Ораторское искусство. М., 1978. С. 82.

<sup>7</sup> Сыздықова Р. Әдеби тілдің статусы //Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы. 1979. № 6. 59-б.

тарихи жеңістерге жеткізген Ленин туы, Октябрь туы сенімді қолда.

4. Қыстырма, қаратпа сөздер жиі кездеседі. Мысалы:

Біздің тәжірибемізді басқа республикалар, тіпті шет елдер де кеңінен пайдаланады, ал біздің өзіміз кейде, *былайша айтқанда*, содан құр алақан қаламыз.

5. Ойды жеткізудің тілден тыс көмекші құралдары: *ым, мимика, пантомима, пауза* т. б. қолданылады.

6. Сөйлемдерінің эмоционалды-экспрессивті бояуы күшті болады.

7. Аудиториямен қарым-қатынас (яғни кері байланыс) күшті болады. Бұл — лекцияның тыңдаушыларға қаншалықты әсер еткенін білуге жағдай жасайды.

8. Баяндамашының, лектордың сөзі негізінен монолог түрінде келеді. Монолог сөз үнемі белгілі бір жоспарға құрылады да, логикалық жағына қатаң талап қоя отырып, тыңдаушыларға мәнерлі, әсерлі жеткізуді қажет етеді.

Жұрт алдында сөйлеу стилі адамның индивидуалдық ерекшелігімен: сөз қолдану мәдениетімен, айтайын деген мәселесін тыңдаушыларына жеткізу қабілетімен, өзін-өзі ұстауы және аудиторияны тарта алуымен байланысты. «Стиль дегеніміз — автордың жеке басының өзіндік ерекшелігі, оның талантының көрінісі. Шешендік стиль — сезіну тілі, сөйлеу мәнері, аудиторияның (тыңдаушылардың) сол сәттегі қас-қабағын аңдып, табан аузында сөзін басқаша құра алу қабілеті. Стиль — сонымен қатар шешендіктің ішкі ырғағы, оның қарқыны, яғни сөздің тез немесе баяу айтылуы, ойланып, сабырмен айтылуы, екпіндетіп немесе сылбыр айтылуы»<sup>8</sup>.

Жалынды сөз жаршыларының сөйлеу стилі аудиторияның көңіл күйіне ықпал ететіндей, олардың қиналысы мен толқынысын туғызатындай әсерлі, көтеріңкі үнді, лебізді, бейнелі сөз орамдарына толы, эмоциялық бояуы қанық болғаны абзал. Сонда ғана аудиторияның сенімі артады.

Бұқаралық үгіт-насихат жұмысы негізінен екі кезеңнен тұрады: 1) материалды дайындау, 2) дайын материалды жұртқа жеткізу. Дайындық кезінде көңіл бөлетін негізгі мәселелер мыналар: а) тақырып таңдау, ә) материалды сұрыптау, анализ жасау, б) лекцияның

<sup>8</sup> Апресян Г. З. Аталған еңбек. 195-б.

құрылысы, жоспары, в) есндіру, ойландыру тәсілдері, г) лекцияның тілі. Осылардың ішінде біз тек тілге, стильге, сөз қолдану ерекшелігіне қатысты жайларды ғана сөз етеміз.

Лекцияның сәтті шығуы оның құрылысына, алдынала жүргізілген әзірліктің санасына да байланысты. Төселген шешендер аз сөзбен көп мағына білдіре отырып, лекцияның материалдарын қысқаша тезис түрінде жазып алады. Тезис — сақтық қор, стильдік мектеп. Тақырыпты жан-жақты әзірлеп жазып алу, біріншіден, ойды жинақтап, қорытындылауға мүмкіндік жасаса, екіншіден, тақырыпты толық меңгеруге себепші болады. Өткізетін әңгіменің тексін жасау оның мазмұнын бірізге салып, жүйеге түсіру үшін ғана емес, сонымен қатар, үгітшінің тілін өткірлеп, керексіз «сөз тасқынын» бөгеу үшін де пайдалы. Жоспарлы түрде дайындалу сөздің логикалық байланысын сақтауға, ойлардың орынсыз қайталанбауына мүмкіндік жасаумен қатар, тақырыпты бірізділікпен меңгеруге жетелейді.

Лекция негізінен үш бөлімнен: кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады. Кіріспеде лектор тақырыптың актуальдылығын, негізгі мақсатын түсіндіреді. Негізгі бөлімде айтайын деген ойына толық тоқталады, лекцияның мақсаты айқындалады. Лектор не насихатшы алған тақырыбының мақсатына жеткен соң, қорытындылайды. Қорытындыны жаңа фактілермен, басқа елдердегі жағдайлармен салыстыра отырып жасау тыңдаушылардың есінде ұзақ сақталады. Лектордың қорыту тәсілі де әр түрлі. Айталық, кейбір лекторлар айтылған ойын жинақтай, топтап қорытады: *Сонымен, біздің алдымызда үш негізгі бағыт тұр: біріншіден, егіншіліктің өнімділігі мен тұрақтылығын арттыру, астық шаруашылығын нығайту. Екіншіден, жемшөптің барлық түрлерін өндіруді көбейту үшін қолда бар резервтерді неғұрлым толық пайдалану. Үшіншіден, мал шаруашылығын жеделдете дамыту бұл саланың өнімдерін өндіру мен дайындаудың Азық-түлік программасында көзделген жоспарын орындау.* Кей жағдайда аудиторияның өзін қатыстыра отырып аяқтайды: *Мінекей, жолдастар, ең бірінші кезекте істелетін істеріміздің ең ықшамдалған тізімі осындай.* Немесе: *Осының бәрі, жолдастар, қатты алаңдататын нышандар, сондықтан бұған сіздердің бә-*

*ріңіз де назар аударуға міндеттісіздер* (Қазақстан коммунисті, 1982, № 11).

Лекция тыңдаушыларының көңілінен шығуы үшін әрбір лектордың сендіру, ойландыру тәсілі, баяндау стилі болады. Мысалы: а) өмірдегі кездесетін оқиғалардан, фактілерден жалпы қорытынды жасау (индуктивті әдіс); ә) бұрыннан дәлелденген белгілі фактілерден жекелеген қорытынды жасау (дедуктивті әдіс); б) сұрақ-жауап әдісі. Мысалы, В. И. Ленин сұрақ-жауап тәсілін көп қолданған. Сұрақ қоя отырып кідіріс жасау аудиторияның ойлануына, айтылған нәрселерді ой таразысына салып, ден қоюына, сұраққа жауап іздеуіне мүмкіндік береді. Мысалы, ал енді *«жүз мыңдықтар» деген не? Сыр жұрты мемлекетке жүз мың центнердің үстіне күріш* тапсырған коллективтерді осылай атайды (Қазақстан коммунисті, 1982, № 11). в) Төте сұрақ қою әдісі арқылы да айтайын деген ойыңа тыңдаушылардың назарын бірден аударуға болады. Сонымен қатар, беделді адамдарға сілтеме жасау да сендіру тәсілдерінің бірі.

Лекцияның нәтижелі болуы лектордың алғашқы сөзіне, сөйлеміне, мимикасы мен айту мәнеріне, дауыс ырғағына, тіпті жұрт алдында өзін-өзі ұстай, аудиторияны тарта алуына да байланысты. Әрбір насихатшының және әрбір үгітшінің шеберлігінің өзі сол аудиторияға барынша жақсы әсер ете білуде, сөйтіп, ол үшін белгілі шындықты мүмкіндігінше неғұрлым нанымды, мүмкіндігінше оңай түсінілетін, мүмкіндігінше көрнекі және қатты есте қалатын ете білуде деген лениндік ескертпені назарда ұстау қажет. Ал мұндай мүмкіндік тілдік тәсілдерді орынды қолданудан, әрбір сөздің мағыналық срекшелігіне терең бойлап, дұрыс жұмсаудан туады. Сондықтан, дайындық кезінде лектордың ең негізгі көңіл бөлетін мәселесі — лекцияның тілі.

Жұрт алдында ауызша әдеби тілде сөйлеу оңай емес. Қиыннан қиыстырып, айтушының тіліне жеңіл, тыңдаушыларының жүрегіне жол табатын шеберлік пен шешендік әр лектордың еншісіне тие де бермеуі мүмкін. Әйтсе де шеберліктің, шешендіктің негізі — сөзде, сөзді сөйлете білуде, сөз маржанын тере білуде. Сөзді өзінің номинатив мағынасында да, суреттеу арқылы келтірінді, ауыспалы мағынасында да қолдануға тіліміздің мүм-



кіншілігі ұшан-теңіз. Тақырыптың мазмұнына, аудиторияның ерекшелігіне қарай, лектор қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді пайдалану арқылы ойын көркем де мәнерлі, образды да ойлы, өткір де ұтымды етіп жеткізе алады. Ол үшін тіл табиғатын, сөз құдіретін жақсы түсініп, орынды жұмсай білу керек.

Жұрт алдында сөйлеген кезде лектордың ең бірінші көңіл бөлетін мәселесі — аудиторияның ерекшелігі. Лектор тыңдаушыларының өзін қалай тыңдап отырғанын үнемі қадағалап тұруы керек. Аудиторияны серпілтіп, лекцияны жан-дүниесімен шын беріліп оқымайынша, лектордың сөзі тартымсыз болып шығады. Аудитория лектор баяндап тұрған материалды жан дүниесімен қабылдап, сезініп, оған ілесіп отыруы тиіс. Шебер де шешен лекторлар лекцияға іштей сенімін, тұжырымын араластыра отырып тыңдаушыларды да сендірс, ойландыра, өз ісіне қызықтыра алады. Ал егер лектор материалды накышына, мәніне келтіріп айтпай, ойын жүйсез, бір сарынмен, бір үнмен баяндаса, тыңдаушылар оған ілеспей, басқа бір нәрсені ойлап кетуі мүмкін. «...егерде бұқараны меңгергің келсе, онда жалынды жігермен істеу керек, егерде сен аудиторияға келгенде, өзің соған қызығып келмесең, ұйықтағың келіп тұрса, онда дау жоқ, аудитория да сол сенің ыңғайыңмен кетеді. Аудитория ең сезгіш барометр болып табылатынын, онан сезгіш ешнәрсе жоқ екенін сіздерге ашық айтуым керек»<sup>9</sup>, — деп жазды М. И. Калинин.

Аудитория өзіңді жақсы тыңдауы үшін, әрбір сөзің орынды, тіл табиғатына, тіл заңдылығына сай, дыбыстардың үнді, әуезді болуымен қатар, аудиторияны сыйлай, яғни айтайын деген ойыңа өздерін ортақтастыра, тарта сөйлеу өте нәтижелі. Партия ардагерлерінің бірі М. М. Эссен: ешбір шешенді Лениңдей тыңдап көрген емеспіз. Ленин мінбеге шыққан кезде тіптен өзгеріп сала беретін. Бәрі де тұтас бір дүниедей жинақы, орынорнымен. Бар күш дауысқа, оның жалтылдаған өткір көзіне, болаттан соғылғандай мығым сөзіне жинақталған дейді (Социалистік Қазақстан, 1971. 26 январь).

Жақсы лекция аудиторияны еліктіріп, қызықтырып, өздерінің ойларындағы көптеген сұрақтарының шешімін табуға итермелейді. Мұндай лекция тыңдаушыларының

<sup>9</sup> Калинин М. И. Аталған еңбек. 15-б.

жадында ұзақ сақтағын, көпшіліктің белсенділігін артырады, оларға рухани азық болып, адамдарға өмір сүруді үйретеді.

### ЛЕКТОР ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Лекцияға жан-жақты дайындалған лектордың алдында ең жауапты кезең — жұрт алдына шығып сөйлеу, яғни дайын материалды жұртқа жеткізу міндеті тұрады. Бұл процесің ең жауапты, әсіресе қиын екені туралы М. И. Калинин: «Үгіт жұмысындағы ең бір қиын мәселе—дұрыстап сөйлей білу. Шынында бұл—өте зор және өте қиын мәселе. Үгітші ойын жұртқа өзі ойлағанындай әсер қалдыратын етіп анық айтып беруге тиіс»<sup>10</sup>, — деген еді.

«Үгіт-насихат жұмыстарында болсын, халыққа әдебиет, өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру жұмысында болсын, үгітшінің және басқа мәдениет қызметкерлерінің айтқандары мен жазғандары тіл жағынан да мүлтіксіз болуға тиіс. Сонда ғана олардың игілікті іс-әрекеті нәтижелі болмақ»<sup>11</sup>. Өйткені үгітші бұқара халықты коммунизм рухында тәрбиелеумен қатар, оларды мәдениетті де жақсы сөйлеуге баулиды.

Мәдениетті сөйлеу, біріншіден, лекцияның мазмұнының терең, марксизм-ленинизм идеяларына сүйенген, ғылым мен техниканың жаңалықтарымен толықтырылған, күн тәртібіндегі актуальды мәселелерге құрылуын көздесе, екіншіден, лектордың айтайын деген ойының ашық, айқын болуын талап етеді. Ал ойдың көрінісі—тіл. Тек тіл арқылы, оның тәсілдері арқылы айтайын деген ойыңды айқын да анық, әсерлі жеткізе аласың, яғни «ең негізгісі — «сөзді меңгере білу, басқаша айтқанда тілді оның барша типі мен түрінде еркін пайдалана білу»<sup>12</sup>.

Талғамы зор бүгінгі аудитория әр лектордан мол білімді талап етумен қатар, әр сөздің мағынасына сай дұрыс қолданылуын, дұрыс айтылуын да байқап, қадағалап отырады. Сондықтан жұрт алдына шығып сөйлеген кезде, әр сөздің қолданылу ерекшелігіне, орнына,

<sup>10</sup> Калинин М. И. Аталған еңбек. 15-б.

<sup>11</sup> Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1971. 3-б.

<sup>12</sup> Искусство лектора. Вып. 1. 1973. С. 81.

стильдік бояуына қатты көңіл бөлу керек. Сөйленетін сөз әр аудиторияның ерекшелігіне сай болғаны дұрыс.

Ауызша сөйлеудің қай стилінде болмасын, лектор қазақ тілінің сөз байлығын, сөздік қорын молынан пайдалануға тиіс. Төселген лекторлар бір сөзді қайталай бермей, онымен мәндес, мағыналас синонимдерді қолдану арқылы ойын көркем де нақышты етіп жеткізе алады. «Синоним сөздер мен тізбектер белгілі бір ұғымды әр түрлі жолмен білдіріп, ойды бедерлеп, арнаулы бір затты не арнаулы бір құбылысты әр тұстан сипаттайды»<sup>13</sup>, Мысалы:

Қазір сіздің жердің ұлан-байтақ жазирасынан космос корабльдерінің *гарышқа* ұшып жатуында өзінше бір символикалық мән бар. Бейнелеп айтқанда, республиканың өзі де космосқа қанат қақты (Қазақстан коммунисті. 1982. № 7).

Лектордың тілінде тек мәндес сөздер ғана смес, дыбысталуы бірдей мағыналары басқа-басқа омонимдер мен антонимдер, тақырыптың мазмұнына қарай сирек қолданылатын пассив сөздер де кездеседі. Мысалы:

1982 жылы республикада Советтердің тұрақты комиссияларын қатыстыра отырып, сессияларда қарауға 30 мыңнан астам мәселе әзірленді, депутаттардың белсенділігі мен іскерлігі артты, сессияларға 3 мыңнан астам *сауал-сұрақ* енгізілді, ал бұл 1980 жылдағыдан едәуір көп (Қазақстан коммунисті. 1982. № 7).

Әр дәуірдің өз сөзімен, өз үнімен сөйлеу, әсіресе, тарихи тақырыптарды айтқанда өте нанымды шығады. Тақырыптың мазмұнына қарай лектор тілінде шеттен енген сөздер, неологизмдер мен терминдер де молынан кездесіп отырады. Мысалы:

Бастапқыда біз цехтағы өз мүмкіндіктерімізді талқыладық. Цех бастығы Э. Э. Миникес, партбюро секретары А. М. Жұмабаев, жергілікті комитеттің председателі С. Г. Махухин активпен бірге әр *сменамен, горновойлармен, қосалқы службалармен* әңгімелер өткізді (Қазақстан үгітшісі. 1982. № 17).

Лектордың айтайын деген ойының образдылығы мен әсерлілігі, тілінің оралымдылығы мен халқымыздың «қымбаттан қымбат кені» асыл мұрасы — тұрақты сөз

<sup>13</sup> Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 609-б.

тіркестерін де орынды пайдалана алуымен байланысты. «Бейнелен әсем сөйлей білу — адамның, әсіресе той алдына шығатын шешеннің мәдениеттілігінің элементі. Шешеннің басты қызметі — сөйлеу ғой. Өзге де іс-әрекет сияқты, сөйлеу де тыңдаушыға неғұрлым күшті әсер етсе, соғұрлым жетіле түседі»<sup>14</sup>.

Айтайын деген ойынды бейнелі де әсерлі жеткізудің бір жолы — эпитет пен теңсуді пайдалану. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрі эпитет екендігі белгілі. Мысалы: Сұмпайы сыбыр емес, нағыз сырлы сыбыр (К. Мұхаметжановтың Қазақстан жазушыларының VIII съезіндегі сөзінен). Мұнда *сыбырдың* өзін оқушыға дәл, образды жеткізу жолында *сұмпайы*, *сырлы* сын есімдерін баяндамашы орынды қолдана білген. Айтайын деген ойдың ойнақы, образды болуында белгілі нәрсені белгісіз нәрсемен салыстыру, теңеу арқылы да көзге елестету ерекше әсерлі болады. Қазақ тілінде бұл тәсіл негізінен *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей*, *-ша*, *-ше* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: Повесте бір-біріне *шынжыр бауындай* жалғасып жатқан шымыр оқиға жоқ (С. Омаровтың Қазақстан жазушыларының VIII съезіндегі сөзінен).

Сөздің негізгі мағынасымен қатар лектор қажет жерде оны ауыспалы, астарлы мағынада да қолданады. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуының тілімізде бірнеше түрі бар: метафора, кейіптеу, метонимия, синекдоха, символ, аллегория т. б. Айталық, лектор бір заттың, не құбылыстың сыртқы не ішкі бір белгісін ұқсастырудың негізінде метафоралық тәсілді қолданады. Мысалы:

Әдеби процеске белсенді араласып, сыншылық қызметімен оған елеулі ықпал жасап келе жатқан *сыншылар жасағын* кеше ғана жетпіске толып, ақсақалдар қатарына кірген Мұхаметжан Қаратаев бастап келе жатқанын біз ризалықпен айта аламыз. «Жасақ» сөзінің негізгі номинативті мағынасы билік несінің төңірегіне топтасқан жауынгерлер отряды, әскери ұйым<sup>15</sup>. Ал

<sup>14</sup> Қирсанов А. В. Образность в речи лектора // Искусство лектора: Сб. вып. 1. М., 1973. С. 114.

<sup>15</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1978. 3-т. 713-б.

*сыныштар жасағы* дегендегі *жасақ* сөзінің ауыс мағынасы «ілегі, тобы» дегенді білдіріп тұр. Немесе: *Келешек кілті ертең қолына тиетін бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде әрбір аға буынның өтейтін борышы көп* дегендегі *кілт* сөзінің негізгі мағынасы «кұрал». Ал *келешек* сөзімен тіркескендегі *кілттің* мағынасы басқа, ол «келешектің иесі» деген ауыс мағынада қолданылып отыр.

Сөзді образды қолданудың бір тәсілі — метонимия. Метонимия дегеніміз бір заттың немесе құбылыстың атауының екінші затқа не құбылысқа, олардың өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атау болып ауысуы және осыған орай, сөздің ауыспалы мағынада жұмсалыуы<sup>16</sup>. Сөздің метонимиялық құбылысы көбіне сөйлеу тіліне тән. Өйткені сөйлеген кезде шешен өзінің ойын ықшамдап, қысқа айту мақсатында заттың өзара арақатысы, орын ерекшелігіне қарай атын өзгертіп қолданады.

Лектор айтайын деген ойына орай кейде сөздерді әжуа, келеке, ирония мағынасында да пайдаланады. Мысалы: *...Қазақ драматургтерінің театрмен байланысы да үзілді: өзі режиссер, өзі драматург, өзі аудармашы, өзі актер — төрт құбыласы түгел мықтылар шықты* (жоғарыда көрсетілген Мұхаметжановтың сөзінен). Мұнда *мықты* сөзін қолдану арқылы шешен «сегіз қырлы, бір сырлыларға» сырттай жақсы баға берсе де, іштей қарсы, ирония мағынасында алып отыр.

Тронның өзгеше бөлінетін бір түрі — синекдоха. Яғни бүтіннің орнына бөлшегі, бөлшектің орнына бүтінді қолданып ауыс мағына жасау да лекторлардың тілінен кездеседі. Тақырыптың мазмұнына қарай лектордың тілінде астарлы мағына беретін аллегория да, ирония мен сарказм сияқты әсірелеудің түрлі элементтері де ұшырасып қалады. Сөзді тура мағынасымен қатар астарлы, ауыспалы мағынада қолдану шешеннің сөзін мәнерлі де әсерлі, ойын көркем жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Бұқаралық үгіт-насихат тілінде бейнелі сөз тіркестері сөзді образды етіп жеткізуде ерекше роль атқарады. Қысқа, нақты, тұжырымды сөйлеуге баулиды. Сөзіміздің эмоционалды-экспрессивті бояуы күшті болады. Және айтылған пікір өмірдің көптеген құбылыстарынан қорытылып жинақталған сөз тәрізді сипат алады.

Образдылық негізінен тұрақты, бейнелі сөз тіркесте-

<sup>16</sup> Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1978. 109-б.

ріне тәп. Фразеологизмдер құрылысы жағынан біркелкі емес. Сондықтан фразеологизмдерді «образдылығы жоқ тұрақты сөз тіркестері» және «образды тұрақты сөз тіркестері» деп бөліп қараған жөн сияқты. Сөйлеу тілінде қолданылатын фразалық тіркестердің экспрессивті бояуы, образдылығы басым да, қарапайым да болып келеді. Мысалы: *Әрбір кеңес, жиналыс сайын әдебиеттегі лайлы тасқын-қарадүрсіндіктің қаптап бара жатқаны жайлы көп айтамыз, ашынып айтамыз* (Ә. Жұмабаевтың Қазақстан жазушыларының VIII съезіндегі сөзінен). *Әсіресе Ақтөбе, Жамбыл, Шымкент, Талдықорған, Гурьев облыстарындағы жолдастардың құлағы мүкіс* (Қазақстан коммунисті. 1982. № 7).

Сөйлеу тілінің фразеологиясы басқа стильдерге қарағанда варианттар мен синонимдерге өте бай болады. Сөйлеу тіліндегі фразеологиялық синонимдердің образдылығы және экспрессивті бояуы күшті болады. Бұл құбылыс сөйлеу тілінің стиліне айрықша бір эмоционалды рең береді.

Фразеологиялық варианттар деп образдылық мазмұны бір, бірақ лексикалық-грамматикалық құрамы бір-бірінен өзгеше тұрақты сөз тіркестерін айтамыз. Варианттар мақал-мәтелдердің арасында да көрінеді. Лектор мен баяндамашы тілінде кездесетін мақал-мәтел, қанатты сөздер—ойды астарлы, бейнелі жеткізудің бір жолы, тәсілі. Сол себепті де «тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», «мақал — сөздің мәйегі», «сөздің көркі — мақал», «мақалсыз сөз—татымсыз аспен тең» деп халық тегін айтпаған.

### ЛЕКТОР ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Лектор жұрт алдына шығып сөйлеген кезде, тек жеке сөздердің мағынасына, стильдік қызметтеріне ғана көңіл бөліп қоймай, сонымен қатар, сөз таптарының, сөз тұлғаларының, сөйлем құрылысының алуан түрлі бөлшектерінің киюын тауып қалыптасып тұруына, яғни грамматикалық норманың сақталуына да үлкен мән беруі керек. Өйткені үгіт-насихат жұмысы негізінен жұртқа ауызша формада жететіндіктен, сөйлеу кезінде әдеби тілдің нормасынан орынды-орынсыз ауытқулар кездеспей қоймайды. Насихатшы сөздердің не сөз тіркестері-

нің түрлену заңдылықтарын, грамматикалық тұлғалардың өзіне тән ерекшеліктерін, стильдік реңкін, қолданылу аясын жақсы білгенімен, аудиторияның, тыңдаушыларының білім дәрежесіне қарай жазба тілдің нормасынан ауытқи сөйлеуі де мүмкін. Себебі мәдениетті, ойлы, айқын сөйлеу тек әдеби тілдің нормаларын сірідей сірестіріп, бұлжытпай сақтау ғана емес, ол сөзді орынды қолдана отырып, ойды ойнақы бере білуде.

Жұрт алдында сөйлеуге төселген шебер лекторлар әдеби тілдің нормаларын негізінен сақтай отырып, айтқаны деген ойын әр түрлі тілдік тәсілдер арқылы бере алады. Айталық, стильдік мақсатқа орай мағыналас, мәндес сөздерді, мәндес қосымшаларды қолдану, немесе, сөздердің орнын ауыстыру, т. б. әдістерді орынды пайдалану арқылы тыңдаушыларын ынталандыра алады. Мысалы, күнделікті баспасөз, радио, телехабарлардан, сондай-ақ лекторлардың тілінен бір түбірден тараған мәндес қосымшалы сөздерді жиі естиміз. Әсіресе зат есімнің кәсіпті, мамандықты білдіретін *-шы, -ші* қосымшасы мен осы сөз табының *-кер, -гер* форманты, *-у* тұлғалы қимыл есімі етістіктен зат есім тудыратын *-ым, -ыс* жұрнақтарымен жарыса қолданылады: *еңбекші ~ еңбеккер, жұмысшы ~ жұмыскер, себепші ~ себепкер, майданшы ~ майдангер, қойылу ~ қойылым, ұйғару ~ ұйғарым, қайтару ~ қайтарым* т. б. Мысалы:

1) Бұл—әр гектардың шығымдылығын арттыру, мейлінше мол *қайтарым* беруіне қол жеткізу, су, егіншілік мәдениетін ұдайы жетілдіру. 2) Екібастұз — Көкшетау учаскесі жүктелімге қойылуға тиіс. 3) Халық дәулетін талан-таражға салу, алыпсатарлық, паракорлық жөнінде әрбір бесінші іс көшпелі сот мәжілісінде қаралды, қылмыс жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды болдырмау жөнінде әрбір жетінші іс бойынша дербес *ұйғарым* шығарылды (Қазақстан үгітшісі, 1982. № 17). Ал бұл параллельдердің арасында мағыналық айырмашылық, стильдік реңктің бар екенін тіл тәжірибесі, тілдегі қолданылу машығы шешеді. Осы тұрғыдан келгенде, біраз параллельдердің мағыналық сараланудан өткенін байқау қиын емес.

Айталық, *еңбекші ~ труженник, еңбеккер — трудящаяся, қызметкер — работник, қызметші — рабочий* т. б. Бұлардың әрқайсысы терминдік мәнде жеке ұғым ретін-

де жұмсалынады. Әсіресе етістіктен зат есім тудыратын *-ым* форманты терминдік мәні бар атаулар, абстракция жасауда *-и* тұлғалы қимыл есіміне қарағанда өнімді. Жарыса қолданылып жүрген *тексеріс, қызығыс, таңданыс* т. б. осы типтес сөздердің *-у* формантымен *тексеру, таңдану* болып келген сыңарлары әдеби норма, бірақ сөйлеу тілінде көбіне *-ыс* қосымшасымен келеді. Мысалы: *тексеріс* болды ма? (ауызша сөйлеу тілінен). Тіпті тәжірибесінде бір форманттың не бір сөздің жиі қолданылуы оның әдеби тілдің нормасына айналуының бір белгісі десек, *-ыс, -ым* қосымшасымен келген түбірлес сөздердің нормаға айналуы сөзсіз. Мәселен, келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, «Қазақстан коммунисті», «Қазақстан үгітшісі» журналдарында *-у* формантының орнына үнемі *-ым, -ім* қосымшалары қолданылып отырады. Тіпті *қайтарым, жүктелім, ұйғарым* сөздері өз функциясында тұрған жоқ. Бірақ тілімізде алғашында құлаққа түрлідей тиіп, қолданыла келе тіпті қажетті сөзге айналып жатқан фактілер де жоқ емес. Өйткені әдеби тілдің нормасы — қатып қалған заңдылық емес, тілдік норма әдеби тілдің даму кезеңдерімен байланысты дамып, жетіліп отыратын процесс.

Бір түбірден тарап жарыса қолданылып жүрген мәндес қосымшалы сөздердің мүмкіндігінше ара жігін тауып, айырым мағынада саралап қолдану — тек тіл мамандарының, журналистердің ғана емес, лекторлардың да көңіл бөлетін мәселесі. Өйткені мәндес сөздерді өз орнында, өз өрнегінде қолдану тіл мәдениетін, тілдің икемділігін арттыратыны сөзсіз. Сол сияқты *куә* сөзіне *-гер*-ді қосып *куәгер* сөзін, *диқан* сөзіне *-гершілік*-ті қосып *диқангершілік* деп сөз жасағанымызбенен, мағыналық өзгеріс жоқ. Тек сыртқы формасы ғана өзгеше. Сөз мағынасы қажет стпейтін жерге, қосымшаны қосып қолдануда грамматиканың заңдылығына да сай емес, жаңалық та емес. Бұл тенденция. Норма мен тенденция бір емес. Норма — нормативті грамматикаларда, сөздіктерде бекітілген заңдылық, ал тенденция — жекелеген фактілердің күнделікті тіл тәжірибесінде жиі қолданыла келе дағдыға айналуы.

Лектор тілінде ең жиі кездесетін кемшіліктердің бірі — сөзге жалғанатын жалғаулардың дұрыс айтылмауы. Мәселен, зат есімнің көптік жалғауын алайық.



Көптік жалғаулары қазақ тілінде ең алдымен көптік ұғым туғызу үшін қолданылатыны белгілі. Ал нормативті грамматикаларда көптік жалғауының өзіне тән бірнеше ерекшеліктері көрсетілген. Айталық, «көптік жалғау жалғанған сөз өзіне тікелей қатысы бар басқа сөзбен (егерде соңғысы көпше түрде болса) бір жағынан, қиыстыру үшін, екінші жағынан, дараландыру үшін қолданылады»<sup>17</sup>. Ал осы ереже үнемі сөйлеу тілінде сақталына бермейді. Мысалы: 1) *Сіздердің ішіңізде* ақкөңіл, гуманный жігіттер көп (телевизия хабарларынан). Дұрысы — *іштеріңізде* делініп көптік жалғауымен айтылуы керек еді. Бұл жерде *әрқайсыларыңыздың іштеріңізде* деген саралау бар. Сонымен қатар «анықтаушы есептік саннан болатын зат есімдерге көптік жалғауы жалғанбаса да, көптік ұғым туады» деген заңдылық та сөйлеу тілінде сақталына бермейді. 2) Біздің Ақбұлақ қой өсіруші жастар бригадасында *12 қыз-келіншектер* еңбек етеді. Бұл жердегі көптік жалғауы артық. Лектор тілінде септік жалғауларының да қолданылуында ерекшеліктер көп кездеседі. Мысалы: *Семьяға* жақсы тұруға мүмкіндік бермейді. Дұрысы — *семьяның*. *Ғылымның* кандидаттарын, *ғылымның* докторларын дайындап жатырмыз. Мұндағы ілік септігі артық. Мәселе жекелеген ғылым салаларынан емес, жалпылама айтылуда. Сіз *пәтер ақынан* босатылмайсыз. Дұрысы — *пәтер ақысынан* болуы керек. Өйткені тәуелдіктің үшінші жағынан соң *-нан*, *-нен* шығыс септігі қажет. Олардың көпшілігі өкінішке қарай, жергілікті жерде елеулі *кемшіліктер* бар екендігін көрсетеді (Қазақстан коммунисі, 1982. № 11). Бұл жерде ілік септігі қажет,

Синтаксис — сөз тіркесінің, сөйлемнің құрылысын зерттейтін грамматиканың бір бөлімі. «Әдеби тілдің қай стилінде болмасын, оның бәріне тән нәрсе — ой айқындылығы, ол үшін сөйлем дұрыс құрылуы керек. Осы талап тұрғысынан әдеби тілдің сөйлемдері әбден қиыластырылып, сөздері рет-ретімен орналастырылып, синтаксистік басқа да тәсілдер белгілі қалыпқа түсіріліп жазылады. Әдеби тілде жазып отырған не сөйлеп тұрған кісі сөйлем құраудың бұл талаптарын да, тілдің оған керекті синтаксистік мүмкіншіліктерін де жақсы білуге

<sup>17</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954. 222-б.

тііс<sup>18</sup>. Сөйлеу тілінің синтаксисі пәлендей жүйелі бола бермейді. Өйткені адамдар өзара қарым-қатынас жасауда біріне-бірі әр алуан өмір әрекетінің жайын сөз қылады. Ондайда олар айтып-ойын, пікірін алдың-ала ойланбай-ақ айта береді. Тіпті ойын ойланып-толғанып сөйлегенмен, оның сөйлем құрауында тілдік формалар сақтала бермеуі мүмкін. Сондықтан сөйлеу тілінің синтаксисі қарапайым, сөйлемдері қысқа, көбінесе толымсыз болады.

Лектор тілінде сөйлем көбінесе толымсыз, шағын құрылғанымен, әр сөзі бір-бірімен қабысып, қиысып, байланысып тұруы қажет. Сөйлемнің бас мүшелері — бастауыш, баяндауыш болуы міндетті. Себебі бастауыш пен баяндауышсыз басқа тұрлаусыз мүшелермен толық сөйлем құралмайды. Лектор тілінде бастауыш пен баяндауыш көбіне есім сөзден келеді. Мысалы: *Насихатшы* — партия оқуы жүйесіндегі *басты тұлға*. Біздің ұлы *мақсатымыз* — *коммунизм*. Сөйлем мүшелерінің орны ауысып та қолданыла береді.

Сөйлеу тілінің ең бір өзіне тән ерекшелігі — қаратпа, қыстырма сөздердің көп болуы. Олар сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да қолданыла береді. Мысалы, лектор сөзінде *жолдастар* деген қаратпа жиі кездеседі.

Лектор тілінде оқшау сөздерден ең жиі кездесетіні — қыстырма сөздер. Қыстырма сөздер сөйлемде айтылған ойға, оның айтылу амалына жазушының не сөйлеушінің қалай қарайтынын білдіреді. Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспай, белгілі сөйлем мүшесі болмай, олардан оқшау тұрады. Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздерден пауза арқылы оқшауланып және ерекше интонациямен айтылады<sup>19</sup>. Лектор тілінде жиі кездесетін қыстырма сөздердің негізгілері мынадай:

1. Қісінің көңіл-күйін, сезімін білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: *Амал қанша*, басшылық ету өнері кезкелген жағдай жөнінде директивалық нұсқаларды тоғытып, онды-солды жолдай беруде емес деген қарапайым ақиқатты жұрттың бәрі әлі ұғынып болған жоқ. Өкі-

<sup>18</sup> Балақаев М., Жанпейісов Е. т. б. Қазақ тілінің стилістикасы. Алматы, 1966. 169-б.

<sup>19</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954. 495-б.

*нішке қарай*, Вашингтонның бұрынғы әкімшілігі қарым-қатынасты дамытуда өзара түсіністікке жетуді тіпті де көздеген жоқ.

2. Айтылған ойға нануды, жорамалдауды білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: *Бәлкім*, оларды таяудағы болашаққа туысқан елдер басшыларының коллективті түрде талқылағаны пайдалы болар. *Әлбетте*, біздің социалистік әріптестеріміз сияқты, Совет Одағы да бұл байланыстардың барлық жағынан бірдей өзара тиімді болуына ұмтылады. *Сірә*, программада біздің экономикамыздың құрылымында болған өзгерістерді атап көрсеткеніндей, айқындай түскен жөн болар.

3. Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: *Жалпыға мәлім*, Қазақстан тек ауыл шаруашылығы дамыған аймақ қана емес, сонымен қатар, өнеркәсібі қарыштап өркендеген республика. *Басқа сөзбен айтқанда*, әңгіме іс жүзінде партияның идеялық-теориялық, саяси-тәрбие, ұйымдастыру және шаруашылық жұмысының бірлігіне қол жеткізуде болып отыр.

4. Айтылған ойға басқаның, не айтушының пікірі тұрғысынан қарағандықты білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: *Бір айта кететін нәрсе*, кәсіптік-техникалық білім беру объектілерінің құрылысын жүргізуде көптеген шалағайлықтар бар. *Айта кету керек*, алғашқы жылдарда оқу жұмысын жүргізу жөнінде тәжірибе жетіспейді.

5. Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: Қазақстанды алып қараңыздаршы. Ол экономика мен мәдениеттің нағыз гүлдену кезеңін бастан кешуде. Алайда, практикада, *несін жасырамыз*, социалистік міндеттемелер кейде төменде жасалмай, оны жоғары орындар төбеден «тастайды».

6. Айтылған ойды жинақтап, қорытып айтуды білдіретін қыстырма сөздер. Мысалы: *Түйін айтқанда*, он бірінші бесжылдықтың басты міндеті — халық шаруашылығын ұдайы өрлете дамыту. Жолдастар, *тұтас алғанда*, көріп отырсыздар, Орталық Комитет біздің социалистік елдермен арадағы қатынастарымызды дамытып, тереңдету мүддесіне сай орасан зор көлемді жұмыс атқарды. *Түптеп келгенде*, ғылыми-техникалық прогресс ғылыммен тығыз байланысты дамиды.

Қыстырма сөздер мен қыстырма тіркестер лектордың өз хабарламасына көзқарасын, қатысын білдіре отырып, тыңдаушыларының тақырыпқа назарын аудартады.

Қазақ тілі қаншалықты бай, сөздік қоры мол, тілдің тәсілдеріміз алуан түрлі болғанымен, тәжірибесі аз жас лекторлардың тілінен, баяндау мәнерінен болсын кемшіліктер де кездеспей қалмайды. Атап айтсақ:

1. Сөздің тек сыртқы әдемілігіне, әуезділігіне еліктеп ішкі мағыналық ерекшелігі елеусіз қалады. Тақырыптың мазмұнына, аудиторияның құрамына қарамай, құрғақ теңеулерді, ұрандарды қолдану — айтайын деген ойдың сәнін келтірмейді, әрін кетіреді.

2. Көп сөзділік, түсінікті нәрсені қайталап, қазбалап айту.

3. Ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін көп қолдану. Кейбір лекторлардың «және де», «сонан соң», «тағы басқа» сияқты сөздерден бас алмауы да лектордың сөз байлығының, сайып келгенде, дайындығының аздығында. «Даярлықсыз сөйлеген кісіде батылдық, өзіне сенім болмайды. Сөйлеуге алдын-ала ұқыпты түрде дайындалған кісі, не айтатынын, қалай айтатынын, тілдік амал тәсілдерді қалай пайдаланатынын әбден көңіліне тоқып алған кісі қысталаңның құлы болмайды, өзін-өзі жақсы ұстап, еркін сөйлейтін болады да, тыңдаушыларын бірден өзіне тарта, еліктіре алады»<sup>20</sup>.

4. Жазба тілдің элементтерімен сөйлеу. М. И. Калинин айтқандай, «и болып қалған сөздерді», дайын формулаларды көп қолдану. Газет-журнал беттеріндегі штамптардың лектор тілінде де көп кездесуі — осының айғағы. Мысалы: *табыс биігінен көріну, асқаралы міндет, уәде үдесінен шығу, ақ халатты абзал жандар, сенім биігінен көріну, уақыттан озу*, т. б.

5. Аудиторияның, тақырыптың ерекшелігіне сай келмейтін түсініксіз, шет тілдік сөздерді, терминдерді шектен тыс көп қолдану да шешендіктің нышаны емес. Мұндай кемшіліктерден құтылудың жолы көп. Әсіресе төселген шешендерден үйрену, іздену, жаттығу керек. Тыңдаушы қауым әрбір насихатшыдан нағыз шешендік талантты талап етпесе де, тіл заңдылығын сақтауды талап етері сөзсіз.

<sup>20</sup> Балақаев М. Аталған еңбек. 64-б.

## ҮГІТШІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Жұрт алдында ауызша әдеби тілдес сөйлеу оңай емес. Айтайын деген ойын қиыннан қныстырып, өзінің тіліне жеңіл, тыңдаушыларының түсінуіне оңай, көңіліне қонымды етіп жеткізу әр насихатшыдан үлкен шеберлікті талап етері даусыз. Сөздің майын тамызатын шеберлікпен шешендік әр насихатшының еншісіне тие де бермеуі мүмкін. Дегенмен үгітшілер мен саяси хабаршылар лекцияға жан-жақты дайындала отырып, өз сөзін тыңдаушыларының ақыл-ой сезімін еркін билеп алатындай әсерлі де әрлі жеткізуге тырысары сөзсіз. Ал әсерлі жеткізудің сыры тек сөздер мен сөз тіркестерінің түрлену, тіркесу заңдылықтарын, грамматикалық тұлғалардың өзіне тән ерекшеліктерін, әр сөздің стильдік бояуын, мағыналық түрленуі мен қолданылу аясын білумен ғана емес, сөйлей білуге, сөйлеу техникасын жете меңгеруге де байланысты. Мәселен, айтайын деген ойың қаншама маңызды, сөздерің ойлы да образды болғаныменен, сөйлеу қағидаларын, орфоэпия заңдылықтарын ескермесең — лекцияның сапасын төмендетеді. Өйткені тілімізде әр сөздің, қала берді, әр дыбыстың айтылу, бір-бірімен үндесу, ықпал ету заңдылығы бар. Дыбыстардың жеке тұрғандағы айтылуы мен сөз, сөйлем ішіндегі қолданылуы бірдей емес. Сөйлеу кезінде сөз ішіндегі дыбыстар жасалу орнына қарай, бір-бірімен үндесіп, қатандары ұянданып, екпінге орай кейбірі түсіп қалып та немесе ритмикалық топ құрап бір ырғақпен айтыла береді. Бұл—тілдің табиғатымен қалыптасып, дәстүрге айналған заңдылығы. Сөйлеу кезінде сөздердің бір ырғақпен айтылып, ритмикалық топ құрайтын түрлері мен жайттары Р. Сыздықованың «Сөз сазында» (Алматы, «Ғылым», 1983) тіл фактілерімен толық талданылған.

Қазақ тілінің әдемілігі, үнділігі, әуезділігі, халықтың сөйлеуге шешендігіне түрколог ғалымдар да кезінде өте көңіл бөлген еді. Мысалы, В. В. Радлов пен П. М. Мелиоранскийлер<sup>21</sup> қазақтар өзінің басқа туыстас халықтарға қарағанда, сөйлеуге аса шебер, жүйелі сөзді ұнататын шешен халық деп қазақтың ауыз әдебиетінің бай, сөйлеу мәдениетінің жоғары екендігін айтқан болатын.

<sup>21</sup> Радлов В. В. Наречие тюркских племен... СПб., 1870. Ч. III; Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. СПб., 1894. Ч. I. С. 3.

Әдеби тілдің сөйлеу нормасын сақтау, тіркестің бұзыл-  
жүйін, екпінін бұзбай, қиын тауып өзінің әсем де жа-  
тық әуенімен жеткізу — үлкен өнер.

Сөз өнері деген ұғымға сөздерді дұрыс таңдап, сөй-  
лемдерді шебер құру ғана жатпайды, солардың әрқай-  
сысының қиын тауып, өз әуенімен, келістіріп айту мен  
оқу да жатады<sup>22</sup>. Сөз өнері, тіл өнері дегендер сөздерді  
мағынасына сай жұмсап, сөйлемдерді шебер құру ғана  
емес, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына да  
саяды.

Тіл мәдениетінің негізгі бір саласы — сөйлеу мәде-  
ниеті оның өзіне тән заңдылықтары, сөйлеу нормасынан  
ауытқулар, олардың негізгі себептері деген мәселе бү-  
гінгі күннің ең көкейтесті проблемаларының бірі болып  
отыр. Әрине, бұл саладан да құр алақан емеспіз. Сөйлеу  
нормасына құрылған сөздіктеріміз де<sup>23</sup>, ғылыми еңбек-  
теріміз<sup>24</sup> бен мақалаларымыз<sup>25</sup> да аз емес. Сонымен  
қатар қазақ әдеби тілінің сөйлеу мәдениетін, сөйлеу  
нормасын қалыптастыратын қазақ тілінің дәстүрі де,  
ғылыми, мәдени орындар мен сөйлеу тілінің шешендері  
де жеткілікті. Соған қарамастан, жұрт алдында сөйлеу-  
шілер кібіртіктеп, дыбыстардың қырын сындырмай «са-  
қылдатып» айтатынының себебі неде? Сөйлеу тілінің  
мәдениетін зерттеушілер мұндағы қателер мен сәтсіз-  
діктердің негізгі себебін: дыбыстардың бір-бі-  
рімен үндесу заңдылықтарын сақтамау, сөзді дұрыс  
айту мен жазудың заңдылықтары бірдей емес екендігін  
түсінбеу, білмеу, білсе де мән бермеу және сөздердің  
еш дыбысын түсірмей бөліп-бөліп айту екендігін тіл  
фактілерімен дәлелдеп келеді. Ал мұндай кемшіліктер-  
дің лектор тілінде де кездесетіні сөзсіз. Саяси, әдеби

<sup>22</sup> Балақаев М. Аталған еңбек. 77-б.

<sup>23</sup> Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 1977; Дүйсебаева М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 1977; Дүйсебаева М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 1981.

<sup>24</sup> Балақаев М. Аталған еңбек; Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. Алматы, 1973; Сыздықова Р. Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). Алматы, 1983.

<sup>25</sup> Неталиева Қ. Орфоэпия нормалары туралы // Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, 1972; Сыздықова Р. Орфоэпиялық норма-  
лар жайлы // Өрелі өнер. Алматы, 1976; Аралбаев Ж. Қазақ орфо-  
эпиясы жайында бірер сөз // Сөз өнері. Алматы, 1978; Жексенба-  
ев Т. Қысқарған сөздер және олардың орфографиясы мен орфо-  
эпиясы // Өрелі өнер. Алматы, 1976. т. 6.

және өндіріс тақырыбы туралы сөйленген үш лектордың сөзін талдап қарағанымызда, олардың негізінен орфоэпия заңдылықтарын сақтауға тырысатынын аңғару қиын емес. Әсіресе, *қ, к, г, ғ* дыбыстарының алдынан келген *н* дыбысының *ң*-ға айналуы жақсы сақталады. Мысалы: Ал кейіңгі (кейінгі) жылдары бұл Жәйремнен басқа да мекемелер бірлесіп жұмыс істеп келеді. *Бұрыңғы* (бұрынғы) техникаға қарағанда жоғары сапалы жетілген машиналар көптеп келе бастады. Ежелден әдебиетке, күйге, жырға, *әңге* (әнге) бай қазақ халқының кобыз арқылы біздің заманымызға бірнеше күйі келіп жетті т. б.

Қатар келген екі дыбыстың біріншісі дауысты *а, е, ы, і* немесе *ж, з, й, л, м, н, ң, р, у* сияқты дыбыстардың бірі болып, екіншісі *қ, к* дыбыстары болса, алдыңғы дыбыстардың әсерінен кейінгі қатаң *қ, к* ұяндап *ғ, ғ*-ге айналу заңдылығы да лекторлар тілінде көп жағдайда сақталатынын аңғардық. Мысалы: Осы *сүнде* (күнде) 5 текшеметрлік қуаты бар экскаваторлар жұмыс істейді. Еңбек озаттары *ғосқан* (қосқан) үлес көп.

Қатар келген *з, ш* дыбыстарының да бір-біріне әсерін лекторлар жақсы аңғарған. Мысалы: *Ауыссу* (ауыз су) деген үлкен проблема. Жәйремнің өзінің тұрғындары үшін *ауыссу* мәселесі шешілген.

Әдеби тілдің орфоэпиялық заңдылығын сақтауға тырысқанымен, лекторлар мен баяндамашылар, саяси хабаршылар тілінде кемшіліктер де кездеспей қоймайды. Мысалы, сөзді айтуда *ш* дыбысының орнына *с* дыбысын айту, өзге тілден енген сөздердің басқы дыбысын өзгертіп айту сияқты жасандылықтар да жоқ емес. Мысалы: Әңгіме *кеністерді* (кеніш) құрғату, азайту жөнінде болатын. Бұл жерде *ш* дыбысының *с*-ға айналып айтылуы әдеби тілдің орфоэпиялық заңдылығына сай емес. Сол сияқты: Білімін көтеріп басқа *ғалықтардан* (халық) кем қылмауға барлық өмірін сарп еткен абзал азамат. Бұл сөйлемде сөйлеуші екі қате жіберіп отыр. Біріншіден, орфоэпиялық ережесі бойынша қатар келген екі дыбыстың біріншісі дауысты *а, е, ы, і* немесе дауыссыз *ж, з, й, л, м, н, ң, р, у* дыбыстарының бірі болып, екіншісі *қ, к* болса, олар ұяндап *ғ, ғ*-ға айналуы керек. Сол себепті де *кемғылмау* делініп *қ* дыбысы *ғ*-ға айналып, бір топта, бір екпінмен айтылуы керек еді. Екіншіден, ереже

бойынша *х* әрпімен берілген араб-парсы сөздерінде ауыз-екі тілде бұл дыбыс қазақша *қ* дыбысына жуықтапқырап айтылатынына қарамастан, *х* дыбысының өзін айту норма. Сондықтан *халықтардан* делінін сөздің басқы дыбысының өзгермегені дұрыс.

Қатаң дыбыстардың қырын сындырмай айту да лекторлардың тілінде жоқ емес. Мысалы: *Қызылқұм* (дұрысы — кызылғұм) өңірі біздің тарихымызда ғұлама атамыз әл-Фарабидің өмірімен байланыстылығымен де маңызды. Сөздің (дыбыстың) толық айтылмауы да кездеседі.

1. Осы жағдайды *пайлана* (пайдалана) отырып, біздің еліміздің ұл-қыздарын осы құрылысқа келуге шақырамыз.

2. Совет Одағы бейбітшілік сүйгіш елдерді қолдауды өз (өзінің) интернационалдық борышы деп біледі.

3. *а, ә, е* дыбыстарының бірінің орнына бірін қолданып айту бар: а) Біздің қазақ *мәдениетінің* (мәдениетінің) орталықтарының бірі болып келген Қызылқұм өңірі өзінің тарихы жөнінен өте қымбат, өте ыстық бол келеді. ә) Ағайынды спортшылар *жайлы* (жәйлі) айтқым келеді. б) *Жәйрәмнің* (жәйрем) өзінің тұрғындары үшін ауысу мәселесі шешілген.

Сол сияқты қысқарған сөздердің айтылуы да бірізді емес. Тіліміздің заңдылығы бойынша басқы әріптерден қысқарып жасалған орыс сөздері орыс тіліндегідей айтылса: (*СССР* — эс-эс-эс-эр), ал қазақша түбірлерден қысқарған сөздер әріптердің жеке-жеке айтылу әуеніне қарай емес, жазылған түрінде айтыла береді. Мысалы: *АҚШ*, айтылуы *ақыш* (*а-қа-ша* емес), *СҚ* («Социалистік Қазақстан») — *сықы* (*эс-қа* емес) <sup>26</sup>.

Ал лектор тілінде *АҚШ—АҒШ* деп қолданылғанын байқадық: Жуырда ғана *АҒШ* (дұрысы *ақыш*) Пакистанға «Ф-16» истребительдерін, бомбардировщиктерінің үлкен бір тобын сатты.

Үгітшінің сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы орфоэпия қағидаларын сақтап, дыбыстарды дұрыс айтумен ғана шектелмейді, сонымен қатар сөйлеу техникасын да жете білумен байланысты. Сөйлеу техникасы дегеніміз жұрт алдында ауызша сөйлеу кезінде лектордың өз дауысын меңгеруі, ойды әсерлі жеткізудің тілден тыс

<sup>26</sup> *Сыздықова Р.* Сөз сазы. Алматы, 1983. 62-б.



көмекші құралдарын орынды пайдалана алуы. Өйткені айтайын деген ойын лектор бір темте, бір сарында баяндауы мүмкін емес. Тақырыптың мазмұнына қарай лектор өзінің ішкі тебіренісі мен толықшысын, көзқарасын көбіне дауыстың ырғағы, ым-ишара, қимыл қозғалыспен жеткізіп отырады. Лектордың сөзін тыңдаушылары көздерімен көріп, құлақтарымен есту арқылы қабылдайды. Сондықтан сөйлеуші ойын тек сөзбен ғана емес, «сезім тілімен» (язык чувств) де білдіре алады.

Тіл білімінде ойды жеткізудің тілден тыс көмекші құралдарын паралингвистика ғылымы зерттейді<sup>27</sup>. Паралингвистика (гректе: пара — «возле», «около» деген мағынаны білдіреді) ғылымы екі саладан тұрады: 1) кинесика (грекше: kinesis «движение») және 2) фонация. Кинесика ғылымының негізгі зерттеу объектісі сөйлеу кезіндегі ым-ишара, қимыл-қозғалыс болса, фонация саласы — сөйлеу кезіндегі интонациялық ерекшеліктерді, дауыс ырғағын, паузаны т. б. қарастырады. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен ым-ишара, қимыл-қозғалыс интонациямен сай келуі (не керісінше) керек.

Енді ойды мәнерлі жеткізудің тілден тыс көмекші құралдарына жеке-жеке тоқталайық.

**Ым-ишара (жест).** Ым-ишара атқаратын қызметіне қарай екіге бөлінеді: 1) шартты, 2) шартсыз. Ым-ишараның шартты түріне әскери құттықтаулар, әртүрлі ұлттық дәстүрлер, мысалы, басты ию, кеудесіне қолың қою т. б. жатады. Ишараның бұл түрі көпшілікке түсінікті бола бермейді. Мысалы, бас июдің әр елде әр түрлі мағынасы бар. Ым-ишараның шартсыз түрінің ұлттық, интернационалдық сипаты басым. Шартсыз ым-ишара негізінен көпшілікке түсінікті келеді. Өзінің атқаратын функциясы жағынан төртке бөлінеді:

1) нұсқау түрінде. Мысалы, лектор айтпақ ойын қосымша таблицаларды, көрнекі құралдарды т. б. нұсқап көрсету арқылы толықтырып отырады;

2) құрметтеу, қошаметтеу мағынасында: қол қысу, әскери ізет, сәлем беру, бас ию;

3) ерекше көңіл аударту мағынасында. Лектор лек-

<sup>27</sup> Савкова З. В. Внеязыковые средства выразительности речи лектора. Л., 1983. С. 12.

цияның басында не ортасы мен аяғында негізгі мәселеге тыңдаушыларының көңілін аудару мақсатында ым-ишара жасайды;

4) ритмді, бір ырғақты ишара. Лектордың өз ойын бір ритммен, бір қалыппен айтуы. Мұнда тыңдаушыларға лектордың логикасы емес, сөйлемнің айтылу ритмі, ырғағы әсер етеді. Ым-ишараның әлеуметтік сипаты лектор аудиторияның құрамына қарай ескеріп отыруы тиіс.

**Мимика.** Адамның бет құбылысының өзгеруі — ішкі жан дүниесінің қандай күйде екенінің айғағы. Кей-бір жағдайларда сөзбен айтпайтын нәрсені көңілмен, қимыл-қозғалыспен беруге әбден болады. Шешендік өнердің шебері А. В. Толмачев: «Адамның бет-жүзі — жанының айнасы. Онда сол адамның барлық сезімі, бір нәрсені жақсы не жек көргені, қуанғаны не қайғырғаны, ашу-ызасы, айбаты, мейірімі көрініп тұрады. Шешеннің ойын аузын ашпас бұрын бет-жүзінен көріп біле аламыз» десе, адамның көзі арқылы да көп нәрсені аңғаруға болатынын К. С. Станиславский: «Ойыңызды дау-сыңызбен, сөзбен білдіріңіз, ал жанарыңыз сөзбен жеткізе алмайтын ойыңызды толықтыра түссін» деген еді. Адамның ішкі дүниесін ерні арқылы да аңғаруға болатынын жазушы В. Г. Вересаев жақсы айтқан: «Көз — адам жанының айнасы дейді. Сөз бе екен! Көз алдамшы, ол — жаныңды жасыратын бүркеме. Адам жанының айнасы — еріндері. Біреудің жанына үңілгің келсе, ерніне көз таста. Көз жанары жарқырап мейірім төгіп тұрған адамның еріндері өзінді жеп қоярдай жыртқыш кейіпте болуы мүмкін. Уылжыған жастың көзіндей бейкүнә жанарлы адамның ерні барып тұрған бұзақылықты, күнәкарлықты көрсетуі мүмкін. Көзге алданып қалмаңдар. Көп адам көзге алданып қалады. Ал адамның еріндері еш уақыт алдамайды»<sup>28</sup>.

Ым-ишара лекцияда екі жақты қызмет атқарады. Біріншіден, ойды үнемдеп, әсерлі, мәнерлі жеткізудің көмекші құралы ретінде пайдаланылса, екіншіден, орынсыз жиі қолданылған қимыл-қозғалыс тыңдаушыларына кері әсер етеді. Тыңдаушылар лекцияның мазмұнынан гөрі лектордың қимыл-қозғалысына еріп кетеді. Сол себепті де ым-ишара, қимыл-қозғалыс тақырыптың маз-

<sup>28</sup> Вересаев В. Записки для себя //Новый мир. 1960. № 1.

мұнымен астарласып, мақсатын ашатындай қызмет атқарғаны дұрыс.

**Фонация.** Мәнерлі сөйлеу мәдениеті лектордың дауыс ырғағына, интонациясына да байланысты. Өйткені сөйлеу кезіндегі дауыстың сан түрлі құбылуы — адамның сол өзі баяндап тұрған мәселесіне қатысын, эмоциясын, сезімін білдіретіні сөзсіз. Интонация лектордың әр сөйлеміне жан беріп қана қоймайды, оның эмоционалдық бояуын күшейтеді. Интонация сөйлемді сан түрлі типтерге бөліп, әрқайсысы өз бояуымен, көтеріңкі, лепті, жай, хабарлы түрде айтылады. Мысалы, А. П. Чехов «әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар» десе, А. С. Макаренко: «Мұнда кел» дегенді оқушыға 20 түрлі реңмен айтып жеткізгенде ғана өз ісінің нағыз шеберімін деп есептедім»<sup>29</sup>, — деп, сөздің айтылу мәнеріне, нақышына, интонациясына қатты көңіл бөлгені белгілі. Сол сияқты Б. Шоу «ие» сөзін айтуда 50 түрлі тәсілмен, «жоқ» сөзін 500 түрлі тәсілмен беруге болады деуі де—дауыс ырғағының маңыздылығының дәлелі. Сөйлемнің интонациясына, айтылу ерекшелігіне көңіл бөлмеу Ғ. Мүсіреповтің сөзімен айтқанда: «Ат жорғалап келе жатып шауып кетсе, желіп келе жатып, сүрініп кетсе, қалай көрер едік. Сөйлемнің ырғағын бұзу да соған ұқсайды»<sup>30</sup>.

Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеу темпімен де байланысты. Шешенге тым тез сөйлеуге де, тым баяу айту да болмайды. Тез сөйлеген кезде тындаушылар лектордың ойын толық игере алмай қалса, тым баяу болса жалығып кетеді. Сондықтан, лектордың айтпақ ойының мақсатына, мазмұнына қарай сөз бірде баяу, бірде жылдам айтылуы тиіс. Хабардың тақырыбына қарай дауыс күшін де өзгертіп отыру керек. Мәселен, әдеби хабарлар саяси хабарларға қарағанда көтеріңкі леппен айтылады. Дауыстың қаттылығы аудиторияның көлемімен байланысты болуы қажет.

**Пауза.** Сөйлеу кезіндегі пауза екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, сөйлеуші пауза жасау арқылы өз ойын жинақтап, негізгі фактілерді қорытындылауға, керекті фразаларды пайдалануға, тындаушыларының зейінін, ықыласын бағдарлауға мүмкіндік жасаса, екінші-

<sup>29</sup> Макаренко А. С. Таңд. шығ., Алматы, 1955. 206-б.

<sup>30</sup> Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. Алматы, 1982. 90-б.

ден, аудиторияның айтылған мәселелерді сарапқа салып ойлануына да жағдай жасайды. Ауызша сөйлеу кезінде дауыс кідірісінің (паузаның) маңызы зор. Ол тек тыныс белгілерінің ғана ролін атқармайды, ол ойды мәнерлі жеткізудің бірден-бір жолы, тәсілі болып табылады. Лектор паузаны орынды пайдалану арқылы сөздің, сөйлемнің мағыналық бояуын, эмоциялық күшін қоюлата түседі. Паузаны жиі қолдануға да болмайды. Оның ұзақтығы сөйлеушінің сөйлеу темпіне байланысты болуы керек. Мәселен, лекцияның басында лектор аздап кідіріс жасайды. Бұл кідіріс аудиторияның лектормен сырттай танысуына мүмкіндік береді. Егер лектор лекциясын бірден бастап кетсе, оның алғашқы сөзі тыңдаушыларға жетпей қалуы мүмкін. Бұл кідіріс лектордың аудиториямен танысуына, олардың көңіл-күйінің, ықыласының қандай екенін аңғаруына да қолайлы болады. Лектордың дауыс ырғағының әр түрлі құбылуы, интонация, сөздің көтеріңкі не жай айтылуы, пауза, ым-ишара, қимыл-қозғалыстар лекцияның мән-мағынасымен астарласып, мақсатын ашатындай, тыңдаушыларының көңіл-күйіне әсер ететіндей роль атқарғанда ғана орынды болмақ.

Сонымен, айтайын деген мәселесін тыңдаушыларына шашпай-төкпей өз мәнінде, байыпты да байсалды, тіл заңдылықтарына сай жеткізу — бүгінгі жалынды сөз жаршыларының негізгі де жауапты борышы. Оларға үлгі болар от ауызды шешендер мен шеберлер мектебі, сусындар білім бұлағы да жеткілікті. Тек тынымсыз еңбектенуге тиіс.

Өмірдің қай саласынан болмасын алуан түрлі информациялармен күнделікті қаруланып отыратын талғампаз тыңдаушы қауымның алдында өз мәдениеті мен сөз мәдениетін қатар ұстап, шеберлік пен шешендіктің қырсырын жете меңгерген лектор ғана еңбекшілерді коммунистік саналылыққа тәрбиелей алады.

Совет халқының өмірінде оның мәдениеті мен әдебиетінің, ғылымы мен техникасының қазіргі даму кезеңінде радио мен телевизияның алатын орны да ерекше, атқарар міндеті де үлкен. Олар қоғам өмірінің барлық саласына игілікті әсер-ықпалын тигізіп келеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында бұқаралық информация құралы жайында: «Бізде телевизия мен радио қазіргі техникалық дәрежеге не болып, тез дамып келеді. Олар информацияның, біздің адамгершілік байлықтарымыз бен мәдениетімізді насихаттау мен орнықтырудың әмбебап құралы ретінде өмірге берік енді. Мұнда жақсылық жағына қарай өзгеріс жасалғаны айқын көрініп отыр, теле-радиохабарлар алуан түрлі және қызықты бола бастады, қалыптасқан бірсарындылықтан арылуға, көрермендер мен тыңдаушылардың алуан түрлі мүдделерін толығырақ ескеруге ұмтылыс байқалады»<sup>1</sup>, — деп атап көрсетілді.

Радионы В. И. Лениннің «Қағазсыз, қашықтық дегенді білмейтін «газет» — деп атаған көрегендік сөзі қазіргі ұрпаққа кеңінен мәлім.

Қазақ топырағында алғаш радиостудия 1930 жылдың 1 январында ашылды да, ал телевизия хабарын көріп тамашалағалы ширек ғасырдан асып барады. Тәулігіне берілетін радиохабар бұрын 3,5 сағат қана болса, қазір 67 сағаттан асып отыр. Республика тұрғындары-

---

<sup>1</sup> Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы. 1986. 115-б.

ның 99 проценті төрт программадан алты тілде радио-хабар тыңдай алады<sup>2</sup>. Олар: Алматыдан аралас берілетін бірінші программа, Алматының екінші программасы «Шалқар», тәулік бойы берілетін «Маяк», Москваның екінші программасы.

Республика халқының Орталық телевизияның программасын — 90,1 проценті, Қазақ телевизиясын — 79,3 проценті көріп тамашалайды. Ал Қазақ телевизиясының хабарлары тәулігіне 7 сағаттан 11,3 сағатқа дейін өсті<sup>3</sup>. Бұл айтып отырғанымыз Алматыдан берілетін республикалық хабарлар болса, оған қоса әр облыста жергілікті материалдарға арналған радио және телевизия хабарлары тағы бар.

Бүгінгі күні Қазақ радиосы мен телевизиясы өзінің көп тармақты программаларында өмірдің сан түрлі саласына тікелей қатысты қоғамдық, әлеуметтік, өндірістік, саяси, ғылыми, мәдени, әдеби тақырыптарға арналған мәселелерді тегіс қамтиды. Осы аталғандай көп салалы хабарларды Қазақстанның көп ұлтты тұрғындары өздеріне қажет деп тапқан, әрі әркім жас мөлшеріне, мамандығына т. б. лайықты дүниелерді іріктеп, тыңдай және көре алады.

Радио мен телевизия хабарлары көп ұлтты кең байтақ отанымыздағы, республикадағы, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан жаңалықтармен ғана шектеліп қоймайды, тыңдаушы бұқараның білім дәрежесін жаңжақты көтеруге, ана тілін үйренуге, оның құпия сырын тани білуге, жастарды жарқын болашақ үшін жан аямай адал еңбек етуге, еңбекқорлыққа, адалдыққа, Ұлы Отанды қорғау ісіне, патриоттыққа тәрбиелейді.

Бұл, сөз жоқ, совет дәуірінде мәдени революция саласынан біздің халқымыздың қолы жетіп отырған игілікті істің бір бөлігі ғана.

Бұл тарауда радио, телевизиядан қазақша жүргізілген хабарлар тілі және оларда әдеби тіл нормасына сәйкесті тіл мәдениетінің сақталу жайы қаралады. Бұл мәселе қазақ тілі фактісі негізінде жеке зерттеу объектісі де болған емес. Оны зерттеудің де өз қиыншылығы бар. Радио, телевизия тіліне арналған бұл тырнақалды

<sup>2</sup> Рысбеков М. Қағазсыз шежіре // Қазақ әдебиеті. 1984. 4 май.

<sup>3</sup> Смайылов К. Жоғары таланқа сай // Социалистік Қазақстан. 1984. 6 май; Шалахметов Ф. Насихаттың әмбебап құралы // Социалистік Қазақстан. 1986. 7 май.

шағын еңбегімізде ауқымы мен арнасы кең, күрделілігі мен қиындығы мол осы мәселеге көпшілік назарын аудартпақпыз.

Зерттеу объектіміз радио, телевизия тіліне тікелей қатысты болғандықтан, ең алдымен республикалық радио мен телевизияда қазақ тілінде жүргізілетін хабарларды, мүмкіндігінше көңіл қойып, жиі тыңдап отырдық. Одан басқа бірсыпыра материал Қазақ ССР Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетінің архивінен алынды.

Радио мен телевизияда берілетін хабарлардың тақырыбы да ұшан-теңіз, халық өмірінің сан-саласын тегіс қамтиды.

Тарихи тақырыптарға арналған көп сериялы радиофильм, радиоспектакль, телехабар, телефильм т. б. осы сияқты кең масштабты хабарлар бұл саладың өскеніне, мазмұнының тереңдегеніне, жалпы қазақ радио, телевизия ісінің өте жоғары дәрежеге көтерілгеніне толық дәлел бола алады. Тың игерудің отыз жылдық мерекесіне арналып, Қазақ радиосы қызметкерлерінің дайындауымен берілген 30 сериялы радиофильм, Социалистік Еңбек Ері, академик жазушы Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша жасалған 6 сериялы радиоспектакль, Алматы облысы, Талғар ауданынан ұйымдастырған «Жетіген» совхозында жеті күн» атты 7 рет жүргізілген телехабар, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына» арналған хабарлар сериясы, орыс және қазақ тілінде 40 сериялы видеофильм, «Замана бұлбұлдары» деп аталатын Қазақтың музыка өнеріне арналған киношежіре тарихынан музыка зерттеушісі Жарқын Шакаримов өткізіп жүрген хабарлар, жазушы Акселеу Сейдімбеков пен әнші Жәнібек Кәрменов, Илья Жақанов пен Қайрат Байбосыновтар жүргізіп келе жатқан халқымыздың ән өнері, халық композиторларының творчествосы жайлы «Асыл мұра» деп аталатын зерттеу әңгіме-хабарлары жоғарыда айтылғандардың бір бөлігі ғана. Мұндай хабарлардың тізімін жалғастыра беруге, әрине, әбден болады. Республика бойынша экономикалық проблемаларға арналған Маңғышлақ, Бозашы, Екібастұз сияқты ірі өндіріс орындарынан ұйымдастырған хабарлар, Азық-түлік проблемасы, мелиорация, ауыл шаруашылығы мен мал өсірудің көкейтесті

тақырыптарына қатысты хабарлар өз алдына бір төбе. Бұлардан басқа «Тамаша», «Терме», «Айтыс», жастар үшін берілетін «Көкпар», «Алтыбақан» сияқты программалар халқымыздың асыға күтіп, сүйіп тындайтын хабарына айналды.

Әр адамның, әр семьяның күн сайын көріп, тындап отыратын радио мен телевизияда осы сияқты көп тармақты, сан-салалы хабарлардың қай-қайсысынан да қазақ әдеби тілінің, оның түрлі-түрлі стильдік ерекшеліктерінің жұмсалудың дәрежесі көрінеді. Радио, әсіресе телевизия хабарларының жүргізудегі техникалық құралдарды пайдаланудың алатын орны ерекше. Ол туралы өз алдына айтуға болады.



Қазіргі кезде қазақ әдеби тілінің стилі<sup>4</sup>, оның ішінде жазба әдеби тіл стилі болсын, ауызша сөйлеу тілі стилі болсын олардың ара жігі ажырап, әр қайсысы өзінше айқындалып, сараланды. Көркем шығармалар тіліне қатысты — көркем әдебиет стилі (оның ішінде шығарманың әр түрлі жанрына — роман, лирикалық өлеңдер сатиралық әңгімелер, фельетон т. б. қатысты ерекшеліктер), ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылымның сан-саласынан жазылатын оқулықтар мен оқу құралдары — ғылыми стиль, іс қағаздары — кеңсе стилі, мерзімді баспасөз тілі — публицистика стилі болып жіктелсе, ауызша сөйлеу стилі — ауызекі сөйлеу стилі (разговорный стиль) және онымен салыстырғанда анағұрлым жоғары саналатын ақындық, шешендік, академиялық ғылыми стиль сияқты т. б. әдеби тілдің ауызша түрлерін қамтиды.

Радио мен телевизия тілі әдеби тілдің публицистика стиліне негізделеді. Бірақ радио, телевизия тілі публицистика стилінің негізгі арқауы — мерзімді баспасөз тілімен, яғни газет-журнал тілімен үнемі дәлме-дәл бірдей бола бермейді. Радио, телевизия тілінің публицистикаға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Оның ат

<sup>4</sup> Қазақ әдеби тілі стилі жайында: Балақаев М., Жанпейісов Е. Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974; Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалануы. Алматы, 1984; Сыздықова Р. XVIII—XIX ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1984.



қарар міндетінің арнасы да өте кең. Жазба әдеби тіл мен ауызша сөйлеу тілінің бір-бірімен жұптаса, қабыса көрініс табуына осы радио, телевизия тілі толық дәлел бола алады.

Публицистика стилінде ауызша тіл элементтері болғанымен, негізінен жазба тіл дәстүрі, жазба тіл үлгілері басым болады. Радио, телевизия тілінің бұлардан бір ерекшелігі — онда жазба тілдің де, ауызша тілдің де, аудиторияда оқылар лекция, мектеп оқушыларына сабақ жүргізу үлгілері (телевизияда мектеп оқушыларын қатыстыра отырып, алдыңғы қатарлы мұғалімдердің үлгілі сабақ жүргізу әдістері жиі көрсетіледі), концерттік программалар т. б. толып жатқан форма мен түрлерді қамтиды. Демек, радио, телевизияда қазақ әдеби тілі стильдері элементтерінің қай-қайсысы болса да көрініс табады.

Айталық, Әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясының «Алатау» радиокітапханасы, «Жыр қайнары», «Адам және уақыт», «Қазақстан радиотеатры» т. б. редакциялардан берілген Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша жасалған радиоспектакль, Шерхан Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романынан үзінді, Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым» атты романынан үзінді, Фариза Оңғарсынованың «Туған ауыл» циклынан өлеңдері, С. Сейітов, Ә. Нілібаев, Ш. Сымаханұлының өлеңдері сияқты көркем әдеби тіл нұсқалары — көркем әдеби тілі стиліне жататын шығармалар.

Радио мен телевизиядан күнбе-күн бірнеше рет берілетін соңғы хабарлар, «Миллиондардың лениндік университеті», «Насихатшылар трибунасы», «Семья және мектеп», «Депутат және өмір» т. б. осы сияқты хабарларды жүргізу — негізінде, публицистика стиліне жатады.

Жоғары класс оқушылары үшін — «Компас» радиожурналы, мектеп оқушылары үшін «Ойлан, тап», телевизиядан СССР халық артисі Ермек Серкебаев жүргізетін музыка, опера өнерімен таныстыратын «Бастау» хабарларының тілі ғылыми, ғылыми-публицистикалық стильге бір табан жақын.

«Планета тынысы» деп аталатын программадан берілетін Халықаралық тақырыпқа шолу, «Рауан» телехабарынан Қазақ ССР Ғылым академиясының акаде-

миктері Ә. Марғұланмен, Н. О. Базановамен телевизияда өткізген кездесу, ақындардың өз өлеңдерін оқу сияқты т. б. осындай хабарлардың тілінде көбінесе ақындық, шешендік, академиялық ғылыми стильдің белгілері көбірек байқалады.

Өндіріс орындарынан, шаруашылық басынан ұйымдастырылатын хабарларда ауызша сөйлеу стилі көбірек көрініс табатын болса, өлең, сөзі, музыкасы араласа жүргізілетін «Ұшқын» сияқты радиoproграммалардың тілі өзіне бір басқа.

Тіл мәдениеті мәселесін соңғы жылдарда қол үзбей зерттеп, бірнеше кітап шығарып жүрген проф. Б. Н. Головиннің 1980 жылы университеттердің филолог мамандығын алушы студенттеріне оқу құралы ретінде жариялаған еңбегінде — «Тіл стильдерінің саны көп емес, ал сөйлеу стильдерінің саны өте көп және оларды ешкім санап шыққан да емес»<sup>5</sup>, — деген пікірінің дұрыстығын қазақ тілі фактісі де дәлелдей түскендей.

Демек, ғылыми-техникалық революция заманында радио, телевизияда берілетін өмірдің сан-салалы түрін қамтитын материалдар, солар арқылы жүргізілетін хабарлар тілінен қазақ әдеби тілі стилінің барлық түрі де кездеседі және көпшілік жағдайда бір хабарда бірнеше стильдің белгілері де бола береді. Мұның өзі радио, телевизияның бүгінгі күні атқарар міндетінің үлкендігін, ауқымының кеңдігін тағы бір қырынан дәлелдей түседі.

Радио, телевизия хабарларын дайындауда, оларды эфирге немесе экранға шығару ісінде техникалық құралдардың алатын орны ерекше. Радиода ең алдымен эфирге шығар материалды оқу, сөйлеу негізгісі болса, оған қоса оларды музыкамен көркемдеу, студияларда таза да анық жазу үлгілері, ең соңында барлығының басын біріктіріп, монтаждау — әр хабар бойынша дерлік атқарылатын күнделікті жұмыстар. Ал телевизия болса, бұл жұмысты ұйымдастырудың қиындығы радиоға жазу жұмысынан да әлдеқайда күрделірек.

Телевизия хабарларының барлығы бірдей айтылмайды, яғни сөйлеу арқылы ғана жүргізілмейді. Экраннан өтетін материалдар халыққа түсінікті әрі тартымды болуы үшін, ара-арасында көрсетіліп отыратын фотосуреттер, кино, телекадрлардың (изображение), оларға

<sup>5</sup> Головин Б. Н. Основы культуры речи. М., 1980. С. 269.

қосымша музыканың үлкен көмегі бар. Бұлар — осы саланың негізгі ерекшелігінің бірі. Демек, телевизияда — экран (изображение), көрініс, дыбыс сөз сияқты үш түрлі шарттылық қатар жүргізіліп отырады. Мұның барлығы телевизияға тән құбылыстар.

Радио мен телевизия хабарларын бүгінгі күн талабына сай жүргізу — техникалық құралдарды орынды да жеткілікті пайдалануды керек етеді. 1984 жылы іске қосылған Алматы радио, телевизия хабарларын тарататын станция — Аппаратты студиялық комплексіте әр түрлі көлемдегі студиялар, монтаждауға арналған аппараттар, репетиция залдары, фонотекалар, фильмотекалар бар. Техниканың ең соңғы жетістіктерімен жабдықталған бұл станцияның арқасында радио, телевизия хабарларының сапасы бүгінгімен салыстырғанда әлдеқайда жақсаратын болады, сондай-ақ, тіл жұмсаудың шеберлігін арттыру мен сөзді айқын да анық, көрікті дыбыстауға көмегін тигізеді.

Радио, телевизияда берілетін хабарларды дайындау әдісі де, оларды жүргізу жолы да әр түрлі болады. Көпшілік хабарлар: роман, повестіден үзінді, қысқа әдеби очерктер, ғылым мен техниканың, мәдени-ағарту, бұқаралық-насихат сияқты т. б. жеке тақырыптарға ықшамдалып жазылған қысқа әңгімелер. Мұндай материалдар — бір адамның қаламынан шыққан, оларды оқытындар да не автордың өзі немесе радио, телевизия дикторлары.

Сөз етіп отырған хабарлардың тағы бір түрлері кабинетте дайындалып, бірсыпыра қосымша материалдар, ғылыми еңбектер оқылып, соларды негізге ала отырып жазылатын хабарлар эфирге немесе экранға шығатын болса, енді біреулері еңбек адамдарының жұмыс орнынан, станок жанынан, тоқтың басынан, мал фермаларынан, оқу-ағарту орындарынан тікелей ұйымдастырылатын хабарлар. Бұлардың біріншісі — күні бұрын дайындалып, қағазға түсіріліп, жазу машинкасына бастырылған түрі, оны радио, телевизия дикторлары не автордың өзі оқып беруі арқылы жүргізіледі. Ал екіншісінде көбінесе-ақ хабарға қатысатын адамдарды сөйлету, өзі туралы, өзі еңбек етіп отырған орта, коллектив, атқаратын жұмысы туралы интервью алу үлгісімен жүргізіледі. Бұл екі түрлі хабардың сөйлеу үлгісінде, сти-

тіңде айырмашылықтың бар екендігі бірден байқалады. Біріншісінде, негізінен, басыасөз тілі стилі — публицистика, ал екіншісінде ауызекі тіл үлгісі басым болары сөзсіз. Эфирде немесе экранда сөйлеген жұмысына ма, ди-хан ба, мұғалім, оқушы, дәрігер ме мамандығына қарай олардың тіл ерекшеліктерін де, ана тілі нормасын сақтау дәрежесін де аңғарып, ажыратуға әбден болады.

Қазақ әдеби тілінің коммуникативтік функциясының өсіп, қоғамға қызмет ететін аясының кеңейгеніне бірден-бір дәлел болатын сала — бүгінгі күнгі радио, телевизия тілі, оның сан-салалы хабарларында көрініп отырған әдеби тіл стилі, оның әр түрлі жанрлары, публицистика, ауызша сөйлеу стилінің неше алуан түрлері.

Баспадан шығатын шығарманың оқырманынан эфир мен телэкранға шығар хабардың тыңдаушысы мен көрермені сан жағынан әлдеқайда басым болуы да, оның сол қауымға тигізер әсері де көпшілік жағдайда өтімдірек келетіні де заңды құбылыс. Радио, телевизияда жүргізілетін хабарлардың маңызы мен көлемінің үлкен, кішілігіне қарамастан (қысқа хабар, әдеби нұсқа, өндірістен, еңбек даласынан ұйымдастырар әр түрлі көлемдегі хабарлар т. б.), олардың авторларына, ең алдымен, хабардың мазмұны айқын, идеялық жағынан сауатты, көркемдік шеберлігі әдеби тіл дәрежесінде, демек, ана тілінде жұмсалатын сөздердің лексикалық, грамматикалық нормаларын мұқият сақтау талабы қатты қойылады. Оларды қазақ әдеби тілінің ауызша сөйлеу, орфоэпия заңдылықтарын бұлжытпай, мүлтіксіз сақтап, соған сәйкесті сөздерді анық та айқын айту мен оқу міндеті хабарды жүргізуші — дикторларға, кейде бұл іске қатысатын басқаларға да (автор, комментатор, репортер т. б.) қойылады. Қалай болғанда да радио, телевизия хабарларының мазмұны мен жүргізу жолында қазақ әдеби тілінің дәстүрлі заңдылықтарын сақтау көзделеді. Осындай талап дәрежесіндегі хабарларды өз ишiмiн тапты, тыңдаушы қауымға толық жетті деуге болады. Сонда ғана радио, телевизия бүкіл халықтың сүйiн тыңдайтын, үлкен әсер алатын пәрмендi мәдени құралы болмақ.

Дикторлар, комментаторлар, өз жазғандарын оқытын авторлар, лекторлар, шолушылар, репортерлер — радио, телевизияда жүргізілетін хабарларды ана тілі-

нің орфоэпиялық нормасына сәйкесті бұқара көпшілікке жеткізушілер. Бұлардың сыртында тілдің аузына сөйлеу нормасын көрсететін концерттік программалардағы орындаушылардың өлең текстері, радио саласынан — радиотеатр, радиоспектакль, телевизиядағы сахна саласынан — пьесалар орындау, қазақ тілінде берілетін кино текстері тағы бар.

Осындай радио, телевизиядан қазақ тілінде берілетін қыруар материалды тыңдаушылар мен көрермендерге жеткізушілерге, әсіресе бұл екі салада тұрақты сөйлеушілер — дикторларға қазақ әдеби тілінің нормасын сақтау тұрғысынан қойылар міндет үлкен.

Осы кезде, халықтың жаппай сауатты шағында, дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқу мәдениетіне талап та күшейді. Ол қалып бұқараның күшті құралына да айналды. Қазір кез келген еңбек адамдары: малшы, егінші, металлург, теміржолшы үлкен жиындарда, радио, телевизияда ұйымдастырған хабарларда сөйлеп, еңбектегі табыстары, оны ұйымдастырудағы кейбір кездесіп қалатын қиындықтары жайлы өз пікірлерін ортаға салып, айта алады.

Ал радио, телевизияда сөйлейтін кісілердің, әсіресе дикторлардың даусы ашық, үні де құлаққа жағымды, дикциясы таза, тілдің үнділігі мен әуезділігін сақтап, әрбір сөзді өз әуенімен айқын да анық айтатын, әдеби тіл заңдылықтарына сәйкес, орфоэпиялық норманы сақтап, дұрыс сөйлей білетін өз ісінің маманы болуы абзал. Ол үшін оқитын материалдың идеясы мен мазмұнын жақсы түсініп, толық меңгеріп, сөздердің жалпы және стильдік қолданыстағы мағыналарын ажырата білгенде ғана жүргізетін хабарды бір сарында емес, тыңдаушы мен көрерменнің ішкі дүниесін қозғайтындай, бірде көтеріңкі, бірде басыңқы үнмен немесе қуанышты, қайғылы сезімді аңғартатын табиғи дауыспен оқи алады. Бұл салада республикалық радио, теледикторларының үлкен тобы қалыптасты. Олар оқыған әр саладан берілетін материалдар бірлі-жарым орфоэпиялық (ол туралы кейін сөз болады) қателерді айтпағанда, негізінен, қазақ әдеби тілінің нормасын сақтап оқылатынын атап көрсетуге болады. Олардың ішінен республикалық радио дикторы, осы өнерді 40 жылдан аса үздіксіз жалғастырып келе жатқан Қазақ ССР-інің халық артисі Әнуар-

бек Байжанбаевтың еңбегін ерекше атаған орынды. Ол күнде берілетін соңғы хабарлардан бастап, үкімет пен партияның қаулы-қарарларын, әдеби шығармаларды, еңбек озаты, ғалымдар мен өнер адамдары жөнінде жазылған очерктерді әрқайсысын, негізінен, әдеби тіл нормаларын сақтап, өз дәрежесінде, өзінің стилдік ерекшеліктерімен, әр сөзді, сөз тіркестерін нақыншына келтіріп оқиды.

Бір ауыз сөз — дикторлар мәдениеті жөнінде. Радио дикторларын тыңдаушы қауым олар оқыған хабарды тыңдау арқылы ғана білетін болса, телевизия дикторларын тыңдаумен бірге телеэкраннан көріп отыратыны тағы белгілі. Сондықтан да телевизия дикторларына қойылар талап көп. Біздің телевизия программаларын жүргізетін дикторларымыздың, негізінен, өз мамандықтарын біршама меңгерген дикторлар болғанымен, өздерін ұстау мәнері оқып отырған хабардың мазмұнымен қабыспайтын да кездері болып қалады. Айталық, кейбір дикторлар соңғы хабар, ауа райы жөніндегі мәліметті оқып отырып, экранға жиі-жиі күле қарау, күлімсірей беруді стильге айналдырып жүр. Бұл жағынан оларға үлгі өнеге боларлық Бүкілодақтық телевизия дикторларының мол тәжірибесі бар.

Радио, кейін телевизия ісінің кең құлаш жайып, өркендеуімен байланысты радио, телевизия дикторларынан басқа, бұл салада алғашқы жұмыс істей бастаған тұста мүлде болмаған қазақ тілінде хабар жүргізетін радио, телевизия тілшілері (республикалық, әр облыстағы — облыстық тілшілер), радио, телекомментаторлары, спорт хабарларын жүргізуші — спорт шолушылары, репортерлер сияқты мамандық иелері шығып, бұлар қазіргі кезде әрқайсысы әбден қалыптасқан тұрақты мамандық дәрежесіне көтерілді деуге болады.

Солардың ішінен өз мамандығын біршама меңгерген қазақ тілінде жүргізетін хабарды мақсатына сай дәйімдай алатын, жазып алып та, кейде жазбай да өндіріс басынан бірден сөйлеп, дағдыланып ысылған, тілі де жатық республикалық, облыстық тілшілер, шолушылар, комментаторлар, әсіресе спорт терминдеріне байланысты қиыншылықтарын игеріп, спорт алаңдарынан тікелей хабарлар жүргізе алатын спорт шолушылары — осы саладағы жаңа мамандық иелері.

Қазақ телевизиясының хабарларын жүргізетін телекомментатор, телерепортерлердің алғашқы тобында осы мамандықтың қазақ тонырағында қалыптасуына көп еңбек сіңірген, өмірден ерте де жастай кеткен марқұм Совет Масғұтовты Қазақ телевизиясы тарихында ерекше атайды. Аса сауатты, дайындығы мол С. Масғұтов екі тілде бірдей (қазақ, орыс тілдерінде) телекомментатор, телерепортер жұмысын еркін де сауатты жүргізуді меңгерген, іскер аудармашы, эфирде бірден тікелей аударып, комментарий жасай беретін еді. С. Масғұтовтың ана тілін жазба түрінде де, ауызша сөйлеу түрінде де еркін игерген іскерлігін кезінде М. О. Әуезов өте жоғары бағалаған болатын.

Көркемсөзде қолданылатын монолог, диалог сияқты тәсілдер де радио, телевизияда қазақ тілінде хабарлар жүргізуде әдіс ретінде біршама қалыптасып келеді. Бұл тұста С. Оразалин өткізген қазақ көркем әдебиет тілі өкілдерінің өздерімен сөйлесе отырып, творчестволық талдау жасау (Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, П. Есенберлин, Ш. Айтматов, Т. Ахтанов т. б.) формаларын; қазақ халқының бай өнері, ән мен күйі, аса талантты халық композиторлары, халық ақындары жайында, дәлірек айтқанда мәдени мол байлықты насихаттауда біршама қалыптасып қалған «Асыл мұра» хабары, онда халық ақыны және композиторы — Кенен Әзірбаевтың, халық композиторы — Мұхит Әндері, қазақ ақын жазушыларының әндері сияқты тақырыптарға топтастырып, жазушы Ақселеу Сейдімбеков пен әнші Жәнібек Қарменов жүргізген хабарлар; осындай мазмұнда өнер зерттеушісі — Жарқын Шакаримов, композитор Илья Жаканов пен әнші Қайрат Байбосыновтың, халық композиторлары Қаяу Мұса, Үкілі Ыбырай т. б. дың өлең қазынасы жайында терең толғаған хабарларды ерекше атаған дұрыс. Бұл хабарларда жазушы, композитор, әнші мамандар сөз етер тақырыпты жан-жақты зерттеп, оған терең бойлағандықтарын көрсете білсе, соған сәйкесті ана тілінің мол қорын еркін де жүйелі пайдалану үлгісін көрсетті. Сондай-ақ, жоғарыда айтқан тілдік тәсілдер де осы хабарлардан анығырақ көрініс танытады.

Міне осы айтылғандардың барлығы тілдің қоғамдық, функционалдық, коммуникативтік функциясының ұлғаюына байланысты радио, телевизия тіліне енген жаңа стиль, жаңа мазмұн деп тануға болады.

## РАДИО-ТЕЛЕВИЗИЯ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖҰМСАЛУ МӘДЕНИЕТІ

Күнбе-күн естін, көрін отырған радио, телевизия хабарларындағы біз байқаған кейбір тілдік тұлғалардың көрінісін, әдеби тіл нормасы тұрғысынан жұмсалыу мәдениетін сөз етпестен бұрын, бүгінгі күнгі қазақ әдеби тілінің функционалдык қолданысының бір белесін танытатын осы үлкен саланың — өзіндік стильдік ерекшелігі бар екендігін айрықша айтуға болады.

Бүгінгі күні қазақ халқының мәдени, рухани өмірінен үлкен орын алып отырған. Коммунистік партияның жетекшілік нұсқауларын насихаттайтын ең пәрменді, нағыз бұқаралық құралы — радио, телевизияда берілетін хабарлардың да түрі көп. Күніне бірнеше рет берілетін соңғы хабарлардан бастап, әдеби, мәдени, саяси, оқу-ағарту, сан-салалы өндіріс пен шаруашылыққа байланысты, спорт т. б. тақырыптарға арналған мәселелер — радио, телевизияда дәстүрлі жүргізілетін хабарлардың негізгілері. Демек, радио, телевизия қамтымайтын, оның көп салалы программаларына ілінбейтін бізде өмірдің еш саласы жоқ. Осындай халық, ел өмірін жан-жақты қамтитын радио, телевизия хабарларында ана тілінің қолданылу аясы да кең, коммуникативтік функциясы да үлкен.

Қазақ әдеби тілінің функционалдык стильдері тұрғысынан саралағанда, радио, телевизия тілі әдеби тілдің публицистика саласына жататыны дау туғызбайтын мәселе. Ол ғылыми әдебиеттерде де бұрыннан айтылып келе жатыр.

Публицистика стилінің негізгі арнасы — мерзімді баспасөз, күніне неше мыңдап жарық көріп жататын сан-салалы газеттер мен көп тиражды әр түрлі журналдар тілі болмақ. Ал радио, телевизия тілінің арналары — тек мұнымен ғана шектелмейді. Онда көркем әдеби тілі стилі, оның жанрлары, ғылыми стильдің, тіпті кеңсе, іс-қағаздары стилінің де, бұларға қоса ауызша сөйлеу стилінің, оның да әр түрлі жанрларының белгілері бар.

Демек, қазіргі кезеңдегі радио, телевизия тілінің стилі — тек қана публицистика стилімен шектеліп қоймайды, онда қазақ әдеби тілінің бүгінгі даму сатысындағы басқа да функцио-



налдық стильдерінің, ауызша сөйлеу тілі стилінің, олардың әр түрлі жаңрауларының сипаты бар.

Радио, телевизияда берілетін көпшілік хабарлар болсын, өндіріс, шаруашылық басынан тікелей жүргізілетін арнаулы хабарлар болсын айтылмақ негізгі мәселе бірден басталып кетпей, оның алдында радио тыңдаушылар мен телекөрсермендеріне сол хабарлардың мазмұнына тікелей қатысты, кіріспе іспеттес түсінік беріледі. Телевизия хабары болса, сол айтылғандардың нақты көрінісі, көбінесе телеэкраннан қатар көрсетіліп отырады. Осы жайды байқау үшін бір-екі хабардан үзінділер келтіріп көрелік.

Журналист — тілші дайындан өткізген «Жайлау сәні малымен» атты хабарда, жайлаудағы мал, ондағы еңбек адамдары — шопандар еңбегін, олардың тұрмысын айтып бұрын, хабарын былай бастайды:

*Жадыраған жаздың кемеліне келіп, толысып, толықсыған шағы, бұл. Жаз еркесі шілде болса, жаз қызығы — жайлау. Жер беті мұнда көкорай шалғын бәйшешек, түкті кілемдей құлпырады. Тау бөктерінде, сай-салаларда, өзен бойы мен көгалды жазықта — ақшаңқан киіз үйлер, шашырай жайылған қалың мал.*

*Иә, жайлау сәні қашан да малымен. Көктемде туған қозылар есейіп жетіледі, қоң алады. Сол себепті шөбі шүйгін, суы кәусар шұрайлы жайлау бүгінде малшы қауымының құтты мекеніне айналған...*

Осыдан кейін биылғы республика шопандарының табысы, алынған қозы саны көрсетіледі...

Содан кейін ғана хабарға қатысып отырған шопанның еңбек барысы мен табысы, оны толғандырып жүрген басқа да мәселелер жайында әңгімесін қозғайды.

Целиноград облысының меншікті тілшісінің Целиноградтағы «Қазахсельмаш» заводынан ұйымдастырған хабары былай басталады:

*Біз қазір Целиноград қаласындағы СССР-дің 50 жылдығы атындағы «Қазахсельмаш» заводының бірінші цехындамыз. Кең, жарық корпус іші қайнаған еңбек. Мұнда станоктарда дамыл жоқ, тоқтаусыз жұмыс істейді...*

Содан кейін ғана сөз етіп отырған цехтағы еңбек ұйымдастыру мәселелері мен еңбек тәртібі, шығатын өнім сапасы, оларды алушылардың талап-тілегі жайында

әңгімелейді. Жұмыс барысында кездесіп отырған қиыншылықтар, оларды болдырмау шаралары жайында да нақты сөз болады.

Радио, телевизияда көпшілік хабарларды, негізінен, жоғарыдағы мысалдарда көрсетілгендей дайындықпен жүргізу — бұл салада стильдік бағыт алғанын аңғартады. Және бұл тәсіл хабардың мазмұнын ашып, айқындай түсуге, тыңдаушы мен көрермендерге хабарды көру мен тыңдауға психологиялық дайындық жасауға, қосымша мағлұмат үстеуге мүмкіндік береді.

Демек, осы сияқты қолданыстар публицистика стилінің радио мен телевизия тіліндегі көрінісінің бір ерекшелігін байқатады.

Радио мен телевизияда күн сайын бірнеше рет берілетін Соңғы хабарлар, «Қазақстан» информациялық программасы мен жаңалықтар, «Қарышты Қазақстан», «Планета тынысы», «Миллиондардың лениндік университеті», «Бүгінгі күннің өзекті мәселесі», «Семья және мектеп», «Партия тұрмысы», жоғары класс оқушылары үшін «Өрендер», мектеп оқушылары үшін «Шынар», «Пионер серігі» радиожурналдары т. б. осындай программалар бойынша жүргізілетін хабарлар тілінен публицистикалық стильмен қатар ғылыми, ғылыми-публицистикалық, академиялық ғылыми стильдердің де белгілері байқалып отырады. Бұлардың қай-қайсысынан болса да радио мен телевизия тіліне тән ерекшеліктер— әсіресе, жазба тіл мен ауызша сөйлеу тілінің қарым-қатынасы, олардың үнемі жұптаса жұмсалу процесі көрінеді.

Республикалық радио мен телевизия программаларында романдардан үзінділер оқу, айталық, Социалистік Еңбек Ері, жазушы Ғ. Мүсіреповтің «Жат қолында», Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым», Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ш. Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романдарынан оқылған үзінділер, М. Әуезовтің «Абай» романынан «Татьянаның қырдағы әні» атты тарауын музыкамен көркемдей жүргізу, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары — Қадыр Мырзалнев, Фариза Оңғарсынова, Мұзафар Әлімбаев тағы басқа да ақын-жазушылардың жаңа өлеңдерін оқу, драмалық шығармаларды радио мен телеэкранға ыңғайлап жүргізу, бұлардан басқа негізгі

тақырын жетісіне арқау етін аз да болса, тәжірибеде кездесін қалатын советтік өмір салтына, семьяға жат қылықтарды қатты сынға алатын әртүрлі сықақ әңгімелер немесе Пасихат хабарлары. Бас редакциясының «Көреген» сатиралық радиожурналында жиі беріліп тұратын Республикалық халықтық бақылау комитетінің материалдары бойынша дайындалатын өндірісте, көп салалы шаруашылықта (мысалы, жол қатынасында, мал басын сақтан, өсіру т. б.) жол беріліп қалатын кемшіліктер, еңбек тәртібін бұзушылар, бюрократизм, қоғам мүлкін талап-таражға салушылар жайындағы жеке фактілерді сынайтын сатиралық әңгімелер — міне, осы сияқты хабарлар радио мен телевизия тілі саласынан көркем әдеби тілі стилінің көрінісін байқатары сөзсіз.

Радио мен телевизияда жүргізілетін хабарлар шеңберінің кеңдігі, соған сәйкес өмірдің сан түрлі қыры мен сырын қамтитын тақырыптардың молдығы бұл салада осы сияқты көптеген функциялдық стильдің белгілерін ажыратады. Мұның өзі қай-қай тілде болсын, соның ішінде қазақ тіліндегі жаңа сала — радио, телевизия тілінің, оның түрлі-түрлі функционалдық стильдерінің айқындалып, ажырап келе жатқандығын аңғартады.

Республикалық радио, телевизияның қазақ тілінде жүргізілетін хабарларының тілінде, оның күн ілгері белгіленген программалары бойынша берілетін түрліше хабарлардың мақсаты мен мазмұнын ашатындай дәрежеде, қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкесті сан түрлі заңдылықтарының, негізінен, сақталып келе жатқанын атап айту орынды. Бірақ, сонымен қатар қоғамның әр түрлі жүйесінен мыңдаған авторларды қамтитын бұл үлкен салада жүргізілетін хабарларда — тіл мәдениеті, қазақ тілі мәдениетінің сақталмай, әдеби тіл нормасынан ауытқитын бірлі-жарым фактілердің кездесіп қалатын тұстарын айтпауға тағы да болмайды. Өйткені радио, телевизияға лайықтап жазылатын үлкенді-кішілі мыңдаған мақалалар, очерктер, көркемсөз үлгілері, әңгімелер, комментарий, репортаж авторларының білім дәрежесі, ана тілінің нормасына сай заңдылықтарын меңгеруі де әр түрлі болуы ықтимал. Соған қоса үнемі жетіспей жататын уақыт тапшылығының да, көпшілік жағдайда, әсері болатынын байқау қиын емес. Бұлардан басқа эфирде де, телеэкранда да қазақ әдеби тілінің

ауызша сөйлеу нормасының, басқаша айтқанда орфоэпиялық норманың сақталмай, бұзылып айтылатын (дикторлар тарапынан кететін, авторлар оқыған туындыларда, комментатор, репортерлер тарапынан жіберілетін орфоэпиялық қателер) тұстарды да кездестіріп қаламыз. (Бұл айтылғандарға нақты фактілер радио, телевизия материалдарынан кейін келтіріледі).

Қандай жағдайда да радио, телевизияға жіберілер хабарлардың қай-қайсысына болса да (көлеміне, мазмұнына, түріне т. б. қарамастан) оларда ана тілі заңдылықтарының бұзылмауы, стильдік ерекшеліктер өз орнында жұмсалуды, сайып келгенде әдеби тілдің бояуы мен нәрінің сақталуы, сөз қолданыстағы биік талғамды ұстану, осының барлығы бүгінгі күнгі жан-жақты дамып отырған қазақ әдеби тілі нормасына сай келуі көзделеді де және ондай талап осы игілікті іске үнемі ат салысып жүрген авторлар тобына, комментатор, репортер, тілшілерге т. б.ларға бірдей қойылады. Бұл айтып отырғанымыз радио, телевизия хабарларын дайындауға қойылатын бірінші талап болса, екіншіден, оларды эфирге, телеэкранға шығаруда ауызша сөйлеу -- орфоэпиялық норманың сақталуы — дикторларға, өз жазбаларын өздері микрофонға оқитын авторларға, теле, радиоспектакльдерге қатысатын актерлерге, өлең орындаушыларға, хабарға қатысып, өмірдің сан-саласынан әңгіме жүргізетін басқа да адамдарға қойылады. Осы айтылғандар сақталғанда ғана ана тілінің сөз жұмсаудағы байлығы артып, радио, телевизия тілі мәдениетінің сапасы көтеріліп, айтудағы әуезділігі мен үнділігі толық сақталатын болады.

Радио, телевизия тілінде қолданылатын терминдік мәні бар сөздер мен сөз тіркестерінің көрінісі. Совет өкіметі тұсында қазақ тілінің қол жеткен үлкен табысының бірі деп, ең алдымен, оның функционалдық қызметінің ұлғаюы мен қолданылу өрісінің кеңеюін айтатын болсақ, осы процесі анығырақ та дәлірек танытатын сала — радио, телевизия тілі, оның күнбе-күнгі жүргізіліп отыратын хабарлары болады.

Ана тіліне еніп отыратын жаңа мағынадағы сөздер, тың атаулар, аударма арқылы орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген терминдер, термин-

дік мәні бар интернационалдық сөздер, сөз тіркестері көпшілік қолданысына баспасөзбен қатар осы радио, телевизия хабарлары арқылы тарайды. Бір ғана *радио* сөзімен айтылатын, радио жүйесіне тікелей қатысты *радиохабар, радиогазет, радиожурнал, радиоконментатор, радиоқабылдағыш, радиомонтаж, радиопостановка, радиорепортаж, радиотеатр, радиотолқын, радиоторан, радиотрансляция* сияқты бұрын тілімізде жоқ, тың мағынаны білдіретін сөздер соңғы 30—40 жылда еніп, бүгінгі күні терминдік мәні солғындап, күнбе-күн қолданылып отыратын қатардағы сөздерге бір табан жақындап келеді. Бұл сөздер мерзімді баспасөзге қарағанда, радиода әлдеқайда жиі қолданылады да, олардың таралуы да осы саламен тығыз байланысты болады. Соңғы жылдардың өзінде *радио* сөзімен жасалған *радиоәңгіме, радиofilm, радионүкте, радиоспектакль, радиоочерк, радиотыңдаушы* сияқты жаңа сөздер қазақ тіліне еніп, орын теуіп келеді.

1978 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде тікелей радио жүйесіне қатысты 58 сөз тіркелген болса, біз көрсетіп отырған бұл сөздер тобы Орфографиялық сөздікке енбеген. Демек, соңғы топтағы сөздердің жиі айтылуы кейінгі жылдарға көбірек қатысты. Бұл сөздердің де танылып, қолданылуында радио, телехабарларының өзіндік орны бар. Осы сияқты термин, терминдік мәні бар сөздерге қатысты мысалдарды оңдап, тіпті жүздеп келтіруге болатын тіл фактісі бар. Бірақ оның қажеті жоқ. Өйткені бұл — дау туғызбайтын шындық.

Біз бұл тұста тілге жаңадан еніп отырған жоғарыда аталғандай термин, терминдік атаулар мен тіркестерді тіл қажетіне жаратып, бұқара халыққа жеткізіп танытуда, оларды тілде тұрақтандыруда радио, телевизияның, онда жүргізілетін хабарлардың атқаратын роліне көңіл аудартқымыз келеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тіліне енген жаңа сөздер мен тіркестердің радио, телевизия тілінде алғашқы көрінуі—радио, телевизия ісінің өмірлілігімен байланысты, заңды құбылыс.

Қазіргі кезде қазақ тілінің сөздік құрамына еніп отырған *жанармай, жағармай, майдангер, тәлімгер, автошеберхана, жүрмелі автошеберхана, жаңбырлатқыш қондырғы, электрмен және газбен дәнекерлеушілер* си-

якты сан түрлі сөздер мен сөз тіркестері баспасөз, әсіресе радио, телевизия хабарлары арқылы еңіні, орнықты.

Көбінесе аударма арқылы еніп отырған өндіріске, шаруашылықтың түрлеріне, жалпы өмірдің басқа да салаларына қатысты жаңа ұғымды білдіретін, әсіресе тың тіркестер радио, телевизия хабарлары тілінде жиі ұшырайды. Солардың қатарында басқа тілден енген тілдік модель мен тілдің өз мүмкіншілігін пайдалану арқылы пайда болған — *аграрлық-өнеркәсіптік комплекс, коллективтік-мердігерлік әдіс, агротехникалық мерзім, орама престер, су тұшытқыш қондырғы, айналмалы сумен жабдықтау, бірегей резервуар, электр слесарьлары, тексеру-өлшеу приборлары, проходкалицы мамандар, қуатты қалқыма насос станциялары, тік дренаж жүйесі, (су) жұмсақ шланглар (арқылы беріледі), жер асты скважиналарын жөндеушілер бригадасы, жүзбелі бұрғылау қондырғысы, еңбекақы төлеудің нарядсыз жүйесі, қызмет көрсетудің прогресті әдісі, тозаң жұтқыш цех, витаминді шөп ұны, жасыл балаусадан брикеттер әзірлеу сияқты тіркестерді айтуға болады.*

Бұлардан басқа ана тілінің өз мүмкіндігін пайдаланудан туған — *еңбек ізбасарларын даярлау, жас жұмысшы апталығы, алғы шептегілер, жарыс туын жоғары ұстау, дәнді және дәнді бұршақты дақылдар, отамалы дақылдар, қоғамдық малдың берік жемшөп қоры, жарыс көшін бастаушы, алдағы алар асу, көш басынан көріну, жүздегерлердің көш басынан көрінуі, ел ырысын тасыту, табыстың тай қазанын тасыту, сүбелі үлес қосу, жұмысшы әулеті* сияқты жаңаша құрылған сөз тіркестері тағы бар. Осылардың дені тілде орнын тауып, қажетке жарап, еңісіп кеткен қолданыстар.

*Егіндіктен ескен леп!; Егін орағына қарқын мен сапа!; Түлеген тыңға 30 жыл!; Ел іші — өнер кеніші; Ән — көңілдің ажары; Екпінді айлыққа еселі қарқын!* сияқты радио, телевизия хабарларын ұғымдастырудағы қажеттіліктен туған ізденістер, экспрессивтік бояуы бар тіркестер. Бұлардың да көпшілігі — өздеріне тиесілі жүкті көтеріп тұрған жаңа тіркестер.

Соны ұғымды білдіретін жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің ана тіліне үнемі үздіксіз еніп отыратыны, кейбіріне жаңа мағына үстелу жолымен толығыны жоға-

рыда келтірген тілдік материалдар негізінде сөз болды. Осы сияқты ғылыми әдебиетте дау тугызбайтын, беті ашық заңды құбылысты айқындай түсетін, соңғы күндерде тіл аренасынан көрінген радио, телевизия ісіне қатысты бір фактіні тағы да келтіруге болады. Жаңа ұғымды білдіріп, қазақ тіліне еніп отырған бұл сөз — радио, телевизия хабарып тарататын жаңа станцияның атына қатысты *телемұнара* сөзі. Ол *телевизия*, *телевизор*, *телеқабылдағыш* сөздерінде айтылатын *теле* бөлігі мен соңғы кезде сиректеу қолданыла бастаған *мұнара* сөзінің бірігуі арқылы жасалған. Аударма жолымен пайда болған *телемұнара* сөзі *телебашня* сөзіне мағынасы да сай, толық балама да бола алады. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл сөз сәтті жасалған жаңа сөз деп айтуға болады. Оның қаншалықты өміршең боларын уақыт тезі көрсетеді.

Ал радио, телевизия хабарларында жиі көрініп жүрген сөз тіркестерінің бір түрі — газет фразеологизмдері деп аталып жүрген, жаңа фразеологизмдер. *Берекелі гектар*, *ақ маржан* (күріш, бидай), *дала кемесі* (комбайн), *тәтті түбір* (қант қызылшасы), *көгілдір от* (газ), *көгілдір экран* (телевизор), *күміс дән* (күріш), *шалқар шабыт*, *толағай табыс*, *қара алтын* (көмір), *жасыл орақ* (шөп шабу, шалғы салу), *алтын таулар*, *қызыл қырман*, *берекелі гектар*, *шыны айна* (телевизор), *құт қамба* (элеватор, мемлекеттің астық қоры), *ел ыртысы* (астық), *ауыл академигі* (Ж. Қуанышбаев), *еңбек шамшырақтары*, *жібек жүн*, *ақ алтын*, *түлеген тың*, *балбармақ сауыншылар*, *қазыналы түбек* (Бозашы түбегінің мұнайшылары), *алып ине* (телебашня), *Алатаудың алқасы* (Кәктөбе) сияқты тіркестер осы топқа жатады. Бұлардың ішінде *ақ алтын* (мақта), *қара алтын* (көмір) сияқтылары әріден қолданылып келе жатқан тіркестер болғанымен, олардың көпшілігі-ақ соңғы жылдарда көріне бастаған қолданыстар. Бұл типтес фразеологизмдер де бір сөзді немесе бір модельді үнемі қолдана бермей, тілдің образдылығын, басқа да мүмкіндіктерін молайту мақсатын көздеп, жаңа коммуникативтік тәсілдерді іздеуден шыққан тіркестер.

Табиғаты ауызша сөйлеу тілін бейнелейтін, сол саланы көріктендіретін қолданыстардың ішінде *шыны айна* сияқты бірлі-жарымынан басқасы тілшілер, ком-

ментаторлар, репортерлер жүргізетін радио, телевизия хабарларында орнын тауып, белгілі мақсатпен қолданғанда ғана тіл заңдылықтарымен үндесін жатады. Бірақ үнемі олай бола бермейді. Орындалған жоспар, атқарылған іс, алда тұрған міндеттер жайын радио, телевизиядан баяндайтын мекеме басшыларының ресми сөздерінен осы тұлғаларды теріс қолдану фактілерін де кездестіріп қаламыз. Бір-ақ мысал келтірейік: 1984 жылдың 10 декабрінде бір облыстағы қызметкердің радиодан сөйлеген ресми сөзінде мал шаруашылығындағы, егін шаруашылығындағы табыстарын айта келіп, облыстағы *қант қызылшасы*, жаяпы *қызылша дақылы* туралы сөз еткенде, *қант қызылшасы* деудің орнына ...центнер *тәтті түбір* алынды, ...центнер *тәтті түбір* мемлекетке өткізілді, — деп айтқанын естідік.

Бұл сияқты фактіні теріс қолданыс деп тауып, эфирге немесе телеэкранға жіберілмеуі абзал. Өйткені, ресми сөздерде, жазба тілде, іс қағаздарында *қызылша дақылын*, басқаша айтқанда *қант қызылшасын тәтті түбір* деп айту тіл заңдылықтарына қайшы. Және мұндай қолданыстан *тәтті түбір* сөзінің қалыпқа (штампқа) түсіп, *қызылша*, *қант қызылшасы* атауын тілден ығыстырып жіберуі де мүмкін. Сондықтан сөз етіп отырған тіркестерді қолдануда оларға стильдік өң беріп, белгілі бір мақсатпен жұмсау — дұрыстыққа саяды. Осындай шара орындалғанда ғана, сөз жұмсауға деген талап биіктей береді де, ана тілінің заңдылықтары өзінің табиғатын сақтап қалады.

Соңғы кезде, әсіресе кейінгі жиырма жылдың төңірегінде, төрт түлік малға қатысты кейбір атаулар мен сөз тіркестерін дұрыс қолданбау фактісі тәжірибеде жиі көрініп қалады және олар дағдыға айналып барады. Бұл белгілі бір авторға тағар кінә емес, негізінен публицистика стиліне тән мерзімді баспасөзде де, радио, телевизия хабарларында да бой көрсетіп келе жатқан қолданыс.

Бұрын малды *ірі қара* (сыыр, жылқы, түйе), *уақ жан* (қой, ешкі) деп, екіге бөліп топтап, одан әрі жекелеп жіктейтін болса, қазір *сыыр* деудің орнына *ірі мүйізді қара мал*, *аналық сыыр*; саулықтың орнына *аналық қой*; *жүз қой* немесе *жүз сыыр* деудің орнына *жүз бас қой* немесе *жүз бас сыыр* (соңғы күндерде радио хабарынан



аналық шошқа дегенді де естіп қалғанымыз бар) сияқты тіркестер жиі ұшырайтын болды.

Мал бағу, төрт түлік мал ұстау — қазақ сияқты халықтың өткен тарихындағы негізгі ата кәсібі — күнкөріс, тіршілік көзі болса, сөздік қорындағы әбден тұрақталған атаулар, бейнесі сөздер мен тұрақты тіркестердің дені осы шаруашылықпен тығыз байланысты. Сондықтан да болу керек, жоғарыда аталған сөздердің бұзылып қолданылуы жайында мерзімді баспасөзде, әсіресе Тіл мәдениеті және баспасөз жайындағы ғылыми-практикалық конференциядағы<sup>6</sup> баяндамалар мен жарыссөздерде, оның қарсаңында жарияланған мақалаларда, қорытындылау пікірлерде де кеңінен сөз болған еді. Соған қарамастан осы тіркестер сол калпында қалыптасып барады. Бұл фактілер радио, телевизия хабарларынан да кездесіп отырады.

Малға байланысты *сүт сауу* тіркесі жайында да осыны айтуға болады. Бұл тіркестің дұрысы — *бие сауу, түйе сауу, сиыр сауу, қой сауу*. Ал *сүт сауу* тіркесі бұлардың барлығын ығыстырып, орыс тіліндегі *надойть молоко* дегеннен калька жолымен алынған баламасы. Өткен жылы шаруашылық бойынша әр сауын сиырдан үш мың кг-ға жуық *сүт сауылды* (Радио, 9.8.1984 ж.). Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда әр сиырдан *сүт көп сауылды* (Сонда). Бұлардан басқа *сүтке* байланысты калька жолымен еніп, қолданыста жүрген *сүт өндіру, сүт өндіру мен дайындау, сүт өндіру мен оны мемлекетке тапсыру* сияқты тіркестер тағы бар. Осы тіркестер тілдік нормадан бірсыпыра ауытқуы болғанымен, бүгінгі күні жиі айтылып, қалыптасып барады.

Малға қатысты радио, телевизия хабарларында кездесетін мына төмендегідей қолданыстар көркемдігі, жақтығы, тіл заңдылығына сәйкестілігі жағынан ешқандай сын көтермейтіндігін ашып айтқан орынды. Мысалы: *Қазақ айтады, балау деп, әртүрлі шөп. Сол шөптің басын малға дұрыс пайдалансақ, малдың денсаулығына, ішкі құрылысына, күйлі болуына көп әсер етеді.* («Жайлау сәні малымен» деген хабардан). *Таза ауада еркін жүрген малдың денсаулығы жақсарып, шөпті жақсы*

<sup>6</sup> Тіл мәдениеті және баспасөз //Баспасөз тілінің мәдениеті жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 1972.

жөйді («Сенімі алға жетелеп» деген хабардан). *Серуенден жүрген сиырдың күтімі келгенін байқау да оңай болады. Малды (сиырды) көбінесе түске дейін серуендеткен жөн.*

Озат малшылар тәжірибесін баяндайтын немесе сиыр сауу, оны күте білу жайында қалың бұқараға арналған әңгіме-кеңесте *отығу, малды бағу, малдың күтімі, мал жаю, қораға шығару* сияқты етене тіркестердің хабар дайындаушы авторлар қаламына ілінбей, қай-қайдағы *малдың денсаулығы, сиырды серуендету* сияқты сіреспелердің ілінуі — кім-кімді болса да қынжылтады. Оның үстіне көпшілік жағдайда сөйлем құрылысының да жатық болмай қалатыны тағы бар.

Осылар іспеттес сөзді теріс қолдану, калька жолымен енген сөздердің ауызша сөйлеу тіліне де ілініп кететін тұстарын радио, телевизия хабарларынан байқап қаламыз. Осының дәлелі ретінде телехабарға қатысқан мектеп тәрбиешісі (телехабар, 5.6.1984 ж.) сөзінен мынадай екі сөйлемді келтірейік:

*Менің тәрбиелеуімдегі ересек балалар тобында 25 бала бар. Балабақшада балаларымыздың тәрбиеленуіне, демалып, ойнауларына толық жағдай жасалған. Бұл сөйлемдердегі көзге ұрып тұрған стильдік олқылықтарды айтпағанда, біз тәрбие сөзіне көңіл аудартқымыз келеді. Бірінші сөйлемдегі тәрбиелеуіміздегі сөзінің дұрысы — мен тәрбиешілік ететін, мен тәрбиеші болып жұмыс істейтін, екінші сөйлемдегі тәрбиеленуіне дегенді тәрбиесіне, тәрбие ісіне сияқты қолданса, сөздің мағынасы бұзылмас еді.*

Қол жеткен табыс қаншама қомақты десек те, ол алдағы алар асуға *астар болмақ емес* — сияқты сөйлемдегі *болмақ еместің* орнына *бола алмайды* деп айтса, ол қандай жатық болар еді.

Радио, телевизия хабарларында, кейбір очерктерде кездесетін термин, орыс тілі арқылы қазақ тіліне басқа тілдерден енген интернационалдық сөздер жайында жоғарыда арнайы сөз болды. Біз бұл жерде бірлі-жарым болса да қазақ тілінде баламасы бар сөздер алынбай, оның орыс тіліндегі атауымен айтылатын фактілердің кездесіп қалатынына көңіл аудартқымыз келеді. «Ауылым — әнім» атты хабардың бірінде (телехабар, 16.6.1984): Бүгінгі хабарымызда осы ауылда өткен

көше мерекесінің бірер эпизодын көрермендер назарына ұсынамыз, — деген сөйлем автордың атынан айтылады. Осындағы *эпизод* сөзінің орнына *бірер көрінісін* немесе *бірер үзіндісін* деп айтатын болса, қай жағынан да ұтымды болары сөзсіз.

Баяндауышы — сөз етіп отырған мәселенің нағыз анық емес, күмәнді, белгісіздеу мағынаны білдіретін *...болса керек* (етістіктің *са-се* шартты райы мен *керек* модаль сөзі) тұлғалы сөйлемдер радио, телевизия хабарларында стильдік әр беріп, өз орнында жұмсалған фактілер де жоқ емес. Сонымен қатар ешқандай күмәны жоқ, нақты мағынаны сөз етіп отырған тұстарда да осы тіркестерді қолдана беретін орындар кездесіп қалады. Айталық, Елдің ардақ тұтар астанасы — сол елдің өсуі мен өркендеуінің бедерлі бейнесі *болса керек*. ...Атақты ғалымдарымыз А. Н. Сызғанов, ... т. б. ды Одақ жұртшылығы жақсы *білсе керек*. Осылар сияқты анықтығына тындаушы күмәнданбайтын, көпшілікке белгілі фактіні сөз еткенде, ондай сөйлемдердің баяндауышын нақты істі білдіретін тұлғаларда жұмсағанда (*...бола алады, ...жақсы біледі*, сияқты) тартымды болары сөзсіз.

Тіл қолданысында пайда болған жаңа сөз, кейде сәтті тіркестер стильдік көріністе сонылығымен байқала қалса, ондай тіркестерді кез келген орындарда жұмсай беру — мерзімді баспасөзде, көбінесе радио, телевизия хабарларында жиі ұшырайды. Сондай сөздердің бірі — *майталман* сөзі. Соңғы жылдарда, әсіресе осыдан бірекі жыл бұрын, осы сөзді кез келген мамандыққа қатысты атаулармен тіркестіре берудің арқасында, оны кезекші сөзге айналдырып, қалыпқа (штампка) салу фактісінің бар екендігі атап көрсетіліп, ондай теріс қолданыс баспа бетінде жиі-жиі сыпға алынған болатын<sup>7</sup>. Соның нәтижесінде бұл сөзді бұрынғыдай қай жер болса, сол жерде талғамсыз жұмсай беру біршама тежелгенін атап айтуға болады.

Соңғы кезде, әсіресе радио, телевизия тілінде жиірек қолданылып, активке айналып бара жатқан сөз тіркесінің бірі — *наш етті* тіркесі. Мысалы: Жарыс көшін бастаушы кировтық кеншілердің бүгінгі кен еңбек тынысын шахтаның бас технологиясы Балтабай Жаппасов былайша *наш етеді* сияқты. Немесе, Жарк ете қалған жақсы тір-

<sup>7</sup> Жазушы және сөз мәдениеті. Алматы, 1983. 66—67-б.

кестер, өмірдің өзінен алынып айтылған философиялық ой-талғамдар, таңқыр теңеулер алып адамның тұрғысын толықтырып, нарасатын *наш етті* түр (газеттен).

*Наш етті* тіркесінің мағынасы мен мағыналық ерекшелігі көркем әдеби нұсқадан мол мысалдар келтіріліп, Н. Уәлиевтің «Сөз мәдениеті»<sup>8</sup> деген еңбегінде кеңінен талданады. Біз бұл жерде *наш етті* тіркесінің мағыналық тұтастығын сақтап, функционалдық стиль талабы тұрғысынан көзін тауып қолдануға мән берілу жағын баса айтқымыз келеді. Өйткені бұл тіркес соңғы хабарларда, ресми материалдарда (мысалы, сайлауға байланысты берілген соңғы хабардағы ресми сөзде — телевизия, 8.1.1985 ж.) жиі көріне беретін болды. Осыған қарағанда оның қазіргі кезде қалыпқа түсіп, кезекшіге айналып кетуге бір табан ыңғайлы тұрғанын ескерткіміз келеді.

Радио, телевизия тілінде сөз туғызушы форманттарды активтендіру, ана тіліндегі ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдерді, идиома, фразаларды, образды жаңа тіркесімдерді орнын тауып қолдануға ұмтылушылық журналистердің очерктерінен, тілшілер мен комментаторлар дайындаған материалдардан көрінеді. *Үлгерім, басылым* сияқты кейінгі мезгілде ана тілінде пайда болып, қалыптасып кетті деуге болатын сөздердің үлгісімен *сұраным* — Бұл машинаны (СЗС — 2,5) шетелдік мемлекеттер де алады. *Машинаға* деген *сұраным* өте үлкен; *орым* — Орама престерді қолдану арқылы шапшаң жинау әдісі келесі *орымды* жақындата түсті; — сияқты жаңа сөздерді атап айтуға болады. Сондай-ақ, бұрын *балауса* сөзі көбінесе сөз тіркесінің құрамында *балауса құрақ, балауса көк* сияқты айтылатын болса, оны заттық мағынада қолдану арқылы — *Жасыл балаусадан* брикеттер әзірлеу — сияқты қолданыста бұл сөзге жаңа мағына үстеліп тұр. Осылардың барлығы бұл салада сөз қолдануда ізденістің бар екендігін дәлелдей түседі.

Сол сияқты *Ала білсең, жер жомарт; Мал өсірсең, қой өсір, кірісі оның көл-көсір; Ана көрген тон пішер; Шәкіртсіз — ұстаз тұл; Мал — баққанға бітеді; Ер есімі — ел есінде; Ерлік ешқашанда ұмытылмайды; Жа-*

---

<sup>8</sup> Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы. 1984. 33—36-б.

мандық жатпайды, жақсылық қашпайды; Дәстүрдің де озығы мен тозығы бар; Қырын қанаты талмайды — сияқты мақал-мәтел, идиома, фразалар радио, телевизия хабарларын көріктендіріп, тыңдаушы көпшіліктің назарын аударары даусыз. Осындай сәтті қолданыстармен қатар — *Жылы сөз — жақсы ырыс* (Радио, 9.8.1984) — дұрысы — *Жақсы сөз — жарым ырыс*; *Ағаға қарап, іні жетілер* (телехабар, 7.5.1984) — дұрысы — *Ағаға қарап, іні өсер* сияқты тұрақты тіркестерді бұзып қолдану фактісі де кездесіп қалады.

- уда, -уде тұлғаларының қолданылуы жайында. Шақтық мағынаны білдіріп, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқаратын етістіктің *-уда, -уде* қимыл есімдері деп аталатын тұлғалары (*жүргізіуде — жүргізіп отыр, жүргізіп келеді, жүргізіп тұр*) қазақ әдеби тілінің қазіргі дамуы кезеңінде, әсіресе публицистика стилінде әбден орнығып, белгілі нормаға айналды.

Бұл *-уда, -уде* тұлғаларының шақтық мағынадағы қолданысы, соның нәтижесінде баяндауыш қызметін атқаруы — тілдің дамуы негізінде грамматикалық тұлғалардың функциясының кеңеюі арқылы кейін пайда болған. Бұл құбылыс — біріншіден, қазақ тілінде публицистика саласының дамуымен байланысты болса, екіншіден, марксизм-ленинизм классиктері еңбектерін, мәдениет пен ғылым саласындағы мол әдеби нұсқаларды аудару процесінде орыс тілі әсерінен туған жаңалықтар. *-уда, -уде* тұлғасы бірлі-жарым көркем әдебиет саласынан кездескені болмаса, негізінен публицистика саласында газет-журналдарда, партия-совет қаулы-қарар, деректерінде, сөз етіп отырған радио, телевизия тілінде өте өнімді форма.

*-уда, -уде* тұлғаларының радио, телевизия тілінде жұмсалыуын сөз еткенде, ең алдымен, бұл тұлғаны белгілі мақсатпен, автордың айтайын деген ойын баяндауда үйлесімін тауып, орынды қолдануды айтамыз. Радио хабарынан естіген мына мысал соның дәлелі: — Советтердің атқару комитеттері кәсіпорындардағы істің жайын қарап отырады: өндірісті интенсификациялау, кәсіпорындар мен цехтарды қайта құру, техникамен қайта жарақтандыру, энергетика, материал және финанс ресурстарын ұтымды пайдалану, тәртіпті нығайту, еңбек-

шілердің өндірістік және мәдени тұрмыстық жағдайлары жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруда.

Радио, телевизия хабарларында бұл тұлғаларды үнемі талғап қолдану жүйелі түрде іске аса бермейді. Оларды жиі-жиі жұмсай беру, кейде бір абзацтың ішінде, мысалы, егін орағына арналып, радиодан берілген бір хабарда (28.7.1984 ж.) — Семей облысында да егін орағы *қыза түсуде*; Бұл игілікті іс қазір *одан әрі жалғастырылуда*, — сияқты екі не үш рет қайталап айту фактілері де кездесіп отырады.

*-уда, -уде* формасының әдеби нормаға енуі бар да, оған белгілі бір стильдік мақсат қойып, жүйелі түрде жұмсау бар. Бұл модельді кез-келген жерге қойып айта беруден, бір абзацтың ішінде бірнеше рет қайталаудан, біріншіден, онымен мағыналас басқа тұлғаларды (*айтуда — айтып келеді, айтып отыр, айтып жүр*) қолданудан ығыстырады да, екіншіден, бұл тұлғаны қалыпқа (штампқа) айналдырады. Осылардың барлығы жеке грамматикалық формаларды тілде орынды жұмсау, оларға стильдік өң бере қолдану ісіне нұқсан келтіреді. Демек, осы сияқты кемшіліктер тілдік тәсілдерді жұтаңдатып, тіл мәдениетін сақтау мен оны жетілдіру шараларына теріс әсерін тигізері сөзсіз. Бұл жай радио, телевизия хабарларын тыңдаушы көпшілікті де қызықтырмай, мезі қылып, жалықтырып жіберері ықтимал.

*-лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік)* тұлғалары. Қазақ тіліндегі *-лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнақтарының жаңа сөз туғызудағы алар орны өте үлкен. Бұл жұрнақ тіліміздегі неше алуан сөзге талғамай жалғанып, жаңа сөз тудыра береді. Атап айтқанда *-лық, -лік* жұрнағының зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктерге, кейбір үстеу сөздер мен модаль сөздерге, тіпті етістіктерге, оның есімше формаларына жалғануы арқылы абстракт да, нақтылы да заттық, сындық ұғымды білдіретін жаңа сөз жасалады — *адамдық, жақсылық, оқулық, зорлық, көрегендік, барлық, қуантарлық* т. т. б.

Бұл сөз тудырушы жұрнақтардың функциясы, әсіресе Октябрь революциясынан кейінгі кезеңде ерекше активтенді. Мерзімді баспасөздің аса бір шапшаңдықпен дамуы, аударма әдебиет, оның ішінде марксизм-ленинизм классиктері еңбектерін қазақ тіліне аудару, осымен байланысты ғылым мен техника, өнер мен мәдени-

етке, өмірдің басқа да салаларына қатысты терминдер мен терминдік мәні бар сөздердің ана тіліне мол ену процесі осы жұрнақтың жұмысын активтендіруге негіз болды. Соның нәтижесінде *-лық, -лік* тұлғалы жаңа сөздер тілге енді де, олардың басым көпшілігі тілден өз орнын тауып, сіңіп кетті. *Коммунистік партия, маркстік-лениндік ілім, коммунистік тәрбие, аудандық комитет, дүниежүзілік соғыс, бесжылдық тапсырма, халықаралық мәселе, социалистік мемлекет, мамандық алу* т. б. лар осының айғағы.

Бүгінгі күні радио, телевизия хабарлары тілінде жоғарыда көрсеткен белгілі бір терминдік мағынаны білдіретін, қазақ әдеби тілінде қалыптасып, нормаға айналған *-лық, -лік* жұрнақты атаулардан өзге мына сияқты тіркестер өте жиі кездеседі: *агротехникалық мерзім, агротехникалық шара, сауаттылық деңгей, шетелдік мемлекеттер, шетелдік қонақтар, мердігерлік әдіс, коллективтік-мердігерлік әдіс, жемшөптік брикеттер, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс, әдеби-драмалық хабарлар, концерттік программа, халқымыздың ұлттық және көркемдік қолөнері, қоғамдық мал, қоғамдық жұмыс, семьялық экипаж, семьялық звено, семьялық бригада, спорттық хабарлар, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет* т. т. б.

Бұл іспеттес қолданыс — *-лық, -лік* жұрнағы арқылы жасалған сөз тіркестерінің осы салада жиілігін ерекше байқатады. Әрине олардың барлығы бірдей сәтті қолданыс та емес, тілде қалыптасып кетер-кетпесі екіталай.

Радио, телевизия тілінде сөйлем құрау тәжірибесінде де осы тұлғаны орынды-орынсыз жұмсай беру — жиі ұшырайтын жай. Мысалы, Жарыс көшін бастаушы *кировтық кеншілердің* бүгінгі кең еңбек тынысын шахтаның бас технологы Балтабай Жаппасов былайша паш етеді. Осында өсірілген ешкіге «*Советтік жүндес ешкісі*» деген атақ берілді. Жүндес ешкінің *семейлік тұқымының* осы бағытта өсірілетін басқа тұқымдарға карағанда артықшылығы бар (Семейде ешкі өсіруді дамыту туралы «Табысты сала» атты телехабардан). Дегенмен *жүн сорттылығына* карағанда, ең қымбат жүн біздің *ақсеңгірлік шопандардікі* болды («Ақсеңгір» асыл тұқымды тәжірибе шаруашылығы туралы телехабардан, Алматы облысы, Жамбыл ауданы).

Жоғарыда келтірген сөйлемдердегі *кировтық кеншілер, советтік жүндес ешкісі, семейлік тұқым, жүн сорттылығы, ақсеңгірлік шопандар* -лық, -лік жұрнақты сөздерді жауансыз, қалай болса, солай еркін жұмсай берудің айғағы екені дау туғызбайды. Бұл сияқты қолданыс әдеби тіл нормасының талғам талабынан алыста жатыр. Бұлай теріс және жашпай қолданысқа сауатты азаматтар тарапынан тежеу болмаса, ана тілі заңдылықтарына, оның табиғи, көне құбылыстарына нұқсан келері сөзсіз.

Айталық, *қоғамдық мал — қоғам малы, ұлттық тіл — ұлт тілі, ұлттық мәдениет — ұлт мәдениеті, ақсеңгірлік шопандар — Ақсеңгірдің шопандары, кировтық кеншілер — Кировтың кеншілері* сияқты қолданыстағы *қоғам малы, ұлт тілі, ұлт мәдениеті, Ақсеңгірдің шопандары, Кировтың кеншілері* секілді изафет тұлғалы сөз тіркесін тілден ығыстырып жіберу қаупы туса, оған қоса -лық, -лік жұрнақты сөздердің өзін штампқа айналдырары ықтимал.

Өйткені, -лық, -лік жұрнағы сөзге абстракт мағына үстеуге бір табан бейім тұрады. Соның нәтижесінде ол жаңа термин жасауға, әсіресе қоғамдық-саяси терминдер туғызуда ерекше орын алады. Сондықтан да бұл жұрнақ ана тілінің қазіргі даму сатысында сөз тудырушылық функциясы ерекше ұлғайып, өте өнімді тұлғаға айналды. Әсіресе осы жайды естен шығармай, бұл жұрнақтың қолданысын үнемі қадағалап отырған жөн.

Бұл—бұл ма, аталған форманы (-лық, -лік тұлғасын) орынсыз қолданудың фактілерін тіпті радио, телевизияға арналып жазылған шағын әдеби очерктерден де кездестіруге болады.

Әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясының «Алатау кітапханасы» деп аталатын сериясынан берілген Серік Асылбековтің «Ауылдағы қалалықтар» (19.8.1984) атты шағын әңгімесінің атауындағы -лық тұлғалы *қалалықтар* сөзінің өзі (калька жолымен алынған городские (в ауле) сөзінің баламасы) тұрпайы айтылғандықтан, бірден көңіл аудартады. Осы әңгімеде мынадай сөйлемдер бар: Кенжеш сол уәде бойынша таңертең жайырақ тұрып, жас та болса бүгінде бір совхоздың *бас экономистік лауазымын* атқаратындықтан, төңірегіне сыйлы боп қалған жолдасы Темірханның ал-



дына түскі асын дайындан бергеннен кейін, ... құрбысының үйіне аяқдан келеді. Қепжеш те, Алма да осындағы *селолық орта мектептің* мұғалімалары еді. Екеуі де *орталық қалалардан* тым шалғай жатқан бір малды ауылда құдайдың құтты күні, өздерінің айтулары бойынша, бір есіктен кіріп, бір есіктен шығып, жас өмірлерін там-тұмдап өткізумен жатыр. Бір кездердегі *қалалық қыздар*—қазіргі *ауылдық келіншектер* сүт қатқан күрең шайды сүйсіне сораптап қойып, бүгін солардың біразының басын қатырып тастады.

Осы сөйлемдердегі *бас экономистік лауазым, селолық орта мектеп, орталық қалалар, қалалық қыздар, ауылдық келіншектер* сияқты *-лық* тұлғалы сөз тіркестері өз орындарын тауып, жұмсалып тұрған жоқ. Бұл сөйлемдердегі үлкен кемістіктің сыры — осындағы тіркестерді орыс тіліндегі *главный экономист, сельская средняя школа, центральные города, городские девушки, сельские молодые женщины* сияқты тұлғаларды орысша ойлап, қазақ тіліне калька жолымен аударып алып, жаза салудан болып отырған сәтсіздікте. Бұл тіркестердің мағынасын бұзбай, ана тілінде, тіл заңдылықтарына сәйкесті тұлғалармен баяндауға болар ма еді? Әрине, болады.

Жоғарыда көрсеткен сөз тіркестерін (совхоздың) *бас экономисі, село* (ауыл) *орта мектебінің мұғалімалары, қаладан келген қыздар, қаланың қыздары, ауылдық келіншектері* деп жазса, шығарманың тілі де жатық, оны радиодан естіген құлаққа да жайлы тиері анық. Бұл айтылғандардан басқа, осы сөйлемдерде стильдік олқылықтар да аз емес.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында идеология кадрларының алдына ірі-ірі міндеттер қойылып, олардың жауапкершілігін арттыру талабы жүктелді. Онда: — «Бірақ біздің информация мен насихат құралдарымыз өз мүмкіндіктерін толық мөлшерде жүзеге асырып жатыр деп айтуға бола қояр ма екен? Әзірше болмайды. Әлі де сүренсіздік аз емес, енжарлық жоғылған жоқ, жаңалыққа кереңдік айыққан жоқ. Жұртты уақиғаларды баяндаудағы сылбырлық, практикаға еніп келе жатқан озық атаулы үшін күрестің үстірт көрсетілетіні қанағаттандырмайды. Идеялық және эсте-

тикалық құндылығы былай тұрсын, тіпті қаранайым талғамы да жоқ кейбір әдеби шығармалардың, телевизия программаларының, кинофильмдер дәрежесінің төмендігі әділ келістік тудырады. ...Кемшіліктер ортақ, бірақ жауапкершілік нақты, мұны идеология кадрлары ұдайы есте ұстауға тиіс», — екендігі аталып көрсетілді<sup>9</sup>.

Біздің көзден отырған негізгі нысанамыз — радио мен телевизия хабарларында ана тілі байлығын тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкесті орынды пайдалану, тіл мәдениеті мәселесі болғанымен, партия съезі қойып отырған міндеттер мен талаптар негізінде, сөз етіп отырған «Ауылдағы қалалықтар» және осы сияқты тағы басқа да әдеби очерктердегі сөз жұмсау тәсілімен қоса, олардың мазмұнына тікелей қатысы бар бірер мәселеге көңіл аудартуға болмайды. Өйткені радио, телевизиядан берілетін хабарлардың, әдеби очерктердің мазмұны мен идеясын, оның тілінің көркемдігінен бөліп қарауға есте де болмайды. Олар бір-бірімен тығыз байланысты.

Эфирде жиі беріліп тұратын сан-салалы тақырыпқа, оның ішінде осы сияқты жастар өмірінен алып жазылған қысқа әңгімелерді (аударма емес, туынды шығармаларда) ұсынудағы мақсат жалаң болмай, оны партия мен үкіміміз көзден отырған биік талаппен ұштастырып отырудың керектігі — өзінен-өзі түсінікті.

«Ауылдағы қалалықтар» деген қысқа әңгіменің уақиға желісі — қалада өскен екі қыз өмірінің белгілі бір кезеңіне құрылған. Қалада өскен екі қыз ауыл шаруашылығында еңбек ететін болашақ мамандарға тұрмысқа шығып, ауылға барады, мектепте сабақ беріп, сонда тұрады. Ауыл мәдениетін белгілі дәрежеге көтере алар ауыл интеллигенттері — екі жас семья елмен бірдей еңбек етіп, аралас-құралас, тату-тәтті өмір сүріп жатады. Әңгіменің соңында осы екі семьяның бірінің басшысы аспирантураға түседі де, қалаға көшпекші болады. Ал қалған екіншісі қалайда қалаға ауысудың қамы мен амалын армандайды.

Біздің байтақ отанымызда ауыл-село мәдениетін көтеруге жаппай көңіл аударып жатқан тұста, тұрмысқа жайлы үйлер мен мәдениет сарайларын, мектеп, ауруха-

<sup>9</sup> Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы, 1986. 115-б.

на т. б. сауға ерекше мән беріліп, бар мүмкіндіктер пайдаланылып, тұрмыс қажетіне байланысты село тұрғындарына толық жағдай туғызып, жастарды, әсіресе маман жастарды ауылдық жерге тұрақтандыруды кеңінен насихаттап отырған кезеңде, ауылға қаладан келген екі жас семьяның орнығып, тұрақтай алмай, қалаға жүгіруі бұл қысқа әңгімені сәтті аяқталды деуге дәлел бола алмайды. Автордың неідей мәселе көтеріп, қандай үлгіге жастардың назарын аударып, қай мәселені баса насихаттағысы келгені ашылмай, көмескіленіп, көлеңкеде қалған.

Қазіргі қоғамдық өмірдегі ең нәрменді бұқаралық насихат құралының бірі — радио, телевизия болса, оларда берілетін басқа хабарлармен қатар қысқа әдеби очерктердің тілінің тазалығы, мазмұнының актуальдылығы мен идеясының бүгінгі күн талабына сай келуі— осылар өзара үндесін тапқанда ғана мыңдаған тыңдаушылар мен көрсермендердің көңілінен шықпақ.

Ал атқаратын қызметі үлкен, тілде өте жиі қолданылатын *-лық*, *-лік* жұрнағын тежеп, көбінесе терминдік мән бар сөздердің баламасына, сондай-ақ, стильдік мән бере жұмсаған орынды. Олардың орнына тілдің өзге мүмкіндіктерін кең пайдаланып, мағыналас басқа тұлғалармен ауыстырып отырғанда, эфирде ұсынар әртүрлі хабарлардың көркемдік сапасы көтеріліп, тыңдаушы қауымның көңіліне жол табары айқын. Сонымен қатар бұл тұлғалардың қалыпқа (штампқа) түсу қаупі де азаяры сөзсіз.

«Әдеби-драмалық хабарлар» Бас редакциясы, «Алатау кітапханасы», «Адам және уақыт», «Жыр қайнары», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына» арналған радиохабарларда қаламы жатық, белгілі ақын-жазушылардың туындылары—романдардан үзінді, естеліктері, талапкер жастардың өлеңдері, қысқа әңгіме-очерктері жиі беріліп тұрады. Бұл сала — ақын-жазушылардың жаңа туындыларын насихаттауда, Ұлы Отан соғысындағы жерлестер ерлігін көпшілік-бұқараға танытуда үлкен еңбек атқарып келеді. Осындай хабарларды тыңдап отырғанда, оларды дайындау ісінде, әсіресе жас авторлардың туындыларына көбірек қамқорлықтың, редакциялық өткір қаламның керектігі және оларға қойылар талапты күшейтудің қажеттігі сезіліп оты-

рады. Эфирге шығар әдеби туындылардың тілі таза да өткір, уақиға желісі мен ой айқындығы анық та тартымды болуы — заңды тілек. Бірақ осы хабарлардың барлығы бірдей уақыт талабынан шыға бермейді.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, «Әдеби-драмалық хабарлар» Бас редакциясы, «Жыр қайнарынан» берілген Зайда Елғондинованың «Талдықорған» деген өлеңінен мынадай бір үзінді келтірейік:

Гавриловка қыстағы өткен шағың.

Жайың бар жақсы атауға жарлы  
болған.

Бұл күнде *мәлдірейді бет моншағың*

(Бет моншағы мәлдірмейді — дұрысы —  
*Бет моншағы үзіледі*).

Жетісудың кенжесі —

Талдықорған.

(10.8.1984)

Осы келтірген үзіндінің не мазмұнында, не жырлау тәсілінде қандай көркемдік, өлең сөзге тән қандай үлгі бар?! Сөз жұмсау әдісінде де тыңдаушыны елең еткізер тартымды сөз, образды ой да жұтаң. Мұндай тартымсыз, төмен қолды «өлеңдер» эфирге жіберілмегені дұрыс. Қазіргі кезде сын көтерер көркем шығармаға тапшылық жоқ. Солардың ішінен көпшіліктің көңілінен шығар озық туындыларды іріктеп алуға әбден болады.

### **РАДИО, ТЕЛЕВИЗИЯ ХАБАРЛАРЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ОРФОЭПИЯСЫНЫҢ САҚТАЛУ ЖАЙЫ**

Радио, телевизия хабарларының тілін сөз еткенде, осы салада жүргізілетін хабарларды дайындаушы — журналистер, басқа да авторлар, репортёрлер, комментаторлар, хабарға өндіріс орындарынан, ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларынан, ағарту, мәдениет орындарынан қатынасатын еңбек адамдары, оқушылар, интеллигенттер т. б. тарапынан сөздерді іріктеп пайдалану, сан-салалы терминдерді орынды жұмсау, тіл заңдылықтарының талабына сәйкес сөйлем құра білу жайын тіл фактілерін келтіре отырып, жоғарыда сөз еттік.

Бұл жерде радио, телевизияда берілетін әр түрлі хабарларды эфирде, телеэкранда жүргізу процесінде қа-

зақ әдеби тілі орфоэпия заңының сақталуы, сол заңдылыққа сәйкес дыбыстау жайы сөз болмақ.

Республика еңбекшілерінің, әрбір семьяның, жеке адамның күнбе-күнгі өмір салтында рухани қажетіне айналып отырған радио, телевизия хабарлары, ондағы соңғы хабардан бастап, әдеби нұсқадан үзінділер оқу, еңбек өзаттарына арналған очерктер, радиосценарийлер, өлең орындау, концерт программаларын жүргізетін — конференсье, әр түрлі комментарийлер тағы басқа халық өнерінің сан-саласын қамтитын хабарлардың қай-қайсысы болса да (олардың көлемінің үлкен, кішілігіне, мазмұнына, маңызына қарамастан), қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық заңына сәйкесті дыбысталуы, айтылуы керек. Бұл — осы үлкен іске тікелей қатысушылардың бәрінен бұлжытпай орындауды талап ететін заңды құбылыс.

Ауызша сөйлеу тілінің негізгі стильдері радио, телевизия тілінен көрініс тапты. Олар — радио, телевизияда үнемі беріліп отыратын Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессияларында, партия комитеттерінің конференцияларында, республикалық ғылыми, ғылыми-практикалық, творчестволық конференциялардағы жасалған баяндамалар, қаулы-қарарлар, митингтердегі сөйленген сөздердің үлгілері, әр түрлі пәннен жүргізілетін лекциялар, консультациялар, театрға жаңадан келген жас артистерден бастап, сахна шеберлерінің қатысуымен жүргізілетін радиотеатр, радиосценарийлер, телеспектакльдер, әр түрлі саладан (опера, филармония, көркемөнер ансамбльдері т. б.) орындалатын өлең тексттері, дикторлар, комментаторлар, репортерлер, журналистер, ғылым, өндіріс, шаруашылық орындарынан қатысатын авторлар жүргізіп отыратын т. б. хабарлар.

Бұл хабарларда, негізінен, қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы сақталып отырғанын атап айту орынды.

Сонымен қатар қазақ тілінде жүргізілетін радио, телевизия хабарлары тілінде сөздерді теріс дыбыстау, әдеби тілдің орфоэпиялық заңдылықтарының сақталмай қалатын тұстары да бар. Ондай кемістіктер радио, телевизия тіліне құлақ түріп, көңіл аударып, күн сайын тыңдап, көріп отыратын қауымға анық байқалады.

1984 жылдың декабрь айында болып өткен «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» ту-

ралы Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институттарының бірігін өткізген творчестволық конференцияда Социалистік Еңбек Ері жазушы Ғ. Мүсірепов, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Тіл білімі институтының директоры Ә. Қайдаров, филология ғылымының докторы М. Базарбаевтардың баяндамаларында және жарыссөзге шығып сөйлеген белгілі жазушылар — Тахаун Ақтанов, Шона Смаханұлы, Мұхтар Шахановтардың сөздерінде де радио, телевизия тілінде сөз қолданумен қатар, оны тіл заңдылықтарына сәйкес айтуда да қателіктер мен кемістіктердің бар екендігін атап көрсеткен болатын.

Радио, телевизия хабарлары тілінде, онда беріліп жүрген сан-салалы хабарлардағы қазақ әдеби тілі орфоэпия нормасының бірлі-жарым сақталмай, бұзылу фактілерін талдағанда, бұрыннан айтып жүргеніміздей, үш түрлі жағдайда нормадан ауытқушылықтың бар екені байқалды.

Әдеби тілде қалыптасқан тұрақты нормасы бар сөздерді бұзып айту, оларды жергілікті тіл ерекшеліктерімен ауыстырып жұмсау. Мұндай фактілер көбінесе әр аймақтан, жергілікті өндіріс, шаруашылық орындарынан ұйымдастырған хабарлардан, тіпті бірлі-жарым фактілер жергілікті корреспонденттер тілінен де байқалып калады. *Дүз биеден дүз құлын, дүз сиырдан дүз бұзау, дүз қырық орындық* (аурухана), *бір мың тоғыз дүз, дүз процентке орындау, дүзеге асыру* (дұрысы — *жүз биеден жүз құлын, жүз сиырдан жүз бұзау, жүз қырық орындық* (аурухана), *бір мың тоғыз жүз, жүз процент орындау, жүзеге асыру*) сияқты қолданыстар осыған жатады. Тіпті кей кезде кейбір білімді, алдыңғы қатардағы интеллигенттер тілінен де осы сипаттас орфоэпиялық қателерді естіп қаламыз. Жастарға арналған «Ұшқын» радиoproграммасынан (18.11. 1984 ж.) Қазақстанда өткен совет композиторларының фестивалі туралы сөйлеген бір маманның сөзінен — *джеңіс, тың джер, джаңалық, мәдени джетістік* (дұрысы — *жеңіс, тың жер, жаңалық, мәдени жетістік*) дегенді де естідік. Мұндай қателер сөйленген сөзді тыңдауға теріс әсерін тигізеді, тіл жұтандығын аңғартады.

Бұл жерде айтынай кетуге болмайды, бірлі-жарым болса да орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген терминдік мәні бар сөздер мен интернационалдық терминдердің де, жер-су, кісі аттарының да бұзылып айтылатын тұстары байқалып қала береді.

Тіпті тілге етене сіңіп, күнбе-күн өте жиі қолданылып жүрген *кoнцeрт* (сөз екпінін бірінші буындағы о-ға түсіріп айту — телев. — 11.4.1985 ж.), *бpигaдa* (сөз екпінін соңғы буындағы а-ға түсіріп айту — радио — 3.3.1985, 3.4.1985 ж.), *кaмпaзитop*, *aнсaмбль* (телев. — 1.6.1985 ж.), *шaxтa*, *шaxмaт*, *шaxтaшылap* (сөз екпінін екінші буындағы а-ға түсіріп айту — телев. — 2.6.1985 ж.) — дұрысы — *кoнцeрт*, *бpигaдa*, *aнсaмбль*, *кoмпoзитop*, *шaxтa*, *шaxмaт*, *шaxтaшылap* сияқты сөздердің екпінін теріс қойып айту фактісін естіп қаламыз. Мұндай қате радио, телевизиядан сөйлейтін білікті мамандар тілінен де байқалып қалады. Бұл сияқты кемістіктер — өз ісіне немқұрайды қарау, көптеген қосымша құралдарды қарап отыруды әдетке айналдырмаудан шығады.

Радио, телевизия тіліндегі орфоэпиялық қателердің дені ана тілі орфоэпия ережелерін жеткіліксіз меңгерудің салдарынан сөздерді қалай жазылса, ажыратпай солай оқу, ауызша сөйлеуде бұзып айтуға, яғни орфографияның орфоэпияға тигізер әсеріне байланысты. Бұл типтес қателер радио, телевизия хабарларында жиі кездеседі.

Ондай орфоэпиялық қателердің бастылары ең алдымен, қазақ тілінің сингармонизм заңын жете білмегендіктен жіберіледі. Осы заңдылықтан шығатын *Көкшетау*, *өндiрiс*, *көркeмcөз*, *өнep*, *өнep caңлaқтapы*, *өнep қайраткерлері*, *көл-көсiр*, *көрepмeн*, *құлын*, *үлeс*, *қорық* сияқты ерін үндестігі анық көрінетін сөздердің өзі *Көкшөтау*, *өндүрiс*, *көркөмcөз*, *өнөр*, *өнөр caңлaқтapы*, *өнөр қайраткерлері*, *көл-көсүр*, *көрөрмен*, *құлұн*, *үлөс*, *қорұқ* болып айтылудың орнына, жазудағыдай дыбысталады.

Бір сөздің ішіндегі немесе сөздер тіркесінің ортасында қатар келген екі дыбыстың бір-біріне тигізетін әсерінің салдарынан өзгертіп айтуды тілейтін, *Талдықорған*, *Жезқазған*, *Қызылқоға*, *Мойынқұм*, *Еңбекшіқазақ*,

Қызылгүм, Ақ Жайық, Байқоныс, Марқакөл сияқты географиялық атаулар, қылақалам, қылақалам шеберлері, жез киік, шаңқобыз, қылақобыз, балқарагай, ақиық, «Алғабастың» ақиығы, шекара, көкөніс, онкүндік, ол кезде, сонымен қатар, әрқайсысы, келе қалды сияқты өте жиі айтылатын сөздер де — Талдыгорған, Жезқазған, Қызылгоға, Мойұңғұм, Еңбекшігазақ, Қызылгүм, Ақ Жайық, Байқонус, Марқакөл, қылғалам, қылғалам шеберлері, жез киік, шаңғобұз, қылғобұз, балғарагай, ақиық, «Алғабастың» ақиығы, шекара, көгөнүс, оңкүндүк, ол гезде, сонымен қатар, әр ғайсысы, келе галды болып айтылудың орнына жазудағыдай, оған қоса бөлін-бөлін айтылады.

Сол сияқты қатар келген екі дауысты дыбыстың бірі сөйлеу актісінде түсіріліп айтылатын болса: Қара өткел, көре алмады, ала алмады, бара алмады, тұра алмады, дүние-ай сияқты сөздер Қарөткөл, көралмады, алалмады, баралмады, тұралмады, дүнүйай болып, бір дауысты дыбыс түсіріліп айтылғанда ғана бұл сөздер естір құлаққа жағымды тиеді. Оның орнына жазудағыдай екі дауыстыны сақтап айтқанда, олар бір-бірімен жуыспай, бытырап қалады. Соның салдарынан тілдің ауызша дұрыс сөйлеу заңдылығы мүлде бұзылады.

Бұл сияқты орфоэпиялық өрескел қателер өлең тексінде эстетикалық талғамға теріс әсерін тигізеді. Биік өнерімен жұртшылықтың құрметіне бөленіп жүрген өте шебер әншілердің бірі ән тексіндегі *дүние-ай* дегенді дәл осылай *дүние ай* деп бөліп, екі сөз түрінде орындап жүр. Дұрыс айтылуы — *дүнүйай*. Қатар тұрған екі дауыстының алдыңғысы сусып, түсіріліп айтылмауының салдарынан, өлең жолындағы бір буын артып кетеді де, өлең нақышы бұзылады. Мұндай ана тілінің заңды құбылысының бұзылуына тек өлең орындаушы ғана кінәлы ма? Осы қатені өлең орындаушыға көрсетіп, ескерту жасау — өлеңді жазып, эфирге шығару процесіне қатысып жүрген қанша мамандардың бірінің есіне келмеуі қалай?

Тағы бір әнші: *Ақ көгершін... сен едің* дегендегі *сен едің* сөзін бөліп, ортасына үлкен пауза қойып, *сен едің* деп орындайды. Бұл да сөздерді бұзып айтудың бір түрі.

Халықтар Достығы орденді Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар



оркестрінің 50 жылдығына арналған мерекелік концертте (телехабар — 20.1.1985 ж.) конференсье «Халық әні Сұршақыз» (дұрысы — Сұршағыз), — деп жариялағанын естідік. Міне, мұның барлығы сөз қадірін кетісер, өрескел қателер.

Радио, телевизия хабарларында сөздерді бұзып айтудың тағы бір фактісі — сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалатын *-ды, -ді* жұрнақты етістіктің жедел өткен шақ, ауыспалы осы шақ формаларын айтуға байланысты: *...мәселе қарады, мәселе қарайды*. Эфирде немесе телеэкранда хабар оқушылар (дикторлар да осы тұлғадан көп қате жібереді) осындай формаларды мағынасына қарай ажырата алмай, соның нәтижесінде (сырт көзге олар біркелкі тұлғалар сияқты) *мәселе қарайт(ы)* деп оқудың орнына көбіне *қарайды* деп оқиды.

*-ды, -ді* жұрнағымен жұмсалатын *...мәселе қаралды, конференция ашылды, ...ауыспалы қызыл ту тапсырылды, ...кәмек көрсетілді, ...айтылып берілді* сияқты радио, телевизия тілінде өте жиі ұшырайтын тұлғалар да көбінесе теріс оқылады. Осыларды ажырата білу тіл табиғатының құпия сырына терең бойлауды, ұқыптылық пен білгірлікті тілейді.

Радио мен телевизия хабарлары, әсіресе жасөспірімдер мен мектеп оқушылары үшін лексикалық қорын байытар, тіл ұстартуға үлкен септігін тигізер, тәрбиелік мәні бар сала екенін әсте де естен шығаруға болмайды. Сондықтан да радио, телевизия хабарларына қатысын отыратын мектеп оқушылары тіліне де, оны жүргізетін мамандар тіліне де ерекше көңіл бөлу, хабарды дайындау кезінде қате айтқан сөздерін түзету, сүйтіп олардың ана тілі сөздерін дыбыстауда қателге жол берілмегенде ғана мыңдаған көрермен оқушы жастарға үлгі болары анық. Әсіресе, радиодан берілетін «Кешкі ертегілерді», соңғы кезде телевизия программасынан өз орнын алып келе жатқан «Кел, балалар, көрелік!» сияқты хабарларды балаларға түсінікті тілмен сөйлету арқылы, оларда орфоэпиялық заңдылықтардың сақталуына көңіл бөліп, үнемі қадағалап отыру абзал. Өйткені, бұларды жүргізуде де бірлі-жарым қатенің ұшырап отыратынын естіп қаламыз.

Ана тілінде жүргізілетін хабарларды тілдің орфо-

эпнәялық заңдылықтарына сәйкесті айта білу үшін, тек лексенкалық байлықты меңгеру жеткіліксіз. Оған қоса тілдің фонетика саласын (дыбыстардың айтылу заңдылықтарын), грамматика жүйесін толық меңгергенде ғана сөздердің мағынасын ажыратып, ауызша дұрыс сөйлеуге толық мүмкіндік береді. Ол үшін сөз радио, телевизия тілі туралы болып отырғандықтан, ең алдымен осы салада еңбек ететін журналистер, комментаторлар, репортерлер, радио, телевизия дикторлары өз мамандықтарын үнемі жетілдіріп, тіл байлығын молайтып, сөзді орынды жұмсап, ауызша дұрыс сөйлеу ісінде білімін үнемі толықтырып отыру — бүгінгі күннің өмір талабы.

Бұл игілікті іске, осы салада еңбек етіп жүрген кадрлардың мамандығын жетілдіруге Қазақ ССР Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитеті тарапынан үнемі қамқорлық керек. Ондай қамқорлық — білім көтеретін курстардың жұмыстарын одан әрі жетілдіру, консультациялар ұйымдастыру, радио, телевизия хабарларында бой көрсетіп қалатын сөз жұмсаудағы, сөздерді ауызша дұрыс сөйлеудегі қателерді үнемі бақылап отыру, ол қателерді қызметкерлер арасында талқылауды әдетке айналдыру болуға тиіс. Сонда ғана бұл жалпыхалықтық іс нәтижелі болмақ.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Радио, телевизия ісі біздің республикамызда кең қанат жайып, көп ұлтты республика халықтарының сүйіп тыңдап, көріп тамашалайтын күнбе-күнгі қажетті құралына айналды.

«Информацияның, біздің адамгершілік байлықтарымыз бен мәдениетімізді насихаттау мен орнықтырудың әмбебап құралы ретінде»<sup>10</sup> Қазақ радио, телевизиясы өмірдің барлық жақтарына, атап айтқанда: идеологиялық, бұқаралық-саяси қызметті жетілдіру, тікелей еңбек коллективтерінде, бригадаларда, фермаларда идеялық тәрбие жұмысын жақсарту, еңбекші бұқараны марксизм-ленинизм дүниетаным мен қоғамдық құбылыстарға таптық көзқарасты дәйектілікпен қалыптастыруға, оларды советтік патриотизм мен социалистік ин-

<sup>10</sup> Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы. 1986. 115-б.

тернационализм, СССР халықтарының мызғымас туысқандық достығы рухында тәрбиелеу, советтік өмір салтын нағымды насихаттау, жеткіншек ұрпақтың азаматтық қалыптасуына қамқорлық жасау, жастардың жоғары идеялық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, көп ұлтты социалистік мәдениеттің жетістіктерін белсенді насихаттау ісіне белсене араласып, үлкен міндеттер атқарып келеді.

Октябрь революциясына дейін мүлде жоқ сала — қазақ тілінде радио, телевизия тілі дүниеге келді. Демек, қазақ әдеби тілінің өзіндік ерекшелігі бар соны саласы дамыды. Бұл саламен байланысты радио, телевизия журналистері, комментаторлар, шолушылар, репортерлер, дикторлар т. б. мамандар қалыптасты.

Көркем әдебиет, мерзімді баспасөз, ғылыми, мәдени т. б. еңбектер оқушылар үшін — оқу үшін болса, радио, телевизия тілінің өзіне тән ең басты ерекшелігі — оның хабарлары тыңдаушыға, көрерменге арналуында. Сондықтан да жазылған сөз бен оны дыбыстап айту, демек, жазба тіл мен ауызша сөйлеу тілінің қабысып, бірлікте жұмсалудың — радио, телевизияға тән құбылысы. Осымен байланысты оған қойылар талап та екі түрлі болады: біріншісі — радио, телевизияға жүргізілер хабарларды дайындауда сөздерді орынды қолдану болса, екіншісі — оларды қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасына сәйкес ауызша дұрыс айту, дыбыстау. Осы негізде радио, телевизия тілінің өзіндік ерекшеліктері бар әртүрлі функционалдық стильдері қалыптасып келеді.

Берілген хабардың пәрменділігі мен тиімділігі, оның тілінің құнарлығына тығыз байланысты, яғни қазақ тілінің бай лексикалық қорын, тұрақты фразалық, идиомалық тіркестер мен мақал-мәтелдерді көздеген мақсатқа лайықты, неғұрлым орнын тауып пайдаланғанда ғана жүргізілетін хабардың сапасы көтеріліп, тыңдаушы көпшіліктің көңілінен шығары сөзсіз. Бір сөзді не бір тұлғаны орынды-орынсыз жиі қолдана беруден, ол қалыпқа түсіп, кезекші сөзге айналып кетеді. Ондай факт радио, телевизия хабарларын тыңдап, көріп отырған бұқара көпшілікке теріс әсерін тигізіп, хабардың да маңызын төмендетеді.

## У. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ АУЫЗША ТҮРІНІҢ ЖАЗБА ТІЛГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

---

### ЖАЗБА СТИЛЬДІҢ АУЫЗША ӘДЕБИ ТІЛГЕ ЫҚПАЛЫ

Қазақ әдеби тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызмет ететін аялары кеңейіп, көбейген сайын, оның стильдік тармақтары да тілдік-стильдік ерекшеліктері жағынан күрделене түсті. Қазақ әдеби тілі функционалдық тармақтарының (ғылыми, ресми іс қағаздары және газеттік-публицистикалық стильдер) және әдеби тілдің ауызша формасының стильдік белгілерін, заңдылықтарын танытатын тілдік негізгі және қосалқы (факультативті)<sup>1</sup> құралдары қалыптасып сараланды.

Соңғы кезеңде әдеби тілдің ауызша түрі әлеуметтік-қоғамдық мәні, қызмет ететін салалары жағынан аса маңызды сипатқа ие болып отыр. Өйткені әдеби тілдің ауызша пайдаланылатын тұстарының өзі сан салалы: мектеп оқушысының сабақта жауап беруінен бастап, арнаулы мәжілістер мен конференцияларда, съездер мен форумдарда сөйленетін сөздерге дейін (баяндамалар, жарыссөздер т. б.) әдеби тілдің ауызша түрі арқылы жүзеге асады. Яғни үгітші-насихатшылардың, лекторлардың қызметінде, телевизия және радио жүйесінде, документалды кино саласында, жиналыстар мен мәжілістерде, сондай-ақ жоғары оқу орны студенті мен оқытушысының, мектеп оқушысы мен мұғалімнің араларындағы ресми коммуникативтік актіде пайдаланылатын тіл — баршаға бірдей ортақ қызмет ететін, белгілі бір нормаға түсіп, қырналған әдеби тіл. Сондықтан да әдеби тілдің ауызша түрі мен жазба тіл үлгілеріндегі не-

---

<sup>1</sup> Гальперин И. Р. К проблеме дифференциации стилей речи //Проблемы современной филологии. М., 1965. С. 68—71.

гізгі сөздік қор мен грамматикалық жүйе-құрылым ортақ, бірыңғай болып келеді. Дегенмен ауызша әдеби тілдің өз заңдылықтары мен ерекшеліктері, бірқатар өзіндік стильдік амал-тәсілдері бар. Тілдің лексикалық байлығы мен грамматикалық тұлға-тәсілдерін меңгеруі жағынан бірдей, бірыңғай болғанымен де, ауызша әдеби тіл жазба тілдің ауызшаланған көшірмесі болмауға тиісті. Ал өз тілдік-стильдік ерекшеліктерін ажыратуға, өз алдына таралатын сапа-белгілерін тануға ауызша әдеби тілдің тілден тыс сипаттары да негіз бола алады. Яғни сөйлеудің ресми сипатта өтетіндігі, тақырыптың алдын ала белгілі болып, оған сөйлеушінің күні бұрын, жоспарлы түрде дайындалатындығы (тексті жазып алуы немесе ойды, пікірді ойша әзірлеуі), сөйлеуде диалогтік ситуацияның міндетті еместігі және т. б. экстралингвистикалық сипаттарының өзі ауызша әдеби тілдің өз тілдік-стильдік заңдылықтарын топтастырады.

Әдеби тіл ауызша жұмсалатын салалардың ішінде қоғамдық-әлеуметтік қызметі, мәні мен маңыздылығы жағынан ең салмақты тарамдары — үгітші-насихатшылар тілі мен радио-телевизия тілі. Әдеби тілдің ауызша түрінің басты-басты стильдік-тілдік заңдылықтарын, ерекшеліктерін негізінен осы салалар арқылы танып білуге болады.

Әдетте әдеби тіл межелері күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тіліне қарама-қарсы қойылып, сараланатыны белгілі. Бірақ әдеби тілдің ауызша түрінің күрделі сипатының өзі сонда — оның жазба тілге де, күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлеу тіліне де ұштасып жататын стильдік белгілері мол.

Мәселен, ауызша әдеби тіл мен күнделікті тұрмыстық сөйлеу тілінің ортақ белгілерінің бірі — сөйлеу актісінің ауызша түрде болуы, ауызшалық. Сондықтан да бұл екі саланың қай-қайсысында да қазақ тілі дыбыстық-фонетикалық жүйесінің айтылу заңдары, орфоэпиялық нормалары бірдей дәрежеде сақталуы керек. Қоғамдық-әлеуметтік акт ауызша өтетіндіктен, сөздің тыңдаушысына өтімді, нанымды болуын көздеу, белгілі бір пікірді, көзқарасты мойындату, дәлелдеу т. б. мақсаттары жағынан бұл екі саланың эмоционалды әсерлілігі тәрізді стильдік белгілері де қиюласып келеді. Бірақ олардың эмоциялы экспрессивтік сапа үшін тілдік құ-

ралдарды мецгеруі әр түрлі; күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінде, диалогтік қарым-қатынаста қалайда әсер ету, сендіру, иландыру, дәлелдеу мақсаттары үшін диалогтік сөйлеудің ерекшеліктері (ықшам құрылымдар, лексикалық, грамматикалық тұлғалардың қайталануы жұмсалуы, диафрагмалық әдістер және т. б.) және басқа да амал-тәсілдер қолданылатын болса, ауызша әдеби тілдің эмоциялылығы, экспрессивтілігі — пікірді дәлелдеу, тыңдаушының әсерін туғызу қызметі — негізінен тек әдеби тілдің мүмкіндіктері арқылы (тілдің синонимикалық жүйесін, тұрақты тіркестер мен қанатты сөздерді т. б. пайдалану арқылы) жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, әдеби тілдің ауызша түрі мен жазба стильдердің бір-біріне ықпал жасайтын заңдылықтары, бір-бірінен айқын ажыратылатын экстралингвистикалық және тілдік айырым белгілері де бар.

Мәселен, радио мен телевизия арқылы жүзеге асатын сөз (әдеби тілдің ауызша түрі) бен газеттік-публицистикалық стильдің (әдеби тілдің жазба түрі) арасында бірқатар тілдік ортақ белгілер бар. Бұндай ортақ белгілердің болуы — заңды құбылыс; өйткені бұл салалардың экстралингвистикалық міндеттері де ортақ. «Баспасөз, телевизия мен радиохабар тарату жұмысы саяси айқындылығымен, нысаналылығымен, материалдарының мазмұн тереңдігімен, жеделдігімен, информациялық байлығымен, жарқындығымен және ұғымдылығымен ерекшеленуге тиіс»<sup>2</sup>.

Осындай партиялық-саяси міндеттер атқаратын радио мен телевизия және мерзімді баспасөз белгілі бір информацияны дәл, мерзімінде жеткізуді және берілген хабардың жалаң болмауын, оның документті-фотграфиялығын дәлелдеуді, айтылған пікірге, информацияға сендіруді, аудиторияның, оқырманның айқын көзқарасын қалыптастыруды көздейді; яғни бұл салалардың негізгі функциялары — информация беру және экспрессивті түрде әсер ету<sup>3</sup>. Үгітшілер мен насихатшылар жұмысына да тыңдаушының белгілі бір әсерін туғызу талабы айрықша қойылады.

<sup>2</sup> Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы, 1986. 213-б.

<sup>3</sup> *Виноградов В. В.* Проблемы русской стилистики. М., 1981. С. 21.

Мерзімді баспасөз бен радио-телевизия салалары ішкі жанрлық тармақтары жағынан да ұқсас келеді. Яғни радио-телевизия тілі мен газеттер тілі — қазақ әдеби тілі газеттік-публицистикалық стилінің екі ыңғайдағы, екі түрдегі формалары, сондықтан да оларда қолданылатын негізгі сөздік қор мен грамматикалық тұлға-тәсілдер бірдей, бірыңғай болып отырады.

Радио-телехабарлар тілі мен мерзімді баспасөз тіліне ортақ, стильдік байлаулы сипаттағы тілдік тұлғалардың бірі *-уда/-уде* баяндауыштық формасы. Бұл тұлға — мерзімді баспасөз тілінде информация беру, пікірді, хабарды тұжырымдап жеткізу қызметіне бағытталған, публицистикалық стильдік рең алып қалыптасқан, жазба тіл арқылы тұрақталған форма. Сондықтан да *-уде/-уде* тұлғалары күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінде, көркем әдебиет жанрында қолданыла алмайды.

Радио-телевизия мен мерзімді баспасөздің негізгі сөздік құрамы да ортақ болып келеді: бұл екі тармақта қоғамдық-саяси мәнді термин сөздер мен тіркестер, белгілі бір публицистикалық-стильдік реңі қалыптасып орныққан сөздер мен сөз орамдары жоғары жиілікпен қолданылады.

Бірақ, әдеби тілдің аталған түрлерінің сөз қолданыстары мен сөйлем құрылыстары барлық жағдайда да теңбе-тең болып отырмайды.

Мәселен, радио-телехабарлар жанрларының бірқатары, сондай-ақ газеттерде жарияланатын очерк, репортаж, мақала т. б. тәрізді жанрлар ең алдымен оқушыға (тыңдаушыға) қалайда әсер ету мақсатын көздеуі тиіс. Тілдік қаттаулардың ішінде, әсіресе лексика мен синтаксис салаларының экспрессивтілікті беру қабілет-қызметі аса жоғары екендігі мәлім. Сондықтан да газеттер тілінде экспрессивті-әсер ету функциясына негізінен лексикалық единицалар мен синтаксистік тұлғалардың эмоция туғыза алатын барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Осы мақсатта жеке бір стильдік әдіс ретінде газет тілінде сөздерге жаңа мән үстеп, тыңнан экспрессивті өң жамап, неше алуан эмоционалды астар беріп қолдану мейлінше дамытылған. Жаңа мағынамен, тың экспрессивті бояумен жұмсалатын сөздер және өзге де тұлға тәсілдер — осы стильдің өзіне тән жеке қолданыс

үлгісі. Сондықтан да жазба тілдің «сөз сантауын», сөз қолдану нормаларын ауызша әдеби тілге әрдайым ендіре беруге болмайды.

Бірақ ауызша әдеби тілдің қазіргі таралып отырған өрістерінде — үгітші-насихатшылар тілінде де болсын, сондай-ақ радио-телехабарлар тілінде де болсын, — жазба тілге, оның ішінде газет тіліне өте-мөте бой ұру, еліктеу дағдысы орын алып отыр. Бұл жайттың бірнеше объективті себептері бар.

Мерзімді баспасөз — ең алдымен, қоғам мүшелерінің баршасына бірдей бағытталған үлкен трибун; ол қоғамдық-партиялық, әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық, мәдени салаларынан толымды да мазмұнды информация тарататын және қоғам мүшелерін белгілі бір мұрат-мүддеге ұйымдастырып, партиялық-саяси идеялар мен проблемаларды, бағыттарды дәлелдеп, насихаттайтын, үгіттейтін бұқаралық информация құралдарының ішіндегі ең маңызды түрі болып саналады. Осы тұрғыдан да мерзімді баспасөз тілі қоғам мүшелерінің тілдік қарым-қатынасына елеулі әсер етеді. Күнбе-күн қолға ұстап, танысатын идеологиялық әрі информациялық құрал — газеттердің сөйлеу тілі мен өзге де стильдік тармақтар үшін аса беделді ролі бар. Мәселен, А. И. Ефимов публицистикалық лексиканың көркем әдеби шығармаларда таралғандығын, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне де енгендігін, тіпті кейбір сотта сөйленетін сөздердің де газеттің тілдік нормасына сәйкес келетіндігін айта келіп, бұның негізгі себебі «газеттердің әдеби тілдің басты үлгісі болып қалыптаса бастағандығында болып отыр»<sup>4</sup>, — деп көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақ әдеби тілі жүйесіндегі орны тұрғысынан қарағанда да, газеттік-публицистикалық стиль әдеби тіл функционалдық стильдерінің ішіндегі аса маңызды тармаққа айналып отыр: бұл стиль қазіргі қазақ әдеби тілінің эволюциялық ерекшеліктерін, дамуындағы бағыт-бағдарларды толық, әрі жинақты түрде таныта алатын және қазақ әдеби тілі нормаларының негізгі заңдылықтары мен талаптарын қалыптастырушы, «заңдандырушы», басты тармаққа айналды. Әдеби тілді тұтынушылардың мерзімді баспасөз тілін жатық,

---

<sup>4</sup> Ефимов А. И. История русского литературного языка. Изд. 3-е, М., 1971. С. 184.



образды сөйлеп, дұрыс жазудың басты ориентірі етін ұстауының да бір себебі осыған байланысты.

Әдеби тілдің ауызша түрдегі коммуникативтік қызметінің кеңеюі — ауызша түрде радио-телевизияда, үгіт-насихат жұмыстарында, жиылыс-мәжілістерде және басқа да тұстарда пайдаланылуы жазба тіл, әдеби тілдің кітаби стильдері толық қалыптасып сараланғаннан кейінгі кезеңде өте-мөте дамыды. Яғни сөз қолданыстағы, грамматикалық тұлға-тәсілдерді жұмсаудағы, тілді бейнелі, әсерлі етіп ұсынуғағы нормалық талаптарды таратушы және тілді тұтынушылардың баршасына да бірдей міндеттеуші жазба стильдер; бұның өзі жазба тіл үлгілерінің ауызша әдеби тілде сөйлеудің сөз қолданысына сөйлем құрылысына белгілі бір ықпалының болуының тағы бір себебін көрсетеді.

Көркем әдебиет стилінің жалпы халықтық тілдің барша байлығын сақтаушы, образды, көркем, шешен сөйлеуге тәрбиелеуші ролі жоғары екендігі белгілі. Ал соңғы кезеңдерде әдеби тілдің табиғатын, нормалану деңгейін таныту қызметі жағынан жазба тіл үлгілерінің ішінде мерзімді баспасөз тілі доминанттық дәрежеге көтеріліп отыр. Бұл жайында бірқатар зерттеушілер мейлінше айқын жазады<sup>5</sup>.

Сондықтан да өзге стильдік тармақтарға сөз қолдану, грамматикалық, орфографиялық нормаларды сақтау және лингвостилистикалық нормаларды қадағалау жақтарынан мерзімді баспасөз тілі көп ретте жеке бір үлгі ретінде пайдаланылады. Әсіресе мерзімді баспасөз тілінің сөз қолдану дағдысы өзге салаларда, бір жағынан, дұрыс, мәдениетті сөйлеудің, екіншіден, жатық, бейнелі, әрі образды жазудың межесі ретінде қабылданады. Бұндай жайтты ғылыми стиль үлгілерінен де, кейде көркем әдеби шығармалар тілінен кездестіруге болады.

### **АУЫЗША ӘДЕБИ ТІЛГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НОРМАТИВТІ-СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР**

Жоғарыда көрсетілгеніндей, қоғамдық-әлеуметтік міндеттері мен қызметтері бір мүддеге бағытталғандықтан, радио-телевизия мен мерзімді баспасөздің информа-

<sup>5</sup> Горбачевич К. С. Вариантность слова и языковая норма. Л., 1978. С. 6; Харлицкий М. С. Употребление фразеологизмов в газетной речи: Автореферат дис. . . канд. наук. М., 1976. С. 12.

ция беру, экспрессивті түрде әсер ету функцияларына қарай топтасып қалыптасқан стильдік байлаулы едниналары (сөздік құрамы мен грамматикалық тұлға-тәсілдері) ортақ болып келеді. Анығырақ айтқанда, радио-телехабарлар тілінің көншілігінде газеттер тілінің сөз қолдану дағдысы мен морфологиялық тұлғаларды жұмсауы, сөйлем құрауы тікелей пайдаланылады. Радио-телевизия хабарларының экспрессивті қызметіне, яғни хабардың тыңдаушысына мейлінше өтімді, әсерлі болып, белгілі бір пікірін туғызу мақсаты үшін күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінің, болмаса көркем әдебиет тілінің образдылық, бейнелеу құралдарын, амал-тәсілдерін стильдік мүддемен игеру жолдары сирек ұшырасады; бұл мақсатта да негізінен газет тіліндегі образды, экспрессивті тұлға-тәсілдер пайдаланылады. Бірақ барлық жағдайда да бірдей газеттік-публицистикалық стильдің сөз қолданыстағы, грамматикалық тұлғаларды жұмсаудағы стильдік заңдылықтары ауызша әдеби тілдің тілден тыс және тілдік-стильдік ерекшеліктерімен қабысып, үйлесе бермейді. Мәселен, газеттік-публицистикалық реңді образды қолданыстарды ауызша әдеби тілдің қай тармағында болсын, радио-телехабарлар тілінде немесе үгітші әңгімесінде, жиналыс-мәжілістерде сөйленген сөздерде жұмсау ауызша әдеби тілдің образдылығын, бейнелілігін емес, керісінше, қасаң, сіреспе тілге құрылғандығын көрсетеді. Өйткені мерзімді баспасөз — әрбір қоғам өкіліне ең жақын информация көзі; әр оқырман олардың сан алуан түрімен күнбе-күн танысып, өзіне қажетті мәлімет-информацияны, жаңалық хабарларды осы саладан алады; сондықтан газет тілі оқырманға өте таныс болып келеді де, олардың өзге салаларда жұмсалуы жаттандылық ретінде қабылданады.

Радиодан берілетін хабарлар тілінде мынадай бір құбылыс айқын көрінеді: мұнда дұрыс, айқын, мәдениетті, басқаға түсінікті сөйлеу үшін арнайы маман емес (журналист емес) адам мерзімді баспасөз тілінің және басқа да функционалды стильдердің тілдік құралдарын пайдаланып сөйлейді; ал нақ осы тақырып жазба тіл элементтерінен гөрі күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінің заңдылықтарымен берілсе, анағұрлым жатық, табиғи бояулы болып шығар еді. Бірақ көпшілік

жағдайда радио-телехабарлар тілінен, кейде үгітші-насихатшылар тілінен де төмендегідей сөз қолданыстары мен сөйлем құрылыстары жиі ұшырасады:

1. Бұл жолдар, бізге, ауыл еңбеккерлеріне өзгені серпіліс әкелді деп айта аламын. Біздің елімізді бұрынғыдан да гүлденген, қуатты елге айналдырып, совет адамдарының өміріне материалдық жағынан дәулетті де, рухани жағынан бай стуге бағытталған көреген инициативалар әрбір еңбеккердің жүрегіндегі ойды қозғап, ерен еңбекке құлшындыра түсіп, қарқынға қарқын қосып, табыс биігінен табылуға жігерлендіруде (сауыншы сөзінен).

2. Мен Ұлы Отан соғысының ардагерімін. Жасымның ұлғайғанына қарамастан еңбектен қол үзбей жүрмін. Көп жылғы еңбегім жоғары бағаланып, Октябрь Революциясы орденімен наградталдым. Күріш өсіруде ірі табыстарға жетіп, Жақаев атындағы жүлдеге не болдым. Мұның бәрі жаңа жетістіктерге құлшындырады. Жарыс көшінде әрқашанда алда болып келемін. «Саңлақтар саптан шықпайды» деген сөз бар. Еңбек ардагері, ақылшы-ұстаз бола жүріп, дақылды тағы да бітік өсірдім. Қарамағымдағы 45 гектар алқапқа орақ түсті (күрішші сөзінен).

Осындай ауызша сөйленген сөз үлгілері жазба тілдік текстерге айрықша жақын; өйткені мұнда ауызша сөйлеудің белгілерін (мысалы, эмоциялылығын) танытатын тілдік құралдар мүлде аз; оның есесіне «өзгені серпіліс, ерен еңбек, қарқынға қарқын қосу, табыс биігінен табылу, жаңа жетістіктерге құлшындыру, саңлақтар, ірі табыстарға жету, жарыс көшін бастау, бітік өсіру, алғы шеп» тәрізді жазба публицистикалық стиль нышаны бар сөздер мен сөз орамдарына кең жол берілген. Бұл қолданыстар ауызша әдеби тілдің лингвостилистикалық нормасын төмендетеді; бұндай ауызша сөз үлгілері бірыңғай хабарлау, мәлімет беру, нейтралды түрде баяндау дәрежесінде ғана қалады.

Сөйтіп, газет тілі сөз қолдану үлгісінің басқа стильдік аялардағы көрінісі әрдайым да нормативті-стилистикалық талаптар деңгейінен табыла бермейді. Өйткені газет тілінің сөз қолдану үлгісі — мерзімді баспасөз тілінде жұмсалатын әдеби нормалы кез келген лексикалық

едниңде емес, газет тілінің стильдік мүддесіне бағындырылған, нақты «газеттік», публицистикалық түрде қалыптасқан, стильдік байлаулы сөздер мен сөз тіркестері. Олардың стильдік сипаты экспрессивті әсер ету функциясына қарай қалыптасады. Осы функциясына және басқа да стильдік ерекшеліктеріне байланысты газет тілінде төл тілдік лексикалық единицаларды жаңа семантикамен, тың экспрессиялық рең үстеп қолдану құбылысы бар. Мәселен, *қадам (бесжылдықтың қарышты қадамы), дүбір (дала дүбірі), биік (еңбек биігі), әуен (астықты дала әуені), саңлақ (еңбек саңлақтары), тарлан (тарлан механизатор), жалын (жарыс жалыны), соны серпін, уақыттан озғандар, топ жарғандар* және басқа да сан алуан сөздер мен сөз орамдары газет тілінде тың семантикамен, тосын тіркесімдермен эмоционалды мақсатта қолданылады. Бұл — газет тілінің публицистикалық образдылық жасаудағы ең өнімді жолдарының бірі. Яғни *қадам, дүбір, саңлақ, тарлан, жалын, әуен* т. б. сөздерінің жаңа семантикасы — газет тілінің стильдік табиғатынан туған образдылық. Бұл лексикалық единицалардың жаңа мағыналары және олар арқылы жасалатын тың тіркестер — газет тілінің стильдік байлаулы құралдары; сондықтан да оларды бейнелеу-көркемдеу элементтері ретінде өзге тармақтар қабылдай алмайды. Айталық, газет материалдарының басым көпшілігінде негізгі тақырыптары мен мазмұны жағынан қоғамның экономикалық-шаруашылық мәселелері кеңінен қамтылады. Бұл материалдарда *бесжылдықтың қарышты қадамы, уақыттан озғандар, соны серпін, жарыс көшін бастап келеді, тарлан механизатор* т. б. деп қолдану стильдік мақсат-мүдделер жағынан аса қажетті. Ал нақ осы тақырыптар бойынша лекция оқитын үгітші немесе насихатшы тілінде *бесжылдықтың қарышты қадамы, соны серпін* т. б. орамдарын пайдалану ауызша әдеби тілдің лингвистикалық нормасына нұқсан келтіретін жаттандылық, жасанды образдылық болып шығады.

Публицистикалық стильдік реңі қалыптасқан «газеттік» сөздер мен сөз орамдарының бірқатарын өзге салалардан да кездестіруге болады. Осындай лексикалық единицалардың бірі «*майталман*» сөзі. Бұл сөздің «қажымайтын, талмайтын, қиыншылықтан мойымайтын,

табанды»<sup>6</sup> ұғымдарын беретін алғашқы мағынасының өзінде де экспрессивтік сана бар. Газет тілі осы экспрессивті бояуып одап әрі менгерін, «*майталман*» сөзін «*озат, тәжірибелі, үздік, шебер, алдыңғы қатарлы, талантты*» т. б. ұғымдарының образды баламасы ретінде қолданады. Бірақ бұл лексикалық единицаның қолданысы газет тілінің стильдік нормасына ақау түсіретін штамп құбылысқа айналды. Өйткені *майталман* сөзі газет өрісінде 60-қа жуық сөздермен тіркеседі<sup>7</sup>, мысалы, *майталман шопан, майталман металлург, еңбек майталманы, майталман биші, астық тасу майталманы, прогресс майталманы, өнер майталманы, тасымал майталмандары* т. б. Тіркесімділігінің артуынан жоғары жиілікпен қайталанып, экспрессивті бояуын жоғалтқан бұл лексикалық единицаның қолданысы — штамп құбылысына тән фактілердің бірі.

Соған қарамастан «майталман» сөзінің газет беттерінде тудырған образды семантикасы көркем әдебиет стилі мен ғылыми стиль үлгілеріне де таралғанын байқауға болады. Бұның өзі мерзімді баспасөз тілінің стильдік табиғатын түсінбеудің және оны сөзді шебер жұмсаудың үлгісі ретінде ұстанудың тағы да бір дәлелі бола алады. Мысалы:

1. Ғылыми стильде: Түркі тілдерінің майталман шебері В. В. Радлов ұзақ ізденудің нәтижесінде... Күлтегін ескерткішіндегі руникалық жазудың тұңғыш аудармасын жасады (Білім және еңбек. 1983, 9, 21-б.).

2. Көркем әдебиетте: Айнала араның ұясындай туғу: — Керемет қой. Майталман әншілердің өзі бүйтін айта алмайды. Қайран дауысты қор қылып жүргенін қарашы! (Т. Сәукетаев. Жанартау, Алматы, 1983, 49-б.).

Сондай-ақ бұл қолданыс радио-телехабарлар тілінен де жиі ұшырасады: Өз ісінің майталманы Ә. Ноғайбаев облыстық, республикалық байқаудың бірнеше дүркін лауреаты атанды (радиохабардан).

Экспрессивті-әсер ету функциясы үшін газет тілі образдылық жасаудың өзге де мүмкіндіктерін тілдің синонимикасын, лексика-фразеологиялық байлықты оптималды түрде пайдаланады, сонымен қатар өз қорын, өзі-

<sup>6</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1961. II-т, 122-б.

<sup>7</sup> *Неталиева К.* Сынып бұзып, сырын кетірмесек... //Қазақ әдебиеті. 1982. 6 январь.

нің арнайы фразеологизмдерін де қалыптастырып отырады. Мысалы, *адам жанының арашанысы, ақ желеңді абзал жандар, Бостандық аралы, ақ алтын, темір тұлпар, су маржаны, мәдениет ошағы, бесінші мұхит, отты мамандық* және т. б. Бұл типтес тұрақты сөз орамдарының газеттегі жасалу мақсаты — объективті шындықты, өмірді көркемдікпен таныту емес, белгілі бір документті-фактографиялық шындықтың, фактінің, оқиғаның әсерлі, бейнелі, образды жазылуын, қалайда оқырманға әсер ету қызметін көздеу. Демек, *ақ алтын, су маржаны, бесінші мұхит, қара алтын, темір тұлпар* т. б. тәрізді газеттік образды орамдардың көркем әдебиет тілінде образды элемент ретінде таралуы аса шектеулі. Бірлі-жарым қолданылуының өзі, жоғарыда айтылғанындай, мерзімді баспасөз тілінің стильдік дағдысын сөзді шебер, бейнелі қолдану үлгісі ретін танудың нәтижесі. Мысалы,

Мына *темір тұлпар* аман болса, вокзалдан өзім қарсы алып, өзім шығарып саламын. Тек келетін күніңді бұрын хабарлап, телеграмма сал (М. Қабанбаев, Қала және қыз бала. Алматы, 1984, 116-б.).

Мерзімді баспасөз тілінің бұл типтес сөздер мен сөз тіркестерін, сондай-ақ өзге де тұлға-тәсілдер мен құрылымдардың нақты бір стильдік рең, тұрақты сипат қалыптастыруында өз стильдік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар. Мысалы, *«Еңбегіне қарай — құрмет пен даңқ!», «Қызыл ту — озаттарға!», «Бар жақсы — балаларға», «Баспасөз — баршаға»* т. б. тәрізді эллипсис конструкциялар<sup>8</sup> — мерзімді баспасөз тілінің стильдік мазмұн-мақсатына қарай жасалған құрылымдар. Бұл құрылымдардың әсер ету, оқырманның назарын аудару қызметі аса күшті, сонымен қатар ықшам формалы болуы жағынан тілдің үнемдеу заңдарына тұспа-тұс келеді. Жазба тілде эллипсис конструкциялардың экспрессивті қызметін негізінен графикалық белгілер (тире, леп белгісі) арқылы танып білуге болатын болса, ауызша әдеби тілде *«Еңбегіне қарай — құрмет пен даңқ»* т. б. тәрізді конструкциялар қолданылғанында, бұл сапа қалайда бәсең түрден сезіледі. Сондықтан ауызша әдеби тілде эллипсис конструкциялардың толық құрылымды эквиваленттерін пайдалану тиімдірек: бұл ең алдымен,

<sup>8</sup> Демесинова Н. Х. Развитие синтаксиса современного казахского языка. Алма-Ата, 1974. С. 33—35.

тыңдаушыға ауызша сөйленген сөздің айқып, түсінікті мазмұнымен жетуін де арттырады.

Сөйтіп, тақырыбы, мазмұны үндес, негізгі міндеттері мен функциялары жағынан мүдделес келгенімен де, жазба стильдердің барша тілдік-құрылымдық сипаттары ауызша әдеби тілге әрдайым да тұспа-тұс келе бермейді. Жазба тілдің сөз қолдану дағдысын меңгеруде әсіресе лингвостилистикалық норма межселері сақталуы керек, өйтпейінше ауызша әдеби тілдің стильдік және нормалық табиғатына елеулі нұқсан келеді.

Алайда жазба тілдің, мәселен мерзімді баспасөз тілінің, стильдік сапа белгілерінің ішінде ауызша әдеби тілдің образды бейнелі болып келіп, тыңдаушыға, аудиторияға әсер ететіндей дәрежеге көтеріліп, лингвостилистикалық нормалары, тілдік белгілері мен стильдік әдістерінің қалыптасуына ықпал жасайтындай ерекшеліктері баршылық.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің газеттік-публицистикалық стилі — жалпыхалықтық тілмен, көркем әдебиет стилімен тығыз байланыстағы күрделі сипатты стиль.

Мәселен, экспрессивті-әсер ету функциясы үшін өз образдылық қоры, тұрақты лексикасының шеңбері жеткіліксіз; сондықтан да газет тілі көркем әдебиет стилінің көркемдеу-бейнелеу, образдылық тудыру әдістерін белгілі бір стильдік «өңдеуден» өткізіп пайдаланып отырады. Газеттердің очерк, мақала, репортаж, памфлет т. б. тәрізді жанрлары құрылым жағынан да, сөз қолдануы жағынан да көркем әдебиет стиліне өте-мөте жақын келеді; өйткені бұл жанрлық түрлерде белгілі бір шындықты, фактіні баяндаумен бірге, оны дәлелдеу, әсерлі етіп жеткізу мүддесі басым болады.

Газет тілінде экспрессивті-әсер ету қызметі үшін тілдің синонимикалық жүйесін пайдалану өте күшті; әсіресе тұрақты фразалық тіркестер, образды орамдар, қанатты сөздер газет жанрларының қай-қайсысында да кеңінен жұмсалады, олардың қолданысы хабардың бейнелі түрде жазылып, белгілі бір әсер қалыптастыруын арттырады.

Көркем әдебиет стиліне тән амал-әдістердің ішінде газеттер тілі экспрессивті-әсер ету қызметіне орай әсіресе дыбыстарды үндестіріп қолдану тәсіліне, сөйлем құрылымын синтаксистік қайталаулар мен параллельдерге

құруға (кейде инверсиялы түрде беруге), сондай-ақ, тіл қорындағы эмоционалды-экспрессивті лексиканың пәс (сниженная) түрлерін және ішінара диалектизмдерді, архаизмдер мен окказионализмдерді эмоциялы бояумен жұмсауға жиі бой ұрады. Шын мәнінде бұл амал-тәсілдер — газет тілінің әсер ету, белгілі бір публицистикалық мазмұнды тақырыптың толымдылығын, жатықтылығын арттыру мақсатында пайдаланатын ең басты стильдік заңдылықтары-тәсілдері болып табылады. Ал бұл әдіс-тәсілдердің қай-қай түрін де ауызша сөйлетін сөздің экспрессивтілігі қызметіне пайдалануға әбден болады.

Дыбыстарды үндестіріп, үйлестіріп жұмсау әдісі — қазақ фольклорына, шешендік жанрға тән негізгі белгі. Коммуникативтік қарым-қатынас ауызша дамыған кезеңде сөз басындағы дауысты немесе дауыссыз дыбыстардың бір ырғақпен үндесіп келуі, аллитерациялар мен ассонанстар — әсерлі, шешен сөйлеудің және тыңдаушы эмоциясын туғызудың ең басты тәсілдерінің бірі болды. Сондықтан да өткен ғасыр ақып-жыраулары шығармаларында, фольклор үлгілерінде, шешендер сөзінде сөздің басқы дыбыстарын үндестіріп айту құбылысы жиі ұшырасады.

Бұл әдіс қазіргі газеттік-публицистикалық стильге кең таралып отыр. Әсіресе кез келген газет жанрларының тақырыптарына дыбыстар үндесуін қолдануға жан-жақты жол беріледі; бұндағы мақсат оқушы назарын қалайда сол текке аударуға бағытталады. Мысалы: *Сертке сай серпін, Маңдай тердің майданы, Өркені өскен Өскемен, Жастық жанартаулары; Кірме жолда кідіріс жоқ; Ұлға лұғат; Егінжай ерлері* т. б. (СҚ. 1985. 18 сентябрь). Сол сияқты бас мақала, репортаж, очерк, мақала т. б. жанрлардың құрылымында да аллитерациялар мен ассонанстар жиі пайдаланылады; мысалы, *келер күндерге кемел үміт артты; ауылдың парасатты перзенттері еңбек майданында ел даңқын ертеңге көтеріп алып барады; жарыс жалауы жоғары; бәсеке бәйгесін қыздыру; үздік істің үлгісі; даңғайыр дала дүбірі; жастар қимылы жанартау жалынындай* (ЛЖ, 1981. 30 июнь). Дыбыстық жағынан үндескен сөз орамдары мен сөйлемдер нейтралды реңді сөздермен, терминдермен алмасып келіп, бейнелілік, образдылық өрнегін қалыптастырады.



Сөйтін, дыбыстардың әуендестігі, үйлесімділігі — газет экспрессиясы үшін пайдаланылатын негізгі амал-әдістердің бірі. Алайда аллитерациялар мен ассонанстарды өте жиі қолданып, талғамай жұмсау нәтижесінде стильдік нормадан тысқары тұратын жайттар да кездесіп отырады. Жалпы, дыбыстарды үндестіріп, үйлестіріп қолдануда екі түрлі жай бар екендігі белгілі: оның бірі — естілуі әсерлі, бірақ оймен, мағынамен байланыссыз; екіншісі — мағынаны ашытып, айқындай түсетін үндестік, бұл — дыбыстардың эстетикалық функциясы<sup>9</sup>.

Газет тілінде мағыналық та, экспрессивтілік те қызмет атқармайтын, тек дыбыстардың жалаң үйлесімділігі ғана кәрінетін, сол себепті де газет тілінің стильдік нормасын бұзатын фактілер жоқ емес<sup>10</sup>.

Дегенмен қазіргі газеттік-публицистикалық стильде өріс алып отырған бұл тәсілді радио-телевизия хабарларының кейбір жаңрларында, үгітші-насихатшы жұмысында әсер ету мақсаты үшін одан әрі дамыта түсуге болады. Өйткені дыбыстар үндесуінің түп төркіні, табиғи сипаты — ауызша тіл, шешендік сөз; халық ауыз әдебиетінің қорында қазіргі үгітші өңгімесіне, насихатшы лекциясына зор көмек бере алатын, үйренуге болатын сан алуан дыбыстар үйлесімінен құрылған үлгілер бар. Бірақ мұнда жеке сөздердің немесе сөз тіркестерінің мағынасына айтылмақ ойдың мазмұны мен логикалығына нұқсан келтірілмеуі қажет.

Газет стилі әсер ету, сендіру мақсаттарын жүзеге асыру үшін көркем әдебиеттің өзге де стильдік жолдарын түгелдей меңгеруге ұмтылады. Мысалы, бір тақырыпқа арналған газет материалының екі түрлі жаңрдағы көрінісін салыстырып көрелік:

1. Алматының «Қайрат» командасы СССР Кубогы жолындағы жарыстың кезекті кездесуінде Винницаның «Нива» командасын өз алаңында қабылдады. Ойынның 15-минутында Куклев соққан доп алматылықтарға жеңіс әкелді. Сонымен «Қайрат» Кубок жолындағы кезекті ойынын Киевтің «Динамосымен» өткізеді (СК, 1984, 14 ноябрь). Бұл — хабар беруге бағытталған стандартты, стильдік дайын сөздермен, терминдермен жазылған ин-

<sup>9</sup> *Кожина М. Н.* *Стилистика русского языка.* М., 1977. С. 89.

<sup>10</sup> *Сыздықова Р.* Әсем сөз — әсерлі сөз // *Мәдениет және тұрмыс.* 1982. № 6.

формация жанрының үлгісі болса, нақ осы тақырып келесі бір жанрда (очерк — «Кіно теңбіл донта ма?». ЛЖ. 1982. 28 апрель) көркем әдебиет үлгісімен жазылып, өзгеше құрылған, өйткені бұндағы көзделген мақсаттың негізгісі — информация беру емес, оқушының пікірін туғызу, көзқарасын қалыптастыру. Очеркте көркем әдебиет стиліне тән эмоция жасай алатын амал-тәсілдердің бірқатары қамтылған; бұны төмендегі үзінді таныта алады:

*«...Теңбіл доп әуелеп кеп, төрешінің алдына топ ете түсті де, жасыл алаң төсінде шиыршықталып, шыр айналып қалды. Әлденеге риза болмаған сынайда төреші допты жерден іліп алып, кеудесіне қысып көрді, содан соң екі аяғымен кезекпе-кезек қақпақылдады-ай кеп... Айтқандай-ақ жаңа доп ана бұрышқа бір, мына бұрышқа бір шоршып, бірде торпедолық, бірде қайраттықтардың аяғында кетіп жатты. Жанкүйерлердің де екі көзі төрт болып, алаң ортасында қақпақыл боп маза таппай ойнақтаған теңбіл доп пен жайдақ шапқылаумен не теңбіл допқа жете алмай, не онымен еркін «келісе алмай» жүрген ойыншыларға қадала қалған... «Торпедоның» қақпасына қарай бағыт алар ма деп үміт артып отырған доп кенет жұрттың көзін бақырайтып қойып, А. Убыкин қорғаған қақпаға қарай домаласын кеп... Айып алаңына жетер-жетпесте допты кейін қайырамын деп құлшына сілтеген... Талғаевтың аяғы ауа қапты. Сәтінде өз орнынан табылатын кутаисілік орталық шабуылшы Мераб Мегреладзе жұлдыздай ағып кеп, допты көкірегімен іліп әкетсін.*

Мына доптың сиқыр екенін, өздеріне ғана бағынуға тиіс екенін сезген қайраттықтар қамшыны бассын кеп. Доп сонау Ю. Шадиевтің аяғынан шығып, бірде А. Лочудың, бірде С. Мищенконың аяғына желімдей жабысып, алда жүрген С. Стукашов, Е. Пехлеваниди, В. Гладилиннің ашылуын күтумен ұзақ салпақтады. Кездесудің екінші кезеңінде жарақатынан әлі айыға қоймаған Вахид Масудовты жас ойыншы Фанас Сәлімов ауыстырғасын-ақ алаңға бір өзгеріс енгендей жанкүйер қауымның тынысы кеңіп жүре берсін. Бұл әлде В. Масудовтың да, Е. Пехлеванидидің де, тіпті команда капитаны В. Гладилиннің де жасыл алаңда босқа далақтап, не жеңіске, не жеңіліске үлес қоса алмай жүргенде тың ойыншы кел-

гендіктен бе, немесе кеше ғана СССР-дің жасөспірімдер құрамасында табысты ойнаған *бозбаладан* үміт күткендіктен бе екен, әйтеуір трибунадағылар жан біткендей гуілдей қозғалып, *үміттерін үрлей түсті*.

...Әуелеп келе жатқан *сиқыр доп* алаңсыз, ешкім елей бермейтін *ылдым-жылдым* Фанастың маңдайын өзі кеп тапты. Өзінен әлдеқайда сидам қорғаушылардан биікке секірген Фанас қақпаның сол жақ *тұсын бұлк еткізді*... (ЛЖ, 1982. 28 апрель).

Көлемді очерктен алынған бұл үзіндіде көркемдік, образдылық беретін сан алуан амал-тәсілдер бар; дыбыстар үйлесімділігі де (*теңбіл доп төреші алдына... топ ете түсті; шыршықталып, шыр айналып; үміттерін үрлей түсті; торда тулаған теңбіл доп т. б.*), әсіресе ауызекі тұрмыстық тілде эмоциялылықты өте-мөте күшті жеткізе алатын баяндауыш құрылымдары (*қақпақылдайды-ай кеп, домаласын кеп, кеңіп жүре берсін, қақпаны тағы да көздесін, іліп әкетсін*), эмоционалды-экспрессивті реңді лексика-фразеологиялық единицалар (*аяғы ауа қапты, екі көзі төрт болып, жұлдыздай ағу, ылдым-жылдым, қамшы басу, жайдақ шапқылау т. б.*), тенеулер мен метафоралар, эпитеттер де еркін түрде қолданылған. Бірнеше түрлі көркемдік-бейнелеу құралдары бір очерк бойына сыйыстырып, қолданудағы мақсат—белгілі бір фактіні егжей-тегжейлі баяндай отырып, оның актуалдылығын, қажеттілігін, проблемалығын дәлелдеу. Бір қарағанда өн бойында алуан түрлі көркемдеуіш құралдардың көптігінен көркем әдебиет үлгісі тәрізді болып көрінгенімен, публицистикалық жанр екенін көрсететін нышандар да бар: ол — материалдың документті фактіге құрылуы, соған орай конкретті-номинативтік лексиканың, газет терминдерінің қолданылуы және т. б.

Сөйтіп, газет жанрларында көркем әдебиет стилі мен қазақ шешендік сөзінің экспрессивті-әсер туғыза алатын барша тілдік-стильдік белгілері еркін қолданылып отырады. Осы мақсатта синтаксис саласының да экспрессивтілікті беру қабілетін пайдалану едәуір орын алады. Бұны төмендегі контекстен байқауға болады:

«Ол кезде *Одағымыз он жасқа* толар тұс еді. *Отызыншы* жылдардың басында *отыздан* жаңа асқан Мұхтар Әуезов оңтүстіктің Түлкібас ауданына келген. Қаратаудың оң қапталындағы қаз-қаз *қадам басқан*, жа-

на тірлік жасап жатқан жае шаруашылықтарды қызыға көрген. *Аспан сүйген Алатауы алыстан арайланар ауылдарды аралаған.* Сөйтіп, «Білекке білек», «Іздер» атты эңгімелер жазған. Сонда *сауыс-сауыс тауларға көз тастап, Майлықент жолымен келе жатып, тоғыз қабат торқа топырақ астында жатқан ежелгі қамалдардың орнына ойлана қарап, осынау оңтүстік өлкесіне тағы да қайта оралармын-ау деп күбірлеген болар.*

Бұл өзі, шын мәнінде, ежелгі, шежірелі аймақ қой, *ағайын.* Қаратау мен Сыр, Арыс бойларында нешеме *кенттер* болған. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде мұнда жертөле үйлер, жатаған топырақ тамдар көп еді, бұл өлкенің бар байлығы *шіренген шенеуніктердің* күймелеріне тоғытылып жатқан.

Шымкент облысында қала аз емес, *ағайын.* *Түркістаны қандай!* Арысы мен Сарыағашы, Леңгірі мен шағалалы теңіз жағасындағы *Шардарасы қандай!* Ал Кентауың ұлы Мұқан «Қаратау тәжі» *демеп пе еді?!*

Сіз «Өскен өркен» кейіпкерлерінің нағыз бүгінгі ізбасарларының көпшілігімен жоғарыда таныстыңыз.. Міне, біздің замандастарымыз осындай, *ағайын.*

Шымкент облысында 23 мыңға жуық комсомолец СССР құрылуының 60 жылдығы құрметіне жылдық жоспарын ноябрьдің алғашқы жартысында орындағаны туралы рапорт берді. Цифрлар да осылай жалғаса берер. 7 мыңнан астам комсомолец СССР құрылған күні, яғни 30 декабрьде екі жарым жылдық жоспарды орындағаны туралы рапорт бермек... Өркені өскен өңірде эпопеялар жалғаса береді, *ағайын*». (ЛЖ. 1982, 17 декабрь).

Оқырман бұл тексті публицистикалық шығарма ретінде қабылдайды. Өйткені мұнда нақты кісі аттары мен фамилиялары, жер-су атаулары, мамандық-кәсіп, дәреже атаулары, мекеме, ұйым аттары, қоғамдық-саяси және тарихи даталар толық сақталған; фактіні баяндау, мәлімдеу қызметі негізінен қоғамдық-саяси терминдерге, сандық мәліметтерге т. б. сүйенілген. Бірақ бұл тексте, сонымен қатар, көркем әдеби шығарманың де айрықша «лебі» бар, оны: а) аллитерациялар мен ассонанстар — *аспан сүйген Алатауы алыстан арайланар; Одағымыз он жасқа толар тұс; шырайлы Шымкент шаһары;* ә) инверсиялы сөйлемдер; б) ауызекі сөйлеуде көрінетін қаратпа сөздің (*ағайын*) экспрессиялық жүкпен матери-

алдың өн бойында әлдепеше рет қайталануы; в) жоғары нафосты ренлика-сөйлемдер — *Түркістаны қандай! Шардарасы қандай!* т. б. арқылы танимыз. *Қала ~ кент ~ шаһар* синонимдік қатарларының экспрессиялық ренді *кент*, *шаһар* сыңарларының жұмсалуы да, әдеби нормадан тыс *кәдүйлгі*, *там* сөздерінің пайдаланылуы да, тұрқы өзгертіліп қолданылған «*шенеунік*» сөзі де — көркем әдебиет стилінің ықпал-әсері. Бұл қолданыстар бір ғана мақсатқа бағындырылған: ол — оқырманның эмоциясын — сезімін туғызу.

Алайда экспрессивті түрде әсер етуді арттыру көзде-ліп, публицистикалық тақырып-сюжет бірыңғай көркем әдебиет стилінің үлгі-тәсілдеріне құрылса, онда бұл стильдердің арасында айырмалар да болмас еді. Сондықтан да газет тілінің композициялық құрылымын та-ну қажет; яғни газет тілінде информация беретін және басқа да «газеттік» тілдік құралдар (мысалы, қоғам-дық-саяси терминдер, газеттік фразеологизмдер, публи-цистикалық нышанды стандартты орамдар) мен экс-прессия құралдары әрдайым, белгілі бір композициялық жүйеде алмастырылып отырылады. Сондықтан да газет тілі барлық жағдайда өзінің функционалды-стильдік белгілерін толық сақтайды. Мұнда басты назар қазақ әдеби тіліндегі осы күрделі саланың үгіттеу, насихаттау, ұйымдастыру, ықпал ету қызметтеріне пайдаланатын тілдік құралдардың меңгерілу жолдарына аударылуға тиіс.

Әсер туғызу мақсатында газет бетінде жиі пайдала-нылып жүрген тілдік қабаттардың бірі — эмоционалды-экспрессивті лексиканың пәс түрлері (сниженная эмо-ционально-экспрессивная лексика). Бұл қабаттың эмо-ционалды-экспрессивті бояуы аса қанық болғандықтан, ол тілдің стильдік жүйесіндегі ауызекі тұрмыстық тіл-ге тән тұрақты элементтер ретінде топтастырылып жүр<sup>11</sup>. Бұлай топтастырып бағалауда «күрғақ қасық ауыз жыртады», «соқырға таяқ ұстатқандай», «кұлақ етін жеу», болмаса «өкіректеу», «тәлімсу», «сызылу», «шам көру», «еті тірі», «құшырлану», «сыңайы», «бұртандау», «көңірсіту» т. б. сөздер мен сөз тіркестерінің экспрес-

<sup>11</sup> Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қа-зақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974. 90-б.; Әміров Р. Ауызекі сөй-леу тілінің ерекшеліктері. Алматы, 1977. 7-б.

сивті бояуы өзiл-сықак, қарапайым мәнде болатындығы басты межеге алынады. Бұның өзі — аталған сөздер әдеби тілден тыс тұрған бейнорма элементтер деген сөз. Алайда эмоционалды-экспрессивті лексиканың пәс түрлері мен қарапайым сөздер теңбе-тең, барабар ұғымдар емес. Жоғарыда аталған, ауызекі сөйлеу тілі элементтері болып танылатын сөздер, шындығында да, өздерінің бейтарап ренді баламаларына қарағанда, ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға бейімірек келеді. Бірақ олардың ауызекі тұрмыстық тілде қолданысының өзі диалогтік қарым-қатынас, сөйлеуші мен тыңдаушының білім деңгейі, әңгіме тақырыбы, мазмұны және басқа да экстралингвистикалық мотивтерге тікелей бағынышты. Эмоционалды-экспрессивті лексиканың пәс түрлері — әдеби тілдің нақты элементтері. Егер коммуникативтік қызметке түсуі жағынан саралар болсақ, эмоционалды-экспрессивті ренді пәс сөздер мен сөз орамдары, фразалар — көркем әдебиеттің ең мәнді, қанық бояулы образдылық, көркемдік құралдарының бірі. Сондай-ақ бұл қабат әдеби тілдің ең негізгі функционалды тармағы — газеттік-публицистикалық стильде де емін-еркін жұмсала алады. Шын мәнінде публицистикалық жанрларда — эмоционалды-экспрессивті сөздердің әсіресе пәс топтарын пайдалануда айқын бір стильдік мақсат көзделеді. Олардың бірқатары терминдік мәнде жұмсалады; екінші бір түрлері бағалауыш (оценочная) қызмет атқарады; үшінші бір пәс ренді эмоционалды-экспрессивті сөздер мен тіркестердің қолданысы публицистикалық образды жасауға бағытталады. Олар, көбінесе саяси мазмұнды, халықаралық саясат тақырыптарына арналған очерк, саяси памфлет жанрларында жиі жұмсалады; өйткені бұл жанрларда баяндалып отырған оқиғаға, шындық фактіге автордың өз көзқарасы, өз авторлық позициясы өте-өте көрініп, факт, оқиға қоғамдық-әлеуметтік, саяси тұрғыдан бағалануы қажет.

«Уәде құны және сенім дағдарысы» атты саяси памфлетте (ЛЖ. 1980. 19 январь) материалдың құрылымы мен сөздік құрамы экспрессивті-эмоционалды ренді пәс лексикалық-фразеологиялық топтарға негізделген. Бұнда бірыңғай газеттік, немесе қоғамдық-саяси терминдер жоқтың қасы; ал пәс бояулы сөздер мен сөз тіркестерін жұмсауды материалдың тақырыбының өзі,

мазмұны, қоғамдық мәні айрықша талап етеді; сондықтан да олардың қолданысында функционалды мақсаттылық бар. Материалда жұмсалған экспрессивті реңді сөздер мен сөз тіркестерінің мақсатты түрде қолданылғанына газет тілі стандартты сөздері, қоғамдық-саяси терминдер арқылы берілу үлгісімен салыстыру арқылы көз жеткізуге болады:

Мәселен, «1979 жылы июль айында үкімет басына келген президент Рейган телевизия арқылы ұзақ сөз сөйледі» деген бейтарап информация «Уәде құны және сенім дағдарысы» атты саяси памфлетте былайша берілген: «Өткен жазда шілденің қайнаған күндерінің бірінде әрбір американның үйіне президент Рейган келді..., көгілдір экран арқылы уағыз айта бастады»; немесе осы материалда «Президент мәлімдемесінде көп мәселе анықталған жоқ. Осынау ұзақ сонар жауаптың тобықтай түйіні «советтік қатер» деген доктрина болып» деген бейтарап мәлімет аталған материалда былайша берілген: «Сүйексіз тіл осылай сүйреңдеді. Осынау ұзақ сонар жауаптың тобықтай түйіні — Қартерге дейін де талай көкімелер айтқан, Қартерден кейін де талай «көк мылжындар» айта бермек «советтік қатер» деген...». Бұл контекстерде қолданылған пәс реңді эмоционалды-экспрессивті сөздердің публицистика жанрын, бір жағынан, әзіл-сықаққа құрып, «қарапайымдап» көрсетуі де мүмкін. Бірақ қалайда олардың қолданысының мақсаты — әсер туғызып, үгіттеп, насихаттап, фактіні дәлелдейді. Жалпы, газет тілінде, әсіресе саяси мазмұнды материалдарда эмоционалды-экспрессивті лексиканың пәс түрлері жан-жақты пайдаланылады, олардың бірқатары, жоғарыда аталып өткеніндей, фактіні, оқиғаны, көзқарасты саяси-идеялық тұрғыдан бағалау қызметіне қатысады. Мысалы, *жандайшап* (НАТО-ның жандайшабы), *тобыр* (милитаристік тобыр), *қолшоқпар* сөздерінің пәс реңі нақ осы мақсатта жұмсалады.

Эмоционалды-экспрессивтік лексиканың пәс түрлерінің келесі бір тобы — қоғамдық-саяси терминдік қызметке қатысады: *болса* — доктрина, *қолжаулық* — маршнетка, *жанталаса қарулану* — гонка вооружений, *жанталаса қарулануды ауыздықтау* — предотвращение гонки вооружений, *әскери желік* — военная авантюра және т. б. Ғылыми-техникалық терминдер жүйесінде

эмоционалды-экспрессивтік лексиканың терминдік мәнде жұмсалуды ерек ұшырасатын болса, қоғамдық-саяси терминдердің кей тұстарда эмоционалды-экспрессивті лексика қорынан алынуы газеттік-публицистикалық стильдің негізгі мақсат-міндеттеріне орайласады. Терминдік мағына беленген *желік, бопса, қолжаулық, ауыздықтан* т. б. сөздер түпкі эмоционалды-экспрессиялылығын сақтай отырып, помпозитивтік қызметпен қатар, бағалаушы функция да атқарады; ал бұл, түптеп келгенде, материалдың әсерлі жеткізілуін, мазмұндылығын, информациялық толымдылығын арттырады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Газеттік-публицистикалық стиль — қазақ әдеби тілі функционалды стильдерінің ішінде тілден тыс ерекшеліктері мен тілдік-стильдік белгілері жағынан күрделі тармақтардың бірі. Бұқаралық информация құралдарының ең пәрменді түрі ретінде мерзімді баспасөз әдеби тілді тұтынушылардың барлық тобын да қамтиды. Экстралингвистикалық міндеттері тұрғысынан (үгітші, насихатшы және ұйымдастырушы) қоғам мүшелеріне мейлінше ықпалды мерзімді баспасөз өзінің тілдік-стильдік ерекшеліктерімен, нормалық заңдылықтарымен де тілді тұтынушыларға әсер етеді. Сондай-ақ өзге стильдік тармақтардың, әсіресе қазіргі қазақ әдеби тілі ауызша түрінің тілдік-стильдік, нормалық белгілерінің қалыптасуына да мерзімді баспасөздің ықпалы байқалады. Сондықтан басқа салалардың, оның ішінде ауызша әдеби тілдің тілдік-стильдік айырым тұстарын, нормаларын және басқа да сын-сипаттарын зерттеуде оны газеттік-публицистикалық стиль ерекшеліктерімен салыстыра қараудың бірқатар мәні бар; бұндай талдауда ауызша әдеби тілдің күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінен де, жазба тілден де айырмаланатын тұстары, нормалары одан әрі айқындала түседі.

Ауызша әдеби тілге қойылатын басты талап — сөзді әсерлі етіп жұмсау. Топ алдында шешен сөйлеудің қоғамдық-әлеуметтік мәні, жауапкершілігі аса жоғары. Сондықтан да әсерлі, жұмсалған сөзде, ең бастысы, айтылмақ ой-пікірдің логикалығына, мазмұнына, информацияның дәлдігі мен айқындылығына нұқсан келмеуге тиіс. Сонымен қатар сөзді бейнелі, әсерлі қолдану, линг-



востилетикалық норма — жалаң образдылықтан, әсіре әдеміліктен де алынақ ұғым.

Ауызша әдеби тілдің экзепресивтілігін жапдандыратын, табиғи, ауызшалық сипат үстейтін, оның тілдік-стильдік белгі-құрылымдарына әсер ете алатын потенциалды көздердің бірі — күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілі де, екіншісі — көркем әдебиет тілі. Әдеби тіл ауызша түрде пайдаланылатыны қай-қай тармақта да болсын, көркем әдебиет стилінің көркемдік-бейнелеу құралдарын, лексика-фразеологиялық единицаларды неше алуан эмоционалды астармен жұмсау әдістерін, эпитет, метафора, теңеу т. б. тәрізді троптың сан қилы түрлерін пайдалану аса ұтымды, осындай стильдік амалдар терең игерілген ауызша сөйленген сөз қалайда тыңдаушысына өтімді, нанымды да әсерлі болары даусыз. Көркем әдебиет пен күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінің стильдік сапаларын дәл, орнымен, белгілі бір стильдік мақсатта игеру, сайып келгенде, әдеби тілдің ауызша түрін норма талаптары, сөз мәдениетінің проблемалары тұрғысынан қарағанда, жоғары деңгейден танытары анық.

## МАЗМҰНЫ

|   |     |
|---|-----|
| Алғы сөз . . . . .  | 3   |
| <b>I. КІРІСПЕ</b>   |     |
| Әдеби тілдің ауызша түрі . . . . .  | 7   |
| <b>II. ШЕШЕНДІК СӨЗ</b>   |     |
| Шешендік өнер мен шешендік сөз туралы ұғым . . . . .                                | 26  |
| Шешендік сөздің негізгі белгілері . . . . .   | 30  |
| Шешендік сөздердің түрлері . . . . .  | 36  |
| Шешендік сөздің тілдік-көркемдік белгілері . . . . .                                | 56  |
| Шешендік сөздердің кейбір лексика-грамматикалық белгілері . . . . .                 | 79  |
| Шешендік сөздің көркем әдебиеттегі көрінісі . . . . .                               | 85  |
| Шешендік сөздің публицистика тіліне әсері мен қатысы . . . . .                      | 99  |
| Шешеннен білуі керек? . . . . .   | 105 |
| Қорытынды (алдағы міндеттер жөнінде) . . . . .                                      | 111 |
| <b>III. БҰҚАРАЛЫҚ ҮГІТ-НАСИХАТ ТІЛІ</b>   |     |
| Лектор тілінің лексикалық сипаты . . . . .  | 120 |
| Лектор тілінің грамматикалық сипаты . . . . .                                       | 124 |
| Үгітшінің сөйлеу мәдениеті . . . . .  | 131 |
| <b>IV. РАДИО МЕН ТЕЛЕВИЗИЯ ТІЛІ</b>   |     |
| Радио-телевизия тіліндегі кейбір тілдік тұлғалардың жұмсалудың мәдениеті . . . . .  | 150 |
| Радио, телевизия хабарларында қазақ әдеби тілі орфоэпиясының сақталу жайы . . . . . | 170 |
| Қорытынды . . . . .   | 176 |
| <b>V. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ АУЫЗША ТҮРІНІҢ ЖАЗБА ТІЛГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ</b>                    |     |
| Жазба стилдің ауызша әдеби тілге ықпалы . . . . .                                   | 178 |
| Ауызша әдеби тілге қойылатын нормативті-стилистикалық талаптар. . . . .             | 183 |
| Қорытынды . . . . .   | 198 |

### УСТНАЯ ФОРМА КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА (На казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания  
Академии наук Казахской ССР*

Редакция меңгерушісі *Т. Беркімбаев*. Редакторы *К. Шалқаров*.  
Көркемдеуші редакторы *Н. Ф. Чурсин*. Суретшісі *П. Л. Дубров*.  
Техникалық редакторы *Л. Ю. Уляницкая*. Корректоры *С. Қаймолдина*.

ИБ № 2446

Теруге 27.02.87 тапсырылды. Басылуға 6.05.87 қол қойылды.  
УГ12081. Форматы 84×108<sup>1/32</sup>. Тип. қағ. № 1. Гарнитурасы әдебиеттік.  
Басылымы күрделі. Шарт б. т. 10,50. Шарт. бояу көлемі 10,66.  
Есепке алынатын баспа табақ 10,68. Тираж 1000. Заказ 53.  
Бағасы 1 с. 70 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР  
480100, Алма-Ата, Пушкина, 111/113  
Типография издательства «Наука» Казахской ССР  
480021, Алма-Ата, Шевченко, 28



~~Бағасы 1 с. 70 т.~~